

МЫРЗАҚАСЫМ БАЙБЕКОВ



БАЙБЕКОВ

ҒИБРАТТЫ

ҒҰМЫР







Мырзақасым Байбеков

# Ғибратты Ғұмыр

Тараз, 2017

**УДК 821.512.122**  
**ББК 84 (5Қаз)**  
**Б 17**

**Байбеков М.**  
**Б17 Гибратты ғұмыр.** – Тараз: «Сенім» баспасы, 2017 – 312 бет.

**ISBN 978-601-7820-20-6**

Өмір өскелең. Күнделікті өтіп жатқан өмірімде көңіліме түйген түйсіктер пен ойларымды, көзіммен көріп, қызықтаған оқиғалардың ішінен оқырмандарға ой салып үлгіге немесе дұрыс бағытқа жетелейді-ау дегендерін іріктеп алып, ортаға салуды жөн көрдім. Кітап көпшілік оқырман қауымына арналған.

**УДК 821.512.122**  
**ББК 84 (5Қаз)**

**ISBN 978-601-7820-20-6**

© М.Байбеков, 2017



**Ой-сана**

## ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ ОЙЛАНДЫРАДЫ

Адамдар, бұл өмірдің есігін інгәлай ашысымен, болашақпен арпалысқа түседі. Ананың тап-таза құрсағынан шығысымен пәни дүниенің неше түрлі вирустары, микробтары мен инфекциялары толы әлеміне бейімделу оңай дүние емес. Осының барлығына төтеп беріп өмірден өз орнындай табу үшін арпалыс басталады. «Жалғыз ағаш орман емес, жалғыз кірпіш қорған емес» демекші, ата-ананың қамқорынсыз бұл қиындықты жеңу мүлдем мүмкін емес. Міне, осылайша басталған арпалыс өміріміздің соңғы күніне дейін ажырамас жолдас болып болашағымызға үлкен әсер етері сөзсіз. Өскен сайын алдыңнан кезігіп шешімі санама маза бермей, түйіні мен түйткілі қиын талай мәселелер өмір жолындай айқындай түсіп, болашағыңа жол ашады. Түйінін шешіп, түйткілін жазған жанның алды жарқын, шешімін таба алмай тағдырдың салғанына көнгеннің болашағы бұлыңғыр, жігері жасық болар. Өскен сайын табиғи вирустар мен микробтардан да басқа ұлт айшықтары, жүрген ортаның талаптары, заңдардың шектеулері, табиғаттың құбылыстары сияқты көптеген факторлар да мойныңды бұра мойындатып, ортасынан өз жолыңды табуға итермелейді. Жақсы өмір үшін күрес басталады. Міне, осындай үлкен қиындықтың бірі – үйленіп, отбасын құру. Осы қиындықты атадан қалған «үйлену оңай, үй болу қиын» деген асыл сөз түпкілікті айғақтайды.

Негізінде үйлену, отбасын құру қағидалары ұлттық ерекшелікке, салт дәстүрлерге тығыз байланысты. Әрбір елдің салт дәстүрі өз ерекшелігімен, өз талап тілегімен басқалардан өзгешеленеді. Орыстардың өз салты болса, армяндардың өз дәстүрі, әзірбайжанның өз көзқарасы, ағылшындардың өз түсінігі, немістердің өз түйсігі бар. Сол сияқты қазақтардың да өздерінің ғасырлар бойы қалыптасқан сенімдері мен талап-тілектері, ұлттық құндылықтары бар. Дәстүрдің де ескісі бар, естісі бар. Заман өзгерген сайын ескілері естілеріне орын босатып, жаңа талап тілектермен толықсып отырады. Дегенмен, осы жаңа талап тілектердің де естісі бар, есері бар. Естісі етегіңді жауып есінді



жиғызар, ал есері едірендете есінді кетіріп, ескіден кеткізгенмен естіге жеткізбей әлекке салар.

Қазақтар: отбасының тұрақтылығын сақтау, ұл мен қызды отбасылық өмірге бейімдеу, бала тәрбиелеу мен жетімдерді жасытпау, қан тазалығын сақтау, ағайынның ауызбірлігі, елдің тұтастығы мәселелеріне жіті көңіл бөліп, гуманистік үлгілерді қалыптастырған халық. Сондықтан болар қазақтар арасында ажырасу, жесір қалу, жетім бала, қараусыз қариялар сияқты келеңсіз жайттар кездеспеген, кездесе де өте сирек әрі ақсақалдар талқысына түсіп шешімін тауып отырған десек болады.

Отбасын құрудағы ең басты мәселе жастарды соған бейімдеп, ерте бастан тәрбиелеу болған. Әсіресе, ең келелісі қыз баланы тәрбиелеп өсіру. Неге қыздарға сондай ыждағаттықпен қараған деген сауал туындауы мүмкін. Ия солай. Ол қыз баланың табиғатына байланысты. Қазақтар қыз баланы жат жұрттық деп бағалап, болашақтағы келін болу үрдісіне, өзге отбасыға сиысуына сәби балауса кезінен бастап бейімдеп, ұлттық тәрбиемен қанаттандырып отырған. Ол өмірдің шындығы. Біздің салт-дәстүрімізде солай бағаланған әрі оны әрбір қазақ мойындаған. Ата салтымыздан калыптасып келе жатқан дәстүр бойынша «отбасы иесі – еркек, киесі – әйел» деп саналған. Отбасының иесі болу үшін еркекке жігерлілік, табандылық, мейірбандық керек болса, киесі болу үшін әйелге пәктік, нәзіктік, төзімділік, ұлағаттылық, сүйіспеншілік және де әрине мейірбандылық қажет. Әйел жолының жіңішкелігінің бір белгісі осы. Сондықтан қыз баланы тәрбиелеу жолына ерекше маңыз берілген. Ертеден келе жатқан: «қызға қырық үйден тыю», «қыздың өзі үйде, қылығы түзде», «қыздың жолы жіңішке» деген сияқты мақалдар тегін айтылмаса керек. Осылай тәрбиеленген қыздар кез келген ошақтың киесіне айналары сөзсіз. Әрине бұл мәселелерге көбіміз соңғы кезде жете көңіл бөле бермейміз. Өте өкінішті. «Ел боламын десең бесігіңді түзе» деген бабаларымыздың өсиетін ұғынғанымыз дұрыс болар.

Қазақ халқының қыздарына пәктік жарасса, ұлдарына мәрттік жарасқан. Ұлдарды жігерлілікке, табандылыққа, шыншылдыққа, мейрімділікке тәрбиелей отырып: «он үште отау иесі», «отан отбасынан басталады», «үйлену оңай, үй болу қиын», «жігіт

сегіз қырлы, бір сырлы», «өнерлі жігіт өрге озар, өнерсіз жігіт жер соғар» деп болашақ өмірдің қыр-сырларына дейін бейімдеп баулыған. Мұндай тәрбиені көріп көкейіне түйе білген азаматтар өз отауының иесі әрі елдің тірегі бола білген.

Міне, осындай ұлағатты өсиеттер мен дұрыс тәрбиені көрген жеткіншектер болашақта отау құрып, бас қосуға дайын болған. Ал кәзір ше? Біздерде, бүгінгі күндері отбасы, ошақ қасында отырып жас жеткіншектерге өмірдің қыр сырын үйретуге қолымыз тимейді, ал кейбіріміздің зауқымыз да келмейді. Сондықтан да көптеген жастар үй болып, шаңырақ құрудың да мәнісін біле бермейді. Олар үшін үйлену шетелге болмаса сауыққұру орындарына барып келетіндей көрініп, қосылып алғасын жанұяның алғашқы сынақтарына да төзе алмай алакөз болып жатады. Соңғы кезде отбасымызда, жасөспірімдерімізге ата-анадан да, теледидар мен интернет, ұялы телефондар көбірек тәрбие беріп жатады. Ал, олардың жастардың мыйларын қаншалықты уландырып, салт-дәстүрден қаншама алшақтатып, елікпелік пен есіртпелікке қарай бейімдеп, желөкпелік пен қатыгездікке, жетесіздік пен дарақылыққа көгендей түсіп жатқанында ісіміз жоқ. Ондай жастардан қандай ұлағатты отбасын күтуге болады.

Осыдан жиырма шақты жылдар бұрын ғана, күйеуге шығып, тұрмыс құрған қыздардың ажырасып қайта келуі, қыздың ата-анасына өліммен бірдей еді. Тұрмыс құрып кеткен қыздарды тұрақтандырып сабасына түсіру үшін: «шыққан қыз шиден тысқары», «қайта шапқан жау жаман, қайта келген қыз жаман», «досқа күлкі, дұшпанға таба етпе» деген қағидалар қыздардың санасына мың рет құйылып, мың рет айтылушы еді. Қыздың анасы үшін ең бақытты сәт құрсағынан шыққан құлынының барған еліне «тастай батып, судай сіңіп» баласын іңгәләтіп, енесін елжіретіп, атасына ардақты, абысындар арасында салмақты болғаны еді. Бүгінгі күні бұл қағида да өзгеріп жатқанға ұқсайды. Ұлттық санаға ақау түсіп, еуропаның салт-дәстүріне еліктеп, не оған ілесе алмай келе жатқан дүбәра дәстүрлер қалыптасып «еліктегіш» қазақтың санасына естіден гөрі есерлік пайымдар орын алып бара жатқанын көріп отырмыз. «Есті қыз етегін жауып жүреді» деудің орнына «төсінді тосырайтып, бөксенді бадырайтып» жүр дейтін,

«тастай батып, судай сің» деудің орнына «ішіме сыйған қыз сыртыма да сыйады» дейтін аналар пайда болды. Аталарымыздың «ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген асыл сөздері де мұндай кісілердің алдында дәрменсіз болып қалды. «Қызға қырық үйден тыю», «қыздың өзі үйде, қылығы түзде» деп қыз баланың өсуіне сәби кезінен жіті көңіл бөліп, тұрмыс құрғанға дейін тәрбиелеп, тұрмыста жүргенінде де дұрыс ақылын беріп отыратын дәстүрдің санасына сына қағыла бастағандай. Ертеректе ұлдың шешесі ұлына басу айтып, келінін қорғаштап, қыздың шешесі қызына басу айтып күйеу баласын қолпаштап екі жастың жарасым тауып кетуіне тікелей үлес қосып жатушы еді. Бүгінде әр қайсысы өз «құлындарын» бәйектей қорғаштап, ымыраға келтіруден гөрі ыдыратуға, жарасымнан гөрі ажыратуға үлес қосып жатқандарын түсінбейтін де сияқты. «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» демекші екі құдағидың арасында силастық болса, отаудың шаңырағы шайқалмай қайта беки түсер еді. Тұрмыс құрған қыздарға: ол елге «бақытты боламын деп барма, бақытты етемін» деп бар, сонда бақытты болып, сол елдің ұлағатты анасына айналасың деуші еді аналар. Бүгінде: «барысымен босағанды бөлекте», «өз ақылың ақыл-ақ, өзгенің ақылы шоқырақ», «ата-енең айтты екен деп елпектеп жүгіре берме» деген ақылдар пайда болды. Осындай тәрбие шеңберінен аман шығып, тұрақталып қалған отбасыға мәңгілік рахмет айтуға болады. Кәзіргі таңда, келеңсіз әңгімелердің белең алып бара жатқаны соншалықты бойжеткендеріміз тұрмыс құрудан гөрі жеке бастылық пен қызметке қызығушылығын, отау құрып бала сүйуден гөрі басын бос ұстап тәуелсіз жүруді ұнатып, болмаса «өзім үшін» деп бір бала тауып алғанын дұрыс санап өз ақылына өзі шырмала түсуде.

Бүгінгі ежелер мен шешелер өздерінің кеше ғана келін болып түскендерін ұмытып кеткен сияқты. Кезінде жақсы үйге түсіп, ата-енесін сыйлап, күйеуінің көңілінен шығып, ел құрметіне бөленгендер осы үрдісті жаңа отау жастарына үйретіп тәрбиелеу керектігін, нашар үйге түсіп, қанша тырысса да енеден қағажу, күйеуден қорлық көріп өмір сүргендер, болашақ жастар сол қиындықтарды көрмей бақытты өмір сүрсе екен деп тілеп ақылын

айтып, тура жолға салу керектігін ұмытпаса екен. Жаңа түскен келін де ежелердің қыз кезіндегі өзі сияқты бір үйдің әлпештеген аяулысы емес пе. Білгенін асырып, білмегенін жасырып, көрмегенін үйретіп, көргенін жетілдіріп отырса, ал шешелер қызына басу айтып, тоқтау салып, еркелігін басып, күйеуіңді сила деп сабырлыққа шақырып отырса, екі құдағи өзара бір-бірімен сырласты, силасты, жақсы абысын-ажындай болса талай шаңырақ шайқалмай, жамандығы байқалмай, отбасы берекеге толып, отаудың қабырғасы қатаяр еді.

Қазақ халқы өте еліктегіш халықтың бірі. Тек қана жақсы нәрсе емес, жылтырақ көрсек те, жеңіл-желпі елпілдек көрсек те, жан ауыртпас жеңілдік көрсек те байыбына бойламай тез бейімделе саламыз. Соның кесірінен, некеге тұру, отбасын құру, ажырасу, табысу мәселелеріне келгенде де өз салт- дәстүрлерімізді ұмыт қалдырып, күнделікті теледидар мен интернеттен көрген шетелдік, әсіресе Европалық, Америкалық дәстүрсымақтарға көп еліктеуді шығардық. Ал, біз эталон тұтқан сол елдерде не болып жатқанымен ісіміз жоқ. Ол елдерде бүгінде ажырасу мәселесі айқайлап тұр. Қазақстан Республикасы ұлттық статистика агенттігінің мәліметі бойынша бұл көрсеткіш тек қана АҚШ-та 53%, Португалияда 67%, Ресейде 51%, Канадада 48%. Басқалары да осы деңгейлес. Ол елдерде еркек еркекке, әйел әйелге үйлену, азаматтық неке, бала тууды азайту деген бақытсыздық орын алған. Міне, шетел ұстанымы мен үлгісі неге соқтырып отыр. Ал біз оларға еліктейміз. Еліктеудің бүгінгі қорытындысы, біздің бұл көрсеткіш 27%. Ертең не болады. Ал іргелес жатқан бауырлас Өзбекстанда 8%, Тіжікстанда 6%. Европа елдеріндегі бала өсімі құлдырау үстінде. Мысалы, бала тууы коэффициенті Францияда 1,8, Англияда 1,6, Грецияда 1,3, Италияда 1,2, Испанияда 1,1. Ал бүкіл Европа бойынша 1,38. Бұл нені көрсетеді. Болашақта Европа елдері қазіргі жағдайларын жоғалтып, талай ұлттар мен ұлыстар жер бетінен жойылады деген сөз. Бірақ Европа адамсыз қалмайды. Олардың орнын мұсылман елдері мен қытайлықтар басады. Ертерек етегімізді жыйып, отбасына көңіл аудармасак біздің де болашағымыз осылайша бұлыңғыр болмақ. Өйткені ұлт-ұлт болып қалуы үшін бала тууы коэффициенті, жоқ дегенде 2,11

болуы шарт. Бұл дегеніміз әр отбасында кем дегенде 3 баладан болуы керек. Одан төмен болсы өсім де жоқ, ұлттың болашағы да жоқ. Сондықтан ойланайық, ағайын.

Тағы бір ойландыратын мәселе, ол тұрмысқа шығып, үлгілі отбасын құра алмай ажырасып кеткен әйелдердің ер адамға қарағанда екінші рет отбасын құру мүмкіндігі әлде қайда төмен екенін мойындау. Оның басты себептерінің бірі орталарында бір бала болса оның анасымен қалуы. Бала тәрбиесімен тек қана анасы айналысады. Баласы бар әйелдің басқа еркекпен тіл табысып отбасын құруы өте сирек кездеседі. Еркектер басқа біреудің баласын баққысы келмейді. Екіншіден, Қазақстанда еркектерден әйелдердің саны әлдеқайда көп. Демек, басы бос еркектердің табылуы да қиын. Сондықтан әйелдердің қайта тұрмыс құруы қиын мәселе. Ал адам баласын өмірге әкелетін әйел екенін ескерсек, бір баламен қалған жалғызбасты әйелдер халық санан көбейтуге дәрменсіз.

Сайып келгенде бүгінгі таңда ұлт құндылықтары құлдырап, салт-дәстүрлер аяқ асты бола бастаған заман тууда. Ертеректе «ерден кетсе де, елден кетпейді», «жетімін жылатпаған, жесірін қаңғытпаған» деген аталы ұғымдар бар еді. Бұл ұғымдардың негізгі мақсаты атына сай келеді. Біріншіден, отағасы қайтыс болып жесір қалған келіншектерді елден бездірмей, ағайын арасынан аластамай, онсыз да ортайып қалған отбасының шаңырағын шайқалтып ортасына түсірмей, жесір қалған келіннің көңіліне қаяу, жүрегіне жара түсірмей өз ортасында орнын тапқан жанұя ретінде сақтап қалу. Ол үшін келіннің өз қалауымен сол әулеттен жар таңдауы «әмеңгерлік» орын алған, әрі кең қолданылған. Екіншіден, әкесіз қалған жетімектердің басқа елге кетіп, басқа жұрт ортасында жәудіретіп, психологиялық тұрғыдан қорланған, күйзеліске ұшырап, ойнап күлуден қалған, ызақор, қаскөй, селқос, бейтарап немесе жалтақтаған азамат болып өспеуі үшін, оның болашағы өз ортасында болып, бала кезінде асыр салып ойнап, жігіт шағында жайраңдай жайнап, болашақта ағайынның азулы азаматтарының бірі ретінде танылуына дұрыс тәрбие беретін жол ретінде шетке жібермей өз ортасының тәрбиесіне тартып отырған. Тіпті келін ешнәрсеге келіспей төркініне кеткен жағдайда да балалары өз ортасында өз отбасында қалып шашау шықпаған. Ерлі зайыпты

екі жан да бір-бірімен келісімге келе алмай ажырасу жағдайына жеткеннің өзінде балаларды еке жағында қалдырып отырған. Мұндай шешімдер қазіргі заман ақылшылары мен білгіштерінің біріне ұнаса екіншісіне ұнамағаны анық. Кейбіреулеріне ескі заманның сарқыншағы болып көрінгенімен түкпірінде қазақ халқының терең даналық философиясы жатқанын ешкім жоққа шығара алмас. Осындай шешімдер арқылы ел бірлігі сақталып, бауырмалдық белең алып, жетімдер жыламай, жесірлер жыраққа кетпей айрандай ұйып, ынтымақ сақталып, жанұялар жарасымын тауып отырған. Негізінде әйел баласына ең қымбат, ең бақыт кілті боп есептелетін, сол үшін жанын пида ететін ең басты құндылық бар. Ол өзінің қанасын жарып шыққан баласына деген махаббаты. Бала үшін ана бар алар асулардан да қауіп қатерден де ықпаған. Қазақтар осыны жақсы түсініп әрі оны отбасының мығымдылығына, ұйтқысына әрі бақытына пайдалана білген. Отбасында қандай жағдай туындаса да баланы еке жағында қалдырып отырған. Оған әйелдер де көндігіп әрі бейімделген. Кейбір шайпау келіндер отбасының жағдайына бейімделгісі келмесе, ата-енесімен сыйысқысы келмей, күйеуімен ажырасуға дейін барса да, басына ауыртпашылық түсіп жолдасы қайтыс болған жағдайда да бауыр еті баласы үшін көндігіп, өз қателіктерін түзеп, қоршаған ортаға бейімделе түсіп, өзгені сыйлап, өзін сыйлата алатын жағдай жасап, отбасының амандығын Алладан сұрап отыратын болған. Ал күйеуі тентек болса бүкіл әулет болып қолға алып, ақсақалдар алқасында қарап жөнге салып отырған. Жөнге көнбеген еркекті елден аластатуға дейін шара қолданған. Бұл жағдай түбінде отбасының берік болып, ажырасу мәселесіне үлкен нүкте қоя алатын басты шешімдерге ұласқан. Тұрмысқа жаңадан шығатын қыздар да бұл мәселені жетік біліп, көрген білгендерін көңілге түйіп, өздерін жаңа жағдайға алдын ала бейімдеп мінез-құлықтарына өзгерістер енгізіп, ұзатылуға, барған жеріне «тастай батып, судай сіңуге» дайын отырған деуге болады. Ол кездегі ата-ананың ойы да осыған сайып қыздарына қажетті ақылдарын мыйларына құйып отырған.

Осының барлығы бүгінде көрген түстей. Ажырасуға неше түрлі себептер табылған. Негізгі себептері ретінде айтылатындар: мінездердің жараспауы, көзге шөп салу, неке жастарының

айырмашылығы, білім таяздығы, материалдық жағдайдың төмендігі, маскүнемдік, жұмыссыздық, баспана жоқтығы болып кете береді. Осының барлығы да ұлттық сана мен тәрбиенің төмендеуінен бе деп ойлаймын. Елдің экономикасы өркендеп, еңсесі көтеріліп, әлеуметтік жағдайы шарықтап, саяси жағдайы қалыптасқанымен, ұлттық сана мен ұлттық тәрбие төмендеп келеді. Өйткені кешегі аштық-таршылық, алапат соғыс-сүргін заманында да қазақтың шаңырағы осыншалықты шайқалып көрмеп еді ғой. Ұлттық сана-сезім жоғары еді. Бүгінде не болды? Әлде санамызға өзге жат ұлттың саясаты ұялады ма?

Әр ұлт пен ұлысқа өз салт-дәстүрінен артық ештеңе жоқ. Ғасырлар бойы қалыптасып, електен өтіп келген құндылықтарды бүгінгінің елікпелеріне ұластырмай қайта жаңғыртып, өз дүниетанымымыз бен ұлттық тәрбиемізді ұлықтайтын болсақ, санамызға кіріп келе жатқан індеттерден арылу мүмкіндігі бар. Тәтті өмір тек кинолар мен сериалдарда, шоулар мен тойлардың көрсетілімінде ғана бар. Сондықтан ел боламыз десек бесігімізді түзеп, еңсемізді көтеріп, ұлтымыздың дәстүрлі отбасылық құндылықтарын сақтай білгеніміз дұрыс па деп ойлаймын.

## **ТУҒАН ЕЛГЕ ЕЛ ЖЕТПЕС, ТУҒАН ЖЕРГЕ ЖЕР ЖЕТПЕС**

Жылдар жылжып, біз есейіп жігіт ағасы болып, жан-жағымызда болып жатқан құбылыстарға пайымдай қарап, жастық шақтың көзқарастары өз орнын парасаттық пен сабырлыққа босатып, қанқызулықтан жайбарақат жайсандыққа өтіп жатқан кез. Күнделікті қызметінді тек дұрыс атқарып қана қоймай, сол қызметтің үрдісінен шығып, басшылардың ризашылығына бөленіп, өркендеу мен өсуді ойлап, білімінді ұштап жетімсіз жерін толықтыра түсуге талпынып жүрген кезеңдер неше түрлі қызықтар мен қиындықтардан өткізіп, сананды сан жаққа жүгіртіп өмірге деген көзқарасың мен пайымдауыңды қалыптастыратынына сенімінді молайта түседі. Білімінді жетілдіру үшін шетелге барып қайтасың десе қуана қарсы аламыз. Шетелде, әсіресе Америка

мен Европа елдерінде бәрі бар. Бізден әлде қайда озып кеткен. Теледидардан көрсен де, тіпті сол елдерге барып қайтсаң да бәрі жайнап тұр, жанға жайлы, қолжетімді әрі ынғайлы. Ақшаң болса болды, қарық боласың. Сол үшін біздің көптеген отандастарымыз, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары лек-легімен шетелге ағылып тауарларын алып келіп сатып жатты. Өз кезегінде біз де тауар емес білім іздеп, оның үстіне білімнен де былай ел көріп, жер көріп, басқа елдің жағдайын өз еліңмен салыстырып, еліміз өркендеу үшін басшылыққа алуға, үйренуге жарайтын не бар екен деп ізденіске түстік. Өйткені Кеңес заманындағы тоталитарлық режимнен шығып тәуелсіздік алған еліміздің еңсесін көтеруге бел байлаған алғашқы қарлығаштарының бірі болғасын барлық іске жан тәніңмен кірісесің. Шіркін, туған жер, туған ел! Сенің де өркендеп көркейетін кезің болар ма екен? деген сұрақ мазалайды. Бізде не бар? Түк те жоқ. Басқа өркениетті елге көшіп кетсек не болар екен. Ол жақ жаныңа жайлы болар ма еді, әлде не болса да шыдап, елімізге қолдан келгенше, қарлығаштың қанатымен су сепкеніндей еңбектенсек, өркениетке жетер ме едік, дейсің.

Айтпақшы тоталитарлық демекші, біздің өркендеуімізге тежеу болған тоталитаризм туралы бірер сөз. Негізінде тоталитаризм социализмге жат құбылыс. Кеңес заманында бұл жүйеге тоталитаризмнің кіріп кетуінің басты себебі атақты Карл Маркстің социализм туралы ілімінен ауытқып кетуімізден болды деп есептеймін. Негізінде К.Маркс социализмге өту үшін алғышарттар орындалуы керек. Ол үшін капитализмнің соңғы сатысы империализмнен өту шарт. Сонда ғана социализм туралы түсінік жеткілікті деңгейге көтеріліп, өмірдің өркендеуі мен даму тетіктерінің деңгейі осы фармацияны талап етеді. Әр елде социализмнің елестері пайда болып жүре келе бірнеше елде осы фармацияға өту үрдісі басталып, кейіннен барлық елдерге жайылады. Социализмді алғышарттары дайын болмай жатып, бір немесе бірнеше мемлекетте орнатуға болмайды, өйткені уақыты әлі пісіп жетілмегесін, бәсекелестікке қарсы тұра алмайды. Капитализмнің тегеуірінді қарсылығына тап болып, неше түрлі тежеулер мен оқшаулауға, шектеулер мен шеттетулерге, санкциялар мен ашық түрдегі қарсы әрекеттерге тап болады деп айтып кеткен.



Міне, осы қағида өрескел бұзылып, социализмді жеке бір елде немесе бірнеше елде алғышарттарға қарамай-ақ революция арқылы орнатуға болады деген Лениннің ғылымы алға шығып кетті. Бұл түбінде капитализмнің түбегейлі қарсылық танытуына әкеліп соқтырып, Кеңес одағын оқшаулауға әкеп соқтырды. Текетірес қарсылық шетелдіктердің неше түрлі құйтырқы әрекеттеріне ұласып, түбінде ел басшыларының өз халқына деген сенімі де жоғалып, социализмнің ішкі жауларын іздеп жаппай қудалау процесі бесталды. Биіктегі басым партия басқа партиялар ісінен жаулық пиғыл тауып бәрін жойып, жалғыз билеуші де асыраушы партия болып қалды. Міне, осының барлығы жекебасқа табынушылық пен тоталитаризмге алып келіп, социализмге деген жеркенішті көзқарасқа ұластырды. Үкімет басындағылар төмендегілердің пікірін керек етпейтін жағдайға жетіп, биліктің азғындауы басталды. Кеңес құрамындағы елдер – жоғарғы деңгейдегі, төменгі сатыдағы республикалар деген бөлініске түсіп, өркендеу қарқынының тепе-теңдігі бұзылып, билікке жағымдылары өркендей өсіп тауарлардың соңғы әрі өтімді түрлерін шығаруға ие болып, Қазақстан сияқты республикалар екінші сорттағы ел ретінде, тек шикізат даярлаушы субъект болып қала берді. Осының өзі қазақ елінің дамудың ең соңғы сатысында қалып қалуына тікелей әсер етті. Өз алдымызға мемлекет болып, егемендігімізді алған кезде осы олқылықтар айнадай жарқырап алдымыздан шыға келді. Амал нешік, көндігуге тура келді.

Басқа елдің өскелеңдігі, өз елің келеңсіздігі туралы ойлаған ойларды ысырып қойып, тоталитарлық кезеңнен аман-есен шыққаннан елдің экономикасын өркендету ісіне етене араласып ізденістерге кірісіп кеттік. Неше түрлі семинарларға, конференцияларға, симпозиумдерге қатысу, білімін ұштау үшін оқуларға бару, инвестиция тарту үшін іс-сапарларға шығулар басталды. Бұл кездері шетелге шықсақ, олардың тұрмыс-тірліктеріне тамсанып, «шіркін-ай, бізге осындай жағдай қашан орнар екен» деп армандаймыз. Оларға таңданып, тамсанып жүргенімізбен, ойымыздан ел жағдайы еш шыққан емес. Ол жерлер қаншама жаныңа жайлы да, жайсаң болса да, елге, жерге деген сүйіспеншілік, сағындырып, өзіне магнитше тарта түсетінін

сол кездері түсіне бастадық. Сөзім дәлелді болуы үшін, ертеректе жазған деректерден келтіре кетсем:

2012 жылы алпыс жасқа толу құрметіне арнайы шығарған «Өзге емес өзім айтам өз жайымда» атты кітабымда Австралияға сапар жөнінде біраз мағұлмат берген екенмін. Сол жолдар былайша өрбіпті: «...Кез-келген жерде еркін жүріп, еркін саудаласа да алатын болдық. Қалалары керемет жарқырап тұр. Жаныңа не керек бәрі бар. Кішкене жігіт деп жүрген Қанатым құрдас болып шықты. Кездескен кезде менің оны сол кезде қалай жұмсағандарымды айтып тауса алмай мез боламыз. Біздің елде түк жоқ, барлық жерде кезекке тұру. Сервис деген атымен жоқ. Солай бола тұра екі апта өткеннен кейін елді сағынып қайтқымыз келе бастады. Сол кезде ғана «туған елге ел жетпейді, туған жерге жер жетпейді» деген бабаларымыздың қағидалы сөздерінің төркінін мойындадық». Міне, бұл Австралияның ең керемет сұлу қаласына таңдана да тамсана қарап нанып жеп, суын ішіп жүрген кездегі жүрек сөзі.

Мен қызмет бабымен шетелді көп болмаса да бір кісідей аралаған жанмын. Сол сапарлардан біразынан түйіндеген ойымды ортаға салсам деймін.

Бір мың тоғыз жүз тоқсан сегізінші жылдың жаз айларының соңына таман Президент әкімшілігінің, парламенттің, үкіметтің және министрліктердің бір топ қызметкерлері Америка Құрама Штатының Нью-хейвен деген қаласында орналасқан Уэль университетіне білімімізді ұштауға баратын болдық. Алдын ала дайындалып, жиналып, «не аламыз, не қоямыз» дегендей бір бірімізбен жолығысып, ақылдасып жүрдік. Менің танитындарымнан: «Самұрық-Қазына» ұлттық компаниясының аппарат жетекшісі Ұлан Тәжібаев, «Қазақстан Республикасы экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің» сол кездегі департамент басшысы Дина Шаженова, «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің» департамент басшысы Аида Құрманғалиева, тағы да біраз жақсы таныстар бар.

Белгіленген уақыт келген күні ұшаққа отырып «қайдасың АҚШ?!» деп тартып кеттік. Жол жөнекей Германияның Франкфурт қаласына аялдап, ары қарай Атлант мұхитын кесе Америкаға жөнелдік. Жалпайып жатқан мұхиттың үстімен ұшып

келеміз. Ұшы қыйыры көрінбейтін көк теңіз. Мұхит үстінде бір шөкім де бұлт жоқ. Көк теңіз беті күн нұрымен айшықтана айқын көрініп жатыр. Су бетіндегі толқындар тербеле түсіп жатқанын ұшақтың иллюминаторынан анда-санда жарқ ете қалатын сәулелер шағылысынан сезесің. Мұхит бетінен он – онбір шақырым биіктікте ұшып келе жатқан ұшақтан су бетінде жүзіп келе жатқан үлкен кемелер кәдімгі үй телефонының тұтқасындай ғана болып көрінеді. Міне, Атлант мұхитынан да өтіп төмендей бастадық. Салондағы стюардессалардың біреуі Американың Филодельфия қаласына келгенімізді баяндады. Ұшақ аман-есен қонып біз сыртқа шыға бастадық. Күн ашық. Аздап самал жел соғып тұр. Ауасы біртүрлі ылғалдау ма түсінбедім. Менің тынысым тарылғандай болып, мұрным бітеліп, демалуым қиындаңқырап қалды. Байқаймын басқалар олай емес, дұрыс демалып тұрғандай. Күн жылы болса да суық тиіп қалды ма деп жеңіл күртешемді қымқыра жаба түскеніммен түк те болмады. Ауызбен демалып, дауысым мінгірлеп жүр. Филодельфияда бізді күтушілер автобустарын даярлап қойған екен, мініп алып жүріп кеттік. Жүріп келеміз. Жан жағыма қараймын. Жерлері біздің Сарыарқа төріндегі Қарқаралы сияқты қыратты, ойпатты екен. Өсімдіктерге де онша бай емес, кәдімгі тастақты жерде өсетін жуан тамырлы, ірі сабақты, тырбиған тарамыс бұталар мен ұзын сирақ шөптер. Мұрын бітіп, тыныс тарылып маз кете бастағасын айналаға мән беріп қарауға да мұрша бола бермеді. Жол жөнекей Нью-Йорк қаласына соқпай айналма жолмен өтіп кеттік. Кешке қарай Нью-хейвен қаласына жеттік. Бізге арнап қонақүй дайындап қойған екен. Әр кісіге бөлек номерлер. Біреуін алып орналасып алдым. Бөлменің іші салқын. Өзім ауырып келген адамға ауырлау болды. Кондиционердің ажыратқышын тауып алып ажыратқаныммен, жел уілдеп тұрғандай көрінгесін қонақүйдің қызметшілерін шақырып көрсетіп едім, ары-бері шұқылап өшіп тұр деп кетіп қалды. Тағы біраз шыдаған мен төзімім таусылғасын кондиционердің шлангасын тауып алып бітеп тастап тынышталдым. Ертеңіне таңертең жиналып университетке барып оқуымызды бастап кеттік. Мен әлі ауырып жүрмін. Ешнәрсеге зауқым соғар емес. Аптекадан дәрі алып ішкеніммен еш әсерін

байқамадым. Университетке дейін жаяу барып қайтамыз. Қала көшелерінде бірен саран ғана мәшинелер көрінеді. Адамдар көп емес. Қалада еркін жүресің. Неге бұлай екен деп сұрастырсақ, қала халқы бүтіндей осы университетте жұмыс істейді екен. Біз студенттердің жазғы демалыс кезінде келген екенбіз. Көптеген қызметкерлер де демалыс алып, жан-жаққа тарап кеткен көрінеді. Қаланы тас қалашық деп атауға болар деп қалдым, өйткені салынған үйлер мен ғимараттардың басым бөлігі тастан қаланып тұрғызылған. Тас болғанда кәдімгі жоталарда қатпар-қатпар болып жататын жалпақ тастар. Көшеде жүрген адамдардың көпшілігі етженді жуан кісілер. Біз түскі асты университетте ішеміз. Ал жергілікті тұрғындардың көбісі көшеде тамақтанады. Менің таң қалғаным, бірде түскі үзіліс кезінде сыртқа шығып, дүкенге бармақшы болып келе жатсам, көшеде жол бойында тележка тұрғандай көрінді. Айналасы құжынаған халық. Бұл не болды екен деп жақындай түстім. «Байқасам бақа екен» демекші әлгі тележкам кәдімгі біздің елдегі егін жинау науқаны кезінде жұмысшыларға ыстық тамақ даярлап алып келетін тележка сияқты нәрсе, бірақ жинақы. Үстінде екі үлкен қазан, майдалау кастролдер мен толып жатқан коробкалар. Елдер кезекке тұрған. Сөйтсем көшеде тамақ сатып жатыр екен. Әркім келіп, қалаған тамағын сұраса, бір рет қана пайдаланатын пластмасса ыдыстарға салып беріп жатыр. Тамақ алған адамдар былай шығып кез келген жерге, көгалға, төмпешікке, сатының үстіне, бетон фундаментке отырып алып ішіп-жеп жатыр. Осындай өркениетті өскен елде мынадай құбылысты көру қиындау екен. Не қол жуылмайды, не дастархан жайылмайды. Сен жай басып, немесе шаңдатып қасынан өтіп барасың, мәшинелер жолдың тозаңын көтере зырғуда, ал ол отыр тамақ сораптап. Сонша мақтаған америкалықтардың мына қылықтарын «жабайылық па» деп пайымадым. Осылайша жүргенде тағы бір қызық болды. Түс ауа сабақтан босап қонақүйге келіп киім ауыстырып жатқанда бір түймем үзіліп қалды. Тігейін десем ине-жіп жоқ. Дүкенге жүгіруге тура келді. Дүкенге келіп аралап жүрмін. Ине-жібімді тауып кассаға қарай келе жатқанда сол жақтан айқайласқан дауыстар естіле бастады. Қарасам қара нәсілді жуан-жуан екі әйел шайқасып жатыр. Мен түсінбейтін

айқайлар. Арасында бір екі адамдар ажыратып жүр. Екеуі де әбден еліріп алған. Киген футболкалары иықтарына дейін түріліп майлы денелері қатпарларымен қоса қозғалып желп-желп етеді. Оған қарап жатқан ешкім жоқ. Бір кезде біреуі мен түсінбейтін көп боктығының ішінде «негр...» деп қалды. Оны естіген қарсыласының жынданғаны соншалық ауызынан көбігі шашырай «негр...» деп қолына түскен корзинамен жіберіп ұрды. Екіншісі де қарап қалмай корзинамен сабалас басталды. Қайта қайта «негр», «негр» деген сөздер естілген сайын жындана түсіп екіленіп жатыр. Менің мұнан түсінгенім, біздер қара нәсілділерді көрсек болды «негр» деп санаушы едік, сөйтсек олар үшін «негр» деген қорлау, балағаттау болып табылады екен. Сондықтан қараларға «негр» деген сөзді айтудың қажеті жоқ екенін түсіндім.

Нью-Хейвен қаласындағы оқуымыз бітіп, оның жалғасын Вашингтонда өткізетін болып, тағы да автобуска отырып жүріп кеттік. Менің ауруым жазылар емес. Не басылмайды, не өршімейді. Бірқалыпты міңгірлеймін де жүремін. Түс ауа Нью-Йорк қаласына жетіп, бір тәулікке осы қалада қалатын болып шештік. Қонақүйге орналасып алғаннан кейін қаланы аралауға шықтық. Қасымда біздің парламенттің бүгінгі таңдағы депутаты Бортников Михаил (ол кезде Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары), Қарағанды облысының қазіргі әкімі Нұрмұхамбет Әбдібеков (бұрынғы Ақтөбе облысының экономика комитетінің басшысы). Қала көшелерімен жаяу жүріп келеміз. Көшелері тар сияқты. Оның үстіне биік-биік зәулім үйлер бір-біріне жапсарлас салынған, бейне бір консервнің қалбырының ішіне салып қойған құмырсқа істептессің, қалай қарасаң да үйлердің қабырғасы. Аспанды көру үшін жоғары қарау керек, оның өзінде де кішкене алақандай ғана бөлігі көрінеді. Басқасы үйлермен жабық. Ауасы да мәз емес. Кеш басталысымен әрбір ауладан қап-қап мусорларды шығарып тастады. Тау болып үйілген қап-қара қаптар көзге жаман көрінеді екен. Манхеттенге келсек, адамдар ығы-жығы, бейне бір құмырсқаның илеуі сияқты. Кімнің қайда кетіп бара жатқанын ажырату мүмкін емес. Бірін бірі соққан халық. «Сен неге мені соғып кеттің?» деп жатқан ешкім жоқ. Ресторансымаққа кіріп тамақтанып алдық. Ресторан деп атын дардай етіп жазып қойғаны

болмаса, біздің кафелердің де деңгейіне келмейтін ғимараттар. Кімге қайдам маған бұл қала тіпті ұнамады. Кең далада өскен біздің тынысымыз тарылып, үлкен қалаға зорға сиып жүрдік. Ертеңіне таңертең Вашингтонға жүріп кеттік. Мен әлі ауырып жүрмін. Елге қайтқым келеді. Кең жазира далам, белес-белес жоталарым, Талас, Шу, Іле өзендерім есіме түседі. Соған қарағанда елім мен жерімді сағындым-ау деймін. Вашингтон сәл де болса оңтүстікке таяу болғасын ауа райы жылылау болып, жазылып кетермін деп үміттеніп қоямын. Бұл қала маған ұнады. Нью-Йорктегідей аспанмен тірескен биік үйлер жоқ. Ғимараттардың биіктігі көп болса он екі – он алты қабат. Капитолидің биіктігінен аспау керек деген қағиданы берік ұстанып, аса биік үйлер тұрғызбайды екен. Ауасы жұмсақ. Самал жел байқалады. Бірақ мен жазылар емеспін. Елмен бірге оқуымызға барудан да қалдым. Тұмауым меңдеп кеткендей.

Вашингтонда інім Сейтқасымның қызы Айгүл қызымыз тұрады. Күйеу бала Жандос Үшкемпіров Қазақстанның АҚШ-тағы елшілігінде әскери атташе болып қызмет атқарады. Олар менің Америкаға келгенімнен хабардар. «Егер Вашингтонға немесе соған жақын аймаққа келсеңіз хабарласыңыз» деген. Вашингтонға келгенім туралы Айгүлге айтып едім, дем арасында жетіп келді. Менің түрімді көріп шошып кетті де, қарсылығыма қарамастан үйіне ала жөнелді. Қаланың орталығында, төрт бөлмелі зәулім үйде тұрады екен. Келе салып ыстық сорпа даярлап бәйек болып жатыр. Ыстық тамақ беріп, терлетіп, төсек салып көрпелермен орап, қымтап тастады. Терлеп жатырмын. Қонақүйге жібермей алып қалды. Айгүл қаншама тырысса да мен жазылмай-ақ қойдым. Соншама мұхит асып келгесін Вашингтонды жақсылап көріп алсын деді ме, әйтеуірі, ауырғаным да қарамай, мәшинесіне отырғызып алып қаланың барлық көрнекті жерлерін аралатып шықты. Осылайша жүргенде біздің де уақытымыз бітіп елге қайтатын болдық. Өзіміз келіп қонған Филодельфия қаласына келіп, ұшаққа отырып ұшып кеттік. Міне, немістердің Франкфурт қаласына келіп жетіп, сыртқа шықтық. Қаншама күннен бері бірінші рет кеудемді кере дем алып тұрмын. О, тоба! Америкаға барғалы кетпей қойған ауруымнан мысқал да қалмаған. Аң-

таңмын. Жолдастарым да: «Ей, Мырзеке, жазылып кеттің ғой!» деп таңданысып жатыр. Сөйтсем, менің ауру деп жүргенім ауру емес, керісінше денсаулығым Американың климаты жақпаған екен ғой. Елге аман-есен келіп шауып кеттім. Көңілім көтеріңкі. Жан-жағымның бәрі өзімдікі, отанымдікі, жаныма етене жақын, ыстық. Самал желмен сыбдырлай тербетілген шөптері, қауызын ашып жайнап тұрған гүлдері, жапырағын жайып көлеңкесін көлденең тартқан тал-дарақтарына дейін жанымға жайлылық сыйлап, өз жерімнің кең де жұпар анқыған ауасын кеудемді кере жұта түсіп, рахат күйге бөлендім де қалдым. Шіркін, туған жер, қандай ыстық едің!

2014 жылы Тараз қаласында Жамбыл облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы болып қызмет атқарамын. Жұмыстың реті солай болды ма, болмаса басқа бір себеп болды ма әйтеуірі кезекті еңбек демалысымды шілдеде алдым. Келіншегім Әлия турагенттіктегі таныс келіншегінен Біріккен Араб Эмираттының Дубай қаласына путевка алып қойыпты. Сонымен шілденің нағыз ортасында түнгі он бір шамасында Дубайға келіп, «Джумейрах бич» деп аталатын Парсы шығанағының жағасында орналасқан бес жұлдызды қонақүйіне орналастық. Негізінде бұл қонақүй бізге ұнайды. Теңіздің жағасындағы пляжы кең, ауласында үш-төрт бассейні бар, бөлмелері кең әрі теңізге қараған. Арабтардың теңіз үстіне салып жатқан қалашықтарына дейін көрініп тұрады. Қонақүйдің өз келбеті де керемет көзтартарлық. Теңізде жүзіп жүрген неше түрлі жүк, мұнай таситын танкерлер, жолаушылар мен туристерді тасыйтын үлкен кемелер көз ұшында көрінсе жақын маңда яхталар мен кішігірім катерлер жүзіп жүреді.

Таңертең оянып терезені ашып сыртқа қарадық. Теңіз беті бір түрлі тұманданып тұрғандай көрінді. Таңғы асымызды ішіп болғасын қаланы аралап келмек болып сыртқа шықсақ, далада таңертеңнің өзінде аптап ыстық. Оның үстіне ауа қапырық, демалудың өзі қиын. Жалма-жан таксиге отыра қалып жанымыз қалды. Мұндайда біздің елден келген туристердің, әсіресе қазақтардың көбісін әйелдері бірінші кезекте дүкендерге сүйрелейтін әдеттері бойынша үлкен Дубай мол деген дүкенге кіріп кеттік. Сол дүкеннің ішінде бес алты сағаттай жүріп қайтып

келдік. Суға түспек болып пляжға беттедім. Тынысым тарылып, демалуым жиілеп кетсе де бара жатырмын. Өз басым пляжға жалаң аяқ барғанды жақсы көрем. Көлеңкеден шығып аяғымдағы слащымды шешіп жер басып қалып едім құмның ыстығы аяғымды қарып түскені соншалық, орнымнан қарғып кеттім де дереу аяқ-киімді киіп алдым. Суға түстім. Су жып жылы, кәдімгі жана сауылған сүт сияқты. Суға түсті деген аты болсын деп бір сүңгідім де, жиіркеніп шығып кеттім. Есесіне өшімді бассейнің салқын суынан алдым. Далада тұман дегенім, жәй сөз болып шықты. Аспанда бұлт жоқ, бірақ ауаның тұманданғаны соншалықты күннің көзіне тікелей қарай беруге болады. Күннің ыстықтығынан теңіздің ащы суы буланып аспанға көтеріліп күн бетін жауып қалады. Бумен бірге тұз да көтеріліп, оған ыстық қосылып ауаны қапырықтандырып жібергендіктен тынысың тарылып, демалуың қиындап қалады екен. Мынандай аптап ыстықта өмір сүрудің өзі үлкен мәселе сияқты. Егер ғимараттардың ішіндегі кондиционерлер дұрыс жұмыс істемесе жағдайың мүшкіл деп есептей бер. Бұл жердің адамдары осындай жерде қалай өмір сүріп жатыр деп ойланасың.

Жәйлап сұрастырып ол жағынан да мағұлмат алып алдым. Араб елінде мұнай табылып, елдерінің экономикасы көтеріле бастағанға дейін, үлкен ғимараттар жоқ, басым бөлігі көшіп-қонып кішкентай лашықтарды паналап өмір кешендері белгілі. Міне, сол заманда арабтардың өмір сүру деңгейі елу жастан аспаса керек. Оған ауа райының қолайсыздығы, әсіресе ыстық пен ауаға көтерілген тұзды судың буы тікелей әсер етсе керек. Міне, осы ортада тек қана Мұхаммед Пайғамбар ғана алпыс үшке дейін өмір сүріпті. Сондықтан да пайғамбар жасы арабтарда ең көне әрі ұзақ жас болып есептеледі екен. Бүгінде арабтардың жағдайы өзгерген. Бай әрі бақуатты арабтар жазғы шілде кезінде өз елдерінен басқа елдерге туристік сапарға, демалуға кетіп қалатын көрінеді.

Дубайға шілде айында келген айналдырған алты күн азаптын оргасында алты ай жүргендей әсер қалдырып елге қайттық. Шарж қаласынан аспанға көтерілген ұшақ жылдам-ақ ел орталығы Астанаға келіп қонды. Ұшақтың есігі ашылып трапқа шықсам, жауын жаңа ғана басылып, салқын самал таза ауаны тербей түсіп,



күннің көзі күлімдеп, сәулесі айналаны сәндендіре түсіп тұр екен. Трап үстінде тұрып рахаттана құшақ жайып керіліп таза ауаны мейірлене жұтып-жұтып жібердім. Шіркін, қандай керемет! Мынау дегенің жер бетіндегі ұжымақ қой деп қоямын. Осыдан бес сағат-ақ бұрын қиналған жаным тыныш тауып, көңілім күй тартып, тұла бойым жылылыққа бөленіп, денеме жігер бітіп, дүниедегі ең бақытты жан болдым да қалдым.

Шіркін, туған жер! Туған ел! Қандай ыстық едің. Ел мақтаған қаншама жерді, қаншама елді көрдім. Солардың кереметінің барлығы туған жерімнің бір тал шөбі мен бір дарағына, бір уыс топырағы мен бір шөкім ауасына татымайды екен. Жер жәннаты өзің туған елінде, табаныңның астында, бақ пен бақыттың ордасы туған жерінде екеніне көзім толықтай жетіп жүрегіммен сезіндім. «Туған елге ел жетпес, туған жерге жер жетпес», «Өз елімнің басы болмасам да, Сайының тасы болайын» деген аталарының алтын сөздері жанымды жайландырып, туған жердің түтіні де тәтті екенін, артымыздан еріп, өркендеп өсіп келе жатқан ұрпаққа өсиет ретінде айтайын дегенім еді.

Елімізді, жерімізді көздің қарашығындай сақтайық!

Еліміздің амандығын, жұртымыздың тыныштығын сақтайық!

## ҚИМЫЛ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Күнделікті күйбең тіршілікпен жүріп көп нәрселерді байқай бермейміз. Байқамаған соң, көп нәрсеге алаңдай да бермейтін халықпыз. Сәл суық тисе де қисайып, тұмау тисе ыңыранып-ыңқылдап, ал қан қысымы көтерілсе төсек тартып жатып қаламыз. Қолдан келсе уыстап дәрі ішіп, жақындарың көрінсе ауруыңды айшықтай түсіп, одан сайын ыңқылдап әлек болып жатамыз. Дәрігерлердің берген кеңестерінің ішіндегі ең жеңілі дәрі ішу. Ал, таза ауада жүру, денені қимылдатып еңбек жасау, неше түрлі спорт түрлері болмаса да дене шынықтыру қозғалыстарын жасау деген ауыр кеңестерді құлаққа да ілмейміз. Ең дұрысын айтқанда жалқаумыз. Жанымыз тыныш, жағамыз жайлау, ішер ас, киер киім, қыдыратын той томалақ болса жеткілікті. Қарынға асты толтыра жүктеп алып, көрпеше үстінде немесе диван

мен төсекте аударылып төңкеріліп жатамыз. Соның кесірінен аурушаң болатынымызды бәріміз білеміз. Бірақ бойымыз жар бермейді. Ол аурулар бізді айналып өтетіндей болады. Бәрін, «Ертең істеймін», «Ертең дене шынықтыруға көшемін» ертеңге саямыз. Қимылдай қалған күннің өзінде де, денеге сәл күш түссе ахылап-ухілеп, жата кетеміз. Ары қарай жалғастыруға шамашарықтан бұрын құлқымыз жетпейді. Жатқан жеріңнен тұрғын келмейді. Қазақтың сөздері мен көптеген сөйлемдерінің аяқталуы да осылай бейімделген. Мысалы: «бара жатырмыз», «келе жатырмыз», «ақылдасып жатырмыз», «құда түсіп жатырмыз», «шәй ішіп жатырмыз», «демалып жатырмыз» деген сияқты өмірі таусылмайтын «жатырмыз». Не деген құдіретті жатыс.

Жан-жағымызға қарасақ кейде таң қаламыз. Өзбек бауыр өз ісін істеп жатыр, дүнген дүрілдетіп егін егіп, жеміс теріп жүр, орыс ойдағысын істеп тірлік жасап жүр, тек қағанағы қарқ, сағанағы сарқ қазақ қана жатыр. Аналар ауырмайды, өйткені қимылдайды. Қазақ аурусыз жүрмейді, өйткені қимылы жоқ, олар ауырмайды, өйткені ауырса ауызын тияды. Қазақтың жазылуы қиын, өйткені ауырса аузына асты толғанынша құяды. Олардың балалары зіңгіттей, әйелдері күш-қуатты бала тапқыш болады. Біздің балалар әлжуас, әйелдеріміз дәрменсіз. Өйткені олар денсаулық қимылда екенін біледі, жалқаулыққа жол бермейді, ал біз өзімізді-өзіміз аяп, аялап, артық қозғалыс ақыретке апаратындай көреміз. Әйелдеріміз екі бала тапса аспанға көтеруге дайынбыз. Өйткені одан артық көтеруге қауқары жоқ, ауырып қалады. Анда-санда ілуде біреуі үшінші бала көтерсе сол күннен бастап аурухананың сақтау бөлмесінен шықпайды, баласы түсік болуы мүмкін. Ал ол жерден өзбек, қырғыз, дүнген, түрік, күрді ағайындарды сирек кездестіресіз. Өйткені олардың қуаты бойында. Үшінші бала оларға ойыншық ойнағанмен бірдей сияқты. Олардың мақсаты оншақты ұрпақ. Өздерін соған бейімдейді. Ойым дәлелді болуы үшін бір көзіммен көрген араларында үй жоқ қатар орналасқан екі үйдің тұрмыс-тіршілігін баяндап берейін.

Алматы мен Тараз қаласын жалғап жатқан үлкен күре жол көптеген елді мекендерді қақ жара өтіп жататын кез. Сол күре жол бойындағы елді-мекендердің бірінде жақындарымыз тұрады. Кен

сарайдай зәулім үйі, жиырма соттықтай бау-бақшасы бар. Есік алдынан өтіп жатқан жол бойында су құбыры арқылы келіп жатқан ауыз-су, шарбағының аяғында арықтан тынымсыз әрі тоқтаусыз ағып жатқан арық суы бар. Бірақ шарбақ ішінде жонышқадан басқа өнім жоқ. Оның өзі жылына екі-үш рет қана суғарылып, жалданып әкелінген косилканың көмегімен орып жиналып алынады. Үйдегі екі-үш ұлдың (ұлдың үлкені үйленген жігіт) оған ұйқыдан қолы тимейді, ал шешелері аурушаң, ыңкылдап, сыңкылдап жүргені. Зәулім үйдің іші-сырты алба-жұлба, есік алды лас, тазартылмайды. Қора-қопсы малдың қиына тола, сасып жатады.

Сол үйдің көршісі түрік. Олардың бірінен кейін бірі ұру-пәру он баласы бар. Соншалықты зәулім болмаса да өздеріне жетерліктей шағын үйлері бар. Үйдің іші-сырты тап-тұйнақтай таза, әрленіп, сыланып қойған. Ауласында көлденең жатқан бір шыбық көрмейсің. Бау-бақшасының үлкендігі де менің туыстарымдікімен бірдей. Бірақ шарбақ іші жайқалып, жаныңа не керек бәрі өседі. Бала-шағасымен жан-жабылып, қолдары жұмыстан босап шаршап келгеннің өзінде шарбақтың ішінде күйбеңдеп тіршілік жасап жүреді. Не ішем, не жеймін демейді. Көкөніс, азық-түлік үшін базарға да баруы өте сирек. Жақынымның адамдары базарға баруға да ерінеді. Үйіне керек жеміс-жидек, көкөніс осы көрші үйден табыла салады. Олардың шешелері бау-бақша жұмысының арасында сиыр сауып, тамақ пісіріп, нан көміп, кір жуып тыным таппайды. Балаларының киімдері тап-тұйнақтай, біздердікі алба-жұлба. Ешқайсының ауырдым деген сөзін естіген емеспіз. Біздердікінің сау жүрген күндері саусақпен санарлық. Міне, бұл күнделікті тіршілік, бәрінің еті үйреніп кеткен.

Міне, осы үйлерде бірде қызықты оқиғаға куәгер болдым, әрі ол оқиға мені көп толғандырып, кейінірек жүрген жерімде жағымды мысал ретінде айтып жүретін болдым. Жаз айларының шуақты күндерінің бірі еді. Мен Алматыдан Таразға қатынап жатқан үлкен Икарус автобусымен осы елді мекенге келіп, жол бойындағы үйдің қасынан түсіп қалдым. Жан-жағымды көзбен сүзе барлап шығып, үйге қарай бет алдым. Жол жиегіндегі су құбырының құдығынан (колонкасынан) көрші түріктің әйелі екі шелекке су толтырып алып жатыр екен.

– Сәлеметсіз бе? – деп амандастым.

– Сәлемет пе, айналайын? – суға тола екі шелегін мойнындағы иінағашына іліп жатып, ол да амандасты.

Сонымен амандасу рәсімі бітіп, екеуіміз де өз жолымызбен кеттік. Мен үйге кірсем туыстарымның бәрі шәй ішіп отыр екен, қауқылдаса амандасып болғасын шәйға отырдық. Олардың барлығына көз салып қарасам, келін көрінбейді.

– Оу, келіндеріңіз қайда? – деп сұрадым.

– Келін қалада. Аяғы ауыр еді, екі айдай болды сәкрәнене (сохранение – сақтану) дей ме бірнәрсе, ауруханада жатыр. Қазіргі жастарды түсінбеймін, баланың түсіп қалу қаупі бар дей ме, білмеймін, – деді үлкен енесі.

– Түсінікті, – деп бұл әңгімені тоқтатқанымыз сол еді, есіктен көрші түріктің кішкене қызы кіріп келіп:

– Апа, Сізді апам шақырып жатыр? Тез келсін дейді! – деді.

– Жәй ме? – деп сұрады апамыз.

– Білмеймін, – деп иығын қикаң еткізіп сыртқа беттеді, әлгі қыз.

– Не боп қалды екен? Барып келейін, – деп апамыз ілесе кетті.

Арада бес минуттай уақыт өтті ме, өтпеді ме апамыз қайтып келді.

– Апа, жәй шақырып па? – деді немересі.

– Жәй, мына үйдің әйелі босанып қалыпты, – деді. Таңданғаным сондай, жеп отырған наныма шашалып қала жаздап:

– Кім? – деппін ғой.

– Мына түріктің әйелін айтам да, – деді апамыз жайбарақат қалпымен.

– Апа, ол жаңа ғана құдықтың басында иінағашпен екі шелек су алып жатыр еді ғой. Ол қалайша туып қалады? – дедім.

– Енді су алып жатса, тумай ма? – дейді апамыз салмақтана.

– Қалай болды? Айтыңызшы? – деп өзеурей түстім.

– Ой, құдай-ай. Сол да қызық болып па? Екі шелек суын көтеріп есіктен кіре бергенде баласы түсіп қалыпты.

– Сонда қалай, жерге құлап түсті ме? Өлтіріп алды ма?

– Е, жоқ. Олар дамбал киеді. Сол дамбалға түсіп қалған ғой. Баласы аман-есен, балпанақтай! Мен кіндігін кесіп, құндақтап бердім де қайттым, – дейді апамыз.

– Немене, бәрі соншалықты оңай ма? – дедім таңғалысымды жасырмай.

– Е, балам... Ол қазіргі заманның, оның ішінде қазақтың келіні емес қой, құрсағына бір нәрсе түссе бүк түсіп жатып алатын. Шіркіндерің, таңның атысы, күннің батысы бір дамыл таппайтын еңбекқор ғой! Денсаулықтары мықты! Табатын балаларын еш қиналмай, әлгі сәкрәненесіне де бармай-ақ таба береді.

– Ал, Сіз қалай жылдам оның баласының кіндігін кесе салдыңыз?

– Тәйірі, сол да сөз болып па? Ескіден келе жатқан дәстүр ғой. Баласын орап бердім де қайттым. Ары қарай өзі көтеріп алып кетті, – деді.

– Өзі көтеріп алып кетті. О, астафыралла! Не деген мықтылық? Не деген денсаулық?

– Е-е-е, солай балам. Бәрі қимылдың арқасы ғой! – деді де апам жайбарақат шәйін сораптап іше бастады.

Мұндайда таң-тамаша болмағанда қайда боларсың. Тірлігін істеп жүріп-ақ баласын да туып жатыр. Негізінде бұндай құбылыстар ертеректерде қазақтар арасында да жиі кездескен. Мысалы, қазақта Тезекбай деген есімдер жиі кездеседі. Осы Тезекбайларды қазақ келіндері тезек теріп жүріп-ақ жарық дүниеге әкеліп, қасында жүрген абысын-ажындары кіндігін кесіп орамалына орап бере салады екен. Осындай түзде туып қалғандардың есімдері қай жерде нендей жағдайда туылғанын паш етіп тұратын есімдер көптеп кездеседі. Мысалы: Отынбай, Томарбай, Егінбай, Тоғанбай, Орақбай, Құрақбай, Қауынбай деп жалғасып кете береді. Бұл дегеніміз әйелдердің мықтылығы болса, еркектер де олардан қалыспаған.

Елубай, Алпысбай, Жетпісбай, Сексенбай, Тоқсанбай, Жүзбай деген есімдер әр ауылда бірнешеуден болушы еді. Осының өзі еркектердің күш-қуатынан белгі беріп тұратын символдай нәрсе еді. Бүгінгі жастар қырықтан асса жарамсыз болып «простатит», «аденома» дейді ме неше түрлі сырқаттарға шалдығып, өзімен-өзі әлек болып жүргені. Осының барлығы жалқаулық пен жатып ішерліктің жемісі ме деп ойлаймын.

## ХАЛҚЫНА ТҰЛҒА, ҰРПАҒЫНА ҰРАН БОЛҒАН – КЕЙКІ ӘЗ АТА

Біздің Кейкі ата (Мырзагелді) әулеті мына 1-ші суретте көрсетілгендей Ошақты тайпасының Аталық руынан тараған. Аталық ары қарай Әлімбет, Жолымбет және Келімбет болып таратылады. Сол Әлімбеттің Бидалысы түпкі бабаларымыз. Ол менің тоғызыншы атам болғандықтан қазақтың шежіре таратуы бойынша қалай аталатынын білмеймін, сондықтан оны түпкі баба деймін. Кейкі батыр осы кісінің алтыншы ұрпағы. Кейкінің ұлдан өрген ұрпақтарының негізгісі Жамбыл облысының Талас ауданы, бұрынғы Ақөзек бүгіндегі Шәкіров ауылында тұрады.

Кейкі батыр Сарт баласы, Кенжетай батырдың немересі. Кенжетай батыр орыс-казактарының қазақ жеріне басқыншылық жасап жаулауы кезеңінде, казак батырларымен тізе қосып Шу өңірін қорғаштай тойтарыс беруге қатысқан ержүректердің бірі. Кенжетайдан Борсық, Көшкін, Тауасар атты үш ұл өрбиді. Борсықтан Кейкі батыр, Қалдан.

Кейкі батыр Борсықұлы 1793-1795 жылдар шамасында Қызылорда облысының Тереңөзегінде дүниеге келген екен. Ол аталықтан шыққан Тоқберген Сабатаұлы датқамен түйдей құрдас әрі дос болған. Тоқберген жас шағынан ел басқару, билік істерімен айналысса, Мырзагелді (Кейкі) ел қорғау – жаугершілікке ден қойыпты.

Мырзагелді жас кезінен алғыр, жігерлі болып өссе керек. Оның бұлай өсуіне өзінің өмір сүрген заманы бейімдейді. Өйткені ол, қазақ еліне солтүстік пен солтүстік батыстан орыс-казактары шабуыл жасап, маза бермесе, оңтүстік-батыстан Қоқан хандығының жасақтары тыныштық бермей, жоңғар шапқыншылығынан әбден мезі болып, енді-енді «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаның» жаралары қаракотыр болып бітіп, ата қонысына үдере көшкен ел, әлі де болса туған жеріндегі қыстаулары мен жаз жайлауларына толықтай орналаса алмай жатқан дүрбелең кезде өмірге келген еді. Жастайынан ер үстінен түспей елін-жұртын жауларынан қорғаштай, күндіз ауылын, түнде малын күзетіп өскен ол, ерте

ер жетеді. Анталаған жау оның ерте есеюіне жол ашады. Ата жаулардың көрсеткен қорлықтары мен зомбылықтары, тыныш жатқан елге бөрідей шулап қайта-қайта шабуылдап маза бермеуі оны айтқанынан қайтпайтын қайсар, беттегенін алмай қоймайтын батыр етіп шындаса керек. Мырзагелдінің осы мінезіне әрі іс-әрекетіне қарай құрбы-құрдастары, дос-жарандары мен жеңгелері Кейкі деп атап кетіпті.

Сол заманның осындай аса қиын кезеңінде ошақтылар Талас өзенінің басынан, Сырдария жағалауындағы Тереңөзекке дейінгі жерлерді мекендеп, көшіп-қонып жүрген мезгіл еді. Кейкі батыр өсе келе ер тұлғалы, ұзын бойлы, екі иығына екі кісі мінгендей еңгезердей, жауырындары қақпақтай, қолдары жуан қарағаштың келтегіндей, саусақтары салалы әрі қарулы, қимылы жылдам, тақымы мығым, қабағы қалың, көзі қырағы әрі өткір батырлығы мен ақылы тең жан болып шығады. Оның қабағының қалыңдығы сондай, қап-қара қою қастары екі көзін жауып тұрады екен. Жастайынан жаугершілікпен айналысқан Кейкі жол жүрерде, жауға шабарда қастарын маңдайға қарай көтере орамалмен байлап алады. Шүңірек көзі қырымдағыны көретін әрі жақындағының өңменінен өтіп кетердей өткір болып, ол тіке қарағанда шыдамаған кейбіреулер аттарынан аунап түсіп қалатын жағдайға да жеткен. Кейкі көбіне парлап қос ат мінген, оның жауға шабатын шұбар аты ылғи да ерттеулі, ері екі бүйірін сабалап батырға ілесіп жүреді. Шұбар өзін батырдан басқа ешкімге ұстатпай, тек атқосшысы Жанторсыққа ғана бойұсынып, күтіп баптатады екен. Жанторсық қоқандықтармен қақтығыста қолға түскен тұтқын, ұлтын, ныспысын ешкім білмеген. Жанторсық деген ныспыны Кейкі батыр өзі қойып атап кеткен. Жанторсық болса өмірінің аяғына дейін өзін елге атқосшы емес Кейкі мен Кейкінің ағасы Қалданның інісімін деп таныстыратын болған.

Кейкінің ағасы Қалдан зорлықшылдау, шіліктен ілік іздейтін адам болыпты. Барымтаға, өзгенің жерін, атын, мал мүлкін тартып алуға әуес болса керек. Ондайда Кейкі ағасына:

*Зорлық шубәсіз қасыңда болады,  
Барымта бояусыз басыңда болады.  
Елді қорқытар қайратыңа сенбе,*

*Әділет болар айбатыңа сен.  
Елді үркітпе тұқымың құрыр,  
Қылышты тек жауыңа суыр, –* дейді екен.

Сонда да Қалдан атамыз әдепсіз әдетінен таймай жүріп өмірден тұқымсыз-ұрпақсыз өтіпті.

**Кейкі батыр екі әйел алған. Бәйбішеден бес ұл: Мырзабек, Алпамыс, Мырзалы, Мырзабай, Шорабек. Екінші әйелі – Жанбикеден: Байбек.**

Жанбике анамыз Шұбыртпалы Ағыбайдың інісі Дулаттың қызы.

Кейкі, тек қана өз руын қорғап қалмай, жан жағында көрші жатқан басқа да қазақ рулары мен тайпаларының намысын қорғауға атсалысқан батыр. Сол кездегі Сыр бойының атақты батырларының бірі қоңырат Кейден батырмен дос болып, бірге Қоқан хандығының жасақтарымен айқасып, елден ығыстырып шығарып отырады. Бұл туралы деректер Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында Көкен батырға арнап берілген үлкен аста таратылған, 2014 жылы Алматы қаласында басылып шыққан «Көкен батыр» атты ғылыми-танымдық жинақта деректер келтірілген. Осы кітаптың 5-ші бетінде былай делінеді: «...Арғы жағы Алатау, Жаманбай, Кейкі, Желкілдек батырлар, бергі жағы өз атасы Кейден батырдың ел қорғаудағы салып кеткен сара жолы өз кезегінде Көкенді де қолына қару ұстатып, соңындағы елін бастатқан батыр етіп шығарады...».

Кейкі атамыз Токберген екеуі Қоқан ханының зекетшісі Мырза биді жасақтарымен қоса қырып салып, арқа жеріне қоныстанған «өлім – ортақ, жау – серік» досы Ағыбайға барып, бар болған жағдайды түсіндіре айтып береді. Жағдайға әбден қаныққан Ағыбай Кекіге:

– «Батырдың сөзі мың теңгелік» деген менің екі інімнің бірі Дулаттың Жанбике атты қызын «тенін тапсаң тегін бер» демекші қалыңсыз кәдесіз ал, менің де бұл күнде күнім орысқа қарап қалды, лажы болса, сен де орыстармен бітісіп, қартайған шағында елде болсайшы, – деген екен. Міне осы байлаудан кейін Кейкі Жанбике анамызды алып, одан Байбек дүниеге келіпті.

Кейкі қоқан жасақтарын жеңгенімен әлі де болса, орыс-казактарымен жанжал-шайқастары тоқтамаған кезең еді. Кезекті



соғыс кезінде Кейкі батыр орыстың батырмен жекпе-жекке шығады. Ол кездері орыстар мылтықпен қаруланған. Жекпежек кезінде ағамыздың сауытының етегі ердің басына ілініп көтеріліп қалғанда, орыстардың басқа жердегі мергені ашылған жерін атып үлгереді. Содан кіндік тұсына оқ тиген ағамыз қатты жараланады. Қолбасшыларының жараланғанын көрген жауынгерлері оны дереу ұрыс алаңынан алып кетіп, Созақтың Шолақ Қорғанындағы тәуіпке алып келеді. Оны оңаша киіз үйге жатқызып, бүйірдегі оқты алуға кіріседі. Ол кезде бүгінгі заманның дәрігерлері мен құралдары да жоқ. Сол уақыттың тәуіп-дәрігері бүйірдегі оқты, мылтықтың ұңғысын тазалайтын сүргімен алмақшы болып, от жағып сүргінің ұшы жағын қыздырып алып келіп, жігіттерге батырдың аяқ-қолын байлауды, болмаса қимылдай алмастай етіп, қапсыра құшақтап ұстауды бұйырады. Жігіттер тәуіптің әмірін орындамақ болып, батырға ұмтыла бергенде, батыр беліндегі алмас қылышын қынабынан суырып алып:

– Жақындамандар, Дәруіш, тірлігіңді жасай бер мен тырп етпей шыдап жатамын. Ал сендер жақындасандар ажалдарын алмас қылыштан болады, – деген екен.

Тәуіп жігіттерге қарап «Лажсызбыз, көрейік» дегендей күрсіне екі қолын көтеріп, келіскендей белгі береді де «Қаншалықты шыдар екен, көрейік» дегендей сүргісін қолға алып, кірісіп кетеді. Сүргіні оқ кірген жерге бойлай сұғып, орап-бұрап тартып көреді. Оқ шықпайды. Кейкі ернін қымқыра тістеп жатады. Екінші рет, үшінші рет бұрап тартқанда ішек бүрлерімен қоса оратылып бірге шығады. Осы кез батырға қаншама ауыр тиіп қаншалықты қиналса да орнынан тырп етіп қозғалмастан, өмірмен қоштаса бақилыққа жүріп кеткен екен. Емнің артын күтіп тұрған адамдарды Кейкінің өлімінен де, оның шыдамдылығы мен қайсарлығы таң қалдырған екен. Бұл кезде Кейкі батыр небәрі 56 жаста болған.

Кейкі қайтыс болып, жанындағы туыс-жолдастары ауылына алып келеді. Сол кездегі салт-дәстүр бойынша шұбар атты қара жабулап, ауылдан ат шаптырым жерден, жоқтау айта, аттың бауырына дейін түсе жылай шауып, өлікті естіре келеді. Ел у-шу болып төңірек жаңғырып, аласапыран болып жатқанды бірінші рет көрген небәрі жеті жастағы Байбек жау келіп қалған

екен деп қорқып ауылдан қаша жөнеледі. Оның кеткенін ешкім байқамайды. Өлікті шығару мәселесімен екі-үш күн жүріп қалған жандар, тек үшінші күні ғана Байбектің жоқ екенін байқайды. Іздемеген жер, қаралмаған қуыс қалмайды. Тек төртінші күні ғана ауылдан үш шақырымдай жердегі қалың жыңғылдың ішінде жатқан жерінен тауып алады. Байбекті әбден шөл қысып, еріні кезеріп, аштық қысып, қарыны арқасына жабысып, күннің көзі жеп денесі қарақатқыл болған, өлім мен өмірдің арасында, тек өмірден нышан беріп тұрған екі көзі ғана жылт-жылт етіп жатқан көрінеді. Тауып алғандар оны улап-шулап ауылға алып келеді.

Кейкіден кейінгі ұрпаққа мұра ретінде алмас қылышы қалған. Сол қылыш ауыл ақсақалдарының үлкендерінде сақталып келген. Кейіннен елге Кеңес дәуірі орнаған алғашқы дүрбелең кезеңде бай-кулактар мен батыр-билердің дүние-мүлкі мен жәдігерлерін тәркілеп конфискация жасау науқанында, аталарымыз атадан қалған мұраны қалың бидай ішіне жасырады. Тәркілеушілер таппай кеткенімен ұзақ уақыт бойы олардың қоқан-лоқыларының дүмпуі алыстағы ауылға жетіп жатады. Осылайша жүргенде бидайға от тиіп өртеніп кетеді. Жалма-жан қылышты іздеп келгендер қылыштың сабы түгел өртеніп тек темірі қалғанын көреді. Өкінгеннен не пайда, бүлінетін нәрсе бүлінді, амал жоқ. Мұны көріп, елмен бірге мұңайған, қолынан май тамған ұста Дәмбіл баласы Жүсіпбай атамыз қылышты бөлшектеп әр отбасыға бір-бір заттан естелік ретінде таратып берген екен. Байбек балаларына ұстара тиеді. Басқаларға да сол сияқты қолдануға жарайтын бұйымдар тисе керек. Сол ұстара әкеміздің ағасы Аязбектің үйінде ұзақ жылдар сақталып, екінші жылдардың басында, ауылға әке-шешеме құран оқытуға барып әулеттің барлығын жинап ас бергенде немере ағам Әбілқасым маған сыйға тартты. Басқалардағы жәдігерлер толығымен жоғалып кеткен екен. Ағайындарымыз бізге қызыға да қызғана да қарап, тамсанып қалды. Сол жәдігер менің үлкен ұлым Ғазиздің үйінде төрде әшекейлене ілініп тұр. Ұлдарымды батыр бабаларының аруағы қолдап жүрсін.

**Байбек:** (1-ші сурет) Жанбике анамыздан ұлағатты тәрбие көрген Байбек өсе келе үлкен азамат болады. Салмақты,

сардарлы, әрбір ісін ойланып істеп, қызбалыққа ұрынбайтын, ағайынның кикілжіңдері мен келіспеушіліктерін ақылмен шешіп отыратын байсалды кісі болса керек. Ол өзінің әділеттігімен, турашылдығымен өз аймағының биі дәрежесіне дейін көтеріледі. Байбек атамыз 1916 жылы 65 жасында қайтыс болған еді деп Аязбек атамыз айтып отырушы еді. Әйелі Бейсекүл де өзіне сай жомарт кісі болса керек.

**Бейсекүл** әжеміз өте қонақжайлы әрі ақылды әйел болса керек. Ол кісі ақылына көркі сай, мейірбанды, мейманасы тасыған, дарқан көңіл, кең мінезмен Кейкі әулетінің тұрмысын дөнгелетіп, үлкен-кішінің көңілін тауып, дастарханы жиылмай, қауымдастырып, сол елдің қадірлі анасы атанған көрінеді. Өйткені ол ешкімді де жатсынбай, бауырына тартып, абысын-ажынның, отбасы ошаққасының кикілжіңдерін баса біліп, ағайынның татулығына үлкен үлесін қосқан ұлағатты ана еді. Ол кісінің осы қасиетін бағалаған ел-жұрты атын атамай «Бабата» деп атап кетсе керек.

Байбектен үш ұл: Аязбек, Князбек, Ниязбек және бір қыз Жұмагүл (Сарықыз) өрбиді.

**Князбек** жас кезінде қайтыс болады.

**Аязбек:** Аязбек Сарыүйсін елінің қызы Құрманкүл Уәліқызына үйленіп одан Әбілқасым атты бала сүйеді. Кейіннен Құрманкүл қайтыс болып, ошақты тасжүрек руының тумасы Абдуалы қызы Салиханы алады. Ол кісіден ұрпақ жоқ.

Аязбек 1979 жылы 84 жасында дүниеден озады. Ол, жас кезінде пысық, әрі белсенді кісі болады. Орта жасқа келген кезінде Әулиеата қаласының арақ-шарап зауытының директоры қызметіне дейін көтеріледі. Ашаршылық заманында Кейкінің барлық ұрпақтарын зауыттың айналасындағы жұмыстарға тартып, аштықтан аман сақтап қалған екен. Кейіннен қартайған кезінде әулетімен Ақөзек ауылындағы туысқан ошақтылардың ортасында өмір сүрген. Ұлы **Әбілқасым** Қазақ мемлекеттік университетін бітіріп, елге оралып қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметін атқарған. Кейіннен ұзақ жылдар бойы ауыл мектебінің оқу ісінің менгерушісі қызметін атқарып, зейнетке шықты. Мектеп қабырғасында жүріп, аудандық партия комитеті саяси бюросының мүшесі болған. Сөзге шешен, тілі көркем жан.

Әбілқасымнан: Мейрамбек, Найманбек, Нұрқасым, Ерқасым, қыздардан Қарлығаш, Гүлмира.

**Ниязбек:** Байбектің екінші ұлы Ниязбек. Ниязбек жас кезінен шаруаға бейім, салмақты, сардарлы жігіт болып өседі. Өсе келе екі иығына екі кісі қонғандай, жалпақ жауырынды, бойы дарақтай ұзын, саусақтары салалы, білектері кескен томардай шымыр, палуан әрі өте қайратты болған. Ағасы Аязбектің айтуы бойынша: Бірде аудан орталығында үлкен той болып Ниязбек ағасы Аязбекпен бірге барып қатысады. Сол той аясында күрес басталады. Ортаға сол кезде облыстың ең мықты палуаны деген атақты иеленген Қалаубай шығады. Оған қарсы келер ешкім жоқ. Қалаубай жұтынып тұр. Абдырап қалған ел еңгезердей болып тұрған Ниязбекті көріп қарсылығына көнбей ортаға, кілемге, шығарады. Күрес басталады. Өте салмақты әрі садарлы Ниязбек ешкезде күреске түспесе керек. Қалаубай екеуі бірін-бірі ала-алмай ұзақ күреседі. Қалаубайдың лақтырғысы келеді, бірақ қолынан келмейді. Ниязбек әдіс білмейді, жүрексініп жүрсе керек. Бір кезде ағасы айғай салады: «Әй, Ниязбек болсайшы» деп. Ағасының айғайынан дух алған Ниекең оған жалт етіп бір қарап алады да «Әуп» деп Қалаубайды көтере-мөтере аспанға атып жауырынмен жерге қадай лақтырып жіберген екен. Міне, ол кісінің қажыр-қайраты осындай болған. Шабандоз. Көкпаршы, арлан қасқырды ат үстінен тірідей ұстап, байлап матап ала беретін жүректі болған. Отан соғысының ардагері. Ол ошақтының тасжүрек руының Орынбай баласы Әлінің қызы Қалампырға үйленіп, одан жеті бала сүйеді. Ұлдары: Күзембек, Мырзақасым, Сейтқасым. Қыздары: Гүлжамал, Нұржамал, Оразкүл, Тәжен. **Күзембектен:** Ермек, Нұрбек, Нәзи (Назгүл). Күзембектің алғашқы әйелі сихым қызы Рәпиядан: Гүлбану, Гулбахрам, Әлия. Күзембек Тараз қаласында тұрады, зейнеткер. **Сейтқасымнан** ошақтының Тасжүрек руының қызы Алтыннан екі қыз: Айгүл, Лаура. Сейтқасым қазір Астана қаласында тұрады. Парламент мәжілісінің аппарат жетекшісінің орынбасары, Евразия университетінің проректоры, Қазақ технология және бизнес университетінің ректоры қызметтерін атқарды. Техника ғылымдарының докторы, профессор. **Мырзақасымнан** жалайыр Оразтай қызы Әлиядан: Ғазиз, Олжас атты

екі ұл. Ғазиз Евразия университетінің есеп техникасы және информатика мамандығы бойынша магистрлігін, Қазақ технология және бизнес университетінің жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің магистрі мамандықтарын иеленген. Бүгінде «КЕГОК» компаниясында аға маман қызметін атқарады. Үйленген. Әйелі жаным Пернеханқызы Индира. Бексұлтан атты ұлдары бар. Олжас Қазақтың Ұлттық музыка «Өнер» университетінің магистрі. Бүгінде осы университеттің колледжінде музыка пәнінен дәріс береді. Композитор. Бірнеше шығармалары бар. Өзінің алғашқы авторлық концертін жиырма бес жасында «Өнер» Қазақ ұлттық университетінде өткізген.

Кейкінің басқа балалары туралы мәлімет төмендегі сызбаларда көрсетілген.

**Мырзабек.** (2-ші сурет) Кейкінің үлкен баласы, одан Сырғақ, Нұрбек. Сырғақтың қыздай алған әйелі Сырғабике (қоңыр). Одан Жүсіпәлі, Оразәлі, Ерәлі. Жүсіпәліден ұрпақ жоқ. Оразәлі Отан соғысына кетіп, оралмады. Оның әйелі Балтай (түлкіші) қайнысы Ерәліге тиеді, одан Айманап атты бір қыз туады. Ерәлінің өзі де соғысқа кетіп, ерлікпен қаза болады.


Сырғақтың Теңге бике деген әйелінен (ағасы Үкібас өлгеннен кейін әменгерлікпен жеңгесін алған), одан Иманәлі. Алғашқы әйелі Назым (жамантымақ) Кәрібайқызы, одан Бекәлі, Жұманәлі, Сұлтанәлі және бір қыз Рәш. Екінші әйелі Болған (сіргелі) тумаған. Бекәліден Даниярбек. Бекәлі Отан соғысына кетіп, ерлікпен қаза болған, әйелі Әсел (қабыл) Сқақ молданың қызы. Даниярбектен Дербісәлі еңбегі сіңген азамат. Жұманәлі 1939 жылы Польша соғысына қатысқан, кейін Фин соғысына қатысып, соғыс мүгедегі болып елге оралған. Екі қолынан айрылған. Жамантымақ Әбдікеннің қызы Саракұлмен 47 жыл өмір сүріп, алты ұл, екі қыз көріп дүние салды.


**Алпамыс** Кейкінің екінші баласы, одан бір қыз – Дәнекүл. Алпамыс жаудың қолында қалып, оралған жоқ.

**Мырзалы** Кейкінің үшінші баласы, одан Тольш, одан бір ұл Туғанбай (ұрпақ жоқ) және екі қыз Сәрсенкүл, Сәндікүл. Туғанбай Отан соғысына кетіп, ерлікпен қаза болған.


**Мырзабай** (3) Кейкінің төртінші баласы. Өзі шаруа адам болған, одан жалғыз бір ұл Үкібас. Үкібас дәу, денелі кісі екен. Әйелі Теңгебике жаугершілікте қолға түскен, қырғыздың қызы еді. Одан Қызғызбай, әйелі Зылиха (жамантұмақ) Қылышбайқызы. Одан Әлиасқар, Сейдалы және бір қыз Күлзиба. Қырғызбай өлген соң, Зылиханы Иманәлі алған, одан Әбирбек. Әлиасқар 1941 жылы Ұлы Отан соғысына кетіп, немістердің қоршауында қалып, жау қолына түскен, содан «Түркістан легионы» құрамында болған, кейін елге келгенде «Отанын сатқан» деп сотталған. Әлиасқар көп әйел алған кісі. Соның біреуі Бибіш (арғын) шешеден Кәкен деген бір ұл туған. Әбирбек қырық жыл темір жол кәсібінде қызмет істеп, зейнетке шыққан, еңбек ардагері, әйелі Бибіфатима (солағай) Сеңгірбайқызы, одан жеті ұл, төрт қыз Қалдыкүл, Қанткүл, Есенкүл, Кенжекүл. Бибіфатима ана көп бала өсіріп, тәрбиелегені үшін «Алтын алқа» алқасымен марапатталған.


**Шорабек** (4) Кейкінің бесінші баласы, шаруа адамы болған. Одан Айдарбек, Қалдарбек (Дәмбіл), Жандарбек, Әлімбек. Айдарбек пен Жандарбектен ұрпақ жоқ. Шорабектің төрт баласы, қырық жігіттің жұмысын істеген азаматтар екен. Олар темір-терсекті жинап, оны қортып, одан қайшы, орақ-балға жасап, жер жыртатын тырма мен қол кетпендердің неше түрін соғып, елді құрал-жабдықтармен қамтып отырған. Қалдарбек ( Дәмбіл) үлкен ұста болған, қолында өнері бар болған кісі еді. Ол екі баласын Жүсіпбай мен Оспанәліні ұсталыққа үйреткен. Әйелі Ұлбике (тоқтауыл). Жүсіпбек әйелі Қыздаркүл (жамантымақ) Базарқызы, одан Сейтжан. Жүсіпбай әрі тігінші, әрі емші болған кісі. Оның емшілігі «Сибирская язва» деген ауруды, қызыл темірмен отқа қыздырып күйдірген және соқыр болған адамдардың көздерінің ауруын жазған. 1930-1940 жылдары Құлахмет Әлімбекұлы Отан Соғысына кетіп, хабарсыз. Қожахмет пен Мұхаметжан соғысқа барып, елге аман-есен оралды. Омар соғыс, еңбек ардагері.














## АМАНСЫҢ БА, АЙНАЛАЙЫН!

«Амансың ба, айналайын!». Осы бір сөз, осы бір дыбыс, өмір бойы не құлағымнан, не жадымнан кетпейді. Әрі қарапайым, әрі жағымды, әрі құдіретті сөз. Көңіліңнің хошы болмай, дененді сырқат меңдеп тұрса да осы сөзді естісең бойыңа қан жүгіріп, көңіліңе жеңілдік пайда болып, жүрегің елжірей бастайды. Міне, осындай құдіретті сөзді кездескен сайын шын пейілімен айтып, шын ниетімен арнап, теріс қарағанның жүзін оңға бұрып, томсырая қарағанның жүзіне нұр жүгіртіп, жылы жүздінің бойына қайрат жігер жүгірте алатын бір-ақ жан бар еді. Ол Өмірбек Жолдасбеков ағамыз еді. Сол кісінің самұрық үнді саңқылдаған даусынан осы сөзді естімегелі қашан, қанша уақыт өтті. Бірақ сол үн әлі күнге дейін құлақтан кетер емес. Енді сол кісі туралы айтайын.

Сонау 1986 жылдардың қасіреті елдің еңселі азаматтары мен жайсаң жандарын сергелденге түсірген, кезеңнен енді-енді ғана арылып, естиярлар ес жия бастаған шақ. Елі құрметтеп, мемлекеттік тұрғыда көзге түсіп, жоғарғы лауазымға тек қана аты емес, болмысы мен заты да сай азаматтардың біразы қайта жарыққа шыға бастады. Міне, сондай іргелі де құрметті азаматтардың бірі де бірегейі техника ғылымдарының докторы, академик, он алты жыл Қазақ ұлттық университетінің ректоры болған Жолдасбеков Өмірбек Арсланұлы еді. Өмекең өзіне тән іскерлігінің арқасында сол кездегі техника мен инженерия саласындағы ғылым докторлары мен академиктерін топтастырып Инженерлік Академия ашып, өзі сол Академияның Президенті болып сайланған.

Еркінбек Бекбосынұлы Құлжабаев деген ағамыз Алматы қаласы әкімшілігі төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарып жүрген жерінен Өмекеңнің шақыруымен Инженерлік Академияға Президенттің бірінші орынбасарлығына ауысып кетті. Мен ол кезде Алматы қаласының экономика комитеті төрағасының орынбасары болып қызмет атқарып жүргенмін. Жаңа орнымен құттықтап, Ерекеңе бардым. Ол кісі қуана қарсы алды да:

– Құттықтауыңа рақмет! Өмекең өзінде отырған болар. Жүр, апарып, таныстырайын, – деді.

– Рақмет! Атағы жер жарған, даңқты кісінің келбетін көрудің өзі де бақыт қой. Барайық, – дедім.

– Қой, олай айтпа! Ол кісі ондай асыра мақтауды жаратпайды. Қанша даңқты болса да сонша қарапайым адам. Ренжіп қалып жүрер, – деді Ерекең.

– Сізге өз ойыммен ол кісі туралы пайымдауымды жеткізіп жатқаным ғой. Әйтпесе бұрын көрмеген кісіге бірден олай сөйлеуім әбестік болатынын түсінемін.

– Жарайды, жүр барайық, – деп телефон құлағын көтеріп: – Өмірбек Арсланович, кіріп шықсам бола ма? – деді. Аржағынан кел деген болуы керек, телефонды қойып, кеттік дегендей маған иегімен ымдап, шығып кеттік.

Өмірбек ағамыз бізді өте жақсы қабылдады. Ағамыз кең мандайлы, кең иықты, ортадан сәл жоғарылау бойы бар, шашын артқа қайырған, қыр мұрынды, палуан денелі, тұғыры мығым шар болаттан құйғандай келісті жан екен. Дауысы да зор гүрілдеп тұр.

– Келіндер, жоғары өрлендер, – деді ағамыз.

Дауысында кереметтей жылылықтың табы бар.

– Ассалаумағалейкум, аға! – деп қос қолымды алға соза ұмтылдым.

– Амансың ба, айналайын?! – деді ол кісі жымыя күліп. – Отыр, – деп орындықты нұсқады. Мен орындыққа жайғасқаннан кейін, Еркінбек аға:

– Аға? Бұл Мырзақасым Байбеков деген інізің болады. Осында Алматы қаласының әкімшілігінде экономика комитеті төрағасының орынбасары болып қызмет атқарады. Сізбен таныссам деп келіп еді. Таныстырайын деп алып келгенмін.

– Жақсы, айналайын! Мен Өмірбек деген ағаң боламын, – деді ол кісі.

– Ой, аға, біз Сізді сыртыңыздан өте жақсы білеміз ғой. Сізбен танысып, қолыңызды бір рет болса да алайын деп келдім. Басқа бұйымтай жоқ. Тек қана Сізбен дидарласып, көрісу.

– Рақмет, айналайын! Келіп тұр. Ағаларыңа сәлем беріп тұрсаңдар қор болмассыңдар деп ойлаймын. Менің есігім сендер үшін әрдайым ашық. Ұялмай келіп жүріңдер, – деді ағамыз.

– Аға, үлкен рақмет! Сіздер сияқты үлкен де ұлағатты ағалармен танысу біз үшін үлкен бақыт. Көргенімізден көрмегеніміз көп. Сіздерден көргендеріміз бен алған үлгілеріміз, бағыт-бағдарларымызды реттеп тура жүруге зор ықпалын тигізеді деп білемін.

– Ондайды түсінген баланың болашағы зор болады. Ниетің жақсы екен. Болар елдің баласы бірін-бірі батырым дейді. Батыр да, батыл болыңдар! – деді аға.

Осылай басталған танысу жалғасын тауып жүре барды. Жиі араласатын болдық. Апта сайын Алматыдағы Қонаев ағамыз салдырған үлкен «Арасан» моншасының он екі орындық кабинкасына барып жуынамыз. Моншада дастарқан жайылып көптеген әңгімелер айтылады. Көптеген ұлағатты сөздер айтылады. Ағамыз бейне бір энциклопедия сияқты. Не сұрасаң да жауабы табылады. Кейбір түсініксіз жайларды асықпай отырып түсіндіруден де жалықпайды. Студент кездерінен, Мәскеуде жүріп Мая жеңгемізбен қалай танысқанын, қалтасында көк тиыны жоқ жалаңаяқ студенттің Мая құрбысын театрға апару үшін теміржол стансаларында вагон жүктерін түсіріп қаражат тауып, намысқа тырысып барлық пәндерді жоғарғы деңгейде меңгеріп, алдыңғы қатарлы студент болғаны жайлы, кейіннен жұмысқа орналасуда кездескен қиыншылықтары мен қызықты шақтарын, ғылыми жұмыстардағы жетістіктер мен әттегенайлар туралы неше түрлі ұлағатты пікірлерді айтатын еді. Біз аузымыз ашылып, рахаттана тыңдайтынбыз. Осылайша Өмекең тек қана жасы үлкен емес, сонымен қатар біздің рухани ағамыз болды. Алдымыздан сәл қиындықтар мен қуанышты жағдайлар кездессе сол кісімен ақылдасып, кеңесін тыңдап барып алға жылжитын болдық. Ол кісінің қазақ халқының ар намысы, болашағы, өркендеу деңгейі десе бар болмысымен беріліп, жан дүниесімен араласа кірісіп, қолынан келгенінше қолдау көрсетіп, қажет болса ұйқысыз түндерін де өткізетін кездері көп кездесетін. Еліне деген сол сүйіспеншілігінің бойына сіңгендігі соншалықты осы моншаның ішінде отырып дастарқаннан ауыз тигенде тост көтеріп,

«Қазағымның отбасылары аман болсын» деуші еді. Әрі оны бір рет қана емес әрбір келген сайын қайталайтын. Осындай тілекті үлкен тойлар мен жиындарда да сол кісінің ауызынан талай естідім. Қандай сүйіспеншілік, қандай құрмет десеңізші. Өмекеңнің бұл тілегі біз үшін үлкен ұлағатты батадай көрініп, жүрген жерімізде айтып жүретінбіз.

Өмірбек ағамыздың сауаттылығы мен салауаттылығы өз алдына, ғылымдағы жетістіктері мен халықаралық ғылыми орталықтар мен ғалымдар алдындағы беделінің үлкен деңгейінен бөлек, ел арасында, биліктегілер ортасында, өз еліміздің ғалымдарының қауымдастықтарында да тұлғасы биік зор беделге ие жан еді. Дәлел ретінде айтсам, ол Шухов атындағы халықаралық сыйлықтың иегері, әрі халықаралық машина және механика жасау ассоциациясының президенті болды.

Билік арасындағы беделі туралы айтар болсам, өз басым куәгер болған бір-екі жағдайды баяндап көрейін. Ақмола қаласы астана болып бәріміз сонда көшіп барып қызмет атқарып жүрген кезіміз. Інім Сейтқасым Парламентте қызмет істеп жүрген кезі еді. Бір күні оларда үлкен бір мәселе туындап, оны шешуге Сейтқасымның лауазымдық шама-шарқы жеткіліксіз болды. Өйткені, ол мәселе тек жоғарғы жақта парламент спикері мен оның орынбасарларының деңгейінде шешілетін мәселе. Бұл мәселенің барлық шешім жолдарын Сейтқасым дайындап қойғанымен, жоғарыдағылар бұл мәселеге жеткілікті көңіл аударар емес. Уақыт қысып барады. Уақытылы шешілмесе, Сейтқасымның жұмыстан кетіп қалуы ғажап емес. Ол кезде Өмірбек ағамыз Мәжілістің ғылым, білім салалары жағындағы комитеттің төрағасы еді. Сейтқасымның ол кісімен онша араластығы жоқ. Әбден қысылған болуы керек, маған келіпті.

– Мырзеке, Өмірбек ағамызбен араларыңыз өте жақсы ғой. Мына проблемаларды мен шеше алар емеспін. Жоғарыдағылар тыңдамайды. Не істеймін? Жолдасбеков көкемізге апарасың ба? Не істейміз? – деп қинала сұрады.

– Жарайды барсақ барайық. Сен бірақ, ол кісіге бар мәселенді қобалжымай, сасқалақтамай айтып беретін бол, – дедім.

– Жарайды...

– Онда кеттік, – деп екеуіміз парламентке келдік.

– Өмірбек ағамыз өз орнында отыр екен.

– Ассалаумағалейкум, аға! – деп кіріп бардық.

– Амансыңдар ма, айналайындар?! – деп өзінің сүйікті мәнерінде қарсы алды.

Өмкеннің жалпақ алақанын қос қолдап алып, қауқандап қалдық.

– Ия, айта беріңдер? Жәй жүрген жоқ шығарсыңдар? – деді ағамыз.

– Ия, аға мына Сейтқасым інііздің азын-аулақ проблемасы бар екен. Өзі піеше алмай жатыр. Соны Сізбен ақылдасып шешсем бе? – дейді.

– Ол не мәселе? Әйтеуір, ешнәрсе бүлдірген жоқ па?

– Жоқ, аға! Ондай мәселемен Сізге келу ұят қой! – деді Сейтқасым.

– Ондай болса, айта беріңдер, – деді Өмекен.

Мен Сейтқасымға қарап ал айта бер дегендей иек қағып белгі бердім. Ол сайрай жөнелді де бар мәселені Өмекеннің алдына жайып салды. Ағамыз оны мұқият тыңдап отырды да:

– Бұл мәселені кім шешеді? – деді.

– Байгелдиев! – деді Сейтқасым.

Өмірбек Байгелдиев ол кезде спикердің орынбасары қызметін атқаратын.

– Жарайды, отыра тұрындар! – деді де телефон тұтқасына жармасты. Арғы жақтан дауыс естілгенде, Өмірбек аға өзінің гүрілдеген зор дауысымен:

– Өмеке, младший? Телефон шалып тұрған Өмеке старший (Өмірбек ағамыздың Байгелдиевтен бір-екі жас үлкендігі бар), – деп кеңк-кең етіп бір күліп алды да: – Мұнда менің алдымда Сейтқасым деген інім отыр! Танисың ғой! Саған жіберемін, мәселесін шешіп бер! – деді де трубканы қоя салды.

– Барыңдар, мәселелеріңді шешіп береді, – деді.

Сейтқасым екеуіміз аң-таң болып, бір-бірімізге қараймыз. Қалайша, бірақ ауыз сөзбен қомақты мәселені шешіп тастады.

– Рақмет, аға! – деп шығып кеттік.



Қуанышта шек жоқ. Сейтқасым Байгелдиевке кірді де, мәселесін тез арада шешіп алды. Міне сүйеніш бола білген ағаның бір қыры осылай еді.

Арада біраз уақыт өткен соң, Өмірбек ағаға үйден дәм татқызбақ ниетпен кабинетіне келіп әңгімелесіп отырғанбыз. Бір кезде Мәжілістің әлеуметтік сала мен мәдениет жөніндегі комитетінің төрайымы Рысты Жұмабекова кіріп келді. Өзі әбден жылаған. Әлі де жылап тұр. Біз абдырап қалдық.

– Өмірбек аға? – дейді көмейін өксік қысып.

– Рысты, айналайын не болды? Сабыр етші. Мырзақасым Рыстыға ана судан құйып берші. Біреу ренжітті ме? – деп сұрап жатыр ағам.

Мен су құйып бердім. Рысты судан бір ұрттап ішіп, өксігін басып:

– Аға күйеуім қатты ауырып қалды. Мына Президент әкімшілігінің Іс басқармасының ауруханасына апарып едім қабылдамай қойды. Не істерімді білмей, Сізге келдім. Көмектесіңізші, өтінемін! Күйеуімнің жағдайы өте нашар! – деп қайта жылады.

– Жарайды, жылама. Қазір ол мәселені шешеміз, – деп телефонға жармасты.

– Алло, айналайын, амансың ба? Сөйлеп тұрған Өмірбек Жолдасбеков деген ағаң. Сен Рысты Жұмабекованы танысың ба? Ол парламенттің әлеуметтік сала бойынша комитетінің төрайымы. Күйеуі қатты ауырып қалыпты қабылдап, емдендер! – деп бұйыра сөйледі. Ар жағынан келсін, деген болуы керек, трубканы орнына қоя салды да: – Болды, қабылдайды. Жасыңды сұрт, Рысты, ауруханаға алып бара беріңдер, – деді.

– Рақмет аға! Рақмет! Мен Сізге өмір бойы қарыздармын. Өткен жолдары да мәселелерімді шешіп бердіңіз. Бұл жолы да шешіп жатырсыз, рақмет, – деп қайта-қайта алғысын жаудырып шығып кетті.

Мен аң-таң болып қарап отырмын. Сол ауруханалардың бәрі әлеуметтік салаға жатады. Соны басқарып отырған адамның шеше алмаған мәселесін ағам телефоннан бір-ақ ауыз сөз айтып шешіп тастады. Не деген қасиет десеңші? Мен ағаны қонаққа шақырып, сол аптаның сенбісінде ол кісі Мая жеңгемізбен қонақта болды.

Ағадан басқа Еркінбек аға, Серік Әбдрайымов, Сейсенбек, Көпбосын, Сатыпалды, Скандарбек тағы біраз жігіттермен бірге отырдық. Әлия тамағын беріп, арасында үзіліс жасап, елдер көңілді отырсын деп қолыма домбыра алып сол кездері Қайрат Байбосынов айтып жүретін «Ауылым» деген әнді орындап бердім. Қолымнан келгенше нақышына келтіріп, әннің әрбір сөзі мен әуенінің мәнін ашып мағынасына сай етіп айтуға тырыстым. Әнім шын мәнінде әсерлі шықты ма ағам орнынан тұрып, қасыма келіп құшақтап бетімнен сүйіп:

– Мына әнді қандай керемет айттың! Шетелдің таңдаулы опералық әншілерінен кем емес. Әнді соншалықты беріліп, мән мағынасына сай етіп, иірімдерін құлпыртып айттың. Бұл әнді Қайраттың орындауында естігем, бірақ осыншалықты мән бермеппін. Рақмет, айналайын! Сенде өнер деген жатыр екен ғой! – деді.

Ойламаған жерден төбем көкке екі елі ғана жетпей қалды. Әнші емес едім, бірақ ағаның аузынан мынадай мадақтау есту мені қанаттандырып жіберді. Менің артымша Сейсенбек те жақсы көңілге тағы да көтеріңкі көңіл сыйламақ ниетпен ән айтып еді, ағамыз:

– Әй Сейсенбек? Рақмет, бірақ ән салу сенің жолың емес! Әнді Мырзақасымдай салмағасын қор етпендер, – дегені. Мен одан сайын марқайдым. Өмірбек ағамыздың сондай талғампаз жан екеніне тағы да бір рет көз жеткіздім.

Өмірбек ағамыздың өмірі туралы, ол кісінің еңбектері туралы, батырлығы мен батылдығы, деңгейі мен беделі туралы естеліктер мен шығармалар өте көп. Дегенмен, гүлге қанатымен су сепкен қарлығаштай, аз болса да көзге көрініп, ауызға іліне бермейтін осындай жекелеген эпизодтар арқылы ол кісінің қаншалықты терең, қаншалықты ғұлама екенін әрі жаны нәзік те өзге десе өзегін суырып беруге дайын періштедей таза екендігін көрсеткім келді.

Ағамыздың жаны жәннатта болсын. Ол кісінің даңқы жылдар өткен сайын биіктей береді.

## БОЛАШАҚ ЖАРЫММЕН ТАНЫСУ

1977 жылдың көктем мезгілі. Мен Қаратау қаласындағы тау-кен құрылысы техникумының соңғы курсында оқимын. Оқуды меңгеруім өте жақсы, қызыл дипломнан үміткермін. Диплом алдындағы оқу-өндірістік тәжірибеден өту үшін сол кездегі Талдықорған облысының Текелі қаласындағы қорғасын-мырыш комбинатына жіберілдім. Жамбыл облысының Қаратау қаласын өз ауылымдай есептеп кеткеніммен, анда-санда Жамбыл қаласына барғаным мен әскер қатарында жүргенде Курчатов қаласында, қайтар жолда Семей қаласын жол-жөнекей көргенім болмаса, басқа қалаларға барып көрген емеспін.

Қолымда техникумның жолдамасы, «қайдасың Текелі» деп жүріп кеттім. Текеліге поезд жүрмейтін болғандықтан автобуска отырдым. Автобус түнімен жүріп, таңертең сағат тоғыздар шамасында Текеліге келіп жетті. Қала қырық мыңдай адам тұратын шағын қала екен. Екі таудың ортасындағы кең сайға орналасқан қала көрінісінің кереметтігі сондай, аузым ашылып қалды. Сайдың кіре беріс кендігі бес шақырымдай болып келеді де тауға қарай сығымдалып тарыла бастайды. Таудың етегінен басына дейін көкпеңбек талдар, бұталар неше түрлі шөп-өсімдіктер мен гүлдерге толған. Қала сайдың бойын бойлай салынған.

Тау бастарынан Қора, Шажа, Қаратал өзендері өзектер бойын бойлай ағып қаланың ортасында бір арнаға тоғыса үлкен Қаратал өзені болып аяғы Балқаш көліне құяды. Менің оқу тәжірибеден өтетін жерім, Қорғасын-мырыш комбинаты қаланың бел ортасынан жоғары тау жағында орналасқан. Комбинаттың басқармасы қала ішінде болғанымен басқа құрылымдарының барлығы жоғарыда тау ішінде орналасқан. Комбинат басқармасының жанында орналасқан қонақ үйлеріне мені орналастырып жеке бөлме беріп қойды. Комбинатқа күнделікті барып келіп тұрамын. Менің жұмыс орным экономика және қаржы бөлімдерінде. Жұмыстан бос уақыт кезінде қонақүй ішінде орнатылған шағын бильярд үстелі бар екен, ойнау білмесем де, әзірге қаланың қыр-сырын білмейтін болғандықтан, үстелдің шарларын қуып ермек етіп жүрдім.

Ертеңіне осы қонақүйде тұратын қаланың комсомол ұйымының жетекшісімен бильярд үстелінің басында танысып, екі-үш күннен кейін жақсы араласып жолдас болып қалдық. Ол маған бильярд ойнаудың алғашқы сабақтарын беріп, біраз үйретіп тастады. Міне, осылай өтіп жатқан күндердің бірінде ол «қалада қазақтардың саны өте аз екенін, көбіне орыстар, немістер, татарлар мен басқа да ұлттар мекендейтінін» жеткізді.

– Осы қазақ елі, қазақ жері болғасын, осы елдің салт-дәстүрін, мәдениетін көрсетейік десек, қазақ жастары өте сирек, оның үстіне салт-дәстүр тұрмақ өздерінің ана тілдерін де білмейді, не істерімді білмей қиналып жүрмін, – деді.

– Сонда не істемек ойларыңыз бар? – дедім.

– Ең болмағанда көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастырып, қала халқына бір екі концерт ұйымдастырып беруден бастасақ болар еді.

– Сонымен бітіресіздер ме?

– Жоқ, ол бастамасы болар еді. Қазақ жастарының біразының бастарын да қосып қойдым. Мына көрші жатқан Тельман, Абай, Жетісу деген ауылдардан біраз жастарды тарттым. Осында Серік деген қазақшасы бар, музыкаға бейімдеу бала бар екен, соны жетекшілері ретінде сайлап қойдым.

– Біраз тірлік атқарып тастапсыз ғой!

– Осы жастардың ішінде домбыра тартып, домбырамен ән салатын, қара сөз оқитын адам табылмай отыр. Домбырамен ән салмағасын қазақша концерттің онша құны да болмайды ма деп қиналамын.

– Қашан қоймақ ниеттеріңіз бар?

– Осы айдың аяғына қарай деп жоспарлап отырмыз.

– Менен қандай көмек керек?

– Мен білмейтін жастармен араласуыңыз мүмкін ғой. Өнерлері барларын сұрастыра жүрсеңіз дұрыс болар еді.

– Жарайды. Бірақ мен кездесіп жүрген жастар ішінен қазақша сөйлеп жүрген ешкімді кездестірмедім.

– Сол ғой мені де қинайтын.

– Мен осында екі айдай боламын. Қажет десеңіз көмектесейін.

– Рақмет! Бірақ немен көмектесесіз?

– Менің ептеп домбыра тартып ән салатын өнерім бар. Оның үстіне мектепте оқып жүргенде сахнада қара сөздерді оқудың да шебері болғанмын, – дедім күліп.

– Ойбай-ау, мынау дегеніңіз керемет болды ғой. Көктен іздегенім жерден табылып тұрған сияқты ғой. Әй, мен де сезіп едім, Сізде бір өнердің тығылып жатқанын. Ой, рақмет!

– Рақметті қоя тұрыңыз. Мені ешкім тындаған жоқ қой, мүмкін ұнамай қалар.

– Неге ұнамасын? Ұнатқан емес ән сала білетін адам таппай қиналып жүрген жоқпын ба? Домбырамен ән салу әркімнің қолынан келе бермейді сондықтан бәрі дұрыс болады деп ойлаймын.

– Тек қана менде домбыра жоқ.

– Ол жағын маған жіберіңіз, мен табамын.

– Жарайды, көмектесейін. Тек екі айдан кейін кетіп қаламын ғой.

– Ең алдымен бір өткізіп алайық!.. Концертті тек қалаға ғана емес, ауылдарға да шығып қойсақ, Сіз сияқты өнерлі жастар көріп келіп қосылуы ғажап емес шығар. Мүмкін солай жанданып кетерміз, тек бастайықшы.

– Келістік.

– Онда ертең жұмыстан кейін сағат 18.30-да Мәдениет сарайына кел, – деді ол.

Осымен әңгіме бітіп мен концерт қоюларына көмектесетін болып шештік. Ертеңіне айтқан уақытында келсем, біраз жастар жиналып қалған екен. Көбіне қыздар, бір-екі ғана жігіттер жүр. Серік дегеніміз ұзындау бойлы, қара сұрлау келген елпендеп қалған жігіт екен, менімен келіп танысып бола салысымен ары қарай жүгіріп кетті. Комсомол жетекшісі мені барлығымен таныстырып шықты.

Араларында екі-үшеуі болмаса, басқасы орысша сайрап жүр. Ішінде талдырмаш келген, бойы ортадан биіктеу, биіктен төмендеу, көз жанары жәудіреген, белі үзілудің шақ алдында тұрғандай әдеміше келген қазақтың сары қызы көзіме жылы ұшырап, басқалардан ерекшелене көрінгесін жақынырақ таныспақ болып, жәйлап басып жанына барып:

– Мырзақасым, – деп қолымды создым.

– Әлия, жаңа ғана танысып едік қой! – деді ол қазақ тілінде таза сөйледі. Менің ішім жылып сала берді.

– Есіміңізді онша ести қоймап едім, әдейі дұрыстап біліп алайын деп арнайы келдім, – дедім.

– Сіздің есіміңіз ұзақтау екен.

– Ия, Мырза, Қасым деген екі есімнен құралған. Жеке-жеке еске сақтап қоса салсаңыз жылдам жаттап аласыз. Мына жастардың арасында Сіз және анау бір-екеуі ғана қазақша сөйлейтін сияқты көрінгесін, жақынырақ танысайын дегенім ғой.

– Ой, біз де қазақшаны оңдырмаймыз. Жәй ауызша сөйлескенде болмаса. Бұл жерде қазақтар өте аз, бәріміз мектепте орысша оқимыз.

– Сіз сонда, мектепте оқисыз ба?

– Ия.

– Қаншасыншы сыныпта?

– Оныншы, биыл бітіреміз.

– Ту, жетінші, сегізінші оқитын қыз болмағаныңыз қандай дұрыс болды, әйтпесе олармен тіл табысып сөйлесу де оңайға түспес, – деп күлдім.

– Ой, олар қазақшаны тіпті білмейді. Қайта мен атамның қолында тәрбиеленген соң, біраз қазақшам бар ғой, – деп ол да күліп, шын көңілімен жауап беріп жатыр.

– Молодец, әрине ана тілін білген дұрыс қой!

– Ия, бірақ көп сөздерді түсінбейміз. Қазақша кітаптарды оқи алмаймыз. Ал, Сіз өзіңіз қайдан келдіңіз. Осында жұмыс істейтін болдыңыз ба?

– Жоқ, мен осындағы комбинатта тәжірибелік жұмыстардан өтуге, Жамбыл облысының Қаратау деген қаласынан келдім.

– Е, ол бізден алыс қой!

– Ия, сегіз жүз шақырымдай. Сонда тау-кен құрылысы техникумында оқимын. Сіз биыл мектеп бітірсеңіз, мен техникум бітіремін.

– Дұрыс екен! – деді ол күлімдеп. Бұл жерде қайда тоқтадыңыз?

– Комбинаттың қонақүйіне тоқтадым.

– Ұзақ боласыз ба?

– Ия, екі айдай боламын.

– Бұл жерге. Осы жерді айтамын, жәйша келдіңіз бе?

– Анау комсомол жетекшісі алып келді. Концерт қоямыз дейді. Соған көмектес дегесін келіп едім.

– Сіз не музыкантсыз ба?

– Жо-жоқ, азғана домбырамен ән салатын әдетім бар еді.

– Ой қандай жақсы, бізде ондай ешкім жоқ. Бәрі гитарамен, эстрадамен айтамыз деп қазақша әндерді әлек жаттап, бірақ акценттері ужасный.

– Қолдан келгенше көмектесіп көрерміз. Ал өзіңізде қандай өнер бар?

– Алып бара жатқан ешнәрсе жоқ. Қыздар барайық, сен хорда ән айтасың деп, жанымды қоймай алып келді.

– Бір өнер бар болған соң, сүйрелеген шығар.

– Жоқ, оның үстіне қыздардың бәрі кетіп бара жатқан соң, барсам барайын дегенім ғой.

– Мейлі, көре жатармыз! Жасырған өнер бәрібір шықпай қоймайды. Жүріңіз аналар шақырып жатыр, бірнәрсе айтқылары келеді-ау деймін, – деп жиналған топқа бет алдық.

Мәдениет сарайына күнде келетін болдық. Әлиямен күнде кездесеміз. Кездескен сайын айтылатын әңгіме табылады. Өрнәрсені сылтаулап жанымнан алысқа жібермеуге тырысамын. Жоқ дегенде Текелінің ауа райы, табиғаты сөз болады. Дайындап жатқан нөмірлерімізге баға бергізіп, қалай шығып жатқанын сұрастырып, оның сабағы мен мектебі туралы басқа да толып жатқан тақырыптар әңгіме болады.

Концерт бағдарламаларын күнделікті пысықтап, нөмірлерімізді қайталап, екі-үш аптадан кейін жақын ауылдарға барып, концерттерімізді қойып сынақтан өткізіп, аса тамаша болмаса да орта деңгейден жоғарылау болғасын, қаланың өзіне де қойып жүрдік. Бұл жерде де екеуіміз бірге жүреміз. Байқаймын, Әлия екеуіміздің арамыз жақындай түскен сияқты.

Оның анда-санда тыз ете қалатын мінезі болмаса қайтымы жылдам, сәл кешірек болса да ақылына салып, айтқанды елегінен өткізіп түсінуге тырысып, адаммен шүйіркелесе сөйлесе алатын жан болып шықты. Екеуіміз кейде сырласып көп жүріп қалатын жағдайға жеттік. Әке-шешесі қыздарын әр уақытта да қадағалап отыратын болғандықтан, түнімен жүрмей сағат кешкі ондарға

дейін қыдырып жүреміз де, көңілде кимастық болса да, әдептен озбай дер кезінде үйіне шығарып саламын.

Осы жүрісіме қарағанда бұл қызға деген бойымда бір қызығушылық күш пайда болғандай. Мәдениет сарайына келмей қалған, болмаса басқа себептермен келмеген күндері әжептәуір көңілім мазасызданып, іздей бастайтынды шығардым. Бірақ, «Ол әлі жас қой, оқушы, мен болсам зіңгіттей жігітпін, одан жеті жасқа үлкендігім бар. Менікі жәй құмарлық болар, ал ол шынымен жақсы көріп қалса, жүрегін жаралағаным дұрыс болмас. Өйткені менімен тым жақын шүйіркелесіп, маған деген сенімі артып, бар ниетімен беріле бастағандай. Ал мен, өзімнің көзқарасыма толық көзім жетпейінше ерте қимыл мен іс-әрекетке барғаным, жөнсіз қылықтар көрсеткенім дұрыс болмас» деп өзіме тежеу салып отыратын болдым. Бірақ қай жерде болса да бүйрегім солай қарай бұрады да тұрады.

Ал ол, әліде болса жастығы болар, кейде еркелеп қиыла қарап, наздана сөйлеп, біртін-біртін дағдылана бастаған сияқты. Менің де кей кезде уақытым болмай немесе кешігіп қалсам әжептәуір бұртиып өкпелеп қалуы да дағдылы нәрсеге айнала бастағандай.

Мәдениет сарайынан да тыс жерлерде кездесіп жүрген кездерімізде басқа да құрбы-құрдастарымен таныстырып, маған әбден бауыр басып қалғандығын еркелік қылықтарымен оларға көрсетіп әжептәуір мақтаныш сезімдері мен жағымды қылықтарды да көрсетіп қояды. Егер менің келген мерзімім таусылып, елге, Қаратауға қайтатын уақытым болмағанда осы жүрістің аяғы немен тынар еді. Қайтардың алдындағы кеште Әлиямен кездесіп, парктің ішінде ұзақ отырдық.

Көңілде бір кимастақ бар. Тек мен Әлияны әлі де болса бала санайтын сияқтымын. Бір нәрсе айтсам керемет қуаныш сезіміне бөлеп болмаса жүрегіне ауыр жара салып қоямын ба деп, өзімді-өзім «сап-сап» деп сабырға шақырып, әңгімелесіп отырдық.

– Менің ертең жол жүретінімді білесің ғой?! Хабарласып тұруға қалай қарайсын? – дедім.

– Немене, уақытың бітіп қалды ма? Қалайша тез? – деді жұлып алғандай.



– Ия, бітті ғой! Ертең жол жүремін. Осы барғаннан диплом жұмысын бастап, жаздың күні қорғаймыз.

– Немене бір-екі күнге қала тұруға болмайды ма?

– Қайдан, бүгін қонақүймен есеп айырысып қойдық. Ертең Алматыға жүретін комбинаттың автобусы бар, келісіп қойдық, алып кетеді. Ол біраз бөгеліп қалды, алқымына тығылған өксігін маған білдіртпек болып, теріс айналып та кетті. Мен артынан жәйлап құшақтадым да: ренжіме уақыт солай, болашақта талай кездесіп, талай хабарласармыз, сен ешнәрсе ойламай оқуыңды бітір. Мен де бітірейін. Үлкен-үлкен әңгімелер сол кезде бола жатар, – дедім. Ол біраз үнсіз тұрды да бір кезде ширатылып, денесін тіктеп алды да:

– Оқуды бітіргеннен кейін не істемек ойың бар? – деді.

– Әзірге шешім қабылдаған жоқпын. Оқуды әрі қарай жалғастырсам ба? Бірақ жұмыс істеген дұрыс па деп ойлаймын.

– Оқуға қайда бармақ ойың бар?

– Мәскеуге шығар. Менің политэкономиядан сабақ беретін Семенов деген мұғалімім бар. Сол Москваға оқуға бар деп үгіттеп жүр.

– Неге?

– Жақсы оқисың, білімді ары қарай жақсы жерде жалғастыру керек, – дейді.

– Онда дұрыс екен.

– Бірақ әлі екі ойлы болып жүрмін. Жасым 24-ке келіп қалды. Оқи берудің де ретін таппай қаласың кейде, – дедім. Ол, біраз күлімдеп әрі тежеліңкіреп, кішкене ғана бұғағы бұлқылдап, бірнәрсе сұрағысы келгендей тұрып қалды. Байқаймын бірдене сұрағысы келетіндей, бірақ ұялып тұрғандай. – Бірдене сұрағың келіп тұр-ау деймін, – дедім.

– Ия, бірақ ыңғайсыздау болар, ұяламын! – деді ол.

– Сұрай бер, білмегенді сұрағанның еш сөлкеттігі жоқ.

– Сен үлкен жігітсің ғой! Жақсы көретін қызың бар шығар?

– Ә, сол ма еді сұрай алмай тұрғаның? Әзірге, жоқ. Қыздарға қарауға қол тимей жүр, – дедім.

Байқаймын жанарында бір ұшқын жарқ ете қалғандай, еріні сызықтана күлімдеп болар болмас дір ете қалды да:

– Жәй біле салайын дегенім ғой, ыңғайсыздау болды-ау! – деді.

– Жо-жоқ, ол не дегенің? Сұрағанның несі айып? Көңілде күпті болып жүргеннен біліп алған дұрыс қой, – дедім.

– Қойыңызшы, мен ондай оймен сұрамап едім, әншейін қыздардың әуестігі ғой. Егер оқуды әрі жалғастырмасаң осында жұмысқа келмейсің бе? Біраз адамдармен танысып, араласып қалдың. Қала да ұнады деп отырсың, – деді. Үнінде бір қимастық бар сияқты.

– Ойланып көрермін. Мен бұл жаққа да аз да болса бауыр басып қалғандаймын. Оның үстіне, біраз таныстарым бар, дос-жолдастар пайда болды, оның ішінде сен де барсың.

– Қойшы шынымен солай ойлайсың ба?

– Әрине, тіпті қимас дос десе де болады.

– Ой, рақмет! Мен де сені қатты сыйлаймын, тек уақыт аз болғаны болмаса. Қоштасуға да қимай тұрған сияқтымын. Ағамдай болып кеткен сияқтысың.

– Мен де қимай тұрмын. Бірақ амал не қоштасуымыз керек. Тек хабарласып тұрайық. Маған үйдің мекен-жайы мен телефон нөмірін бере ғой.

– Оның керегі не?

– Менің мекен-жайым әзірге тұрақсыз, ертең қайда болатынымды өзім де білмеймін. Сондықтан адресіңмен телефонға өзім хабарласып тұрайын деп едім. Келістік пе?

– Жарайды. Бірақ, мен уайымдамасын десең, еліңіге жеткен соң, телефон шалып аман-есен жеткенің туралы хабар бер.

– Міндетті түрде хабарласамын! Неге мұндай сұлу, әрі өзім жақсы көріп достасқан қарындасымды уайымдатуым керек. Ол болмайды.

– Шынымен бе? Менің жақсы көретін ағам ертең ұмытып кетпей ме? Аман-есен жетті ме деп алаңдап қалмаймын ба?

– Жоқ олай болмайды, уәде беремін. Мені аға деп сыйлап тұрған сол кішкентай ғана жүрегіңнен айналдым, – деп құшағымды аша ұмтылып едім, етене кіріп кете қоймай, болар болмас қарсылықпен жәй ғана құшақтауға рұқсат берді. Оның бұл қылығында бойындағы құштарлықты жеңгізіп тұрған ізеттіліктің, әрі қазақ қызына тән тазалық пен парасаттың ұшқыны жатқан еді. Құшақтап тұрып бетінен сүйіп едім, ол да менің бегімнен сүйді де:

– Сау бол, көріскенше! – деп құшағымнан сытылып шыға берді.

– Сау бол, сені үйіңе апарып салайын! Екеуіміз қол ұстасып үйіңе жеттік. Мен оған: – Сен кіріп ал оған дейін мен күте тұрайын, – дедім. Ол жәй басып үйіңе беттеді. Бойындағы қимастық сезім, жүрісінен білініп тұрды. Мен де қимастық сезіммен қарап тұра бердім. Ол есік алды табалдырығына көтеріліп артына бұрылды да:

– Өткендегі суреттерді салайын. Сен хатпен адресіңді жаз, – деді.

– Жазамын! – дедім.

Ол үйіңе кіріп кетті де, мен көше бойлап ұзақ жүрдім. Болашақ жарым Әлиямен алғашқы танысу мен кездесулер осылай басталған еді...

## **ОЛЖАС**

Өткен XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарының аяғына таман келіншегім Әлия, маған: «үлкен ұлымыз Ғазизді домбыра үйірмесіне берейік, ол да өнердің бір үлкен түрі ғой, үйрене берсін» деген пікірін жеткізді. Менің өзімнің де өнерден онша құр алақан емес, анда-санда ептеп-септеп домбыраны да тыңқылдататын мүмкіндігім бар еді. Бірақ анау айтқандай күмбірлете күй шерте алмаймын. Домбыра тартып, ән салатындарды жақсы көремін. Тіпті кейбіреулеріне тек қана қызығып қана қоймай, еліктеп кететін жайларым да болып тұрады. Сондықтан ба әйелімнің бұл ұсынысы көңіліме қона кетті. Жас кезінде өңшең басқа ұлттардың ортасында өсіп, қазақтың сазды әуендері мен музыкалық аспаптарынан алшақтау жүрген адамның бұл ұсынысы шын мәнінде де көңілге қуаныш ұялатып, жүрек тебірентер сәт еді. Орыс, немістердің ортасында өсті дегенім болмаса Әлия жастайынан, үйде ешкім жоқта қазақ әндері мен әуендерін ыңылдатып, оңаша шақтарында сөздерін білмесе де сазды ырғақпен сәл ғана пәс дауыспен салып жүретін әдеті бар. Кейде мен қолыма домбыра алып шерте қалсам да елең ете қалатын. Соған қарағанда оның ішіндегі қазақтың музыкалық өнеріне деген үлкен сүйіспеншілігі жатыр ма деймін. Міне, сол сүйіспеншілік Әлияны өте бір жанға жағымды ұсынысқа итермелеген болар. Сонымен Ғазизді домбыраға беретін болып

шешім қабылдадық. Бұл үрдістің бәрін Әлия өзі қадағалайтын болды. Ол үшін жиған терген азын-аулақ қаражатымызға домбыра сатып әпердік. Сонымен Ғазиз қазақ музыкасы әлеміне алғашқы қадамын бастады. Апта сайынғы жасалған кесте бойынша домбыра үйірмесіне барып тұрады. Ай сайын ұқыпты түрде ақысын төлеп тұрамыз. Автобуспен емес, менің қызмет көлігіммен барып келеді. Не керек барлық мүмкіншілік жасалып, шамамыздың келгенінше көмектесіп отырдық. «Баламыз домбыра үйірмесіне барып қатысып жүр» деп мәзбіз. Осылайша арада бір жарым жылдай уақыт та өтіп кетті.

Бірде, Ғазиз үйірмесіне кетті. Далада ымырт жабылып, қараңғылық түсе бастаған сәт. Әлия, кіші ұлым Олжас үшеуміз кешкі асқа отырмақ болып жатқанбыз. Ғазиздің де оралатын уақыты болды. Бір себептен соны да күтіп, ас ішпей отырғанбыз. Есіктің қоңырауы шыр ете қалды. Олжас барып есік ашып еді Ғазизбен бірге домбырашы ұстазы да келген екен, баппен басып ішке кірді де:

– Ассалаумағалейкум?! – деп амандасып басын изеді.

– Әлейкумассалам, сәлемші болсаңыз жоғары шығыңыз! – дедім мен.

– Кешіріңіздер, менің мына Ғазизбен бірге келген себебім, Сіздермен сөйлесейін деп едім, – деді ол.

– Әңгіме ешқайда қашпайды. Кешкі астың үстінен түстіңіз, дастарқанға келіңіз! Тамақ алып отырып сөйлесейік, – дедім мен.

– Жок, рақмет! Мен асығыс едім.

– Дастарқаннан үлкен ешкім жоқ. Оны аттап кетуге болмайды. Асықпай дәмнен ауыз тиіп, әңгімеңізді айтып, сосын барсаңыз да үлгіресіз, – дедім мен.

Қонағымыз жоғары шығып дастарқанға жайғасты. Ас желініп, шәй ішілді. Әжік-күжік әңгімелерді тілге тиек етіп отырғанбыз. Бір кезде ол кісі:

– Аға? Мына Ғазизды айтамын... Қалай десем екен? – деп қиналыңқырап қалды.

– Не? Бір нәрсе бүлдірді ме? – дедім мен де қобалжыңқырап оның қиналғанына орай.

– Жок, жок. Ешнәрсе бүлдірген жоқ. Балаларыңыз ұқыпты, жақсы бала. Тек біз бекер әуре болып жүрген сияқтымыз.

– Here?

– Бала қанша тырысқанымен әуеннің сазын қабылдау мүмкіндігі төмен болып тұр. Былайша айтсам әуенді есту қабілеті төмен. Бір жарым жыл үйретіп келемін. Бірге дәріс алып жатқан балалар оркестрге шығып кетті. Ал бұл, қанша тырысқанымен, «Көкем, көкем, көкем-айдан аса алмай жүр», – деді.

– Сонда қалай? Соншама уақыт жүріп үйренгені сол-ақ па?

– Ия.

– Әй, Ғазиз? Мына ағаңның айтып отырғаны рас па? – дедім.

– Енді тарта алмасам, қайтемін? – деді ол.

– Әй, балам-ай! Ертерек айтпайсың ба? Мына ағанды әуре етпей-ақ!

– Ұрса ма деп қорықтым, – деді Ғазиз.

– Неге ұрсайын балам? Бейімің болмаса, байлап қойсаң да түк шықпайды. Демек, әуенге қабілетің жоқ. Мейлі онда, қоя ғой! Менікі «Өнерді үйрен, үйрен де жирен» дегендей бір өнерге бейім болсын дегенім еді.

– Мен музыканы емес, компьютерді жақсы көремін. Мені компьютер кружогына жіберсеңіз, ұятқа қалдырмаймын.

– Жарайды, айтқаның болсын балам!

– Ура-а-а! – деп балам қуанып кетті. – Ертеңнен бастап бара берейік, – деді.

– Келістік! Ал, Сізге үлкен рақмет! Осы уақытқа дейін шыдап, үйретуге тырысқаныңызға.

– Оқасы жоқ, астарыңызға рақмет. Енді рұқсат болса, мен жүрейін. Әйтпесе кешігіп қалармын.

– Жарайды, жолыңыз болсын! – дедім мен.

– Рақмет! – деп ол шығып кетті.

Осымен, баламызды домбыраға бейімдеуіміз біткендей болып біз қалдық. Ғазиз компьютер үйірмесіне жазылып, әжептәуір жетістіктерге жете бастады. Оған да марқайып қуанып қалдық. Ғазиз кейіннен осы мамандық бойынша жоғарғы оқу орнын бітіріп, магистр атағын алды. Сонымен қатар «мемлекеттік аймақтық басқару» мамандығы бойынша да магистрлік атағын қорғап, еселі еңбегін атқарып жүр. Сол үшін де Ғазизіме рақметім зор. Сонымен домбыра мәселесін жылы жауып қойып, күнделікті күйбең

тіршілік кешіп жаттық. Ғазиздің соңына ілескен Олжас та ағасына еліктеп компьютер шұқылап жүретін. Біз оған онша мән бермей, тек сабақ үлгерімін қадағалап жүргенбіз. Жылдар жылжып өтіп жатты... Осылайша 2000 жылдың желтоқсан айының 31- жұлдызы күні кешке қарай жаңа жылды қарсы алуға даярланып жатқанбыз. Әлия дастарқан мәзірін даярлап жүр. Домбырамды қолға алып, Аязбек атамның аты шулы «Баққа барсын» күйін тыңқылдата тартып отырғанымда қасыма кенже балам Олжас келіп:

– Көке, мына күйді (әнді күй деп қалса керек) маған үйретші?  
– деді.

– Кел балам, кел, үйретейін, – деп қуанып кеттім. Қуанатыным, кіші баламның мына талпынысы мен үшін күтпеген жағдай еді. Қуанып домбырада қалай ойнау керектігін көрсетіп едім, жылдам қағып алды да, домбыраны ала салып өз бөлмесіне тайып отырды. Бара салып, үйреткен нәрсемді асықпай тартып пысықтап жатыр. Жүрегім бір түрлі лүпіп кетті. Күнделікті жұмыстан келісімен шешесінен:

– Қалай тартып жүр ме? – деп сұрап қоямын.

– Ия, дыңғырлатады да жатады! – дейді ол.

Мейлі тарта берсін. Өзіне бір өнер болып жұқса жақсы болар еді деп іштей тілек тілеп, бей-берекет мазасын алмауға тырысып бағудамын. Міне, қызық. Арада бір айға жуық уақыт өткенде, Олжас келіп:

– Көке, мен күй шығардым, – дегені.

– А, не дейсің? – деппін сасқалақтап. Қане, қандай күй? Тартшы, тыңдайық. Менін балам күйші болам деп жүр ме? – деп көтермелеп қойдым. Ол орындыққа отыра қалып, қайдан үйренгенін қайдам, домбыраның құлағын келтіріп алды да тарта жөнелді. Домбыраны алғаш тартқан адамдай емес, қолы жаттықтау. Домбырада құр тыңқыл-шыңқыл емес, жән-жобаға келетін әжептәуір әуен бар.

– Оу, көкем-ау? Мынау деген керемет қой! Тартқаның керемет күй ғой балам-ай! Мұны қайдан үйреніп жүрсің? Бұл кімнің күйі өзі? – дедім өтірік білмегенсіп.

– Көке, өзім шығардым.

– Қашан шығардың?

– Өткенде өзің үйреткенсін, тартып, тартып шығардым. Үнінде бір мақтаныш сезім бар.

– Айда, молодец! Алтын бала, нағыз күйші екенсің ғой! Күйлерің Құрманғазы, Дәулеткерей, Нұрғиса аталарыңның күйлері сияқты керемет екен. Сенен болашақта атағы жер жарған сол аталарың сияқты керемет күйші шығайын деп тұр. Керемет күйші боласың балам, тек орта жолда тастап кетпей айналыса беру керек. Мен саған көмектесемін, сен шығарған күйлеріңді маған көрсетіп тұр. – Ту-у-у, мына күйің қандай керемет, рақмет балам, көкеңді бір желпіндіріп тастадың, – дедім. Бұл балам жігерлене түссін деп айтылған сөз болса да, менің шын көңілім мен шын қуанышымнан шыққан тілектер еді. Кейіннен түсінгенім, сол күннен бастап баламның беті күйшілікке түбегейлі бұрылған екен. Енді екеуіміз күнделікті бірге дайындалатын болдық. Қанша шаршап келсем де, шығарған дүниелерін талқылап, ол тартып, мен тыңдап, мақтап, қолпаштап отырамын. «Бұлақ көрсең көзін аш» демекші балама қолдан келгенше қолдау көрсетіп, жігерін жани түсемін. Ол да масаттанып күйлерін неше құлпырта бастайды.

Кезекті рет жұмыстан келіп, киім ауыстырып жатсам, балалардың бөлмесінен домбыраның үні шығып бейне бір су сылдырап, бұлбұл сайрап жатқандай үн естілді. Олжастың қасына домбырашы біреу келіп қалды ма деп ойладым. Өйткені, домбыраның дауысы сынғырлап анық шығып тұр. Бөлмесінің тұсына келіп есігін ашсам, балам жалғыз өзі домбыраны алдына өңгеріп, екі көзін жұмып алып солқылдатып тартып отыр. Жәйлап басып жанындағы орындыққа жайғастым. Мені байқар емес. Сынғырлаған әсем әуенмен тербетіліп рахат күй кешіп мен отырмын. Бірде сылдырлаған су бойында, енді бірде сыбдырлаған тал дарактың аясында, бірде сайраған құстардың ортасында, бірде сарқыраманың жағасында тұрғандай сезімге бөлендім. Күй бітіп, балам көзін ашып, мені көре салып:

– Ой, көке? Қашан келіп қалдың? Тіпті байқаған жоқпын ғой!  
– деді.

– Байқамағаның дұрыс болды. Тартқан күйіңді бөлмей аяғына жеткізгеніңе кедергі келтірмейін дегенім ғой. Мына күй өте бір нәзік, жан дүниені жарып шыққандай екен. Кімнің күйі еді. Қайдан естіп тартып отырсың, – дедім.

– Көке, бұл ешкімнің емес, өзімнің шығарған күйім, – дегені.

Домбыра тартып үйренгені дұрыс болар, «өнер өрге сүйрейді» демекші бір өнер бойына дарыса ешкімнен кем болмас деп ойлаған мен баламнан мынандай күйшілік өнер шығады деп ойламап едім. Жүрегім лүпіп, көңілім босап кетті. Көзіме бір тамшы қуаныш жасы да үйірліп үлгерсе керек.

– Көке не болды, неге жылап тұрсың? – деді Олжас.

– Жыламаймын, балам! Бұл қуаныштың мөлдір тамшысы ғой! Неге жылайын? Қайта қуанамын. Сендей сазгер, композиторым барда менің төбем көкке жетеді. Соны түсін балам. Мына өнерді тастама. Бұл өнер миллиондардың біреуіне ғана беріледі. Қадірле, қастерле. Тек тастап кетпе, – деп маңдайынан құшырлана сүйіп, құшағымда ұзақ қысып тұрдым. Ары сөз айтуға шама жоқ. Сөзбен бірге көмейіме жас тығылып сөйлей алмадым. Әлден уақытта барып:

– Балам, мына күйің не туралы? – деп сұрадым.

– Бұлақ туралы. Алматыда жүргенде талай рет бұлақтың басына апарып едің ғой. Сол бұлақтар ғой! – деді.

– Ой, айналайын. Тамаша екен! Бұлақ десең бұлақ екен. Мен бағанадан бері тыңдап тұрып, сылдырлаған судың, сайраған құстың сыбдырлаған шөптер мен тал-дарақтардың, неше түрлі жанға жағымды нәзік үндер мен әуенді естіп сондай ойға келіп едім. Сен Бұлақ десең, болашақ жолың ашық, жолың ақ болсын деп, осы күйіңе «Ақ бұлақ» деген ат берсек деймін. Қалай қарайсың?

– Көке, мынауың керемет қой! Бұлақтан, «Ақбұлақ» деген сөз құлаққа жағымды естіледі екен.

– Ендеше күйдің аты «Ақ бұлақ» болсын. Келістік пе?

– Ия, өте жақсы болды.

Сонымен баламның алғашқы туындысы «Ақ бұлақ» дүниеге келді. Алғашқы жетістігіне, оның үстіне ең үлкен қолдаушысы менен жақсы лебіз естіген Олжастың тынысы одан сайын ашыла түсті. Сол күннен бастап, екеуміздің жұбымыз айрылмастай болды. Бұрынғыдай, жұмыстан кейін жора жолдастармен қыдырыстап үйге кешірек қайту сирей бастады. Жұмыс бітісімен үйге қарай құстай ұшатын жағдайға жеттік. Келе салып Әлия даярлаған тамағын ішіп аламыз да, Олжас екеуміз бөлмесіне кіріп



алып, домбыраның екі ішегін аямай сабалаймыз да жатамыз. Оныкі, әуен тауып оны күйге айландыру, менікі тыңдау. Қолдан келсе мақтау, болмаса анда-санда азын-аулақ сын айтып, сыншы болу. Олжастың күйге деген тәбетінің ашылғаны соншалық сол жылдары «Ана», «Көкдауыл», «Ақ бұлақ» тағы басқа алты-жеті күйлерін шығарып тастады.

Арада біраз жылдар өтті. Олжастың күйге деген құштарлығы өсе түспесе, кеміген жоқ. Шертпе күйлермен қатар төкпе күйлер де дүниеге келе бастады. Күйлерінің әуені кейбір күйшілердің бір бағыттағы, бір сарынды күйлеріндей емес, сан алуан. Бір-біріне ұқсамайды. Соның бір нақты дәлелі ретінде мысал келтірсем:

2003 жылы мен туу туралы құжатым бойынша 50 жасқа толып, Тараздың үлкен тойханаларының бірінде туған-туыс, жора-жолдас, достардың алдында кішігірім мерейтой жасап едім, сол жерде Олжас алғаш рет ел алдына шығып «Ақ бұлақ» күйін орындады. Мұндай тойларда жақсы әндер мен күйлер болмаса ел тыңдай қоймайды. Олжастың күйін ел ыждақаттықпен тыңдап, жақсы қабылдап, кейбіреулері таңданыстарын да жасырмай келіп құттықтап жатты. Мен жай қадағалап бір бұрышта тұрғанмын. Төбем әжептәуір көкке жетердей болып қалды. Олжастың бұл күйі шертпе күй. Күй орындалып болған сәтте, Асаба:

– Қане тағы қандай күйлерің бар? – деді.

– «Ана», – деді Олжас.

«Ана» деген күйі де шертпе күй.

– Қане, тарта ғой! – деді Асаба.

Алдыңғы тартқан күйі шертпе күй болған соң, енді төкпе күйлерінің бірін тартсын деген ниетпен:

– «Көкдауылды», балам «Көкдауылды» тарт! – деп айқайлап жатырмын.

«Көкдауыл» күйі жүйрік тұлпар, сәйгүлікке арналған, арынды, аршынды, адуынды төкпе күй. Асаба менің сөзімді ести салып, елді күлдірмек ниетпен:

– Ендігі тыңдайтындарыңыз анасына арналған күйі екен, бірақ неге екенін қайдам күйдің атын «Көкдауыл» деп қойған екен, – деді. Бәріміз қыран-топан болып күліп жаттық. Ол күйді тартқан кезінде ел даурығып, орындарынан тұрып ұзақ қол шапалақтап

тұрып алды. Күйлердің халықтың көңілінен шыққанына қуанып масаттанып қалдық.

Осылайша жүріп жатқанымызға екі-үш жылдай уақыт өтті. Олжас домбыра тарту өнерінен басқа, мектепте де жақсы оқыды. Облыстағы бетке ұстар «Дарын» мектебінде оқиды. Математика, физика, химия деген сабақтар бойынша өте жақсы деген бағамен оқитын. Жылжып күндер өте бастаған сайын, баламның сабақ үлгерімі төмендеп бұзыла бастаған сияқты. Сабақ туралы қаншама тату, қату әңгімелерден еш қорытынды бола қоймады. Енді мен қобалжи бастадым. Баламның ешқандай қоқаң-соқаң қылықтары жоқ, үлгерімі неге төмендеп жатыр? Не істеуге болады? Неге бұлай болды? Неге мына фундаментальды сабақтарға немқұрайлы қарай бастады. Осындай таусылмас сұрақтар миымды жегідей жеп, өзіме-өзім неше түрлі сұрақтар қойып, түбіне жете алмай жүрген күндердің бірінде телефоныма хабарлама келіп түсті. Ашып қарасам, хабарлама Олжастан екен. Ұзақ-сонар жазу. Жарты сағаттай оқыдым. Сөйтсем балам, талай уақыттан бері маған ашып айта алмай жүрген ойларын осы хабарлама арқылы жазып жеткізіпті. Хабарламаның жалпы мазмұнынан түсінгенім, ол осы музыка саласына біржолата бет бұрғысы келетінін, сондықтан нақты ғылыми бағыттағы пәндерге көңілі жатпайтынын жеткізіп, дәлі болса музыкамен түбегейлі айналасуына мүмкіндік беруімді сұраған екен. Үлкен ойға қалдым. Басқа шет елдерді қайдам, бізде асқан дәулескер күйші болмаса керемет тұлғалы әнші, актер болмаса басқаларының өмір сүру деңгейі мен тұрмыс жағдайлары мәз боларлықтай емес. Баламның талпынысы мен мақсатын да қайтарғым келмейді. Шығармалары адамға ой саларлықтай әрі орамдары әдемі жанға жайлы әуендерге толы. Сәл қолдап жіберсе дүркіреп шығатындай. Ойланып-ойланып, не болса да нар тәуекелге барып, баланың бетін қақпай, жолын ашуға тырысып көрмек болдым. Сол жылы Олжас 9-сыныпты өте жақсы деңгейден төмен түсіп, жақсы деңгейде бітірді. Жазғы каникул кезінде, мен де кезекті еңбек демалысын алып Астанаға кеттік. Астанада рулас ағамыз Мырзатай Жолдасбековке барып сәлемдесіп, Олжас туралы айтып, сол кездегі Қазақ ұлттық музыка академиясының ректоры Айман Мұсақожаеваға телефон шалып, бізді қабылдауға рұқсат

алып беруін өтіндім. Обалы не керек ағамыз телефон шалып, жолымызды ашып берді. Сонымен, қайдасың академия деп жетіп келдік. Академияның өз колледжі бар. Біздің көздегеніміз – сол колледж. Айман Мұсақожаева бірден қабылдады. Айман көрікті, көркем, орта бойлыдан сәл биіктеу, сымбатты жан екен.

– Сәлеметсіз бе? Кіруге бола ма? – дедім.

– Сәлеметсіздер ме? – деп қарсы алды. Келіңіздер, жоғары шығыңыз! Қандай мәселелеріңіз бар? – деп сұрады. Айманның аққұбаша келген жүзі тіпті бал-бұл жанып көздің ғана емес көңілдің де жауын алып тұрғандай. Жүзі жайдары. Денесі де сымбатты, құйып қойған мүсіндей. Бізге қарап әдемі бір жылылықпен күлімдеп отыр. Осы сәт менің қобалжуымды тоқтатып батылдығымды жани түскендей болып:

– Сізге, мына бір кішкене балапанды, көрсетуге алып келіп едім. Домбырада ойнайды. Тыңдап көрсеңіз қалай болар екен. Дарыны бар деп ойлаймын.

Айман күлді де:

– Аға, домбырада ойнайтындар көп қой, оның несін тыңдаймыз. Домбырасын арқалап келісінен көріп отырмын.

– Ой, мен дұрыс түсіндірмедім. Сәл қобалжып тұрғанымнан болар. Бұл бала, тек қана домбыра тартып қана қоймайды. Өзіңіз айтып отырғандай домбыраны тартқыштар көп қой. Сонау алыстағы Тараздан сол үшін келіп отырған жоқпын. Домбырашыларға ол жақта да оқитын жер табылар. Бұл баланың ерекшелігі, домбырада өзі күйлер шығарып, әсем әуендер жасайды. Сазгер болсам дейді.

– Солай ма, қашаннан бері? Әлде Сіздің өз фантазияңыз ба? Әр ата-анаға баласының аздаған жетістігі таудай болып көрінетін әдеті бар ғой, – деп рахаттана бір күліп алды.

– Он жасынан бастады. Мен де, қаншама туған балам болса да, ондай фантазияға беріле бермейтін жанмын. Менің бұған мақтанышымнан, талабым көп. Сондықтан эйфорияға беріліп артықтау бағалап жүрмін деп айта алмаймын. Бүгінгі таңға өзі шығарған онға таман күйлері бар.

– Ал, солай болсын. Жақсы делік. Бала қазір қаншада?

– Он бесте. Биыл тоғызыншы сыныпты бітірді. Тыңдап көрсеңіз деп едім.

– Мен біраз сазгерлерді шақырайын, солармен бірге тыңдап көрелік бұл жігітті, – деп хатшы қызы арқылы бірнеше сазгерлердің атын атап шақыртты. Олар да тез жиналып қалды. Барлығы жиналғаннан кейін Айман: – Ортамызға өз шығармаларын тыңдатуға мына жеткіншек келіп қалған екен. Тыңдаған дұрыс болар деп ойлаймын. Сіздер қалай қарайсыздар? – деді.

– Тыңдайық, тыңдайық! – десті олар.

– Қайдан келген бала?

– Ал, тарта ғой, неден бастайсың?

– Домбыраны дұрыс тарта аласың ба? – деген дыбыстар да шығып қалды.

Айман оларға жақтырмағандай кейіппен бір қарап алды.

– Шертпе күйден бастайын. Анама арнап шығарған күйім «Ана», – деді Олжас.

– Мынауың құптарлық екен. Анасын құрметтеген бала жаман болмайды. Қане, баста! – деді Айман.

Олжас тартып шықты. Байқаймын, сазгерлерге ұнаған сияқты.

– Олжас, енді төкпе күйіңнен тартып жібер! – дедім. Ол тарта жөнелді. Не керек тағы екі-үш күй орындалды. Байқаймын, сазгерлер бір-біріне қарап, сыбырласа бастады. Жүздерінде шарасыздық болмаса, жәйбарақаттық жоқ. Соған қарағанда сазгерлерге ұнап қалса керек:

– Мына баланың күйінде ой бар екен! – деді біреуі.

– Жас баланың емес, ересек толықсыған сазгердің күйіндей! – деді екіншісі.

– Айда, жарайсың! Ұрып тұр мына бала! – деді тағы бірі.

Мен едәуір қуанып қалдым. Жас баланың музыка корифейлерінің алдында алғаш рет тартқан туындылары бойынша беріліп жатқан мына баға шынында да қуантарлық еді, әрі менің Айманға айтқандарым әсерлі әңгіме емес шындыққа ұласқанына әжептәуір марқайып қалдым...

– Бәріңізге рақмет! Боссыздар, – деді Мұсақожаева. Біраз ойланып отырды да: – Ал, тыңдадық. Мына сазгерлердің реакциясын естідіңіз. Бала шынында да жақсы екен. Музыкалық білімі бар ма? Кімнен дәріс алып жүр? – деді ол.

– Музыкалық білімі жоқ, өзі үйренген. Тіпті арқаланып кетсем керек. Ешкімнен де дәріс алған жоқ, тек әкелі-балалы екеуіміз ғана бір-бірімізді қолпаштап жүрген, – дедім мен.

– Қалайша? Мүмкін емес! Ешқандай мұғалім көрмей, ешқандай үйірмеге бармай бұлай болуы мүмкін емес. Әлде Сіз бір нәрселерді жасырып отырсыз ба?

– Мен несін жасырайын. Қандай ата-ана баласының жақсы тірліктерін құпиялайды, жаман іс болса жасыруы мүмкін. Ешкімнен дәріс алған емес. Мүмкін тума талант иесі шығар, кім білген. Сіз емес, әкесі мен аң-таңмын. Мұндайдың да мүмкін екенін, өзіңіз көріп отырсыз. Ендігі мақсат, осы бала музыкалық білім алып, кәсіби маман болсам дейді. Сізге ертіп келу себебім де сол, Сіздерде колледж бар екен. Сонда оқығысы келеді.

– Ммм, – деп ойлана отырып: – Бала жақсы, талабы да таудай екен! Бірақ музыкалық білімнен хабары жоқ екен. Қиын болса да айтайын, ала алмайтын шығармыз, – деді.

– Неге?

– Біздің колледждегі балалар бірінші сыныптан бастап оқып келеді. Сабак қиын. Ноталарды біліп, ажырату оңай емес. Салфеджио, гармония дейтін пәндер қиынның, ең қиыны. Оқып үлгерсе алмайды. Балаға өте қиын соғып, бекер босқа қинаймыз.

– Апай, мен бәріне де үлгерем, бәріне қуып жетіп аламын, тек рұқсат беріңіз, – деді Олжас.

– Ой, қандай пысық! – деп күлді Айман.

– Ол шынында да үлгереді, өйткені осы музыкаға жан тәнімен беріліп, маған «оқыт» деп есімді шығарады. Көмектесіңіз, – дедім.

– Мен сенімді емеспін. Ертең үлгермесе не болады?

– Үлгеріп кетуі де, мүмкін ғой. Қазақтың «бұлақ көрсең көзін аш» деген қанатты сөзі бар емес пе. Сол сөз сіздерге арналған сияқты. Терең талантты табиғатынан танып жарыққа шығаратын сіздер емес пе?.. Сіз көмектесіңіз. Тіпті үлгермей, алып кете алмай жатса, Сізден емес, өзімізден көреміз. Ал, үлгеріп оқып кетіп, ұлы сазгерлердің қатарынан орын алып жатса, онда «менің шәкіртім», «менің балам» деп Сіз қуанасыз, үлгермесе қатардағы бір оқушы болар. Онда өзімізден көріп Сізді кінәләмаймыз, – дедім.

– Әй, қайдам, ала алмаспын. Бала жақсы, бірақ білімі жоқ. Қиын пәндер, ұзақ дайындау керек. Қалай болады? – деп қиналған кейіп танытты ол.

– Баланың болашағына балта шаппайтын, қайта қолынан келсе қарлығаштай қанатымен су себелеп көмек қолын созатын жан шығар, бала бар дүниесімен талпынғасын жан дүниесін жараламас деп келдім. Бұл баланың болашағын кім болжап келіпті. Қолыңызда тұрғанда қабылдамасаңыз, ертеңгі бір ұлы сазгерді жоғалтып алмаймын ба деген сауалды өзіңізге қойып көріңізші. Осы Шәмшіні сазгер емес деп консерваторияға, Мұқағалиді ақын емес деп Жазушылар одағына жолатпай қойғаннан не таптық. Қазір сол екеуіне өлгеннен кейін табынып, соларды дәріптеп, неше түрлі іс-шаралар өткізіп әлекпіз. Кімнің қолынан сол кемшінді жөндеу келеді. Әй, келмес өкінішті. Бұл баланың да байыбына бармай жатып болашағына балта шаппайық, қайта көмектесейік. Ары қарай өз пешенесі мен өзінің талпынысы мен сенімінен шығу үрдісінен көре жатар. Айтпақшы, осы Сізді де бірінші сыныпқа «слухы жоқ» деп жібермей қойыпты ғой! Міне, бүгін «Әлем әртісі» болып отырсыз. Жолын ашыңыз! Алла қаласа, бұлақтай болып сыңғыр қағып, теңізге құяр, – дедім.

– Ой, аға қатты қинадыңыз-ау! Оны түсінбей отыр дейсіз бе? Тек бала үлгері алмай тауы шағылып қала ма деп отырмын ғой!

– Оған уәдесін беріп отыр ғой, сеніп көрейік.

– Жарайды, қоймадыңыз! Егер шын пейілмен оқып кетсін десеңіз, онда бір сынып кейіндетіп 9-сыныпқа қайта отырғызайық, – деді ол.

– Жарайды, келісеміз, солай ма Олжас? Ол басын изеп келісімін берді. Бір жыл болса да үйренуге көбірек мүмкіндік болар, – дедім.

– Әрине, әрине! Мен осы отырғанда, мына әкеңіздің сөзіне сеніп келісім беріп отырмын. Бұл өте жауапты қадам. Сондықтан, Олжас бізді ұятқа қалдырып жүрме! – деді Айман.

– Сеніміңізге рақмет! Ақтауға тырысамын! – деді Олжас.

Сонымен келісіп, Айманға рақметімізді жаудырып жүріп, колледжге орналасып алдық. Астанада тұратын үйіміз болса да, біраз ойланып барып, бала өз қатарларына тезірек бейімделсін, мүмкін ортаның да көмегі тиіп қалар деген оймен жатақханаға орналастырып Таразға кеттім. Баламмен аптасына екі-үш рет

хабарласып тұрамын. Үлгерімі қалай болар екен, ілесе алып жүр ме деген ойлар мыйымды жегідей жейді, ал Олжас болса «Көке бәрі жақсы» дегеннен аспайды. Осылайша жарты жыл толғанып та, толғатып та жүргенде балам телефон шалып, амандық сұрасып болғаннан кейін:

– Көке, Сізді мұғалімім келіп-кетсін деп жатыр! – деді.

– Оу, неменені бүлдірдің? – дедім.

– Ешнәрсе бүлдірген жоқпын!

– Ендеше неге шақырады? Мұғалімдер бала бірнәрсе бүлдірсе ғана шақырады.

– Білмедім, келіп-кетсін деп жатыр! Мен ешнәрсе бүлдірген жоқпын! – деді.

– Жарайды, келемін. Содан бір аптадан кейін Астанаға жиналысқа шақырылған екенмін, соны пайдаланып, академияға келдім. Келердің алдында келе жатырмын деп айтып қойдым. Келсем, баламның мұғалімі сазгер Ермұрат Үсеновпен екеуі күтіп тұр екен. Ермұрат орта бойлы келген шымыр денелі кісі екен. Сәлемдесіп болғасын, неменеге шақырғанын сұрасам:

– Балаңыздың тұсаукесерін (презентация) жасайын деп едім, – деді Ермұрат. Мұндай құбылысты күтпеген мен сасқалақтап:

– Қайдағы тұсаукесер? Бұл оқуды кеше ғана бастады ғой! – дедім.

– Ия, солай. Кеше ғана бастаса, бүгін сазгер қауымға алғашқы таныстыру мүмкіндігіне ие болып отыр. Қуанбайсыз ба? – деді.

– Әрине, қуанамын ғой! Бірақ, мұншалықты...

– Жүріңіз! Ішке кірелік, ел жиналып отыр. Күтіп қалды! – деп ішке алып кірді.

Мен сасқалақтап артынан ілесе бердім. Орташа көлемдегі залда бір топ адамдар отыр. Сөйтсем олар сазгерлер екен. Мен де барып жайғастым. Ермұрат сахнаға шығып:

– Құрметті әріптестер. Сіздердің назарларыңызға біздің колледжге биыл ғана қабылданып келіп отырған, менің жаңа оқушым Олжас Байбековтың шығарған әні «Әжешімді» ұсынып отырмыз. Қабыл алыңыздар, – деді. Сахнаға Олжас шығып фортепьяноға отырып жатыр. Өз көзіме өзім сенер емеспін. Қолына домбырадан басқа музыкалық аспап ұстап көрмеген бала мына аспапты қашан меңгеріп алған? Тағы бір жас қыз шықты.

Олжас сүйемелдеп отыр, қыз ән айтуда. Керемет бір нәзік әуен, тура әжелерге арналғандай сәйкестік бар. Ән бітті. Қол шапалақтау. Ермұрат ортаға шығып:

– Мына баланың жасы он бесте. Бұл жаста ешбір сазгер өз туындысын өзі сүйемелдеп сахнаға шыққан емес. Мына бала бірінші рет шығып отыр, – деді. Қуаныштан жарылуға шақ қалған шығармын. – Ал, екінші туындысы, флейтаға шығарылған әуен, – деді. Ортаға фортепианодан беретін мұғалімі мен флейта ұстап бір қыз шығып сазды келіскен әуенді орындап шықты. Ермұрат тағы ортаға шығып:

– Осы музыканы Олжас менің көзімше 15 минуттың ішінде шығарды, ол бірінші. Екіншіден, қазақ сазгерлерінің арасында флейтаға музыка шығарған бір адам жоқ. Мына бала бірінші шығарып отыр, – деді. Төбем көкке екі-ақ елі жетпей қалған шығар. Үшінші, музыкасын үйреншікті домбырасымен нақышына келтіре орындап шығып, мені бір бақыттың бау-бақшасына жібергендей шалқытып тастады. Сөйтіп, ойпырмай, үлгермей ме деп күпті болып жүрген менің кеудемнен Олжасым қобалжу сезімін біржолата алып тастады. Олжас колледжді өте жақсы тамамдап, академияға оқуға түсті. Академияны қызыл дипломмен аяқтап, одан кейін магистратураны тәмамдап магистр атағын қорғап шықты. Осы кезеңдер аралығында екі-үш конкурстарға қатысып, дипломант, лауреат атақтарын жеңіп алды. Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Жамбыл облысына іс-сапармен келгенде Елбасының алдында екі рет өзінің төл туындыларын орындап, ол кісінің ықыласына бөленіп, алғысын алды. Қазақстанның 20-жылдығы мерейтойына орай Астанадағы жаңадан ашылған үлкен кино-концерт залында өткізілген концертте өзінің «Көкдауыл» күйін оркестрмен мерейтойға тарту ретінде орындап шықты. Өз туындыларынан жасақталған «Тылсым» атты күйтабағын шығарып, елге тарап кетті. Бүгінде 20-25 туындылары бар. Диплом жұмысына арнап «Фантазия» атты он бес минуттық концертін берді. «Арман асуында» кинолентасының сазгері. Қазақ хандығының 550 жылдығында қойылып жатқан Қ.Ысқақовтың «Қазақтар» атты тарихи драмалы қойылымының сазгері. 2015 жылдың 24



қарашасында осы мерейтойға арнап Қазақ Өнер университетінің Жамбыл атындағы концерт залында жеке концертін берді. Концертке үш сенатор, екі мәжіліс, үкімет адамдары қатысты. Қазақстанның беделді композитор-сазгерлері Кеңес Дүйсекеев, Серік Еркінбековтер қатысып Олжастың творчествосы туралы жүрекжарды сөздерін сахна төрінен көрермендерге жеткізді. Сондағы Кеңес Дүйсекеевтің айтқан жүрекжарды сөздеріне тоқтала кетсек былай деген еді:

– Бүгін алдарыңызда үлкен өнер тойы болғалы тұр. Оның себепкері жаны бар, қаны бар қазақ ұлы Олжас Байбек. Мен өзімде осындай шәкірт болғанына қуанамын. Тегінде композитор болу үшін талант керек, сонымен қатар үлкен еңбек қажет. Орыстың ұлы композиторы Чайковский айтқан екен: «композитор болу үшін бір процент талант, тоқсан тоғыз процент еңбек керек» деп. Міне, осы қасиет Олжастың бойында бар деп ойлаймын, әрі сенімдімін. Олжастың әрбір туындысында терең ой мен өмір өткелдерінің философиясы жатыр. Бұл шын талант иесіне тән нәрсе. Бүгін, осы келешегінен көп үміт күттіретін үлкен талант иесі қазақтың ұлы Олжас Байбектің шығармаларын тыңдайсыздар. Бұл Қазақстан Республикасының Өнер университетінің Қазақ хандығының 550 жылдығына қосқан үлесі деп білерсіздер. Өте қуанышты жағдай. Қуаныш көп болып, ұзағынан сүйіндіріп, бәрімізге ортақ болғай, қазақ музыкасының көшін көкке көтере бер, Олжас.

Олжастың осы творчестволық концертінде, Қазақ ұлттық оркестрдің орындауында «Жібек жолы», «Саңырық батыр», «Жетісу», «Көкдауыл», «Көктем», «Ана», «Думан», «Ұлы дала» күйлері тыңдалып, өзі мен әріптестерінің орындауында «Тылсым», «Қараханның Айша бибіні жоқтауы», «Асан қайғы», «Бабалар үні», «Сағыныш» атты туындыларын жарыққа шықты. Концертте Олжастың күйлерімен қатар қазақтың көне термелері, Кеңес Дүйсекеевтің де жаңа туындылары орындалды.

Шын мәнінде, Олжастың әрбір күйлерін жеке алып тыңдасаңыз күйдің тұла бойындағы барлық саздар мен әуендер, иірімдер музыканың тақырыбын толыққанды ашып, толағай мазмұндармен толықтырып өркендете түседі. Ол кейде тыңдаушысына туындының атын жарияламай орындап шығады да:

– Қалай ойлайсыз? Тыңдаған күйіңіз, не туралы орындалған? – деп бірінші сұрақты өзі қояды.

Тыңдаушылар күй туралы өздерінің ой-пікірлерін ортаға салғанда, көбісі шығарманың мағынасы мен мәнін деп басып тауып жатады. Демек, Олжастың күйлерін өміршең шығармалар деп санауға бірден бір сенім бар. Өйткені Олжас тыңдаушыларын еліктіріп қана қоймай, күй саздарын көрерменнің жүрегіне жеткізіп елжірете орындап ерекше сезімге бояп, сазды әуеннен өмірдегі таусылмас философияға толы құбылыстардың орамдарын сезіндіре түседі. Күй сазына еліктей електен өткізіп, тұла бойына беріле сіндіріп, жан дүниесімен сезінген талай жандардың көзіне жас алып рахат күйге бөленгендерінің де куәсі болып жүрміз. Сондықтан да оның болашағынан үлкен үміт күтеміз.

## **А – КОРПУСЫНА ӨТУ**

Мен 2010 жылдың басында Жамбыл облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бастығы болып қызмет атқара бастадым. Жұмысымыз жаман емес. Облыс бойынша шешімін таппай жатқан неше түрлі күрделі мәселелерді облыс әкімімен келісе отырып, әрі Астана мен Тараз қаласы арасында шапқылаумен жүріп шешіп тастадық. Облыстың экономикалық, әлеуметтік дамуының бес жылға арналған жоспарын жасап бекітіп іске асыра бастадық. Жұмыс алға басып рет-ретімен өз орнын тауып жүзеге асып жатса көңіл де көтеріліп, қанаттанып одан сайын еселей түскің келеді. Республика көлемінде экономикалық әрі әлеуметтік дамуды қарқынды бастаған облыс ретінде танылды. Халықтың облыс басшылығына деген сенімі артып оң көзқарастар пайда болып, инвестициялар тартылып, бюджеттің қоржыны да компая бастады. Өз күш жігерімізге деген сенім ұлғая түсті.

Арада бір жылдан аса уақыт өткенде, 2011 жылдың 2 мамырында Қазақстан Республикасы Президентінің «Өңірлерде сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарын жетілдіру туралы» №67 жарлығымен әрбір облыста тексеру комиссияларын құру жөнінде нұсқау берілді. Өйткені осы кезге дейін облыстық

және аудандық маслихаттар құрамында болып келген тексеру комиссияларының жұмыстарының тиімділігі өте төменгі деңгейде еді. Қажетті мамандармен дер кезінде қамтылмағандықтан әрі құрамы жағынан кемшін түсіп жатқан комиссияның жұмыстары қазіргі уақыттың талаптарына сай келмей, тексеру деген аттарымен ғана шектеліп жатқанды. Әр жылдың аяғында жыл қорытындыларын сараптап өткізетін сессияларда, олардың беретін есептері жекелеген мектептер мен балабақшалардың қаржы жұмсау мәселелерінен аспай жатты.

Қаржының дұрыс бағытта жұмсалуына сыртқы бақылау мәселесімен айналысатын мекеменің дербес, ешқандай мекемелерге бағынышты болмауы тексерудің деңгейін, мән-мағынасын арттырып бюджет қаражаттарының дұрыс бағытта тиімді жұмсалуына тікелей әсер ететінін түсінген Президенттің бұл шешімі бірден бір дұрыс шешімі еді. Елбасының осы көреген шешімі бойынша сол жылдың 29 маусымында Жамбыл облысы әкімінің №190 қаулысымен «Жамбыл облысы бойынша тексеру комиссиясы» құрылды.

Жамбыл облысының әкімі Қанат Алдаберенұлы Бозымбаев жаңадан құрылған мекеменің басшылығына мені ұсынды. Сол ұсыныс бойынша облыстық маслихаттың хатшысы Әбдінұр Әсілбеков осы жылдың 18 тамызында болатын облыстық маслихат сессиясына менің кандидатурамды ұсынып, депутаттардың қолдауымен тексеру комиссиясының төрағасы болып сайландым.

Жаңадан құрылған мекеме облыс көлеміндегі маслихаттардың бұрынғы тексеру комиссияларының штаттық құрамындағы қызметкерлердің жалпы санымен пара-пар есептелгесін 39 қызметкерден тұрды. Бұрынғыдай облыс орталығындағы, аудандағылар сияқты жеке-жеке құрылым емес, бүкіл облысқа бірақ мекеме болды. Қүзіретіне облыстық және аудандық бюджеттердің жұмсалуын қадағалау жүктелген. Комиссияның басқару органы төраға мен комиссияның төрт мүше лауазымдарынан құралған және олар лауазымдарына орай саяси қызметкер болып есептеледі.

Мүшелікке Жамбыл ауданы әкімінің бірінші орынбасары қызметін атқарып жүрген, бұрын облыс маслихатының депутаты, экономика және бюджет комиссиясының төрағасы

болған қаржыгер маман Жанатбек Жапаровты, Шу ауданы әкімдігінің аппарат жетекшісі, сол ауданда біраз жыл қаржы бюджет жоспарлау бөлімінің басшысы болған білікті маман Асылхан Шәймерденовты облыстық салық инспекциясының орынбасары болып қызмет атқарып жүрген болашағынан көп үміт күттіретін Нұржан Тұрлыбеков деген жігіттерді өзім көп мамандар ішінен таңдап жүріп іріктеп алдым. Өйткені жаңадан құрылған мекеменің алғашқы аяқ алысы басшылық орындарға жайғасқан қызметкерлердің біліктілігі мен тәжірибесіне, адамгершілік қасиеттері мен іскерліктеріне тікелей тәуелді деп ойладым. Іріктеп алған жігіттерім осы критерияларға сай келеді деп сендім. Төртінші мүше Анар Қайырбекованы менің еркімнен тыс Астанадан Есеп комитетінің «жоғарғы санатты, өте білімді әрі іскер» деген ұсынысы бойынша әрі облыс әкімінің қолдауымен қызметке алдық. Жаңадан құрылған мекеме болғасын әрі басқаруды маған сеніп тапсырған соң «су ішкен құдыққа түкірмес болар» деген қағидамен, әрі бұрыннан осы салада қызмет істеп көрген білікті маманның пайдасы болмаса кесірі тимес деген оймен келісім беріп жұмысқа қабылдадық. Барлығымыз да бес жыл мерзімге сайландық.

Қызметке қызу кірісіп кеттік. Қарахан мазарының қасынан тұрғызылған сегіз қабаттық ғимараттың жетінші қабатын толығымен өз иелігімізге алып алдық. Қызметкерлерімізді толық қабылдап, қажетті құрал жабдықтармен жабдықтап, жыл соңына дейін бақылау жұмыстарын да жүргізіп үлгердік.

Жан-жақтан құралған жігіттерді бөлімдерге бөліп отырғызу, кімнің қандай іске бейім екенін танып білудің өзі бір қиямет қиын шаруа. Дегенмен, жеке-жеке қайта-қайта сөйлесіп жатып, осы қызмет қолайлы болады-ау деп топшылап, қолдан келгенше іріктей отырып, орын-орнына отырғызып жүйелеп қойдық. Алғашқы кезде қиындау болды, өйткені мамандықтары сәйкес келгенімен көбісі бұл салада алғаш рет қызмет істеп жатыр. Сондықтан бірінші міндет, оларды оқытып алу болды. Ал, бұрын бұл салада қызмет істегендерін тексеру жұмысына тарттық та басқаларын біліктілігін арттыру үшін кезек-кезек оқуға жіберіп отырдық. Ара-арасында аптасына бір-екі рет жинап алып бұл жұмыстың қыр сырларын айтып беруге тырыстым. Оның үстіне бұл

мекеменің жұмысы ақшаның қозғалыстарына тікелей байланысты болғандықтан қызықтырушылық, азғырушылық деген жағымсыз жақтары көп болатындықтарын ескертіп сақтандырып отырдық.

Бастамамыз жаман емес сияқты. Бұрынғы маслихаттың құрамындағы тексеру комиссиясының жұмыс қорытындыларына қарағанда біздің қорытындыларымыз әлде қайда жоғары көрсеткіштер көрсете бастады. Осының өзі тексеру комиссиясын дербес мемлекеттік құрылым ретінде құрудың тиімділігін көрсете бастады. Алғашқы қадамдарымызды басқа облыстармен салыстырмалы түрде қарасақ, алдыңғы бестік қатарынан орын алып одан төмен түспеген сияқтымыз.

Дегенмен, орыстардың «кемшіліксіз жанұя болмайды» дегені сияқты, бізде де кемшіліктер орын ала бастады. Оның ең іргелі де үлкен зобалаң тудырғаны, сонау Астанадан, «жоғарғы санатты, өте білімді әрі іскер» деп мақтауын жеткізіп жіберген Анар Қайырбекованың қызмет істеу стилі болды. Ол ешкімді көзге ілмейтін, алдына келгенді тістеп, артынан келгенді теуіп, мемлекеттік қызметкердің ар-намыс кодексін жерге таптап, ауызынан неше түрлі былапыт сөздер емін-еркін шығатын бейауыздыққа тола, бірбеткей, өз мақсатын мемлекет мақсатынан да биік қоятын, заңдарды аяққа таптап тек өз көзқарасын ғана шындыққа балап, басқа көзқарастарды көзге де ілмейтін тұлға болып шықты.

«Кішкене ғана қара тас, атан түйе тарта алмас» деп ата-бабамыз қарақұртқа теңеу берсе, бұл да сол сияқты. Бойы бар жоғы бір жарым метрге жуықтау, денесінде бір қырым ет, бетінде қан-сөл жоқ, сұп-сұр әрі соны жасырмақ болып бетіне баттастыра жатқан кремдерінің арқасында, мұздың бетіндей беті жылтыраған біреу. Япырау, адамды да осылай жаратып, соншама кәр беріп уын төктіріп қояды екен-ау.

Осыншама жағымсыз жанның қылықтарына басшы ретінде маған төзу керек болды. Басқаша жасасақ, жаңадан құрылған мекемеде, жұмыс басталмай жатып шу шығару, жаңа ұжымның алғашқы қадамы келеңсіздіктен бастау алуына әрі бастық ретінде менің де мекеме басқару стиліме зиянын тигізетін болды. Оның үстіне соншама «мәдениетті» деп жіберген тұлғаны алғашқы

күндерден жарамсыз деп шығару: «солтүстік жақтан келген кадрды оңтүстіктегілер қасақана қудалауға салды» деген қауесеттерге жол ашатыны да ойға қалдыра берді. Сондықтан шыдауға бел байладым.

Мекемеден маза кете бастады. Қарамағымдағы қызметкерлер арыз айтып күнде келеді. Мен олардан шыдамды болуын өтіндім. Анарды талай рет шақырып сөйлесіп те көрдім. Менің алдыма келгенде одан жуас, одан мәдениетті жан жоқ сияқты. Сызылып тұрады. Біздің ұжымда жүріп жатқан жағымсыз жағдайларды сұрасам, сүттен ақ судан таза болып, көптеген мәселелерді профилактикалық шара ретінде уақытша жасалып жатқан қадамдар екенін, болашақта қызметкерлер жұмысқа толыққанды үйренген кезде өзінен-өзі доғарылатынына сендіріп бағады. Дегенмен, арнамыс кодексінің шеңберін түсіндіруге тырысамын. Түсінгендей болып кетеді де, біраз уақыт өткесін баяғы әдетіне қайта басады. Жағымсыз жағдайлар белең алып бара жатқасын ойлана келе, ұжымдағы қырғи қабақ, дүрдараздық жағдайды жойып тыныштық орнату үшін оны үш-төрт айлық оқуға да жібердім. Одан да мардымды ештеңе шықпады. «Баяғы жартас, бір жартас» күйінде қала берді. Енді шара қолданбасақ болмайтындай жағдайға да жетіп қалдық. Қызметкерлердің ауызша айтқан арыздары болмаса ешкімнен жазбаша түспеді. Жазбаша жазуға «басқаша болып кетсе не істейміз», бірде болмаса бірде «қарақұрт шағып алуы мүмкін-ау» дейтін сияқты. Ұжымда оны қолдайтын менен басқа адам қалмады. Менің де «түйсігі болса бір түсінер» деген үмітім де үзіле бастады.

Оның келеңсіз істерінің аумағы кеңейе бастады. Қаржы басқармасына тексеруге заңсыз барғанын естіп, қарсы шығып тексеруді тоқтатып тастадым. Анар бұл басқармаға кешенді бақылау жүргізу үшін барыпты. Бірақ қолданыстағы заңдар мен ережелер, нұсқаулықтар бойынша тексеру уақыты әлі келе қоймаған екен. Мекеме басшыларының заңды түрде қарсы шыққанына қарамастан қызметкерлерді тексеруге күштеп отырғызбақ болған. Мен үзілді-кесілді қарсы болып, қызметкерлерді жібермедім. Ол енді менімен тайталаса бастады. Көзге көрініп тұрған заңдылыққа бой ұсынбай, өз ойын іске асырмаққа ұмтылады. Мен оған жол бермеймін. Ал, оны жұмыстан босату менің құзырыма кірмейді.

Осы текетіретінің ең сорақысы ол менің үстімнен Президент әкімшілігіне, Республикалық Бас прокуратураға, Есеп комитетіне, облыс маслихатына арыздарды қардай бората бастады. Іс насырға шауып бара жатқанын байжайлап біз де қолданыста бар заңдар шеңберінде Қайырбекованың заңсыз іс-әрекеттері бойынша материалдар жинастыра бастадық. Оның арыздары республика көлемінен бастап барлық деңгейде қаралып қанағаттандырусыз күйінде қалды. Ол сонда да тоқтамады. Қызметкерлерді үркітіп, шошытумен болды. Біз де осы мәселені белгіленген процедуралар бойынша шешуге тырысып бақтық. Осындай жебір «қарақұрттан» құтылудың сәтін (тілім жазықты болса Алла өзі кешірсін) Алла Тағала өзі дайындап бергендей оқиға болды. Ол былай бастаған еді.

Мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттырып, басқару жүйелерін жетілдіру мақсатында Елбасының 2013 жылдың наурыз айында мемлекеттік әкімшілік қызметтің «А» корпусын қалыптастыру туралы Жарлығы шығып, тексеру комиссиясының басшылық құрамы түгелімен саяси қызметтен әкімшілік қызметке ауыстырылып, өз құзіретіміз бен біліктілігімізді дәлелдеу үшін тест тапсырып, одан аман-есен өтсек аймақтық, артынан Ұлттық комиссиялардың іріктеуінен өтіп барып қызметке қабылданатын болдық.

Күнделікті дайындық басталып кетті. Таңертеннен кешке дейін қызметіміздің мәселелерімен, кешкі жетіден кейін тест тапсыруға дайындық мәселесімен айналысамыз. Тест құрамы он заңның сұрақтарынан тұрады. Жігіттерді жинап алып осы сынақпен түпкілікті әрі тиянақты айналысуымыз керектігін, әрі осы науқанның қорытындысы біздің имиджімізге тікелей әсер ететіні туралы түсіндіріп айттым. Жігіттерге рақмет! Біреуі де қарсы келмеді. Бәріміз бірігіп дайындалуға, білмегенімізді сұрап, түсінігімізді бөлісіп отыруға, қажет болған жағдайда өзара емтихан ұйымдастырып отыруға бел байладық.

Заңдардың қазақша, орысша нұсқаларын шығарып алып оқи бастадық. Олардың әрқайсының көлемінің өзі әжептәуір. Мен, Жанатбек, Нұржан үшеуіміз қазақша дайындалсақ, Асылхан орысша дайындалады... Тестілеу орталығында байқау тестері өткізіледі деген соң, ол жаққа барып келдік. Алғашқы нәтижеміз

куантарлық болмаса да, ренжітерлік емес болып шықты. Ол да болса көңілге демеу болды.

Тестің әр сұрағының астында бес жауабы бар. Соның дұрысын таңдауымыз керек. Кейбір сұрақтардың жауаптары бір-біріне егіз қозыдай ұқсас, тек бір негізгі сөзі, болмаса үтір, нүктелері өзгеше. Оны уақытында аңғарсаң жақсы, әйтпесе күйіп кетесің. Мысалы, сұрақтарға жауаптың бір нұсқасында «республика» десе, келесі нұсқасында «мемлекет» деп келеді. Екеуі де дұрыс сияқты бірақ көтерілген мәселенің маңыздығына байланысты әр түрлі деңгейді көрсетеді. Жауабын ойланып барып беру керек. Ол үшін заңның өзін оқу қажет.

Тест орталығына барсаң, самсап отырған жігіттер. Олар орталықтан күнде шықпайды.

– Әй, жігіттер? Мұнда күн сайын не бітіресіңдер? – дедім.

– Дайындаламыз! – деді олар.

– Бұл жерде күнде жүре бергеннен не пайда? Өздеріңе барып, заңдарды оқымайсыңдар ма? – дедім.

– Ой, соны оқып басты ауыртып жатамыз ба? Бәрібір осы сұрақтар келеді, – деді олар.

– Өздерің білерсіңдер. Бірақ бір мезгіл заңның өзін де оқу керек сияқты, – дедім.

– Мырзеке, біз былай-ақ қатырамыз! Қазірдің өзінде он сұрақтың тоғызына дұрыс жауап беретін жағдайға жеттік. Сол заңдарды Сіз-ақ оқи беріңіз, – деп миығынан күліп шығарып салғандар да болды.

– Ертең сұрақтар ауысып кетсе, қалай болады? – дедім.

– Көп өзгермейді. Өзгергенін жылдам жаттап аламыз, – деді.

– Дегенмен, заңның аты заң ғой, жігіттер! Өздерің білерсіңдер!

Сонымен сөз бітіп, өз жөнімізбен кеттік. Бірақ бұл жігіттердің түсініктері басқаша болғанына көңіл толмады. Біз өзіміздің жігіттер кешке жиналып оқығанымызды талқыға салдық. Кейде қызметтен қолы тимей, уақытты өткізіп алғандарымызға кеңшілік жасап көмектесіп те жатамыз. Бәріміздің илегеніміз терінің бір пұшпағы болғасын, басқа облыстағы әріптестерімізбен хабарласып тұрамыз. Дайындық жағдайларын сұрастырамыз. Біреулері жақсы десе, енді біреулері, дайындалуға мұрша бермейді деп, бастықтарына ренжіп жатады. Астанаға барып тест тапсырар



алдында екі күндей бір-бірімізден емтихан алып, әбден пысықтап алдық та жолға шығып кеттік.

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттік, Астана қаласы, Есіл өзенінің оң жағындағы Абай көшесінің бойындағы ескі алаңда орналасқан.

Қара құрым адам. Барлығы мемлекеттік қызметкерлер. Республиканың түкпір-түкпірінің бәрінен келген. Оның барлығын бір күнде қабылдау мүмкін болмағандықтан топ-топқа жинақтап, кесте жасап, бірнеше күнге бөліп тастаған. Біз осы алғашқы топтардың қатарында болдық. Құжаттарымызды тіркетіп ішке кірдік.

Таңертең алғашқы топ болып кіргендер әлі шыға қоймапты. Бәріміздің көзіміз солардың шығатын есігінде. «Қалай болып шығар екен? Қандай сұрақтар болды? Дайындалған тестердің сұрақтары келді ме? Әлде басқалай ма?» деген сұрақтар миды жеп барады. Міне алғашқысы көңілді шықты. Таныстары тұра ұмтылды. Біз де қалыспай жармақтасып жатырмыз.

– Қалай? Тапсырдың ба?

– Қиын ба екен?

– Біздегі тест сұрақтарына сәйкес келе ме?

– Бір-біріңмен сөйлесе алдыңдар ма?

– Шпоргалка қолдануға бола ма екен?

– Уақыт жеткілікті болды ма? – деген сұрақтар қарша борап жатыр.

Шуылдаған көпке берген жауабынан біздің түсінгеніміз, сұрақтар өте көп,

әрі қолдағы тест сұрақтарына толықтай сәйкес емес. Әр адам жеке отырады. Сөйлесуге мүмкіншілік жоқ. Заң мағыналары мен мазмұнынан басқа да көптеген «абзац, көп нүкте, бөлім, параграф, тарап, тарапша» деген сұрақтарға дейін бар екен. Бәріміз жалмажан, асып-сасып, қолда бар материалдарымызды ақтарып іздеп, тапқанымызды оқи бастадық. Міне басқалар да шыға бастады. Біреулері көңілді, біреулері түнеріп кеткен. Біздің облыстың жігіттері де шыға бастады. Зандарды оқымай, тест бойынша дайындалып жүрген жігіттердің біреуі түнеріп шықты.

– Әй, не болды? – деп сұрасақ.

– Масқара, тіпті басқа сұрақтар келді! Өтпей қалдым, – деді.

– Асықпай жауап бермедің бе?

– Жауаптары бір-біріне өте ұқсайды. Дұрысы осы деп бассам, басқасын көрсетеді.

– Өткен жолы заңдарды оқы айттым ғой! Тындамадыңдар! Қайта тапсыруға бола ма екен?

– Жок, рұқсат жоқ! – деді ол.

Одан сайын жүрегіміз өрекіп қобалжи бастадық. Шыққан жиырма шақты адамның жартысынан астамы тапсыра алмай шығып жатыр. Сыртта тұрған жігіттердің біразының қан қысымы көтеріліп, сол жерде орналасқан медпунктке барып, қан қысымдарын өлшетіп, анықтама алып ертең келеміз деп қайтып та жатыр. Мен болсам алған бетімнен қайтсам, шыдамсыздықтан «күйіп» кететін әдетім бар. Сондықтан не болса да бүгін көргенді дұрыс көріп, тест тапсыруға бел байладым. Жігіттерімді де жігерлендіріп, нар тәуекелге басып ішке кіріп кеттік.

Үлкен дөңгелектеу келген залдың ішінде қабырғаны жағалай қойылған және ортада дөңгелете жасалған үстелдар бір-бірінен кішкене қалқаншалармен бөлініп, әрқайсына жеке компьютерлер қойылған. Үш-төрт адам бақылаушы. Әрқайсымызды жеке-жеке отырғызып тест тапсырмаларын ашып берді. Тесттің әр сұрағына жауап беру уақытын қарасам асықпай жауап беруге жетеді. Жауаптары күрделі, асықпауға тырыстым. Електен өткізіп барып ойлана жауап бермесең қате кетуі мүмкін. Бар сұрақтардың жауабын беріп болғасын, қайта тексеріп, осылай дұрыс болар деп, тетікті басып калып едім, лезде қорытындысы шыға келді. Ең алғаш көзіме түскені «тесттен өттіңіз» деген жазу. Қуанып кеттім. Қарасам он сұрақтың үш-төрті он балдан, үш-төрті тоғыз, біреуі сегіз, біреуі жеті бал болыпты. Таныс жігіттердің бәрі әлі іште отыр.

Бейтаныс жігіттердің біразы тестен өткеннен кейін, екінші қабатқа көтеріліп барады екен. Мен де көтерілдім. Ол жақта тестен өткендер келесі күнгі логикалық және қазақ тілі біліктілігіне тест тапсыруға жазылып жатыр екен. Мен де жазылдым.

Көңіл-күй көтеріңкі. Жасымыз алпысқа келген шағымызда, жас кезіміздегі алғаш оқуға түсу науқаны мен диплом қорғау қиыметтерін бастан кешіріп, біраз қаужырап қалған денем бейнебір жас кезім қайта оралғандай дүр сілкініп мамыражай

сезім мен нәзік көңіл пайда болып, үлкен дәлізді ары-бері, мәз-мейрам қалпымда аралап жүрмін. Әлден уақытта жігіттерім есіме түсіп, жағдайларын білуге төменге түстім. Олар да тапсырып шыққан екен. Көңіл-күйлері тамаша!

– Ал, айта беріңдер? Қалай тапсырдыңдар? – дедім.

– Бәрі жақсы! Тесттен өттік, – деді Жанатбек.

– Айда, жарайсыңдар! Айды аспанға бір шығардық! – дедім мен.

– Өзіңіз қалай тапсырдыңыз?

– Жақсы.

– Бізді қорқытып жібердіңіз ғой!

– Қалайша?

– Сіз бәрімізден бұрын шығып кеттіңіз. Біз шыға салып Сізді іздедік. Дәлізде жоқсыз! Сыртқа шығып қарадық! Жоқсыз! Тапсыра алмай қалды ма деп шошып кеттік!

– Жоқ, мен үстіне шығып едім. Ертең болатын логикалық тестке жазылып жатыр екен, соған жазыламын деп біраз жүріп қалдым.

– Барып жазылып, келіңдер! – дедім.

Олар барып жазылып келді. Бәріміздің көңіліміз көтеріңкі. Анардан басқамыз өтіп алдық. Анар тест тапсыру күндерін үш-төрт рет қайта-қайта ауыстырып жүріп тапсырып шығыпты. Астананың көрікті жерлерін жігіттерге аралатып, кейіннен ресторанға барып табысымызды жуып тастадық.

Келесі күні логикалық және қазақ тілі біліктілігіне тестерімізді тапсырып елге қайттық. Бұл сынақтың да салмағын кейінірек комиссиялардан өткен кезде сезіндік. Астанаға қобалжып келіп абыроймен оралдық. Уақыт өте келе біздің өз саламызда да көптеген адамдар тесттен өте алмай қалғанын естіп біліп жаттық. Кейбіреулері бүкіл командасымен өте алмаған. Олардың барлығы бірдей білімсіздер деп айта алмаймын. Әрқайсысында бір-бір сәтсіздік орын алған сияқты. Сол сәтсіздіктердің ең бастысы психологиялық тұрғыда жатыр ма деп те ойлаймын.

Ауызбіршілік жоқ жерде жақсылықтың да жолы бола бермейтіні белгілі ғой. Ол бір-біріне сенімсіздік, күдікшілдік, тәкаппарлық, менмендік, немқұрайлылық деген жағымсыз жағдайларға жолықтырып, жәй жерде-ақ жардан құлатып жіберуі

кәк. Көп әріптестеріміз осындай жағдайдан шыға алмай опық жеп қалды ма деп те ойлаймын.

Біздің күшіміз, бірлігіміз бен бір-бірімізді қолдаудың арқасында-ау деп топшылаймын. Бірге жүріп, бірге қобалжып, бірге оқып, біріміздің білмегенімізді екіншіміз түсіндіріп, бір жұдырықтай жұмылып дайындалғанымыздың арқасында, біреуіміз де шашау шықпай толықтай аман-есен өтіп, абыройымыз әжептәуір көтеріліп қалды. Өте алмағандардың көбісі, жоғарыда мен тошылағандай, араларында ауызбіршіліктері болмай, бір-біріне көмектесудің орнына кедергі келтіріп, дайындалуға уақыт бермей жүргендер болып шықты. Сол келеңсіздіктер кесірінен, олар тіпті төрағаларынан бастап бүкіл командалары өтпей қалып, қызметтерінен кетуге мәжбүр болды. Осындайда атамыздың «алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» деген қағидасы өмірдің негізінен алынып философияға соншалықты бай, тәрбиелік мәні өте зор екеніне тағы да бір рет көз жеткіздік.

Арада біраз уақыт өткеннен кейін аумақтық комиссияның, одан кейін республикалық комиссияның іріктеуінен аман-есен өтіп, қайтадан бес жыл мерзімге сайланып алдық. Анар осы комиссиялардан өте алмай қызметтен кетті. Орнына Ермек Қарабаев деген жігітті қатарымызға қосып алдық. Анар бізден кеткесін Есеп комитетін, басқа да мемлекеттік мекемелерді жағалап жүріп, Білім министрлігіне ішкі аудит департаментіне бастық болып орналасып, ол жердің де ойранын шығарып, бүкіл ұжымды өзіне қарсы қойып, бүгінде оның мәселесімен Президент әкімшілігі мен Мемлекеттік істер жөніндегі агенттік айналысып жатқан көрінеді. Ал, біз «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» өз қызметтерімізді әрі жалғастырудамыз.



# Оқиғалар

## **ДҮТБАЙ МЕН ҚҰТБАЙ**

Өткен жиырмасыншы ғасырда оңтүстік өңірдің Ақөзек деген шағын ауылында Дүтбай, Құтбай деген екі бауыр өмір сүреді (Есімдері өзгертіліп алынған). Отызыншы жылдардың ашаршылығы мен зобалаңын көріп өскен қос бауыр, одан да кейіннен орын алған ауыр әрі қиын замандарды да бірге көреді. Қырқыншы, елуінші жылдар ішінде елді ашаршылық жайламаса да, заманына сай қиыншылықтар көп кездесіп мал мен астық тапшылығының тауқыметтерін тартса керек. Осы жағдайлар және бес-алты баланы асырау мәселесі Құтбайды біраз ширықтырып, пісіреді. Оның ағасы Дүтбайда бала болмайды. Оның күнделікті кірісі кемпірімен екеуіне жетерліктей ғана болғанына қанағат тұтқандықтан ба, әлде Алланың берген мінезі солай ма әйтеуірі, аса белсенділік таныта қоймайтын томаға тұйық, момын кісі болса керек. Құтбайдың әйелі бала көтергіш болып бес-алтымен шектелмей, Алланың берген сәбилерін кезек-кезегімен өмірге әкеліп жатса керек. Осы бала-шағалардың қағанағы қарық болмаса да, тамақтары тоқ болуы үшін Құтбай күндіз-түні шарқ ұрып, елдермен тіл табысып бірін алдап, екіншісін арбап, үшіншісімен дос болып дегендей әжептәуір абырой жинап, ел арасындағы пысық белсенділердің бірі бола бастайды. Осы кезеңдерде азық-түлік мәселесі ушығып, елге астық белгілі бір өлшемдермен ғана таратылатын кез келеді. Пысықай Құтбай астықтарды елге өлшеммен бөліп беріп отыратын белсенді болып шыға келеді. Өлшемнің басты құралы ретінде Құтбайға үлкен көк күрешке (кружка) тапсырылып әркімнің отбасы санына қарай бір, екі немесе бірнеше күрішкеден астық бөлінеді. Әрине қамбаның кілті қолына тиген Құтбайдың асығы алшысынан түсіп, домаланып қондана бастайды. Кейбіреулердің сөзі тиіп немесе мінездері ұнамай қалса, айтқанын істей қоймаса, көк күрішкенің өлшем мөлшері түсіп кетіп отыратын кездер кездесіп, дандайси бастайды. Дегенмен өз ісін жақсы білетін Құтбай көпке тізесін батырса да сыртқа қаңқу сөз шығартпай тірлігін тап-тұйнақтай етіп реттеп отыратын талантын осы кезде көрсете бастайды.

Күнделікті белгіленген уақытта астық таратылады. Оған кешігуге болмайды. Ол Құтбайдың хатқа түсіртпей бекітіп қойған қағидасы. Кешіккендер астықтан құр қалады. Астықты уақытылы алу үшін елдің барлығы кезекте тұрады. Осы кезекте ағасы Дұтбай да тұрады. Кезегі келіп табағын тосса, Құтбайдың көк күрішкесі орталанып, күрішкенің ортасына жетер-жетпес мөлшерде ғана астық құйылатын көрінеді. Өзімсініп барған Дұтбайдың тауы шағылып, көңілі түсіп:

– Құтбай-ау, ең болмаса елге берген мөлшермен бірдей етіп кішкене болса да толтырыңқырап берсеңші, – десе, Құтбай:

– Әй, сен кемпірің екеуіңе осы да жетеді. Асырай алмай отырған балаларың да жоқ! – деп бетін қайтарып тастайтын көрінеді. Туған інісінен мұндай ауыр сөзді естимін деп ойламаған Дұтбай іштей мұңайып:

– Құтбай-ау, мұныңнан кубассың дегенің жеңілірек тиер еді ғой! – деп көзі жасқа толып, теріс айналып екі иығы бүлкілдей кемседеп үйіне қарай бет алатын көрінеді.

Осындай заман мен інісінің қыспағынан құтылып, кеңдеу заман орнаған кезде Дұтбай да айы оңынан туып ел қатарлы қондана бастайды. Есік алдында оншақты қой-ешкі, бір-екі сиыр малы мен жүріске жарамды жылқы баласы да пайда болады. Ағасының қондана бастағанын көрген Құтбай да оның сөзін жықпайтын болып алған. Бірде ерте көктем кезінде, ағалы-інілі екеуі аудан орталығына баратын жұмыстары болып, ауылдан қырық шақырымдай жерде орналасқан Ақкөл елді мекеніне салт атты болып жүріп кетеді.

Аудан орталығына ерте келген олар жұмыстарын бітіріп көтеріңкі көңілмен кері қайтса керек. Ауылдарына жақындай бергендерінде шалқып арыны дес бермей ағып жататын Талас өзенінің тасып кеткенін байқайды. Талас өзені Қырғыз Алатауынан бастау алып, Мойынқұмның оңтүстік жағын тілгілей өтіп, суы мол кезінде Шу өзенінің арнасымен тоғысып бір арнасы Арал теңізіне құйса екінші арнасы Сарысу өзенімен жалғасып Нұра өзеніне дейін жетіп жататын ағысы қатты өзен. Көктем айларында тау суы молайып тасығанда, бұл өзеннің, он бес-жиырма шақырым аралықта ілуде бір жерінде ғана өткел бермесе басқа жерлерінен адам да, мал да өте алмайтын асаулығын елдің

бәрі біледі. Міне, сол өткелдердің біреуі осы кісілердің ауылының тұсында орналасып, ары-бері қатынасқа жарап тұрады. Бұл өткел де тасыған кезде адамдар мен малдардың анау-мынау осалдарына дес бермей ағызып алып кететін мінезі бар. Өзен тасып кеткен. Ағайынды екеу абдырап тұрып қалады. Түс ауып, кеш уақыты қылаң берген шақ. Ертерек елге жету керек. Өзен өткелі қауіпті. Өзенді кешуден басқа амал жоқ. «Тәуекел түбі желқайық өтесін де кетесін, қорқақтың түбі тұңғыық батасың да кетесін» демекші, неде бола тәуекелге бел буып, өтуге бел байлайды. Өткелдің оңтүстік жағасы жайпақ, кешуге ыңғайлы. Солтүстік жағасы да жайпақтау болып келгенімен үш-төрт метрден кейін жарқабақтау. Кең өткелдің арнасы, өзен бойы ұзындығы да әжептәуір. Екі аттылы өзеннің ағысын бойлай жоғарырақ барып кешуге бел байлайды. Ондағы ойлары қатты ағыс ағызған күнде де қиғаштай жүзе малтып өткелдің арғы шетінен асып кетпей жағасына жету.

Нар тәуекел. Аттарды өзенге салады. Алғашқыда қорқақтаған жануарлар сауырларына қамшы тиіп, жүгендері суға қарай икемдей түскесін, Дүтбайдың жараулы аты бірінші болып өткелді кеше алға ұмтылады. Дүтбайдың еңсесі биік, қарымы мықты жараулы аты бауырынан асып жон арқасына жеткен судың ағысына да бой бермей арғы шетке оп-оңай жетіп жарқабақтың үстіне шығып кетеді. Құтбайдың осалдау әрі тапалдау атының табаны андасанда жерге бір тиіп, бір ағып, суға бір батып бір шығып, ағып жүзіп, ағып жүзіп келе жатса керек. Суға ағып кетемін ба деп зәресі қалмай жанұшырған Құтбай өткелдің орта тұсына келгенде, бар даусымен:

– Дүтбай, көмектес! Дүтбай, Дүтбай көмектесе гөр! Ағып барамын, – деп

шырылдап, жан дауысы жаханға кетіп жатса керек.

Сөйтсе Дүтбай жағадағы жарқабақтың басында жараулы атын ойнақтатып жіберіп, ердің басына жүгенін іле түсіп, екі қолды бүйірге таяна шалқайып шірене тұрып:

– Әй, Құтбай? Көк күрішкен құрыған! Көк күрішкен құрыған!  
– деп қасқая қарап тұрыпты.

Дүтбай інісіне деген өкпесін осылайша айтып жеткізіп, кеткен өшін бір қайтарыпты. Құтбай болса бір ағып, бір шығып жүріп өткелден өтіңкіреп барып жағаға шыққан екен.



## **АХМЕТ ПЕН АМАН**

Біздің ел жақта Ахмет пен Аман деген ағайынды екі кісі өмір сүрген. Үлкені Ахмет, совхоздың белсенділерінің бірі. Бригадир болып жұмыс істеген. Салмақты, тұйық мінезді кісі. Тау қозғалса да қозғала қоймайтын кісілердің бірі. Өз ісіне мығым. Аман мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалім. Ахмет сияқты салмақты емес, қайта жеңілтектеу мінезді қағылез жан. Алла адамға мінезіне сай дене құрылысын бере ме әйтеуірі Ахметтің салмақтығына орай денесі де қомақты, ал Аман ішегіне шыр біте қоймайтын сидан, жұқа кісі. Аманның қолы жылдам. Қағаберісте жатқан нәрселерді қағып алып кете беретін мінезі бар.

Ұрлық істеуге машықтанып қалған Аман түн ішінде жортуылдаумен болады. Әсіресе совхоздың жем-шөбін ұрлауда алдына жан салмайтын майталман. Олай дейтінім, оның супер арбасы бар. Ол арба елдікі сияқты шикылдау дегенді білмейді. Доңғалағы күнделікті майланып, ағаштары шықырламас үшін араларына шүберектер мен маталар салынып жасалған. Арбаға жегетін есегінің тұяғына арнайы тіккен киіз байпағы бар, жүрісі білінбейді. Аман түнімен осы арбамен жем-шөп тасып шығады. Қаншама майталман болса да оның бұл тірлігі елге белгілі болып жайылып кетті. Балалары да әкесінен көргенін істеп басқа балалардың велосипетін, доптарын, басқа да заттарын ұрлайтынды шығарды. Елдің ауызынан «Аман ұры» деген сөз түспейтін болды. Осы сөздерді естіген ағасы Ахмет намыстанып інісінің үйіне келіп Аманды ұстап басын екі бұтының арасына қыстырып алып, ашулана сабап жатқан көрінеді:

– Сен осы ұрлығыңды қашан қоясың. Елге масқарамды шығарып біттің ғой. Ай, атаңа нәлет-ай.

– Ойбай, ағатай. Болды енді. Бұдан былай ұрлық істемеймін, – деп Аман шырылдайтын көрінеді.

– Жоқ мен сенің сөзіңе сенбеймін. Жасың болса елуден асып, елағасы болатын уақытың келді. Ал сен болсаң ұрлығыңды қоймайсың. Малың да табысың да жеткілікті. Осы саған не жетпейді, айтшы маған, – деп ағасы ашуға булығы ұрып жатса,

қанша дегенмен қағылез адам ағасының бұтының арасынан лып етіп шығып кетіп, алысыраққа барып баласы Қуатқа айқайлап:

– Әй, Қуат, дайында ана арбаны, кешке шөпке барамыз, – деген екен. Айтқан сөзін өткізе алмаған ағасы:

– Қой, сөзімді қор етпейін. Мынаған дауа жоқ екен, – деп бұрылып жүре беріпті.

Арада біраз уақыт өтеді. Ел қорадағы қой-ешкілерін таңертең шығарып өріске жіберіп, кешке күтіп алады. Бұл күнделікті қайталанатын құбылыс. Уақытында малдың алдынан шықпасаң кейбіреулері басқа үйдің малдарына қосылып кетіп қалады. Сосын оны әр қорадан іздеп жүргенің. Осындай күндердің бірінде Ахметтің балалары малдың алдынан шығуға кешігіп қалып, бір қойы Аманның қорасына кіріп кетеді. Аман оны дереу ұстап алып сойып тастайды. Ахмет бала шағасымен сабылып, қора қалдырмай іздеп қойын таппайды. Шаршап шалдығып кештете үйлеріне келеді. Ахметтің әйелі Амандардың үйі тамаққа шақырғанын айтады. Қойды таңертең мал шыққанда іздестіруді жалғастырмақ болып, бәрі жиналып Аманның үйіне барады. Аманның үйінде бұрқырап ет пісіп жатыр. Барлығы шәй ішуге отырады. Неше түрлі әңгімелер айтылып, көңілді отырыс жалғасады. Міне, ет те дастарханға әкелініп ортадан орын алады. Үйдегі ең үлкен сыйлы адам ретінде Ахметтің алдына бас тартылады. Ойында мысқалдай да күдік жоқ Ахмет қойдың басын қолына алып мұжи бастайды. Балаларға құлағын кесіп бермек болып, пышағын құлаққа жақындата бергенде көзі құлақтағы енге түсіп кетеді. Мына қойдың ені өз малының еніне ұқсағанына таңғалып:

– Мына қойдың ені біздікнен аумайды екен, – десе, Аман:

– Жо-о-оқ өзіміздіке. Сойып алғасын Сіздерге ауыз тигізейік дегеніміз ғой, – деген екен еш шімірікпестен.

– Әй, Аман. Мынау біздің ен ғой. Ей, Болат балам. Қарашы міне, мынау біздің ен емес пе, – дейді Ахмет. Баласы үңіле қарап:

– Ия, әке біздің ен, – дейді.

– Жо-жо-жоқ, өз малымыз, – дейді Аман бет ауызы бүлк етпей. Ахмет отырған орнынан тұрып:

– Кәне, Аман. Тұр орныңнан. Жүр терісін көрсет, – дейді.

– Терісі. Терісі. Әй қатын. Терісі қайда еді. Бағана иттер тартқылап жатқан сияқты ма еді, қалай, – деп Аман мінгірлейді де қалады. Табан астында не айтарын білмей сасып қалған әйелі:

– Білмеймін, бағана балалар шоланға тастап жатқан, – деп шындығын айтып қояды. Ахмет Аманды алып, бала-шағасын ертіп шоланға келіп қой терісін таптыртып қарап өз қойының терісін таниды.

– Әй, атаңа нәлеті-ай, сенен-ақ күйдім ғой, – деп Ахмет балаларын ертіп бұрылып жүріп кеткен екен.

Сөйтіп Аман жарықтық ағасының қойын ұрлап алып өзіне жегізген ғой. Ол бұл қылығын қартайғанша қоймай жалғастыра түсіп, бір күні ауыл дүкеніне терезесін сындырып түсіп, самсып тұрған арақтарға қызығып кетіп, бір шишасын ашып ішіп, дүкен ішінде мас болып ұйықтап қалып, таңертең дүкеншінің қолына түсіп қалған екен.

Аман кейіннен басқа елді мекенге көшіп кетті де оның тірліктері ұзақ уақыт ауылдықтардың әңгімесі болып барып, біртін-біртін басылды.

## **САРАЛА СИЫР**

XX ғасырдың сексенінші жылдарының басында Кеңестер одағының дүркіреп тұрған шақтары. Горбачевтың «бет-бұрыс» бағдарламасынан бұрын Брежневтің «коммунизмге» жол тартып бара жатқан кезеңі. Қазақ жерінің барлығына жуығын тың жер ретінде игергізіп қана қоймай, одан қалған сортаң, құмақ жерлерге дейін егін еккізіп, жұртты әбігерге түсіріп жатқан кезең. Далада айдалмаған жерлерден тек қана таулы-тасты, тас қыртыстары жер бетіне шығып, «не ексең де өсірмеймін» дегенде кейіп танытып бетін күнге қақтап, төсіндегі түкті шөптерін сары аладан қоңыр түске дейін бояй түсіп, желдің өтіне қалқан етіп, тас түйін тәкаппар мінездерін көрсеткендер ғана қалған. Егістіктің бір бұрышы ауылдың шетіне дейін жетіп, кезіндегі колхоздандыру науқанынан зардап шеккен қазақ байқұстардың мына тірліктен де тыныстары тарылып, аздаған ұсақ тұяқтарын жаятын жер таппай қиналысқа түскен шағы.

«Заманына қарай орамы болады» деген осы да, осы жылдары біздің үйдің сиыры сүп-сүйкімді етіп бір сарала бұзауды төлдеді. Жанұямыздың ең кенжесі Тәжен қарындасым, әлі он үшке тола

қоймаған, әлгі бұзауды «Юнка» деп атап, тіпті оны жақсы көргені соншалықты таңның атысы мен күннің батысына дейін мәпелеп қасынан шықпай бірде жем берсе, енді бірде сиырдың сауылған сүтін ішкізіп, жұмсақ шөптерді аузына тыққыштап, өзімен бірге жем-шөп тұрған қора-қопсы мен қоймаларға алып кіріп, құдықтың мұздай суын беріп бәйектеніп жүріп өсіре бастады.

Уақыт деген зымырай озса, онымен таласа тіршілік иелері де жапа тармағай өсіп жетіліп жатады. Сол сияқты сарала бұзау да жақсы күтімнің арқасында айналдырған төрт-бес айда әжептәуір көтеріліп жетіліп қалды.

Үйдегі жем-шөптің жылдам азайып бара жатқанын Тәженнің бұзауын күнделікті баптауынан келіп жатқан шығын болар деп аса мән бере қоймадық. Осылайша жүріп жатқанда мектептің жазғы каникулы басталып, Тәжен Үшарал деген ауылдағы нағашыларына қонаққа кетті.

Арада бір-екі күн өткеннен кейін есік алдында жайкала өскен талдардың көлеңкесіне салынған тапшанның үстінде, түскі уақытта, тынығып ұйықтап жатқанмын. Әкем тірі кезінде төбесін шатырмен жауып жаңа үй тұрғызып берген. Бұрынғы ескі қазақы жайпақ төбелі жайдақ қоржын тамның бір бөлігі, малдардың жемдерін сақтайтын қойма болды да, екінші бөлмесі құрал-жабдықтардың еншісіне тиген. Сол жақтан шыққан сылдырлаған дауыстан оянып кеттім.

Ұйқылы ояу көзімді жыртита ашып қарасам, көзіме сарала бұзау қойманың есігіне сүйеніп тұрғандай көрінді. Бұл неге сүйеніп тұр деп көзімді қайта уқалап жіберіп қарасам, «О тоба!» бұзауым кәдімгі екі қолы жоқ адам сияқты, тұмсығымен есіктің ілгегін көтере ағытып, есікті тұмсығымен итеріп жатып айқара ашып ішке кіріп кетті.

Орнымнан жәйлап тұрып аяғымның астын сыбдырлатпай басып барып есіктен тығыла қарасам қаптың аузын тұмсығымен түртпектей ашып жей бастады. Бұл бұзау қаншалықты жер екен, деп оны үркітпей, жәй ғана басып орныма келіп жаттым. Екі көзім есікте. Арада бес-алты минут өткеннен кейін есіктен Юнканың тұмсығы көріне бастағанда көзімді жұма түсіп, қиығымен

ғана қарап жаттым. Юнка есіктен шықты да, қайта бұрылып тұмсығымен итеріп есікті жапты.

Мынау шынында да ақылды бұзау, деп риза болып отырғанымда, тұмсығымен қайта-қайта итергіштеп жатып есіктің ілмешегін орнына салғанда таңданыстан аузым ашылып қалды. Ал, ол болса жан-жағына қарап алды да жөніне кетті. Мен орнымнан тұрып барып ілгішекті көрсем сол баяғы ашылмаған қалпы сияқты. Есікті ашып ішке кірсем, жем шашылмаған, қапшықтар сол қалпында тұр. Аузы ашылған қапшықтың деңгейі сәл ортая түскені болмаса, басқа бұзылған ешнәрсе көрінбейді.

Ол өзіне тиесілі норманы ғана жеген сияқты. Неткен ақылдылық десеңші! Мұндай ұрлыққа түскен адамдарда да осынша тойымшылдық пен қанағат бола бермес, болса да өте сирек кездесер. Юнканың бұл әрекеті қайталанып тұратын болды. Бұзау өсіп, сыртқа шығып жайылуға шамасы жететін уақыты келгенде ауылдың басқа бұзауларымен бірге өріске шығарып жүрдік.

Біздің Юнка момақан сияқты. Танертең бұзауларға қосылып өріске шығады, кешке бірге қайтады. Жолын адаспай тауып, уақытылы келетіні соншалықты, тіпті кейінгі кездері алдынан күтіп алуға да шықпайтын болдық. Арада күйбең тірлікке толы жайбарақат күндер өтіп жатты. Әлі есімде, бір күні түс әлетінде жұмыстан оралып түскі асымызды ішпек болып жатқанымызда, сырттан:

– Қалампыр, Әй Қалампыр, – деген бір ащы дауысқа анам Қалампыр екеуіміз сыртқа шықсақ, ауыл сыртындағы бидай егістігі алқабын қорып жүрген қарауыл Мажыра деген кісі екен. Жасы біразға келіп қалған үлкен кісі. Астындағы аты да жар аулы екен, ауыздығын қашырлата шайнап байыз таппай, жүгенімен алысып тыпыршып тұр. Жүгіріп барып сәлем бердім. Менің қолымды ала салды да:

– Әй, Қалампыр, ана бұзауыңды неге бетімен жібересің? Неге бұзауларға қоспайсың, – дегені.

– Қалайша? Күнде қосамыз. Кешке бұзаулармен бірге келеді, – дедім мен апамнан бұрынырақ сөйлеп.

– Қоссаңдар, ол анау бидай алқабында не бітіріп жүр? – деп сұрақ қоя сөйледі.

– Әй, Мажеке, Сіз не айтып тұрсыз? Алдыңда тұрған балам саған бұзаулармен бірге жүр деп айтты ғой.

– Қайдағы жүрген. Ол, ана егістіктің ішінде жүр.

– Басқа бұзаумен шатастырған боларсыз.

– Неге шатасайын, сендердің сарала бұзауларың ғой.

– Біздікнен де басқа сарала бұзаулар бар емес пе?

– Жо-жоқ сендердікі.

– Ендеше, ол қайда?

– Қашып кетті.

– Қайда?

– Қайдан білейін. Осылай қарай кетті ғой! Мен жеткенімше жым-жылас жоқ болып кетті.

– Үйге бұзау келген жоқ. Сенбесеңіз қора-қопсыны қарап шығыңыз. Алыстан көріп пе едіңіз?

– Ия, алыстан байқап қалып едім, жеткенімше жоқ болды.

– Сізге солай көрінген болар.

– Жоқ, анық көрдім. Оның үстіне бұл бірінші рет көргенім емес.

Сондықтан ескертейін деп келдім. Енді көрсем қамап қоямын.

– Маған жоқ нәрсенің несін айтып тұрсыз. Ұстап қаманыз. Сосын сөйлесе жатармыз. Әлі белгісіз ғой ол бұзау менікі ме? Әлде басқа біреудікі ме? Одан да аптығыңызды басып, аттан түсіп шәй ішіңіз, – деді апам.

– Жоқ, рақмет. Мен оны бәрібір ұстаймын деп, – Мажыра жолымен кетті.

Дегенмен, Мажыраның келуі жиілеп кетті. Бірақ нәтиже жоқ. Юнканы ұстай алмайды. Осы кісінің айтып жүргені шындыққа жанасар ма екен деп бір күні атымды ерттеп алып, ерінбей, жалықпай бұзауымның артынан бақылауға көштім. Ара қашықтығымыз әжептіреу. Көз жететін жерде жүрмін. Міне, топ бұзау ішінде келе жатқан біздің Юнка кәдімгі адамдарша жан-жағына маңғаздана қарап алды да, басқалардан бөлініп егістікке қарай беттеді. Егістік ұзақ емес. Жылдам-ақ жетіп қалды. Дөңестеу бір жерге тоқтап, жан-жақта ешкім жоқ па, дегендей қарап алды да егістікке кіріп кетті. Асықпай аралап жеп жүр. Анда-санда басын көтеріп жан-жағына қарап алады да, ары қарай тірлігін жасай береді.

Арада екі сағаттай уақыт өткенде алыстан Мажыраның салт атты сұлбасы көрінді. Юнка басын көтеріп оны көрді де егістіктен шыға бастады. Мажыра да оны көзі шалып қалған екен, атымен шоқақтай жөнелді. Оны байқаған сарала жүгіре жөнелді. Мына, екеу ара арпалыс немен бітер екен деп алыстан қарайлап тұрдым. Бұзаудың қашқанын көрген Мажыра шаба жөнелді. Юнка сол жүгірген қалпында ауыл сыртындағы қалың, аттың бойымен бірей топ шеңгелдің ішіне кіріп кетті.

Бұл топ шеңгел ауылдың дәл іргесінде орналасқан. Солтүстік бетінде қалың талдар, сәл ары совхоздың машина-тракторларына арналған үлкен гараж. Батыс бетінде мүрделер қорымы, одан ары егіс алқабы. Егістікке су жеткізу үшін салынған үлкен оман арық қалың шеңгел, қорым, талдарды гараж бен қырманнан бөліп жатыр. Арық ұзына бойы дөңесте орналасқандықтан, екі жағалауынан ары қарай деңгейлері төмендеп кетеді. Жақыннан болмаса, алыстан қараған адамға, арықтың арғы бергі жағында не болып жатқаны көріне қоймайды.

Міне, сол дөңестің кесірінен Мажыра қашқан бұзаудың қайда кеткенін көре алмай оман арықтың үстінде шыр айналды да қалды. Мына оқиғаны сырттай бақылап тұрған мен ішегім қатқанша күліп, бұзауымның тапқырлығына риза болып тұрдым. Мажыра тапжылмай жарты сағаттай жан-жағына алаңдай қарап тұрды да түк шықпағасын ары қарай қайтып кетті. Бұл кезде тойып алған Юнка жәйбарақат шеңгел түбінде күйіс қайырып жатқан еді. Ол енді асықпайды. Мен де оны түсініп, түскі ас ішуге үйге кеттім.

Түскі асты ішіп, біраз демалып алғаннан кейін аңдуды жалғастыруға тағы шықтым. Бағанағы оқиғаны байқаған жеріме қайта келдім. Мажыра менен біраз бұрынырақ келген бе әлде үйіне түскі асқа бармай қайтып келді ме, әйтеуірі сол манды айналшықтап жүр екен. Біраз жүріп түк таппағасын басқа егістіктер жаққа бұрылып кетіп қалды. Біздің Юнка да соны аңдып тұрғандай топ шеңгелден шығып, егістікке беттеді. Енді оған бөгет болатын ешкім жоқ. Мажыра басқа егістіктерді аралап кетті. Бұзау молынан кірісті. Анда-санда басын көтеріп жан-жағына қарайлап қояды.

Міне, қызық. Әбден тойып алғаннан кейін бидайықтан жайлап басып шығып бұзауларға барып қосылды. Қандай ақылды жануар. Осы жүрісін тура біреу үйретіп қойғандай. Енді солармен бірге үйге келеді. Кешке дейін не бүлдіргенін білдірмей бар бұзаумен бірге қайтады.

Юнка кешке кәдімгі күнәсіз, еш кіршіксіз момақан қалпында бұзаулармен ілесіп үйге келді. Ұстап алып басынан сипап ұзақ тұрдым. Ол маған еркелеп, басын көтеріп, бетімді өзінің бұжыр-бұжыр тілімен жалап қояды.

Бұзауды ұстай алмаған Мажыра ойлана келіп өз қателігін түсінді. Бұзаудың қайда кеткенін көру үшін, оман арықтың оңтүстік бетінен келуі керек. Ойпаңмен барса, егістіктегі бұзау оны көрмей қолға түсуі мүмкін. Осы мақсатын іске асырмақ болып оман арықтың оңтүстігінен, қалың тал жағынан сопаң етіп шыға келеді. Оны сол кезде ғана байқаған Юнка қаша жөнеледі. Із суытпай артынан жараулы атымен шауып жеткен Мажыра бұзаудың алдын кесіп «ал енді не істейсін, бәрібір қамаймын» дегендей қуана қуа жөнеледі. Бірақ, өкінішке орай бәрі Мажыраның ойлағанындай болмайды. Сарала, кәдімгі кәсіпқой футболистер сияқты, оның алдынан бұраландай қашып жүріп шеңгелдерге жақындай түседі. Шеңгел бір жағынан қалқа болып, бұзау оның ішіне кіре алмай айдауға жеңіл болады деп ойлаған Мажыра, басқа жақтарынан қақпалап айдай жөнеледі. Саралаға да сол керек еді. Топ шеңгелге келген кезде өзі ғана білетін соқпағы арқылы ішіне енеді де кетеді.

Қалың шеңгел арасынан атты адам тұрмақ жайдақ аттың өзі де жүре алмайтын еді. Мажыра ары бері айналып, ештеме істей алмай балағаттай боқтап біздің үйге беттейді. Ал сарала үйренген жеріне жайғасып, күйісін қайыра бастайды. Мажыра біздің үйге алыстан айқайлай, ақыра келеді. Әбден ызаға булыққан ол:

– Әй, Қалампыр? Сенің ана жалмауыз бұзауың совхоздың бүкіл егістігін жеп тауысатын болды. Оны не үйінде ұстап отыр. Болмаса әкесінің... атып өлтіремін, – деді.

– Әй, Мажыра? Не айтып тұрсыз? Ол бұзау не істеп қойды сонша айғайлайтындай. Аптықты басып, жөндеп түсіндіріп айтыңыз, – деді апам. Мажыра негізінде иіні жұмсақ, момындау, адамгершілігі бар кісі еді. Айғайын тоқтатып, жайбарақат жағдайға түсті.



– Ана сарала бұзауың бәле болды! Қайда жүрсем де соны салпақтап қуамын да жүремін. Өзі өмірі ұстатпайтын сүмелек екен. Ойпырмай осынша жасқа келгенше мұндай жануар көрген жоқпын. Қалың егістің ішінде жүріп мені алыстан таниды-ау. Көре салып тұра жөнеледі, жете алмай қаламын.

– Мажыра-ау, мен қайдан білемін. Танертең бұзаулармен кетіп, кешке бірге келеді. Өткен жолы бір айтып кеттіңіз. Одан кейін де қылышыңызды жалаңдатып талай келдіңіз. Сізді түсінбеймін, тағы келіп отырсыз. Егістікке түссе ұстадыңыз ба енді? – деді апам.

Шынында да апам бұзаудың не істеп жүргенін білмеуші еді. Мен әлі айта қоймағанмын. Ішім молда болып жүрген.

– Қалампыр-ау, жаңа айттым ғой, ұстатпайды. Ауылдың сыртындағы топ шеңгелге кіріп кетеді.

– Енді маған не дейсіз? – деді апам рахаттана күліп алып:

– Ат үстіндегі азаматқа ұстатпаса маған қалай ұстатады. Жау қысқандай, айналамызда мал жайылатын жер қалдырмай, бәрін егістікке айландырса, мен не істей аламын? Ол мал ғой, адам емес айтқаныңды түсініп, ақылыңды тыңдайтын. Мен үйде ұстап отыра алмаймын. Қайтем енді, ұстап алыңыз да, қамап қойыңыз...

– Енді түссе айыппұл төлетемін.

– Ұстап қамасаңыз, төлерміз, басқа амал жоқ.

– Мен оны бәрібір ұстаймын. Сол кезде айтпады деп ренжіме!

– Естіп отырмын ғой.

– Жақсы онда, – деп Мажыра жайына кетті. Апам да ойланып қалғандай:

– Әй, Мырзаш! Әлгі не деп кетті? Ана Юнканы байқашы, шынымен егістікке түсіп жүр ме? – деді.

– Ой, апа, қорықпа. Ол шынында да егістікке түсіп жүр. Бірақ ол оған ұстатпайды. Өткен жолы Мажыра келіп еді ғой. Содан бері мен де байқап көріп жүрмін. Ол Мажыраны үнемі жынды етіп кетеді. Сенің бұзауың өте ақылды, адам сияқты.

– Ойпырай, ә! Қалайша атты адамға ұстатпайды?

– Ол сондай. Керек десең кез-келген есікті ашып, жем-шөптерді жеп, есікті қайта жауып кете береді.

– Не дейсің? Сондайы бар ма? Оны ұстаса айыппұл салады ғой. Анау ұстамай қоймаймын деп кетті ғой.

- Айта берсін. Оның ұстатпайтынына менің көзім толық жетеді.
- Сонда да, абайла балам, ұстап алып жүрмесін.
- Құп болады!

Сонымен күндер өтіп жатты. Сарала бұзау егістікке түскенін, Мажыра оны аңдуын қоймады. Бірақ сарала, орақ науқаны біткенше ұстатпай-ақ кетті. Ол өсіп тана, одан сиыр болды. Бірақ әдетінен танбады. Мажырадан кейін де талай қарауылдар ұстай алмай, құр әурешілікке салынды. Көктем, жаз айларында нәпақасын егістіктен табады. Күзде қырманнан, қыста қора-қопсыдан табады. Күзде, егіс орылып дәндері гараждың арғы бетінде орналасқан совхоздың қырманына құйылады. Осы кезде біздің сарала сиырдың да науқаны қоса жүреді.

Ауылда сиырларды бағу үшін арнайы табын құрылып сиыршыға әр үй өз үлестерін төлеп бақтырады. Біз де ел қатарлы бадаға қосамыз. Бірақ біздің Юнка ауылдан шыққанша көп тобырдың ішінде момақан қалпымен кетіп бара жатып, сиыршының көзіне түспейтіндей бір қалтарыста мүмкіншілігін тауып, пададан жәйлап бөлініп шығып, әлгі қырманға қарай бүлкілдей жөнелетін көрінеді.

Қырманға жеткесін оны айналдыра қоршаған темір торды айнала жүріп осалдау жерін тауып алып, сәл арырақ барып, бүкіл қырман көрінетін жерге жатып алып, қырман жақты бақылайды екен.

Қырманның қызу тірлігі түс әлетінде тоқтап, бар жұмысшылар түскі тамаққа кетіп ешкім қалмаған кезде орнынан тұрып, әлгі осал жерді мүйізімен орамдарын шеше тесіп, жайбарақат ішке еніп астықтан емін еркін жеп, адамдар келетін уақыт жақындағанда, кірген жерінен қайта шығып тесікті мүйізімен қапсыра жауып жөніне кетеді екен. Осылайша қоңыр күз келіп, қырман аяқталғанша жүретін көрінеді.

Дегенмен қырманшылар қоршаудың кем кетігін аралап, әлгі тесіктерін жамап қайта бітеп кетсе, ол басқа осал жерді тауып, өзіне есік жасап алатын көрінеді. Оны көрмеген адамдар тесіктің қайдан және қалай пайда болатынын білмей дал болады. Қырман қарауылдары аңдып жүріп, мұның барлығы сарала сиырдың тірлігі екеніне көз жеткізіп таңқалады. Қырман ішінде жаяу

жүрген карауылдар оған жақындай берсе сыртқа қашып кетеді, ұстатпайды. Қырманшылар арасында «Ойпырмай, Қалампырдың мына сиырының ақылдысын-ай!» деген ұғым қалыптасыпты.

Сонымен қырман бітіп, Юнка ауыл үйлерінің қора-қопсысына көшеді. Ол замандарда көп нәрселермен қажеттіліктерге тапшылық болса да елдің пейілдері тарылмаған, қазақы кеңқолтық, көңілжай мен сенімділік, береке-бірлікті кез еді. Ешкімнің қора-қопсы, қоймаларына құлып салынбай ілгішектерге ілініп тұра беретін. Тіпті, алыс ауылдарға қонаққа келсе де құлып салынбай сыртқы дарбазаның өзі де ілгішекке ілініп, болмаса шыбық қыстырып кете береді. Ол үйге ешкім кірмейді де, тиіспейді. Осы кең қолтық кезді сарала сиыр керемет пайдаланатын.

Алғашында біз ел-жұрттан сарала үшін ұялып қайда баратынын аңдып жүргенімізден түк шықпағасын оның жүрісін бақылауды қойдық. Ал, Юнка бұзау кезінен қалыптасқан әдетімен ауыл көшелерін аралап жүріп, кімнің үйі жабық тұрғанын, кімнің үйінен адамдар шықпай жатқанын, кімнің үйінде, қай жерде жем-шөп барын кәдімгі шпиондар сияқты аңдып біліп алып, артынан сол үйлердің дарбазасын ашып кіріп, одан қоймаларын, қора-қопсысын ашып, сақтап отырған жем-шөптерінен тойғанша жеп, есіктерін қайта жауып кетеді.

Жұмыстан, болмаса сапарынан келгендер қапшықтарындағы жемдерінің, шөптерінің азайып қалғанына таңғалысады. Есіктер жабық, мал түсті дейін десе бәрі тап-таза, жем-шөп шашылмаған, адам түсті деуге барлық қапшықтар мен жемдер орнында. Бұндайда таң тамаша болмасқа амал жоқ. Дегенмен ел құлағы елу демекші бір-бірінен естіп біліп, осының бәрі бір сиыр, біздің Юнканың тірлігі екені туралы құлақтана бастады.

Сараланың осы қылығын тоқтатпақ болып қаншама рет байлап та қойдық. Ол кейде байлауды да шешіп, қашып кететінді шығарды. Басында осы қылығын қызық көріп жүрген біз енді ашулана бастадық. Сараланы осындай іске әдейі үйретіп жүргендей жұрттың алдында қысылатын да жағдайға жеттік. Талай рет таяқтап алдым да, еш қайтпайды. Мен ұрсам, апам мен Тәжен екеуі «малды ұруға болмайды» деп шырылдап шыға келеді. Әбден ыза булыққан мен апам:

– Апа, осы сиырыңды сойып тастайықшы, мына елден ұят болды...

– Қой балам, несін соясың? Денесінде бір қырым етте, майда жоқ, – деді апам.

Шынында, қаншама жем жеп, елдің ығырын шығарып, күнделікті тойынып жүрсе де Юнканың бүйрегі бір шығып, жотасы қонданып көрген емес.

Салым, салым болып арықтықтан ілмиеді де жүреді. Мен мұның ішінде аскардалар болмаса глисталар ма, әйтеуірі бір пәлелер бар шығар деп ойлаймын.

– Онда анау үкіметке ет ретінде өткізуге елден сатып алып мал даярлаушы Кеңес Сапақов деген заготовителге өткізіп жіберелік, – дедім.

– Шырағым-ау, мына тыртыған немеден қанша ақша алам деп отырсың... Оның үстіне олар арық малды алмайды ғой!

– Сатпайсың менің Юнкамды, ол өте ақылды. Неменеге айғайлап тұрсың? Осыны ұстап алған біреу бар ма? Әркім айтты екен деп көзін құртасың ба? Бәрі өтірік айтады. Менің Юнкам ондай емес, бермеймін, – деді оның ең мықты қорғаушысы Тәжен.

– Балам-ау сауып отырған жалғыз сиыр. Соны да көпсінесің бе? Тәжен дұрыс айтады. Ұстап алған ешкім жоқ қой. Ауыздары жүйрік әйелдердің бір-екі сөздері болмаса, – деді апам. Қызымен екеуі осы сиырды жақсы көреді. Сондықтан жамандыққа қимай, қорғаштап отыр.

– Осы сиырдың не бүлдіріп жүргенін мен білемін ғой.

– Білсең, ол мұның ақылдылығы. Ешкімге ұстатпайды, деп өзін айттың емес пе? – дейді Тәжен.

– Ия, ол рас...

– Сен ұялмай-ақ қой. Сен ұрлық жасап жүрген жоқсың ғой. Ол мал ғой, кез-келген мал ашық-шашық жатқан жерге барып түседі ғой. Өздері мүліктеріне ие болсын, – деді Тәжен.

– Жарайды, қойындаршы! Сиырларың бір нәрсеге ұрынып жүрмесе болды, – деп сөзді бітірдім.

Кейіннен мен оқу іздеп ауылдан кеттім. Жыл сайын қаникул кезінде ауылға келіп жұмыс істеп келетін әдетім бар. Сол әдетіммен ауылға келсем есіктің алдындағы сиыр байлайтын

жерде сұлқ түсіп сарала сиыр жатыр. Үстіне осы күн ыстықта киіз, қапшықтар жауып тастапты. Алдында бір шелек тола су. Қасында шеті бұзылмаған, престелген шөп. Юнканың тұмсығы жер сүзіп жатыр. Көздері жұмулы, тынысы естілер естілмес. Бейне бір табан астында бұл өмірмен қоштасайын деп жатқандай.

Әшейінде қарсы алып, бетінді жалауға дейін бейім тұратын сиырдың мына түрін көріп шошып кеттім. Жаным ашып, отыра қалып басын сипап, көзін көтерсем де ешқандай тірлік белгісін көрсетпей сұлық күйінен айнамай жатыр. Не болғанын түсінбей үйге кірдім.

Үйдегілер бәйек ұшып, мені қуана қарсы алып жатыр. Аман-есендік сұрасып, мауқымыз басылғаннан кейін:

– Апа, мына сиырға не болған? Сұлқ түсіп жатыр. Күн ыстықта неменеге үстіне киіз жауып қойғансындар? – дедім.

– Ойбай, балам атама. Өліп қала ма деп қорқып отырмын. Осы төрт күндей болды. Біреу өртеп жіберіпті, – деді апам.

– Өртегені қалай?

– Біреу артынан бірнәрсе шашып, от қойып жіберіпті.

– Астафыралла! Сондай да бола ма?

– Ия, не болса да мына Шаруашылық ауылы жағынан келді. Көргендер, анау Аябектің Әбдірақымының үйі жағынан шықты деп айтады.

– Оған не бәле көрініпті? Мен қазір барып келемін.

– Әй, балам, аптықпа. Оны өртеген Әбдірахым ба? Әлде басқа ма? Ол жағы белгісіз. Бірақ сол ауыл, сол төңіректен шыққанын көргендер бар. Қай үйден шыққанын ешкім дөп басып айта алмайды.

– Ойпырмай, осындай да қатыгездік болады екен-ау! Неткен масқара?

– Мен есіктің алдында жүр едім. Көшенің бас жағынан бір өкірген дауыс шығады. Қарасам арт жағы алаулап жанып, сиырға ұқсас бірнәрсе шауып келеді. Ойбай, мынау не сұмдық дегенімше болған жоқ, жақындап келіп қалды. Ақырындап қарасам біздің Юнка екен. Шошып кеттім. Ол сол шапқан бойы менің алдыма келіп құлай кетті. Сасқанымнан есіктің алдында жатқан құрым киізді үстіне жаба салдым. От өшкесін жарықтық орнынан атып

тұрды да орнына келіп құлады. Содан бері бір тұрған жоқ. Алдына қойған жем судан бір ретте татып алған жоқ. Мал болмай ма деп қорқам.

– Сонда, сонау бір шақырымнан аса жерден тікелей үйге шауып келген бе?

– Ия.

– Соншалықты аямайтындай не бүлдіріпті?

– Әй, сол өзінің сұғанақтығынан болар. Біреуді әбден мезі еткесін ұстап алып өртеп жіберген-ау шамасы.

– Солай болар, түбінде бір ұсталған екен-ау! Дегенмен бұл ақылды сиыр. Басқалары болса қиналғаннан олай да бұлай да шауып талай жерді өртеп жіберер ме еді. Юнка болса тура үйге беттеген. Бір құтқарса иелерім құтқаратын шығар деп, үйге қарай шапқан ғой. Япырмай, соншама жерден алаулап келгеніне қарағанда аямай өртеген екен.

– Құтқаршы деп жалынғандай, тура алдыма келіп құлады. Сосын ет қызуымен тұра салып орнына барып жатқанын айтам. Әйтпесе есіктің алдынан тұрғыза алмас едік.

– Енді киіз, қапшықтар жауып қойыпсыз.

– Ия, екі жамбасы құйымшағымен қоса қатты күйген. Қып-қызыл болып қаны шығып тұр. Сол жерлеріне солидолды жағып, шыбын шіркей отырмасын деп үстін жауып қойғаным ғой.

– Апа, солидол дегенің ойып жібермей ме? Ветврачты шақырмадыңыз ба?

– Ол қалаға кетіпті. Еңбек демалысы дейді ме, бірдеме. Солидолдың ойып жатқан жоқ сияқты, қанталағаны басылып келе жатқандай.

– Жарайды, мен келдім ғой, бірге қарармыз, – дедім.

Сарала сиыр сол жатқаннан алты-жеті күннен кейін барып басын көтерді. Сол уақытқа дейін нәр татпаған ол, сәл ғана сыздықтатып су ішкен болды. Тағы екі-үш күн өткесін еңсесін көтеріп, шөп жеуге жарады. Артындағы жарасы қарақотыр болып біте бастады. Жарасы жазылып, денесіне жаңа тері пайда бола бастаған кезде дуылдата қышытатын болуы керек, жара орындарын жалап бетін ашып тастайтынды шығара берді. Апам екі ұзын құрық тауып, мойнын артқа бұра алмайтындай, жарасын жалай алмайтындай

етіп байлап тастады. Біраз уақыттан кейін ары-бері жүруге жарап, жем шөбін еркін жейтін шамаға келгесін босатып жібердік.

Ауру қалса да, әдет қалмайды демекші, Юнка баяғы әуеніне қайта басты. Елдің қора-қопсысы мен қоймасына қайтадан тыныштық бермейтін болды. Арқасына таңылған екі құрығы бейне бір солдаттардың асынып алған мылтығындай шошайып жүреді. Анадайдан көрген ел «Қалампырдың қарауыл сиыры келеді, абайландар!» деп алдын-ала қамданып, қора-қопсысын бекіте бастады. Ол сонда да есесін жібермей елдің жем-шөбінен нәпахасын тауып жүрді.

Бір жарым айдан кейін арқасы толық жазылып, құрықтарын шешіп алып тастадық. Тағы бір таңғаларлық жағдай, өмірі шыр бітпеген жануардың арқасы қомданып, оңала бастады. Тіпті, төрт-бес айдан кейін домаланып қалды. Мүмкін ішіндегі аскарида, глисталары ауырып дәм татпай жатқан оншақты күннің ішінде қырылып қалған болуы керек немесе бойын ісік жайлап бара ма деп те ойладым. Өйткені, сарала күн санап семіре бастады. Бірақ ісік болса шыдамай өліп кетер еді ғой.

Жазғы каникул бітіп оқуды жалғастыруға кеттім. Келесі жылғы жазда ауылға тағы келдім. Юнканың семіргені соншалықты есік алдындағы қақпаға сыймай қалған.

Бірде қызық болды. Ауылға Алматының бір жоғарғы оқу орнынан (қай институт екенін ұмытып қалдым) студенттер құрылыс отряды болып келіп, біздің үйден екі жүз метрдей жерде орналасқан совхоздың спорт алаңында саз балшықтан кірпіш құйып жатқан. Апам күнде түске таман соларға бір шелек айран, құрт, нан, сары май алып барып беріп жүретін. Көшеде кездескендердің апамнан:

– Мұныңыз не? – деген сұрақтарына:

– Әй, шырағым? Мына ыстық күнде күнге күйіп мына балалар арқа еті арша, борбай еті борша болып кірпіш құйып жатыр. Менің балаларым да осылардай студент қой. Олар да осылай, жарты құрсак болып жүрген шығар. Ата аналары да балам не істеп жүр, аш жүр ме деп ойлап жүр ғой. Осыларға берейін деп апара жатырмын. Сауабы балаларыма тиер. Бәрі таласып тармасып жейді, – деп жауап беретін көрінеді. Қайран, ана жүрек десеңші...

Апам осы тірлігін күнделікті ерінбей жалықпай қайталап, өз ісіне риза болып жүреді. Олардың жатын жері де бізден алыс емес. Сол студенттердің төрт-бес қызы басқаларына тамақ даярлайтын аспаздары. Апам оларға да барып тұрады. Бір күні түс уақытында сол жаққа беттеген апам қыздардың ойбайлаған дауысын естіп, не боп қалды екен деп жылдамдата басып барса, қыздар жылап жүрген көрінеді.

– Әй, балалар не боп жатыр мұнда? – деп сұрайды апам. Апам оларға жақсы таныс болғасын олар да бұқпаламай болған жағдайды айта бастайды. Біреуі апамды тура өз шешесін көргендей құшақтай алып, жылап тұрып:

– Апа, мынаны қараңызшы. Балалар қазір түскі тамаққа келеді. Біз мына үлкен қазанды толтырып борщ, ал екінші үлкеніне палау даярлап бетін жауып қойып, үйде демалып отырған едік. Енді шығып қарасақ жылан жалағандай екі қазанда бос. Қақпақтары жабық тұр. Бүкіл тамақтарды біреу ұрлап әкетіпті. Енді не істеміз, анау жүз шақты балаларға не береміз? – дейді.

– Қой шырағым, бұл жақта ондай істейтін ешкім жоқ. Жан-жақты барладыңдар ма? Ойпыр-ау, бұл бір ыңғайсыз жағдай болды. Өздеріңнің балаларың қалжындап құйып алған шығар, – дейді апам.

– Жоқ апа, барлық үлкен ыдыстар үйде. Соншама тамақты қайда құйып алады? Оның үстіне төңіректе ешкім жоқ. Балалар әлі келген жоқ, – дейді.

Апам жан-жағына қарап, анадай жерде жәйбарақат кетіп бара жатқан Юнканы көріп тілін тістей қояды. Не пәле келсе де, осы сиырдан келгенін түсінеді. Сиыр қазанның қақпағын ашып жаба алады деген ой қыздардың тіпті ойына да келмейтіні түсінікті. Апам қазандардың қақпағын ашып көреді. Тап-таза, тура біреу жуып сүртіп қойғандай. Қазан ыстық, қыздар жылап тұр. Не істеу керек?

– Қыздар үйге жүріңдер. Үйден сүт, айран, нан алып келіп, балаларға түсіндіріп айтып, соларды беріңдер, – деп оларды үйге ертіп келіп, беріп жібереді.

Соншама қайнап тұрған, ең аз дегенде жүз литр болатын тамақты шын мәнінде сарала сиыр қазан қақпағын кезек-кезегімен



ашып, ыстық күйінде жеп таусып, жалап жұқтап қақпағын жауып кеткен екен.

Сарала сиыр осы қылықтарының арқасында семіргені сонша, апам оны етке өткізуге алып барып өлшеткенде төртжүз елу келі тартып, жоғарғы сапалы ет қатарына қосылып екі-үш сиырдың бағасына бағаланса керек. Содан сол сиыр ауылда тағы бір айдай жүріп, қаладағы ет комбинатына алып барғанда бес жүз келі тартыпты.

Дегенмен, сарала сиыр мал ішінде ерекше ақылды жануар еді. Оның осы қылықтары әлі күнге дейін аңыздай әңгімеленіп ел ауызында жүр.

## БАЛЫҚ АУЛАУ ДА ӨНЕР

Мені бала кезімнен балық аулауға тәрбиелеген әкемнің туған ағасы Аязбек ата еді. Ол кісі балық аулаудың, әсіресе қармақпен аулаудың қыр сырын жақсы білуші еді. Сонау 1960 жылдардың басында ел, қыс бойы кем кетіктерін жөндеп даярлап қойған киіз үйлері мен күркелерін, арбасы барлар арбаға, түйесі барлар түйеге қалғандары жылқы, сиыр, есекке дейін артып алып, көктем шыға жапа-тармағай жайлауға көшіп шығатын.

Қыстауда көбіне қоржын там етіп салынған үйлер мен азын-аулақ қора-қопсылардың есіктері мен қақпаларына құлып салынбай жәй ілгешектер мен шыбықтар ғана қыстырылып қала беретін.

Ел қоныстайтын жерді ауылдың үлкен ақсақалдары ертерек барып жерін суын көріп бағдарлап, бағамдап барып ақылдасып шешетін. Оның ішінде менің атам да бар. Ол кісілердің шешіміне ешкім қарсы келмей, таңдаған жерлеріне барып көкөрай шалғын, көк майса жерлерге эппақ шаңқандай киіз үйлерін тігетін. Әппак дегенмен арасында қоңырқай үйлер де жеткілікті, жағдайлары төмен кісілердің бірең-сараң күрке лашықтары да кездесетін. Сол кездері елдің пейілі тарылмаған, бір-біріне деген мейірбандығы таусылмаған, кең жүректі ынтымақтарының қаймағы шайқалмаған кез еді ғой. Соның айғағы болар кейбір кедей-кепшіктердің жағдайы жоқ деп қыстауда қалдырып кетпей, қайта тал дарақтар

мен ағаштардан күрке құрастырып, құрым киізден болса да сыртқы жапқыштарын жасап жайлауға алып шығушы еді.

Киіз үйлердің кішісі төрт, ал ең үлкендері сегіз қанатты болатын. Жайлау қонысы Талас өзенінің бойынан таңдалып алынып, осы өзенді бойлай қоңыр күз түскенше көшіп қонып жүруші еді.

Жаздың күндері таң ерте атады. Ойын баласы болғасын ертеден қара кешке дейін шапқылап ойнаудан жалықпайтын біз кешке қарай тамақ ішуге де мұршамыз келмей шаршап қалың ұйқыға кетеміз. Міне осы тәтті ұйқыны таң атар-атпастан атамның «тұр балам, тұр» деген дауысы мен басымнан сипап көзімді жұртита ашқызатын алақандары бөліп жіберетін. «Тал түс болды балам, жігіт деген де тал түске дейін жата ма? Ертерек бармасак болмас, балықтар кетіп қалатын болды!» деп тұрғызып, киіндіріп алып кетеді.

Екеуміз Таластың жағасына келеміз. Көктемгі су тасқыны кезінде ағысы қатты өзен жағалауды ора кеміріп, су астындағы лай мен құмдарды шайып кетеді де жағалау биік-биік жарқабақ болып, су асты үш-төрт метрге дейін тереңдеп қалады. Сол жарқабақтың үстіне келіп үйден алып шыққан ішіне мақта салынып жасалған фуфайкаларымызды төсеп отыра қалып балық аулауды бастаймыз.

Қармақсап дегеніміз, кәзіргідей фирмалық керемет қармақсаптар емес, кәдімгі ауылда өсіп тұрған қара талдардың ұзын солқылдақ бұтақтары, китауыз, қармақтарды (крючок) атам анда-санда қалаға барғанында алып келеді. Қалытқы есебінде бөтелкесі ашылған винолардың пробка тығындары, қамыстар мен талдардың жұқа бұталары. Китауызға отырғызатын қорғасындарды қамыстардың ішін тазалап, табылған қорғасындарды ерітіп, сол қамыс трубкаларына құю арқылы қолдан жасап аламыз. Оны құю технологиясын атам үйретіп, мен әбден машықтанып алғанмын. Балыққа салатын жеміміз кәдімгі жауынқұрт, оны атам өзі дайындайды. Міне, осы заттардың бәрін даярлап алып балық аулауға кірісеміз.

Алғашында қармақ китауызға қалай байланады, қорғасын қай жерде қалай орналасуы керек? Қалытқы қай жерде қалай тұруы қажет? Жауынқұртты қармаққа қалай салу керек? Суға қалай лақтыру керек? Бәрін асықпай тәпіштей үйретіп тастады. Кейіннен менің өзіме ерік беріп, көзінің қиығымен ғана бақылап

отыратынды шығарды. Егер бір нәрсе дұрыс жасалмаса қолындағы қармағын қоя салып маған келіп жөндеп, қайта түсіндіріп отырудан жалықпайтын еді.

Қармақтың неше түрлерімен қатар, мөлшерлері де болады екен. Қандай балыққа әрі олардың үлкен-кішілігіне қарай қандай қармақ салу керек, қармақсапты қалай ұстап суға лақтыру, қалытқы суда қалай тұрады, қай кезде балық ілінеді әрі оны қалай тартып шығару керек. Бәрін үйреткен алғашқы ұстазым осы атам болды. Міне, осы ұстазыммен Талас өзенін бойлай жатқан жарқабақтардың шетіне фуфайкамызды төсеп алып, аяқтарымызды салбырата отыра қалып қармақтарымызды суға лақтырамыз.

Бірде таңғы сағат алты жарым шамасында қармақты суға салып қойып жайбарақат отырған менің қалытқым лезде су астына батып кетті де қармақсабым дүр ете қалып қолымнан шығып кете жаздады. Қаншама балықшы болып қалдым деп мақтанғаныммен мынадай тартысты көрген емес едім. Жарқабақтан құлап кете жаздадым. Қармақсабым маған әл бермей, бір жойқын күш төмен тартып барады. Қорыққанымнан:

– Ата? – деп айқай салдым. Сөйтсем атам да байқаған екен. Қармағын тастай салып менің қасыма жетіп келіпті.

– Қорықпа балам! Үлкен сазан түскен ғой, асықпа, қатты тарта, тартып жіберіп, тартып жіберіп отыр. Жіберерде жайлап жібер, тартқанда абайлап тез тартып қалмай асықпай тарт, әйтпесе үзіп кетеді. Кәне, қолыңның әлі жете ме, – деп қармақсапты менімен қосарлана ұстай алды.

– Оу, балам мынау үлкен сазан екен, кәне екеулеп көрейік, – деп қармақсапты менің қолымнан шығармай арт жағымнан қапсыра құшақтай келіп, жайлап тартып, қайта жіберіп, тарта бастады.

– Мұндайда қолың талмау үшін қармақсапты жерге тіреп алып бас жағын тарту керек. Қармақсаптың жуан болғаны жақсы болды, сындыра алмас. Егер сындыратындай жағдай болса, жайлап басын түсіріп китауыздың тартылған бойымен бір сызықта ұста! Содан кейін қайта тарт, қайта жібер. Балық құтылмақ болып ышқына тартып жүріп әбден шаршап күші құрығанда жәйлап қана жағаға жақындатып анау жатқан сүзгімен сүзіп ала қоямыз, түсіндің бе? – деді атам.

– Ия, түсіндім. Бірақ мынауыңыз ауыр ғой, күшім жетер емес.

– Өй, немене, копал ма едің? Мен сені әжептәуір еті тірі, шымыр жігіт деп жүрсем. Қорықпа, балық сенен күшті емес! Тарт, бірақ китауызды үзіп алма. Балықты шаршат, өзің шаршап қалма!

– Жо-о-о-қ, жібермеймін! Міне, жағаға жақындап қалды. Ата, мен балықтан да күштімін ғой ә?

– Ия, балам, әрине сен күштісің! Әрі айлакерсің! Ол сенің шаршату үшін істеп жүрген айланды түсінбейді. Өйткені сен ақылдысың, ол мақұлық, ондайды түсінбейді. Құтылуға барын салып тарта береді. Ал, енді мына қармақсапты босатып алмай ұстап тұр! Мен төмен түсіп сүзгімен сүзіп алайын, – деді де сүзгіні алып төмен түсіп кетті.

Қолындағы сүзгіні алыстау жерден суға салып, жәйлап қана балыққа дейін алып келді. Менің қармағымның китауызынан ұстап тартып, балықтың өзін сүзгіге әкеліп сүңгітіп жіберді де судан суырып алды. Сүзгінің ішінде сап-сары сазан жатыр. Менің көзіме осы сазан дүниедегі ең алып балықтай болып көрінді.

– Ата, ата мына балық дәу ғой!

– Ия, балам, салмағы алты келіден кем болмас! Бұл сенің ұстаған алғашқы ең үлкен балығың. Сенен түбінде жақсы балықшы шығады. Менің төбемді көкке жеткізіп мақтандыратын болдың. Біраздан кейін ауылдағылардың бәрін шақырып осы балықты, «баламның ұстаған балығы, оны судан шығарғанда екеуінің бойы бірдей болса да, менің ботамның күштілігі сондай қармағының басында тулатып судан жұлып шығарып алды» деп мақтатын болдым.

Сазан шын мәнінде үлкен еді... Атам мақтаған сайын кеудемді қуаныш кернеп марқая түстім. Балық аулау ары қарай жалғасын тауып жатты. Бір кезде қалытқым жыбыр-жыбыр ете қалды да бір жағына қисайып жата қалды да жүзіп барады.

– Ата, ата?! – дедім жан ұшыра. Ата, қалытқым босап кетті-ау! Жүзіп барады, не істеймін? Жаныма лезде жетіп келген атам:

– Ой, балам қалытқың босаған жоқ! Бұл табан (лещь) балық қой. Ол осылай тартады. Сазан жемді сорып қалытқаны дірілдетіп тұрады да қармаққа ілінісімен жылдам судың астына қарай қатты тартады, ал табан жемді сорып барып ілінсе судың үстіңгі қабатына

қарай тартады. Бірақ оның тартысы онша қатты болмайды әрі жылдам шаршап қалады. Сондықтан сен асықпай аптықпай қармақсапты қалт қимылдап тартып қалсаң балық ілінеді, сосын жайлап тарта бер, өзі сенің икеміңмен жағаға жақындай береді. Анау айтқандай үлкен болмаса көтеріп судан шығарып алуға болады, ал үлкен болса онда сүзгімен сүзіп ала саласың, міне былай. Ей балам, мынау әжептәуір үлкен табан балық екен. Сен сүзгіні ал да төмен түсіп сүзіп ал, бірақ есінде болсын, сүзгіні балықтың алдына шолп еткізіп салма, балық шошып кетіп, китауызды үзіп кетуі мүмкін, сондықтан алысырақтан сал да өзіңе оңтайлы жерге дейін алып келіп суға батырыңқырап ұстап тұр, мен балықты өзім сүйрелеп алып келіп сүзгіге кіргізем. Сүзгіге кірген балық ешқайда қашпайды. Міне, осылай асықпай сүзгіні жайлап көтеріп жағаға шығарасың.

Міне, осылайша атам жарықтық балық аулаудың алғашқы сабақтарын үйреткен еді. Түске таман балықтан келе салысымен атам сазанды басқа балықтармен коса пісіртіп ауылдағы кісілерді шақырып, біздің балық ұстаудағы жетістігімізді бейне бір ертегі айтқандай мақтана, марқая айтқаны соншалықты, тіпті ауылдағы ең мықты балықшы бала болып кеткендеймін. Кейіннен балыққа барғысы келген балалар менен ақыл сұрап, болмаса жүр-жүрлеп қолқа сала алып кететін болды.

Күз мезгілі еді. Атам екеуміз ежелгі әдетімізге басып өзен жарқабағының басына тағы келдік. Балықтардың қармаққа жақсы түсетін кезеңі. Жарқабақ басына екеуміз екі жерге фуфайкамызда төсеп отыра кеттік. Алып келген жауынқұрттарымызды қармаққа іліп суға салып күтіп отырмыз. Мен бұрынғыдай емес машықтана түскем. Сондықтан атам мен жаққа алаңдамай өз тірлігін, мен өз тірлігімді жасай береміз. Түнде біраз жел көтеріліп таң ата басылып еді, содан ба әйтеуір балық шіркін әзірге қалытқымызды жыбырлатпай, алдымыздағы суға үңіле түсіп өз ойымызбен өзіміз әлек болып ұзақ отырдық. Осылайша отырғанда судың бетіне күшті толқын орната, су моншақтарын фантанша шашырата әрі мені қатты шошындыра шолп етіп бірнәрсе түсті. Алғашқыда шошып кеткен мен орныман қалай атып тұрғанымды білмеймін. Не болса да дәу нәрсе түсті. Зәрем ұшқан мен, жылдам атам жаққа

жалт қарасам атам орында жоқ. Атам жоқ, біреу ұрлап кеткендей. Одан сайын жүрегім дүрсілдеп кетті. Жарқабақ астынан:

– Әй, Мырзаш? – деген дауыс шығып жалт қарасам атам суда жүзіп жүр. Жаңағы шолп ете қалған осы кісі екен. Жағаға жүзіп келеді. Менде секіріп жар астына түскенімше үсті малмандай су атам жағаға шықты. Құдай жарылқағанда күн жылы әрі атам суда жақсы жүзуші еді. Сонда да бір жері мертігіп қалды ма деп қорқақтадым.

– Ата еш жеріңіз ауырмай ма? Мертіккен жоқсыз ба? Не болды? Түсінбей қалдым?

– Әй балам, өзім де білмеймін! Көзім ілініп кетіпті. Мына судың терең болғаны жақсы болды. Мертігіп қалар ма едім. Еш жерім ауырмайды, – деді.

Сонда да сенбей әр жерін бір сипалаймын, бәрі дұрыс, мертікпепті. Сөйтсем жарқабақ басында аяғын салбыратып отырған атам қалғып кетіп, алға артқа теңселіп отырып қалыңдау ұйқыға кеткенде қатты теңселгені сонша алдына қарай қатты еңкейіп, ауырлық ортасын жоғалтып алып, жарқабақтан төмен қарай күлдилап құлап суға барып күмп ете қалған ғой. Атамды сипалап дене мүшесін түгелдеп болғанша қорқыныш тарап, енді кеудемді күлкі қысып, қарқылдап тұрып рахаттана күлдім.

– Әй, қу бала? Неменеңе мәз боласың? Мені мазак етейін дедің бе? Қазір таяқ жейсің! – дейді атам, бірақ сөзінің зілі жоқ.

– Қалайша, былайша? Мен бір бомба түскен екен деп шошып кеттім ғой! Қарасам Сіз жоқсыз, одан сайын қорықтым. Сөйтсем Сіз суда балық болып жүзіп жүрсіз.

– Е-ей балам, мен қартайып қалдым-ау! Әйтпесе неге қалғыдым? Ұйқым тыныш, ешкім бұзған жоқ еді. Осында келгенде көңілім сергек ұйқым ашық еді, не болғанын түсінбедім? Қалайша қалғып кеттім.

– Мына жардың соншалықты биік болмағаны жақсы болды, әйтпесе судың беті де жұмсақ емес қой, бір жеріңізді ауыртып қоятын еді.

– Ия, оның да рас! Балам қармағыңды жина! Үйге қайтамыз! Бүгін енді балық болмайды. Мен енді балыққа шықпаймын.

– Неге шықпайсыз? Бір рет суға құлап кеттім деп бүкіл дүниеге өкпелейсіз бе?

– Мына қармақтарды саған тапсырдым. Мен келмеді екен деп, балыққа шықпай жүрме! Келіп тұр!

– Мен жалғыз өзім келмеймін. Үлкен балықтар сүйреп тартып кетсе не істеймін?

– Сен енді үлкен жігітсің, ешқандай балық әкете алмайды. Ал, мен қартайғанымды мойындауым керек. Енді шықсам артықтау болады. Құдай саған қуат берсін! Мен сенен балық туралы ылғи сұрап тұрамын. Сен жауап беріп тұрасың. Түсіндің бе?

– Жоқ, – деп айтқаныммен, атам сөзінен қайтпайтынын түсініп қайтадан келістім. Бірақ атамның балық аулауды қимай қинала айтып тұрған мына сөзінен кейін ол кісіні аяп кетіп, күлкімді тез жиып ала қойдым. Адамның өзінің сүйікті ісімен қоштасуы қандай қиын еді. Осы қиындыққа аспандағы Алла, өзендегі су мен жердегі мен ғана куә болғандаймын.

Сонымен, атам, сол күннен бастап сөзінде тұрып, балық аулауға шықпайтын болды. Бірақ менен балық туралы үнемі сұрап отырды. Балық туралы әңгіме қозғалған сайын бас жағындағы жастығын сипалап қояды. «Онысы несі екен?» деймін. Кезекті рет келгенімде атам сыртқа шығып кетіп еді, мыжылып қалған төсегін жөндеп қоймақшы болып, жастығын көтеріп, өз көзіме өзім сенбей тұрып қалдым. Жастығының астына неше түрлі қармақтар даярлап қойған. Атама шын мәнінде жаным ашып жылап жібере жаздадым. Атам сырттан кіріп жастық көтеріп тұрған маған қарап:

– Ә, не қарап тұр десем, осы ма еді. Немерелер өсіп үлкейгенде қармақтары дайын тұрсын дегенім ғой, – деп жәй ғана күрсініп төсегіне жайғасты.

Осы сәт әлі күнге дейін менің көз алдымнан кетер емес... Бір өкініштісі, атамның немерелерінің бірі де ата жолын қуып балықшы болмады.

Осылайша басталған балықаулау, жүре келе үлкен қызығушылық туғызған әдетке айналды. Алматы, Астана қалаларында қызметте жүргенде демалыс күндері Іле, Шу, Қаратал, Көксу, Нұра, Есіл өзендері мен Балқаш, Балатопар, Қаракөл, Вячеславский, Шалқар, Теңіз, Қоржынкөл көлдеріне барып балықтың неше түрлерін аулаудың қыр сырларына да үйреніп алдым.

Балық аулаудағы өзекті мәселелер ауа райының құбылыстарына байланысты балықтардың көрсетер мінез құлықтарын білу; қандай балыққа қандай қармақ, жылтырақ болмаса силикондық блесналар салу керектігін үйрену; қармақтардың үлкенді-кішілі өлшемдерін таңдау; қалытқылардың түрлерін пайдалана білу; балықтың түрлеріне қарай және су деңгейінің терендігіне орай қармақты орналастыру сияқты толып жатқан әдістерді түйсігіңнен түгелімен өткізе алатын шебер болмасаң да орта деңгейден жоғары дәрежеде меңгеріп пайдалана білмесең, балық құйрығын да көрсетпейді. Біз сияқты балық аулауға қызығушылық танытып анда-санда бір шығатын жігіттердің көбісі бұл әдістерден мақұрым болып келеді де бір қармақсапқа бір қармақ іліп, болмаса бес-алты қармағының барлығын да бір-бірінен айнымайтын егіз козыдай ұқсас етіп алады да, көп балық ұстауға ниеттенеді. Қармақтарына бірнәрсе іліне қалса, мақтанудан алдарына жан салмай күпінеді. Егер балықтар қармағын қаппай жатса не істерін білмей «бұл жерде балық жоқ» дегеннен аспай қармақтарын жинай бастайды. Мұндай жағдайға өз басым талай куәгер болдым. Көптеп кездескен осындай жағдайлардың бірі былай өрбіген еді.

Кезекті демалыс күндерінің бірінде бес-алты жігіт Балқаш көлінің оңтүстігіндегі Іле өзенінің бір саласы болып ағып жатқан Балатопар атты өзен бойына жерех аулауға аттандық. Бастамашы болып жүрген Рахымберген (ағайын інішек әрі жолдас болып келеді). Қасына ертіп алғандарын танымаймын, шетінен сен тұр мен атайын «жаңа қазақтар». Өздері жап-жаңа үш Тайота Ланд-Крузер автокөліктеріне мініп алған.

Рахымбергеннің айтуымен болар, балық аулау құралдарының неше түрлі жаңа орысша айтқанда керемет «навороченные» түрлерін алған. Орталарында жалғыз мен жұпыны ескілеу киіммен әрі ескі оншақты жыл болған жалғыз қармақсап, тек қана ескі болса да біраз блесналар мен қармақтың түрлері бар.

Жігіттердің екпіндерінен жел еседі. Неше мәрте неше түрлі балықтарды қырып салғандарын, пәленше түгеншелердің ұстаған балықтарының көздері тостағандай екенін, не керек шетінен кәсіпқой балықшылар сияқты. Ішінде жалғыз мен тым-тырыс. Кейбір сәттеріне қосыла бірнәрселер айтқым келсе барлығы «сөзің құрысын, сен не білесін» дегендей тыңдағылары келмей



өзара сөйлесіп даурығысып отыр. Соған қарап мыналар шын мәнінде де керемет балықшылар ма деп қаламын. Бірақ сөздерінде шындықтан гөрі асыра мақтаншылық пен сілтеушіліктер көп сияқты көрінді. Осылайша дйттеген жерімізге де келіп жеттік. Бәріміз киім ауыстырмақ болып ішке енгесін олар киімдерін шығарып, олардың этикеткаларын жұлып, неше түрлі баулар мен резинкаларын реттеп денелеріне ықшамдаймыз дегенше мен өз киімдерімді тез ауыстырып алдым да керек заттарымды алып шығып кеттім.

Өзен жағасына келіп қармақсабыма блесналарды кезек-кезек салып, қайсысы бүгінгі аулауға икемді екенін анықтап алдым. Жігіттер арада жиырма минуттай уақыт өткенде өзара гуілдей сөйлесіп өзен жағасына келіп қармақтарын лақтыра бастады. Салған блесналары тура келе ме? Жоқ па? Әлде ауыстырып басқасын салу керек пе? Шаруалары жоқ, өзара гу-гу әңгімелесіп, әйтеуір ұрып жатыр. Мен олар келгенше бір екі балық ұстап қойғанмын. Міне тағы бір жерех түсті. Олар тағы бес минуттай гуілдеді. Бірақ түсіп жатқан ешнәрсе жоқ. Мен ұрып жатырмын. Жаман қармағым кезек-кезек мені ұятқа қалдырмай балықтарды суырып жатыр.

Міне гуілдеген әңгіме де тоқтады. Бағанағы желпініс, баяғы екпіндері мен маңғаздықтары басылды. Қармақтары суға түседі де, тартқан кезде бос шығады. Қайта салады, қайта бос болады. Ұрланып маған қарап қояды, оны көз қиығымен болса да мен байқап тұрмын. Менде үн жоқ өзіммен өзім болып екі лақтырғанымның жоқ дегенде біреуінде балық ілінеді.

Ұстаған балықтарды торға салып қоямын да қайта кірісемін. Ұсталған балықтың саны оншақты болды. Навороченныйлар біреуін де ұстай алмай жатыр. Менен сұрауға намыстанатындай, үндемейді. Бірақ байқаймын екі жақтан жайлап болса да жылжып-жылжып маған жақындап келеді. Балықтың бәрі мен тұрған жерде деп ойлады-ау деймін. Әйтеуір маған жақындап келе жатыр. Міне, бәрі менің айналама жиналып лақтыра бастады. Оларға түспей, маған түсіп жатыр. Алыстау тұрған соңғы жігітте қасымызға келді.

– Сен қай жерде тұрып едің? – деп сұрадым.

– Анау жерде! – деп иегімен нұсқады.

– Мен сол жерге кеттім! Мына жерде қысылысып кеттік. Сендер ұстай беріңдер, – дедім де әлгі жігіттің орнына барып тұрдым.

Қармақсабымды ыңғайлай ұстап лақтырып қалып едім, сарт еткізіп балық қаба кеткені, қуанып кетіп суырып алдым да маңғаздана барып жігіттердің ортасында суда жатқан қаптағы балықтардың қасына қосып, қайта келіп аулай бастадым. Байқаймын, жігіттердің ауыздары ашылып қалған сияқты. Мен тағы ұстап жатырмын. Оларда түк жоқ. Бәрі аң-таң. Мен қырып ұстап жатқан жерден олар түк ұстай алмай, ал олар ұстай алмаған жерден мен қырып ұстап жатырмын. Жиырма шақты балық болды. Біраз уақыттан жігіттер жіберді ме, әлде өзі ме Рахымберген жаныма келіп:

– Мырзеке, қырып салдыңыз! Бізге түспейді қанша тырыссақ та, Сізге түседі, ол қалай? – деді.

– Сендердің су жаңа киімдерің мен аспаптарыңнан үркіп жатыр ма? Әлде мына киімдерің су-су етіп былғамай-ақ қояйық деп балықтар ұялып жатқан болар! – дедім қалжындап.

– Мырзеке, қалжыңсыз! Ұят болатын болды! Мына жігіттерді балық көп деп мен алып келіп едім...

– Сен неменеге ұяласың? Алып келдің, балықтың көп екенін көріп тұр. Ұстай алмаған өздерінен көрсін!

– Сонда да, ана-а-у 300 шақырымнан келіп ұстай алмай сандалып қайтыпты деген сөз жаман ғой!

– Ойбай-ау бағана жолда бәрі сұмдық балықшы болып, айдарларынан жел есіп, мені адам ретінде менсінбей келіп еді ғой. Бұлардың сөзіне қарап мен түк ұстай алмай масқара болып қайтам ба деп намыстанып жүрсем, жігіттерің жел сөзді жақсы сапыратындар болып шықты ғой.

– Ой, неғыласың оны? Қазіргі жігіттер кинодан көргенінде өздері істегендей айта береді ғой!

– Менің ештемең кетіп жатқан жоқ. Тек мына қылықтарынан өздері талай жерде опық немесе таяқ жеп қалулары мүмкін ғой!

– Неге олай дейсің? Ауыз өздерінікі көпіре берсін.

– Рахымберген, біз осы жерге бес сағаттай жүріп келдік. Соншама уақыт жүргенде «мынау да өзіміз сияқты адам ғой, ұят болар» деп біреуі де ойлаған жоқ. Менімен сөйлескілері де келмей, сөзімді арттарына да қыстырғысы келмей, менсінбей, мұрындарын

шүйіріп келіп еді ғой. Мен тек қана сенен ұялғанымнан отырдым. Бизнесмен болса, жер тесіп кету керек пе? Лауазымымыз олардан он есе жоғары болса да бетегеден биік жусаннан аласа болып жүрміз ғой. Әркім сыйлағанның құлы болады. Мен мыналарға ешнәрсе көрсетпеймін, айтпаймын.

– Қойыңызшы Мырзеке!

– Жоқ! Мұндайлардың талайын көргенмін. Аз күнгі жетістігін көтере алмай жүргендер-ау шамасы. Өмірге үңіле түсіп, бойларын түзеп жүрмесе, талай таяқ бастарына тиеді-ау деп қорқамын. Сөздің түбін сөз түртеді, Рахымберген, менің ойыма осындай бір оқиға түсіп кетті. Бірақ ол сол қылығынан оңбай таяқ жеп еді. Ол амалының жоқтығынан тыңдауға көшті. Мен қармағымды қоя салып әңгімеге көштім.

1972 жылдың қараша айының соңына таман әскер қатарына алынып, сол кездегі Семей облысындағы Курчатов қаласына келіп құрылыс батальонына түстік. Бір айдай карантиннен өткесін біздерді әскери бөлімдерге одан роталарға бөліп тастады. Бір ротаға жүз шақты бала түстік. Күн суық. Ауа температурасы минус 35-40-тан жоғары көтерілмейді. Қар қалың, белден келеді. Ысқырған желдің үскірігі қойын қонышыңа толып бет қаратпайтын күндер өте көп еді. Оңтүстіктен келген біз, мына суыққа зорға шыдап бүрсең қағамыз. Талай жерлерімізді үсікте шалды. Жас болғасын ба соның бәріне шыдадық. Ротаға бөлген күннің ертеңіне командир бізді сапка тұрғызып қойып:

– Араларында кәсіпқой құрылысшылар бар болар, мысалы каменщиктер бар ма? – деді.

– Мен, мен! – деп бір екі жігіт шықты.

– Қаншасыншы разрядың бар? – деп сұрады командир.

– Екінші, – деді біреуі.

– Төртінші, – деді екіншісі.

– Саптан шық, – деді оған. Сен ертеңнен бастап каменщиктер бригадирі боласың. Өзіңнің бөлімшенің командирі боласың, – деді командир.

– Құп болады! – деді ол.

– Кім столяр? – деген командирдің сұрағымен тағы бір солдат бригадир болды.

– Кім плотник? – деп еді.

– Мен! – деп қасымда тұрған ұзын бойлы жіңішке келген хохол жігіт атып шықты.

– Разрядың бар ма?

– Ия, жетінші.

– Ой, жарайсың! Тап бізге керек разряд. Сен плотниктердің бригадирі боласың. Бөлімшенді басқарасың, – деді. Сонымен плотниктер командасына мен де кіріп кеттім. Ертеңіне таңертең казарманың сыртында қазылып дайындалған шұңқырдың үстіне туалет орнатыңдар деген тапсырма алдық. Басында құрылыс материалдарын даярлап қойған екен, біз кірісіп кеттік. Сөйтсек әлгі жетінші разряд плотнигіміз шеге ұстауды білмейтін болып шықты.

– Әй, шеге, балға ұстай алмай жүріп неге солай өтірік айттың? – десек.

– Жәй бригадир болсам жеңілдеу болар дегенім ғой, – дейді былқ-сылқ етеді.

Бейжай қарап, сөйлесе түссек не қауқары, не ақылы жоқ біреу секілді. «Бригадир деген бәрін бізден артықтау біліп, жөн-жобасын айтып түсіндіріп, керек кезде көрсетуі керек» деп ары айтып, бері айтып түсіндіре алмағасын сабап тастадық. Сол кезде командир келіп қалып, мәселенің мән-жайын түсінгенсін, оны өтірік айтқаны үшін он бес күнге қамап тастады. Ол кейіннен гауппахтыдан шыққасын да әскери қызметтің аяғына дейін әркімнен таяқ жеп бишара болып жүрді. Мыналарың да сол бишараға ұқсап пұшайман жеп жүрмесін. Айт аналарыңа! Аспаннан жерге түссін. Өмір жерде! – деп әңгімемді аяқтадым. Рахымберген жаутандап:

– Жастар ғой! Ісінен бұрын ауыздары жүріп үйреніп қалған. Өздері де түсінгендей, көздері жаутандап саған қарап тұр. Бір ақылыңды айт, қалай ұстайсың қу балықты, – деді.

– Жарайды, қоймадың ғой! Мыналарың не салып жатқандарын өздері де білмейді. Китауыздары өте жуан, салған блесналары өзенге емес, теңізге, мұхитқа салатындар. Ауыстыру керек. Мыналарға кім сатса да қатырып алдап соққан екен. Китауыздың үшінші болмаса төртінші нөмірін, блеснаның кішігірім шәй қасықтың үлкендігіндей өз осінде шыркөбелек айналатынын салып, ағысқа емес, қиыстау ағысы баяу немесе тыныштау жеріне

лақтыру керек. Катушканы қатты жылдамдықпен айналдырмасын, – дедім.

– Құп болады! Қазір бәрін жөндейміз! – деп Рахымберген кетті.

Дегенмен, менің де жігіттерге жаным ашып, қастарына барып, қармақтарын жөндесіп, көмектесіп, олар да аз да болса мәз болып балықтарды ұстай бастады. Жігіттер бағанағы көңілсіздік сәттен арылып, бәріміз мәре сәреміз. Маған қайта-қайта келіп кешірім сұрап кетеді. Менің де көңілім жібіп, бар білгендерімді алдарына жайып салып шын көңілмен көмектесіп кеттім. Ұстаған балықтардан «уха» пісіріліп, қуырылып, фольгаға оралып пісіріліп Алматыға көңіліміз көтеріліп жақсы демалып қайттық.

## **ВЯЧЕСЛАВКАДАҒЫ ОҚИҒА**

Астанада Ақмола облысының статистика басқармасын басқарып жүрген кезім. Көршім әрі жолдасым Нұрлан Стратегиялық жоспарлау мен реформалар жөніндегі Агенттіктің департамент басшысы. Алматыдан жаңұямызды көшіріп Астанаға түкпілікті орнығып алғанбыз. Әрбір аптаның сенбі, жексенбі күндері аңға болмаса балық аулауға шығып тұрамыз.

Жаздың ыстығы онша басыла қоймай, күз мезгілі өз күшіне ене алмай жатқан өлара уақыттың бір сенбісінде көршіміз екеуіміз балық ауламақ ниетпен, бүкіл Астананы сумен қамтамасыз етіп отырған Вячеславка деген үлкен жасанды көлге шығып кеттік. Нұрланның Нивасына барлық заттарымызды артып алып жүріп кеткен біз жарты сағаттай уақыт өткенде ойлаған жерімізге келіп жеттік.

Астананың айналасы қоңыр күзге дейін шөптері сарғая қоймай, көкпеңбек болып, көптеген шөптердің гүлдерімен көмкеріліп, көздің жауын алардай құлпырып тұрады. Біз келген көлдің оңтүстік батыс бөлігі жазықтау дала болып келеді де көлдің жағасын жағалай ені екі жүзден төрт-бес жүз метрге жетердей болып қалың қамыс өсіп тұрады. Кейбір қамыстан бос алаңқайлары да кездеседі. Қалың қамыс орманының әр жерлерінен өзіміз сияқты аңшы-балықшылардың көлге жету үшін жарып өткен соқпақ жолдары мен автокөлік іздері көптеп кездеседі. Міне, қамысты

бойлап жүріп келеміз. Бұрындары екі-үш рет келген бізге бәрі таныс сияқты.

– Әй, Нұреке, мына жерден бұрылайық, – дедім бір оңтайлау жерді көрсетіп.

– Өткен жолы келгенде бұл жерден балық онша түсе қоймап еді ғой, әрірек барайық, – деді де Нұрлан ары қарай жүре берді.

– Ал мына жер ше? – дедім тағы біраз жүргесін. Ол үнсіз ары қарай жолын жалғастыра берді. Бұрын келіп жүрген жерлерімізден ары өтіп те кеттік.

– Оу, Нұреке, аптығыңды бас қайда кетіп барасың? – дедім.

– Қайта-қайта жауыр болған жерлерді шарлай бермей басқа жеріне барайық.

– Әріректе жақсы жерлер бар, бір жігіттер айтып еді. Соны іздеп келемін.

– Жарайды, онда!

Тағы біраз жүрдік. Бұрынғыдай емес, соқпақтар мен жолдар азая бастады. Тіпті соқпақ та кездеспей қалды.

– Нұрлан, мына жерлерге ешкім де келмеген ғой! Артқа қайтайық. Бір жерде тығылып қалып жүрерміз, – дедім.

– Мырзеке, осы жерден қамыстарды жарып өтсем бе деп келемін. Ешкім келмеген тың жерге барайық.

– Қалың қамыстың іші тола су болып тығылып қалмаймыз ба?

– Алды-артымызға қарап отырамыз ғой! Су болса тоқтай қаламыз.

– Онда, нар тәуекел.

– Кеттік!

Көлігімізді бұрып алып қалың қамыстың ішіне еніп, жүріп келеміз. Ниваның алдына жұмыр темірден қорғаныш орнатылған еді. Сол қамыстарды жапыра алдыға қарай жығып келеді. Онсыз да қалың қамыс бірінің үстіне бірі жапырыла жығылып жатқан кездегі оның қалыңдығы бар әрі қамыстың ұшқан үлпілдектерінен алдымыз боз борандап тұмандана түк көрінбей қалды. Тек қана алдымыз емес жан-жағымыздың бәрінен бір нәрсе көріп білу мүмкін емес. Тек қана көліктің жүрісінен сезілетін ерекшеліктер арқылы ғана әзірге құрғақ жермен келе жатқанымызды сезінеміз. Екеуізде де үн жоқ. Бағанағы батырлығымыз тек үмітке ұласа бастағандай, Нұрланды қайдам, мен Аллаға сиынып келе

жатырмын. Шамамен жүз елу метрдей жүрген соң барып қамыс селдірей бастап, жан-жағымызға көз жүгіртуге шамамыз келе бастады. Бағанадан бері көбірек қиналды ма әйтеуір Нұрланның «ух» деп күрсіне шыққан дауысы қаттырақ естілді.

– Әй, Нұреке не болды сонша күрсіндің ғой?

– Ой, құрсын! Мынандай қалың қамысты бірінші рет көріп отырмын. Зорға шықтық қой. Шынында, ана Балқаштың жағасындағы қамыстар сияқты судың ішінде өсіп тұрғанда не істер едік. Түк көре алмай келе жатып гүмп беріп түсіп кетеміз бе деп зәрем қалмады.

– Ой, батырым-ай! Екеуміз де керемет батыр екенбіз, өзімізді қоярға жер таппай қалдық қой!

– Дегенмен, батырмыз. Не болса да көріп алдық деп алға жүре бердік қой. Сен де қой демедің! Менде тілімді тістей отырып жүре бердім.

– Сонда да сен ерекше қыңыр, әрі қырсықсың! Айтқаныңнан қайтпайсың! Әйтпесе айтуын айттым-ау, кірмей-ақ қояйық деп, тыңдамадың.

– Есесіне аман-есен шықтық қой!

– Есесіне, есесіне! Ал, есесіне қаншама жүйке талшығын өлтірдің.

– Қойшы, Мырзеке! Аман-есен шықтық қой! Өне су да көрінді. Анау жері жазықтау екен, көлікті сонда тоқтатайық.

– Жок. Ол жерден гөрі көгалдау жерге тоқтайық, тазалау болады. Заттарды түсіруге де қолайлы.

– Жарайды келістік! – деп Нұрлан көлікті тежеп, сыртқа шықтық.

Шіркін, мына жердің ауасы қандай? Жаныңды жайландырып, бойыңды сергітіп, ерекше кең тыныс алып рахаттанып қаласың. Далада ұзын шөптердің басын шала кішігірім толқындарды еске түсірердей болып есіп тұрған самал жел де қалың қамыстың тасасында қалып қойып, көл маңында орнаған жаймашуақ пен су жағалай өсіп тұрған марқа қойдың күздік жүніндей қалың да жұп-жұмсақ бетене көк шөптердің үстіне, бала кезіңді еске түсіре аунап жата кеткің келеді. Жалма-жан аяқ-киімімізді шешіп, шалбарды тізеге дейін түріп тастап, су бойын жағалай кешіп, айызымызды әжептәуір қандырып алған соң, жүктерімізді түсіре

бастадық. Қаншама қармақсаптар, балыққа қажетті жемдер мен басқа да заттар бар. Азын-аулақ тамақтарымыз, балық сорпасы (уха) жасайтын қазан-ошаққа дейін түгел алғанбыз.

Қайығымызды жерге түсіріп, жақсылап үрлеп, суға түсіріп, осы жерде балықтар жүруі мүмкін деп топшылаған жерімізге ауымызды орнатып қайтып келдік. Көлді біраз жағалай жүріп қармақ салуға ыңғайлы жерді тауып алып, қармақ салуға кірістік. Балықтардың бүгінгі қармаққа ілінуі бізге ұнап барады.

Балық ұстаудың өз қиқыметтері көп болады. Олардың қармақты құшырлана қабатын уақытын табудың өзі бір үлкен ілім. Балықтардың қимылына ауа райы да, оның қысымы да, желдің тұру бағыты мен жылдамдығы да, күннің жылысы мен суығы да, судың лайы мен тұнығы да, қармақтың үлкен-кішілігі, дұрыс күрмеліп байлануы, китауыздың түр-түсі мен жуан жіңішкелігі, жемнің түрлері мен олардың дұрыс салынуы, не керек осындай майда-шүйденің бәрі әсер етеді.

Бүгін бізге Алланың дұрыс көзқарасы ықпал етіп, мезгілін дұрыс анықтағандықтан, балықтар жақсы түсіп екеуіміз мәз-мейрам болып жүрміз. Тіпті екеуіміз, «кім көп ұстайды» деп жарыса бастадық. Балықтың түрі көп. Көксерке (судак), сазан, табан, майшабақ, алабұға, мөңке (карась) т.б. толып жатқан түрлі-түрлі балықтар.

Біраз балық ұстағаннан кейін, қарнымыз ашты. Әкелген тамағымызды, әжептәуір дастарқан ретінде жайып, тамақтанып алдық. Жерошақ қазып, қазанымызды орнатып, от жағып балық пісірдік.

Дала төсінде піскен тамақтың, таза ауаның әсері ме әлде өзің қолдан жасағандықтан ба, ерекше дәмді болатын қасиеті бар. Екеуіміз екі күн бойы тамақ ішпеген адамдай опыра ішіп, қарнымызды қампайтып, тойған қасқырдай, тұруға ерініп аунап жата кеттік. Әлде нәрселерді әңгіме етіп жатып ұйықтап кеттік. Ояна кетсек күн бірталай төмендеп, кеш түсе бастапты. Жалмажан орнымыздан тұрып, қайықты суға салып ауымызды жинауға кеттік. Ау құрылған жердің шетінен бастап көтере бастасак, бірталай балық түскен сияқты. 1,5 -2 келідей болатын балықтарды қайыққа тоғытып жатырмыз.



– Нүреке, мына кішігірім балықтарды көлге қайта жіберейік, өсе түссін, – дедім.

– Мырзеке, бүгін өте гуманный болып кетіпсіз ғой! Біраз балық түсті-ау деймін, – деді ол.

– Ия, әжептәуір түсті. Шіркін, әр күндері осылай түсіп тұрса дұрыс болар еді, – дедім.

– Онда жұмысты ұмытып, көл жағалап кетерміз.

– Жоқ-ә, бүгінгі табысымызға риза болып жатқаным ғой. Оның үстіне ауа райы да керемет жаймашуақ болып тұр.

– Әсіресе, тамақтанып болғаннан кейін екі-үш сағаттай ұйықтап алғанымыз қандай рахат болды! Шаршағанымның бәрін ұмытып кеттім.

– Сенің демалғаның дұрыс болды. Барып жағаға шығып, балықтарды тазартып алайық.

– Қойшы, Мырзеке! Үйге барғасын-ақ тазалап алады ғой. Біз апарып берсек болды емес пе?

– Жоқ, Нүреке, екеумізде де, кең ауласы бар жер үй емес, тар пәтер. Мына балықтарды тазалап бітем дегенше бүкіл үйдің іші былғанып, балық сасып мазаң кетеді. Осы жерде тазалап алайық. Таза ауа, балықтың қалдықтарын ит-құстар жеп кетеді, әрі үйге тап-таза болып бара саламыз.

– Подкаблучник болайын дедің бе?

– Қайдағыны айтпа! Әйелің де тазалап әкегеніңе риза болып, жуып шайып, жақсылап пісіріп береді. Аузың мәймаң қағып, мээ болып жейсің. Оның үстіне әлі уақыт жеткілікті ғой.

– Ой, әлі біраз, балық ұстамаймыз ба?

– Немене, бар балықты бір күнде қырып салайын деп пе едің? Нысап сайын береке, жетеді осы ұстағанымыз, – дей отырып жағаға да келіп қалыппыз.

Қайықты жағаға шығарып, балықтарды түсіріп, қармақпен ұстаған балықтарға қоссақ, пісіріп жегендерімізді санамағанда, жиырма бес-отыз келідей ұстаппыз.

– Нүреке көрдің бе? Осы да жетеді ғой! Тазалайық! – дедім.

– Жарайды, – деп екеуміз пышақтарымызды жалаңдатып, тазалауға кірістік.

– Нұрлан? Сен бұрын балық тазалаушы ма едің?

– Әрине, талай тазаладық қой!

– Олай болса, саған бір сұрағым бар.

– Сұра!

– Сұрасам, кей кездері сазанды қуырып жесең де, пісіріп жесең де сәл бір кермектеу дәм шығып тұратыны бар. Ал, кей кезде ондай дәм шықпайды? Неліктен?

– Ол енді, – дей берді кібіртіктеп. Мүмкін, балықтың балғындығы ескіріп қалғанынан болар. Балғын балық әркезде де дәмді ғой.

– Жоқ, мен сол балғын кезін айтып отырмын. Тіпті, сорпасы да кермек татып кетеді.

– Жөндеп жумағандықтан болар.

– Жоқ, білмедің! Сен сазанның біреуін тазаладың ба?

– Ия, міне екеуі жатыр.

– Онда бері әкел, түк білмес. Сені де, Сырдың бойында өсті дейді-ау. Кел, мен саған көрсетіп берейін. «Өнерді үйрен де жирен» демекші, мен сияқты ағаңнан үйреніп ал, – дедім.

– Не үйренетіні бар? Желбезегіне дейін алып тазалап қойдым. Баска не болуы мүмкін. Сенің де фантазияң қозып тұрады екен. Не қанатшаларын алып тастайын ба? Әлде көтенін ойып тастайын ба? – деді ренжіп.

– Ой, оған бәрібір сенің миың жетпейді. Бос сөзді сапыра бермей бері әкел. Ол тазалаған сазанын алып ары-бері қарап түк таппаған соң, суға салып жақсылап тазалай жуып келді де:

– Ал, не табар екенсің? Осыдан бір нәрсе тапсаң мұрнымды кесіп берейін! – деді.

– Әй, қойсаңшы. Жас кезінде таяқ жеп мұрның қисайып қалған екен! Енді біржолата айрылғың келіп отыр ма? Одан да бері жақындап не істейтінімді көр!

– Ал қарап тұрмын.

– Қарап тұрмай жақында! Мына орындыққа отыр. Міне, мына жерді балықтың таңдайы дейді, – деп балықтың басын екі қолдап ашып көрсеттім.

– Не соны алып тастау керек пе? Ол ең тәтті жерінің бірі ғой! – деп шап ете түсті.

– Ей, сабыр сақтасаңшы! Саған ешкім алып тастау керек деген жоқ қой! Осы таңдайды жайлап қана сүйектен ажыратардай етіп

көтерсең астында үш бұрышты сүйек бар. Бұл негізінде сүйек емес, балықтың ас қорытуына қажетті сұйықтарды бөліп тұратын без.

– Балық етін осы без ашытып жібереді. Ол таңдай сүйегіне жәй ғана жабысып тұр. Оны пышақтың ұшымен былайша жәй түртіп қалсаң ажырайды. Сондықтан оны алып тастау керек. Енді, біліп жүретін боласың. Енді пісірсең балығың керемет дәмді болады.

– Ой, астафыралла, сенің де білмейтін бәлең жоқ екен! Қаншама сазан ұстап жүріп, мұны білмеппін.

– Сондықтан айтамын ғой, ағаңның қасында жүріп әрбір сөзіне, істеген ісіне мән беріп жүрсең, бәрін үйренесің. Мен сендерге үйрету үшін жаралғанмын. Сондықтан қисаңдамай, айтқанды істеп жүр! Адам боласың! – дедім қалжыңдап.

– Ойпырай, мынауың шындыққа жанасады. Мына бір кіп-кішкентай сарылу келген үшбұрышты сүйек бәрін бүлдіреді де, – деп таңданып қояды.

– Ал бұл без басқа балықта кездеспейді, – дедім.

Сонымен балықтарды тазалап, жүктерімізді жинап болғанша да кеш болды. Бірақ күннің көзі әлі де болса арқан бойлы көтеріңкі. Көлігімізге отырып су жағалай көк майса көгал үстімен жүріп келеміз. Таңертең келген ізімізді іздеп келеміз. Қалың камыстан кері өту үшін сол із қолайлы. Нұрлан көлікті суға қарай бұрыңқырай бастады.

– Ей, Нұрлан судан қашықтау жүр! Батып қалып жүрмейік, – дедім.

– Ой, жағалаудың бәрі құрғақ. Мына жерлер тегіс екен, сосын жүріп келе жатырмын, – деді.

– Сонда да, бұндай жерлер көбіне алдамшы болады, – дей бергенім сол еді, көлігіміз мен отырған оң жаққа қарай шойнаң ете қалды да, жантайып қисая кетті.

Мотор бырқ деді де өшіп қалды. Көліктің мен жағы есіктің жартысына дейін жерге кіріп кеткен. Есік ашылмайды. Жылдам терезесін бұрап едім, төмен түсіп, мен сол ашылған жерден сыртқа шықтым.

– Әй, мен саған айттым ғой! Алдамшы болады деп, – дедім.

– Қайдан білейін? Барлық жер құрғақ болға соң, тегістеу жермен жүрмек болып едім. Қап мына қорлықты-ай, – деп ол жүр.

– Ал, енді не істейміз? Көлік бір бүйіріне жатып қалды. Ол көліктің асты отырып қалғанынан да жаман, өздігінен шыға алмайды.

– Астына салатын нәрселер іздейік? – деді Нұрлан.

– Ол әрекетіңнен ешнәрсе шыға қоймайтын сияқты. Жерді аяғыммен нығыздай салмақ салып көрдім. Көрдің бе? Жас баланың еңбегіндей былқ-былқ етеді. Демек асты бос, әрі батпақ. Неғұрлы алға жүрсең, сол құрам бата бересің. Бір-ақ жолы артқа қарай шығаруға тырысу керек.

– Сонда да бірдемелерді іздеп табайық, астына салып солға қарай рөлді бұра жүргізіп көрейік, – деді Нұрлан.

– Әй, одан түк шықпайды-ау! Жарайды кеттік! Бірнәрселер іздеп табайық! – деп екеуіміз зат іздеуге кірістік.

Көлдің жағасы жылан жалағандай, түк жоқ. Тіміскілеп жүріп келеміз. Кейде қалың қамыс ішін де сүзіп қарасақ, ешнәрсе жоқ. Сәлден кейінгі уақытта барып алдымыздан бір төмпешік көрінді. Жалма-жан сол жерге келсек, жалпақтау келген екі-үш темір жатыр екен. Қуанып кеттік. Әлгі темірлерді көтермек болып едік, былқ ететін түрі жоқ. Бір шетін қалың құм басып қалған екен, отыра қалып жалаңаш қолымызбен аршып жатып босатып алдық. Жатқан жерлерінен суырып алған темірлеріміз салмақты ауыр болып шықты. Келген жағымызға көз салсақ көліктен біржарым шақырымдай жерге кетіп қалған екенбіз.

Екеуіміз екі темірді мықшындап сүйреп келеміз. Көптен бері мұндай ауыр жұмыс істемей, денеміз босаңсып қалған бізге оңай болмады. Самайдан аққан тер бетімізді ғана жауып кеткен жоқ, бүкіл денеміз малмандай су болды. Ең қорлықты екі бұттың арасынан көрдік. Алғашқысында тердің жұғуынан шиқылдай бастаған екі санның арасы бір шақырымдай жүрген соң су ішкіім мен шалбардың көмегімен бір-бірін қажай бастады. Қажайған жер қайбір ондырушы еді, зуылдатып ашыта бастады. Әр жерге бір тоқтаймыз.

– Әй, жүгіріп кеткір Нұрлан-ай! – дедім. – Сенің осы қырсық, тоңмойындығың тойдырып бітті-ау!

– Қойшы, нағашы-еке! Жазым ғой! – деді.

– Әй, қайдағы жазым? Сенің мисыздығыңнан болған жазым. Енді нағашы-еке деп мәймендеп қалыпсың ғой. Тығылмай тұрып, құп болады нағашы-еке десең бұтымыз ашымайтын еді. Оңбаған, қырсық неме! – дедім.

Оның мені нағашы дейтін себебі бар. Баяғы Бәйдібек бабамыздың заманында, мыңдаған жылқысы, қора-қора қойы, табын-табын сиыры, шудасының саны жоқ түйелері болған шалқыған байдың еліне, Сыр бойынан аш жалаңаш, бір балаң жігіт келеді. Бабамыздың жігіттері әлгіні ұстап алып ордаға әкеліп береді. Сұңғақ бойлы, ат жақты, қара торы жігітпен біраз уақыт сұқпаттасқан бабамыз, әлгі жігіттің бойынан жігерлікті ме, болмаса басқа бір қасиеттерін сезді ме, әйтеуірі мейірімі түсіп, жігіттеріне тапсырып, қажырлы да қауқарлы жігіттерге сеніп тапсыратын міндет жылқышы етіп, мың сан жылқысын баққызады. Әлгі жігіт біраз жыл жылқышы болып буыны қатайып, есейген кезде, қысы өте қатты жұт жылы болып Бәйдібектің бар малы дерлік қырылып, көктемде малшы, жылқышылары таяғын ұстап қана қалған екен дейді. Сол сұрапыл зауалдан кейін бабамыз аһ ұрып отырған кезде, әлгі жігіт, алдына салған жылқылардың біреуін де шашау шығармай, жұтқа ұрындырмай аман-есен алып келген екен. Содан бабамыз риза болып, сүйікті қыздарының бірін беріп, алдына мал салып, еліне аттандырған екен. Сол жігіттің ұрпақтары өскелең болып, бір тайпа елге айналып «нағашы» дейді.

– Ол жер соншалықты бос болар деп ойламаппын. Қазір-ақ мына темірлерді салып шығып кетеміз.

– Япырау, өзіне сенімділігің не деген мықты еді. Ебедейсіз темірлерді, ебіл-себіл болып сонша жерден сүйрелеп келе жатсақта, осылардың арқасында көлікті шығара саламыз дегенге сене алмай келемін.

– Қазір, астын қазғыштап, домкратпен көтеріп, доңғалақтың астына темірлерді төсеп шығып кетеміз, – деді Нұрлан.

Содан екеуіміз қара тер болып топырақтарды қопарып, көліктің алдын қайта-қайта топыраққа батып кете берсе де, домкраттың күшімен ептеп көтеріп темірлерімізді олай да былай да салып көргенімізден түк шықпай сілікпеміз шықты. Осылайша арпалысып жүргенімізде күн батып қараңғылық та түсіп кетті.

Айналада тірі жан жоқ, өлі тыныштық орнаған. Ең болмаса судын бетін шайқап шүлп-шүлп еткізіп дыбысын шығара соғатын жеңіл самал да жоқ.

– Енді не істейміз? – дедім.

– Трактор іздеу керек! – деді Нұрлан.

– Мынадай өлі тыныштықта тракторды қайдан табасың?

– Көл жағаларындағы баздарға барып көрелік, болмаса осы көлді жағалай жүрсек балықшылар болуы мүмкін. Тракторлары болса көмектесулерін сұранайық, – деді Нұрлан.

– Онда, кеттік! Ертерек қимылдамасақ ертең жұмыстан қаламыз, – дедім.

Екеуіміз көл жағалап келеміз. Қалт еткен дыбысты жібермеу үшін демімізді ішке тарта үндемей келеміз, тек қана екі танаудан шыққан демнің пышылы мен аяқтың сыбдырынан басқа құлағымыздың естуіне бөгет жасайтындай ешнәрсе жоқ. Түнгі салқын ауа тынысымызды кере ашатындай. Аспанда жұлдыздар жамырап, ай толықси сәулесін шашып, табан жолымызды ажыратуға көп септігін тигізіп, жүрісімізді жеңілдете түсуде... Бір-бірімізге жалтақтап қарап қойғанмыз болмаса үнсіз жүріп келеміз. Осылай келе жатып, екі шақырымдай жүрген кезде түсініксіз бір дыбыстар естілгендей болды. Қалт тұра қалып, құлақ тостық.

– Мынау адамдардың дауысы сияқты! – дедім мен.

– Ия, солай сияқты! – деп Нұрлан қолдай кетті.

– Дәу де болса балықшылар болар, жақындай түселік, – дедім.

Жүріп келе, дыбыстар айқындала бастады. Адамдардың дауыстары анық естіле бастады. Келсек, балықшылар екен. Көлдің жағасында ара қашықтығы екі жүз метрдей жерлерге екі шығыршық орнатып, үлкен қайықпен көлдің қомақты жерін айналдыра невод (балық ұстауға арналған үлкен ау) салып жатыр екен.

Анадай жерде Т-16 маркалы кішкентай трактор тұр. Оның трактор деген аты болмаса асып бара жатқан қауқары жоқ. Алдыңғы жағына орнатылған қорабы бар. Ол қорапқа жүк салынбаса қойқан-қойқан етіп шошандап, көбелек сияқты болып қалады. Үстінде салмақ болмағасын алдыңғы доңғалақтары секендей береді. Бірақ

жоқтан тәуірлеу. Көлігімізді тартып шығаруға қауқарлы сияқты. Қуанып кеттік. Көл маңында оншақты балықшы жігіттер жүр. Бірлі жарымды қазақтар болмаса, басқалары орыстар сияқты. Бәрі орысша сөйлесіп жүр. Жігіттердің қасына келіп:

– Здравствуйте? – дедік қосарлана.

– Здравствуйте? – деді олар.

Дауыстары жұмсақ, бізді жатсынбай тұрғандай сыңай танытты. Оған іштей қуанып қалдым. Көмек беретіндей әсер қалдырды.

– Ребята прошу прощения за беспокойство, мы остались в трудном положении, – дедім.

– Что случилось? – деп сұрады біреуі.

– Да, мы застряли в ниле. Машину сколько не старались, не смогли вытащить. Просим помощь. Только трактор сможет вытащить.

– У нас пока нет трактора. Они будут к утру.

– У Вас, я вижу Т-16 имеется.

– Да ну его! Этот? Ой, это не трактор, а одно названия. Маломощный. Вряд ли может вытенуть.

– Может быть попробуем. Там чуть-чуть помощь и машина сама выскочить.

– Ну хорошо, поехали, – деп қасына бір-екі жігітін ертіп, бәріміз тракторға отырып, көлікке келдік.

Көлікті ары-бері айналып, алдынан сүйреу керек деп шештік. Ұзындығы төрт метрдей болатын тросты жақсылап байлап, трактордың алды жеңілдіктен шошандай бермес үшін екі-үш жігіт болып қорабына мініп алып:

– Ал, тарт, – дедік трактористке.

Ол жайлап тартып көріп еді, күш ала алмай артқы доңғалақ орнында айналып трактор жетел қысқан адамдай күркілдеп, тұншыға бастады. Тракторист жалма-жан тоқтатты да артқа шегіндіріп, моторға барынша айналыс күшін беріп газын баса түсіп алға қарай жүлқына тартып еді артқы доңғалақ алдыңғы айналған жеріне дейін жетті де, бос жерді қаза түсіп, тежегішті басуға да үлгіртпей артқы мостына шоңқиып отырды да қалды. Біздің көлік орнынан былқ еткен де жоқ, қайта Нұрланның тракторға көмектеспек болып, шапшандықты қосқанынан одан сайын жерге

кіре түскендей. Бәріміз қораптан секіріп түстік. Трактордың батқаны соншалықты, енді бір бас ауруға екіншісі қосылып, оны шығару мәселесі туындады. Жалма-жан бәріміз жабылып тросты босата салып трактордың артына жармасып, көтеріп те, итеріп те көргенімізден түк те шықпады. Мызғымайды, былқ етпейді. Алқынып көкіректен дем алып, тіліміз ауызымызға сыймай, сөйлеуге мұрша келмей тіліміз байланып тұр. Орыстарымыз тракторды айналшақтап жүр. Дегенмен жайсаң жігіттер екен, ұрыс шығармады. Бізге қарай бір алайып қарады да:

– Ну, что? Теперь придется другой трактор искать и трос подлиннее надо найти. Эх, ребята! Нам тоже нашли проблему. Теперь капут на сегодня рыбалка. Вова, вы с Сергеем вдвоем идите помогите ребятам, а мы с Сашей вдвоем, с этими ребятами будем искать трактор, – деді Виктор деген үлкені.

– Хорошо, – деп ана екеуі кетіп қалды.

Біздің де біраз деміміз басылып адам қалпына келіп қалдық. Сол кезде менің ойыма, Совет заманының қазақ жерінде алғашқы орнығуы кезінде туған нағашы атамның басынан өткен оқиғасы орала берді.

– Нұрлан? Осы біздің жағдайға ұқсас әңгіме айтып берейін.

– Ой, қойшы. Өзіміз қиналып отырғанда, сенің-ақ әңгімен таусылмайды екен.

– Сен, быжылдама! Осы жағдайға тап қылған өзің. Енді он-он бес минуттай демалайық. Сосын трактор іздеуге шығамыз. Ал енді тыңда, – дедім.

Қазақ жерінде совет заманы алғаш орнығып, сонау алпысыншы жылдардың бастарына дейін, неше түрлі алапаттар орын алғаны белгілі. Соның ең қомақты да қорқыныштыларының бірі байлар мен кулактарды кәмпескелеу (тәркілеу) мәселесі болған. Менің шешем Қалампырдың әкесі Әлі деген кісі, (ел «Дәу Әлі» деп атап кеткен) әжептәуір әл-ауқаты мен дәулеті бар өзі өсіп өнген Үшарал, Бозарық, Тоғысқан ауылдарына беделді кісі болған екен. Сол кісі коллективизм заманында шолақ белсенділердің арқасында «кулак» деген атаққа ие болып қудалауға түсіпті.

Мен ол кісіні өткен ғасырдың алпысыншы жылдары жеті-сегіз жастар шағымда көргенім есімде қалыпты. Біздің үйге келгені бар.



Біздің ауыл ол кісінің ауылынан алпыс-жетпіс шақырымдай жерде болғасын сирек қатынайды. Сол кезде ол кісі маған еңгезердей үлкен, кең жауырынды, екі иығына екі кісі мінгендей алып тұлғалы болып көрінген. Әсіресе аппақ сақал мұрты көкірегі түгелдей жауып қалың әрі салалылығымен өзіне жарасып тұрғандай еді. Оның үстіне байсалдығы мен тәкаппарлығы да бар болатын.

Шешемнің қуанғаны соншалықты, атамыздың алды-артынан шыр айнала жан ұшыра жүгіріп жүріп, бар жылы жұмсағын дастарқанға жайып салып, бұрқыратып балған қозының етін дастарқанға қойған кезде, қызына ризашылық сезіммен бір карап алып бата берді де, дәмнен ауыз тиіп, бәрімізді шүпірлете үймелетіп қасына жақын отырғызып, үлкен астан асата отырып жегізгені, сол күні дәмді тамаққа бір тойынғанымыз әлі күнге дейін есімде. Менің сол көргендегі есімде қалғанының бәрі де кейіннен ол кісі туралы айтылған естеліктер мен оқиғалар, сюжеттер менің болжамымды шындыққа айналдырды.

Міне, осы кісі қудалауға түсіп біраз уақыт бой тасалап жүреді. Сол кездерде жас шамасы елу бестерден жоғарырақ болса керек. Бойтасалап қашқанда қайда барады. Ана ауыл, мына ауылдағы туған-туыс, жора-жолдас, құда-жекжаттардың араларын аралап, паналап жүреді. Көктемнің жаңбырлы көп күндерінің бірінде Үшарал ауылы мен Ақкөл елді мекенінің арасындағы Кемпіртөбе деген қыраттың үстімен астындағы мықты атымен келе жатса, жол бойында тоқтап тұрған «полуторка» деген маркасын ешкім білмейтін сол кездің автокөлігінің жанында тұрған екі-үш адамды көріп, бұрылып жақындай түседі.

Сыртта тұрғандардың киген киімдері өздеріне жарасымды, жеңілдеу, бас киімдері де анау айтқан жаңа болмаса да күтімді, аяқ-киімдері де осал емес екендігі көрініп тұрады. Бірақ бәрі де бір нәрсеге ренжулі сияқты, кезек-кезек қолдарын ербеңдете сөйлеп жатқандай. Осының барлығын анадайдан байқаған атам жақындап келіп:

- Ассалаумағалейкум? – деп сәлемдеседі.
- Сәлемәтсіз?! – деп ішіндегі біреуі селкос сәлемдеседі де, басқалары өз сөздерін жалғастыра береді.
- Көмек шақыру керек, – дейді біреуі.

– Түйе сұратайық, – дейді екіншісі.

– Оу, жігіттер, не болды? Неменеге сонша даурығып тұрсындар?  
– дейді атам, танданып.

– Ой, көке, көлік тығылып қалды! Көрмей тұрсыз ба? Шығара алмай тұрмыз, – дейді біреуі.

– Бізде неңіз бар? Жөніңізге жүре беріңіз, – дейді екіншісі зілденіп.

– Оу, тоқтай тұрыңыз, Сіз ауылға барып түйе алып келіңіз, – дейді бұйыра сөйлеп үлкендеу біреуі.

– Ол түйені не істейін деп едіңдер? – дейді атам жайбарақат, ердің үстіне бір жанбастай қисая отырып.

– Мына тығылған көлікті түйемен тартпасақ, былай шығара алмаймыз ғой! Сондықтан ауылдан бір түйе алып келіңіз. Астыңыздағы атыңыз жараулы екен. Жылдамырақ барып келсеңіз болар еді, – дейді біреуі сабасына түсіп.

Атам автокөлікті бір қарап алады да, көлігінен, жап-жас жігіттердей лып етіп түседі де, тұрғандардың біреуіне аттың шылбырын ұстата салып:

– Әй, балалар? Мына көліктеріңнің ұстайтын жері бар ма? – дейді.

– Әрине! Алдында да, артында да бар, – дейді шопыры сасқалақтап.

– Олай болса, ұста мына киімдерді, – деп атам сырт киімдерін шеше бастайды. Жаңа ғана түйеге жұмсап тұрғаны:

– Көке, не істемексіз? – дейді шошына қарап.

– Мына көліктерінді шығарып бермеймін бе? – деп қарсы сұрақ қойыпты, жарықтық.

– Оу көке, қойыңыз! Бәріміз жабылып шығара алмадық! Сіз шығарамын деп отырсыз ба? Одан да уақытты жоғалтпай түйе тауып келіңізші! Сіздің көмегіңіз сол болсын, – дейді үлкендеуі дауысын жұмсарып.

– Біздің ауылда түйе жоқ. Жарайды балалар, көрейін. Қане, былай тұрындар? – деп аяғындағы саптама етігін шешіп, балағын асықпай түріп беліндегі жалпақтығы алақандай қайыс белдігін ұстап балшыққа түсе бастайды.

Тұрған жігіттер «мынаның есі дұрыс па?» дегендей аңтарылып тұрып қалады. Атам сол түскен бойда көліктің алдына барып, шошайып шығып тұрған темірге белдігін салып екі қолымен нығыздай ұстап «ауп» деп көліктің алдын көтерген бойда құрғаққа қарай шығарып қояды да, арт жағына барып барып тағы да сол әдіспен «ауп» деп артын шығарып қояды.

– Ал балалар жолдарың болсын, енді жүре беріңдер, – дейді. Жолаушылар аң таң. Бағанағы ызғардан түк қалмаған.

– Көке? Рақмет! Осынша күшке ие, Сіз кім боласыз? Сәл артықтау сөйлесек кешіперсіз! – дейді үлкендеуі.

– Оқасы жоқ, балалар! Осы ауылдың адамымыз ғой! – дейді атам.

– Сіз үлкен кісі сияқтысыз? Әрі мына қысылтаяң жағдайда қол ұшын беріп көмектестіңіз. Мен аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы боламын. Мына кісі аудандық атқару комитетінің басшысы. Ал мына кісі ауылшаруашылығы бөлімінің бастығы. Сізге ризашылығымды жеткізе алмай тұрмын. Кім боласыз? Аты-жөніңіз кім? Не істейтін азаматсыз? Мына жағдай өмір бойы айта жүретін оқиға болды. Сонда, кім екеніңізді де айта жүрген дұрыс болар! – дейді.

– Айналайындар, дақпырақтататындай ешнәрсе жоқ.

– Жоқ көке, айтыңыз? Біліп жүрейік! «Мыңның жүзін танығанша, бірдің атын біл» деген атаның баласымыз ғой! Айтыңыз! – дейді бастық сұрана.

– Айтатын, ешнәрсе жоқ! Есімім – Әлі, Үшаралдан боламын. Аз-маз дәулетім бар еді. Содан мені құлақ деді ме? Асып бара жатқан байлық болмаса да, бай деді ме? Әйтеуір біраз мал-мүлкімді тартып алды. Өзім қудаланып жүрген жанмын. Осы ауданды басқарып отыр екенсіңдер, ұстап алып кетем десеңдер қарсыласпаймын. Алдарыңда тұрмын, – дейді атам.

– Қанша мал мүлкіңіз болып еді?

– Бес-алты жылқы, екі-үш сиыр мен жиырма шақты қой-ешкі бар еді, – дейді атам.

– Мұның барлығы кулақтықтың денгейінен төмен ғой. Неге қудаланасыз?

– Мен қайдан білейін? Жағдай солай болды ғой!

– Жок, Сіз кулак емессіз! Абзал азамат сияқтысыз. Өзіңізге де, күшіңізге де тәнті болып отырмын. Міне, мына қағазды алыңыз. Бұл Сізді ақтау қағазы. Енді Сізді ешкім қудаламайды, – деп табан астында қағаз жазып береді аупартком.

– Қарағым, шын айтасың ба? Бұл өмірде де әділеттік болады екен-ау. Рақмет!

– Жок, Сізге рақмет! Қысылтаянда қол ұшын беріп, көмектестіңіз. Сіз болмасаңыз осы жерде қанша тұратынымыз белгісіз еді. Өзіңіз парасатты, әрі жойқын күштің иесі екенсіз! Риза болып рақымшылығымыз түсіп тұр. Айта жүретін оқиға болды. Ал, сау болыңыз. Қашқалақтамай, үйіңізге барыңыз. Біреулер бірдене десе мына қағазды көрсетіңіз. Мал-мүлкіңізді қайтарып береді, – деп көлігіне отыра бастайды.

– Рақмет, жолдарың болсын! – деп атам қала береді.

Сол күннен бастап, атамды қудалау тоқтатылып, мал-мүлкі қайтарылған екен.

– Міне, естідің бе Нұрлан? Ал біз жан жабылып, жеп-жеңіл кішкентай тракторды шығара алмадық. Кеттік, тұр орнынан! – деп ары кеттік.

Түнімен трактор іздеп сағат түнгі екілер шамасында «Белорусь» маркалы тракторды тауып алып, иесін көке-жәкелеп жатып тұрғызып бес метрлік тросымен алып келіп Т-16-ның алдына жектік. Орыс жолдастарымыз көрінбейді. Мен жас кезімде тракторист болып жұмыс істегендіктен, еш қиындықсыз Т-16- ны оталдырып алдым.

– Ал, тартыңыз! – дедім.

Екі трактордың да доңғалақтары тұрған орнында шыр айналды. Тартып жатқан трактор жалма-жан тежегішін басып, алдыға жылжымақ болып ұмтылып еді, артқы доңғалақ жерді қаза түсіп екі айналды да, артқы мостымен жерге дейін кіріп кетіп тоқтады да қалды. Жаңа ғана жылдам шығарып ала саламыз деген үміттен түк қалмай, үшінші көлік те топыраққа батып тоқтады.

– Енді, не істедім? Танертен жұмысқа кешігетін болдым, – деп шырылдайды тракторист.

– Сіз, қиналмаңыз! Қазір жігіттер тағы көлік әкеледі. Сонымен шығарып аламыз, – деп жұбатқан болдым.

Дегенмен, көл жағалауы топырағының беті құрғақ болып көрінгенімен астыңғы жағы әлі суы толық тартыла қоймаған борпылдақ бос топырақ екен. Биттің қабығындай он сантиметрлік құрғақ жер трактор табанына төтеп бере алай езіліп кетіп жатыр, әйтсе де жағалаудан он метрдей алыстадық. Ары қарай құрғақ болар деп үміттендік. Қасымыздағы тракторист жігітіміз ары бері қиналғанымен қолдан келер шара жоқ, қайта-қайта темекіден өшін алып бұрқырата тартып жүр. Осылай сенделіп жүргенімізде уақыт төрт-бестерге таяп қалды. Әлден уақытта түнгі тыныштықты бұза трактор дауысы естіліп, лезде екі «Белорусь» тракторы жетіп келді. Алып келгендер өзіміздің орыстар. Қуанышта шек жоқ.

– А что, еще один трактор утопили что ли? – деді

– Да, вот видите? Оказывается весь берег очень опасный. Думали здесь сухо, но нет. Трактор не успел сделать один оборот, уже сел на живот? – дедім.

– Ну, ладно! Сейчас вытащим! Сразу двух тракторов соединим с друг-другом. Трос привезли подлиннее, должны вытащить.

– Может быть попробовать по отдельности, а то кто знает? Местность подозрительная.

– Ничего не бойтесь! Тросы по двадцать пять метров. Думаю там сухо. Давайте ребята цепляйте тросы. Тепер потихонечку растените. Сперва вытащим одну, потом другую. Действуйте по моей команде. Все сели за руль. Готовы? Ну тогда, с богом. Раз, два, три-и-и. Тяните?!

Тракторлар тарта жөнелді. Алдыңғы трактордың доңғалағы шыр айналғанымен төсі төмен сіңіп шоңқиды да қалды. Артқысының да доңғалағы орта беліне таман батып барып тоқтады.

– Ой, елки, палки. Ну, надо же? Освободите трос. Давай самостоятельно выкарапкайся, подойдем с другой стороны? Давай, давай! – деп айғайлап жіберді Виктор.

Жігіттер тросы босатып тракторға отырып артқа беріп еді доңғалағы одан сайын жерді қаза бастады.

– Ей, стой! Больше не надо, а то тоже сядешь на брюхо. Выключи двигатель! Что теперь будем делать? Сергей сходи на тот берег. Попроси у тех ребят технику. У них на базе должны быть большие

техники. Без их помощи нам не вытащить. Скажи, что я прошу. Еще попроси длинный трос, желательно около ста метров.

– Ой, далеко же, километров десять.

– А что ты хочешь? Сидеть до утра? Давай беги, пока не поздно.

Сергей теріс бұрылып бір нәрселерді күнкілдей жүріп кетті. Біз отырмыз үн-түнсіз. Сөйлеуге де шама жоқ, әбден титықтап шаршағанбыз. Бәріміз де осы жұмсақтау әрі жылырақ шығар деген жерлерде қисайып, біржамбастап жатырмыз. Ұйықтап кетсек керек. Біреулердің абыр-дабыр сөздерінен оянып кетсек, дала жап-жарық, күн көтеріліп кеткен. Жалма-жан сағатымызға қарасақ таңғы сегізден асып кетіпті. Сергей үлкен Урал-ЗИС деген үш белтемірлі (осьті) жүк автокөлігін алып келіпті.

– Виктор Иванович, вставай? Привез машину. Трос длиной сто метров имеется, – деп есебін беріп жатыр.

– Ох, блин! Уснул, видимо устал. Смотри, уже утро. Хорошо что привез! Давайте, запрегайте. Надо по одному вытащить. Сергей молодец. Самую мощную привез, – деді.

Сергей мез болып күлімдеп қояды.

Сонымен, жағалау бойының сексеннен жүз метріне дейін көңіліміз қалып қорқақтап қалған біз, автокөлікті алысқа қойып ұзын тросты байлап, қуаты күшті автокөлікпен бір біреулеп шығарып алдық. Соңғы екеуін, жағаға жақындай бермес үшін басқа тростарды ұзынына жалғап жүріп шығардық. Қуанышымызда шек жоқ. Әсіресе, мына көмектескен жігіттерге алғысымыз шексіз болды.

– Виктор, спасибо! Вы очень выручили нас. Без вас, мы что могли бы?! Прошу извинение за то, что оторвали Вас от работы и создали излишние хлопоты. Всем ребятам, огромное спасибо, – дедік.

Олармен қол алысып қоштасып, көл суына шайынып алып жүріп кеткенше сағат тілі тоғызға жақындап қалды. Жұмысқа аса көп кешікпейтінімізге көз жетіп көңілденіп келеміз. Түнгі қиыншылықтың барлығы артта қалып, жұмысқа түк білмегендей тып-тыныш бара салып отыра қаламыз деп келеміз.

Көлігіміздің сыртының сатал-сатал кірлері болмаса, аман-есен. Балықтарымыз да сол қалпында, үйге де келіп жеттік. Ертерек жеткеніме мез болып, бар затымды аркаланып пәтердің қоңырауын

басып едім, ар жағынан келіншегім Әлия көрінді. Мені көре салып көптен көрмей сағынысып қалған адамдай құшақтай алып жылап жіберді. Жадыраған көңілден түк те қалмай шошып түстім. Өзі әбден жылаған сияқты.

– Сен, сен? – дей береді тұтықтанып.

Көмейіне тығылған өксік сөйлеуге шамасын келтірмей тұр.

– Не болып қалды? Аманшылық па? Жайшылық па? – деймін шошына түстім.

Әлден уақыттан соң, өксігі басылып, тілге келе бастады.

– Сен осы уақытқа дейін қайда жүрсің?.. Неге сонша шошытасың? Аман-саумысың? – деді.

– Ой, мені қойшы! Мұнда не болып жатыр? Неге сонша жылағансың? – дедім.

– Не болушы еді? Бәрі аман, ешнәрсе болған жоқ! Сені, Нұрлан екеуіңді жоғалтып жатырмыз, – деді.

– Сол ғана ма? Міне, алдында тұрмын ғой! Шошытып жібердің ғой!

– Мен қалай шошыдым. Жым-жылас, жоқ болып кеттіңдер!

– Ойбай-ау біз тығылып қалдық! Жаңа ғана көлігімізді зорға шығарып жеткеніміз осы болды, – дедім.

– Ең болмаса, телефон соқпасыңдар ма? – деді ол.

– Қайдағы телефон? Ол жақта байланыс жоқ. Не бірінші рет кешіктік пе? Сонша шошынатындай не болды?

– Ылғи кетерінде кешке келем, кеш келем, қонып ертеңіне келемін деп айтып кетуші едің. Бұл жолы жым-жылас, хабар-ошарсыз кеткен соң, қорқып кеттік! Нұрланның Әзизасы екеуіміз түнімен көз ілген жоқпыз. Бір жерде аударылып қалды ма? Суға батып кетті ме? – деп.

– Сендерге не болған? Біз жас бала ма едік. Жоқ, бірінші рет аңға, балыққа шығып па едік? Аллаға сиынып қойып, ұйықтай бермейсіңдер ме? Кеше кешке келетін едік. Көлікпен жағаға жақындау жүреміз деп батпаққа түсіп кетіп, түнімен соның әлегімен жүрдік, – дедім.

– Қайдам, түнімен уайым жеп, өле жаздадық!

– Әй, жаным, дегенмен күйгелексің ғой! Сәл де болса бойыңды ақылға жеңдіріп, сабыр сақтасаң етті.

– Не ойларымызды білмедік. Ертең десең ертеңіне, кешке келем десең кешке келуші едің... Бұл жолы жым-жылас жоқ болған қорқып кеттім.

– Жарайды! Аман-есен келгенімді көріп тұрсың. Жылдамдатып жуынып алып, жұмысқа кетейін, сен шәйінді даярлай бер.

– Мен не істерімді білмей, түнгі сағат үш шамасында, ана қаладағы әріптесің Әнуарбекке хабарласып едім, ол бүкіл төтенше жағдай департаментінің адамдарын көтеріп жатыр.

– Не дейсің? Шын айтып отырсың ба? Сенің есің дұрыс па? Бүкіл елге жайып нең бар? Олар қайда? Бізді іздеп кетті ме? – дедім.

– Қайдам! – деп иығын қиқаң еткізіп, – Әнуарбектен сұра! – деді.

Мен телефон құлағына жармастым. Арғы жағынан Әнуарбектің «алло» деген дауысы естілді.

– Әнеке, ассалаумағалейкум?! Мен, Мырзақасым ғой! Қалдарыңыз қалай?

– Ә, Мырзақасым, табылдың ба? Қалай болушы еді? Өзің қайда жүрсің? Әйелің түнімен ұйықтатпай, енді бүкіл елді дүрліктіріп жатырмыз.

– Кеше балыққа барып едік. Көлігіміз тығылып, таңертең зорға шығарып алып келгеніміз осы. Қазір жұмысқа жиналып жатырмын.

– Бізде бұл жақта бекер отырған жоқпыз. Облыстың төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлерін көтеріп жатырмыз.

– Ойбай, Әнеке, тоқтатыңыз! Ұят болар! Білдей бір мекеменің басшысы жоғалып кетіпті деген сөз ертең-ақ бүкіл Қазақстанға тарап кетер. Біз аман-есенбіз!

– Олар өз адамдарынан бес-алты бригада құрып қойды. Сағат ондарда шығамыз деп жатыр. Төрт бригада Вячеславка көліне, екі бригада Есіл өзенінің бойын сүзбекші.

– Әнеке, мына сұмдықты тоқтат! Болмаса, маған телефондарын бер. Өзім сөйлесейін.

– Жарайды, айтайын. Бірақ, жұмысқа жылдамырақ жет!

– Ия, жетемін! Сен сөйлесе бер, мен де жетіп қалармын.

Жылдам киімімді ауыстырып жұмысқа жүріп кеттім. Жұмысқа келсем, бәрі маған одырап қарайды. Бейне бір мен ғайыптан пайда



болған жан сияқтымын. Екінші қабатқа көтеріліп Әнуарбектің кабинетіне кіріп барып едім, ол орнынан атып тұрып мені құшақтай алды.

– Әй, Мырзеке, біраз қорқыттың ғой! Әйелің телефонның ар жағында жылап тұрғанда өзімді қоярға жер таппай кеттім. Біраз сенделіп жүріп, есіме төтенше жағдайлар түсіп, соларға телефон шалып жатып, сағат жетілерде зорға таптым.

– Менің әйелім күйгелек адам ғой. Кешке келе қоймады деп, есі шығып кетіпті. Енді не істейміз? Елді бекер босқа дүрліктірмейік.

– Ия, мен жаңа ғана телефон шалып тоқтаттым. Енді болмағанда жолға шығайын деп жатыр екен. Табылды, деп едім бәрін тоқтатты.

– Дұрыс болған екен, әйтпесе ыңғайсыздау болар еді. Рақмет! Әнеке, – дедім.

Осылайша біздің бір кешкі тығылуымыз бүкіл Астана қаласы мен Ақмола облысын дүрліктіре жаздады. Қай жерде де «ойланбаған опық жейді» демекші, осы біздің ойсыз тірлік пен шалыс жүрісіміз орға жығып, ұятқа қалдыра жаздады. Сол күнгі кеште Нұрлан екеуміз бір-бірімізді тыңдап су жағасынан сәл алыстау жүрсек бұл оқиға болмас еді. Шіркін атам қазақ «келісіп пішкен тон келте болмайды», «жеті рет пішіп, бір рет кес» деген нақыл сөздері бекер айтылмаған екен. Әрбір қадамымызды ойлана басып, ақылмен алға жылжиық, ойлы болайық, ағайын!

## **АЛҒАШҚЫ АҢШЫЛЫҚ**

1998 жылдың күз мезгілі. Өткен жылдың 10 желтоқсанында Қазақстанның орталығын Алматыдан Астана қаласына көшіргелі бір жылға тарта уақыт өтіп, бойымыз жаңа астанаға да үйренісіп қалғанды. Алматыдан көшіп келген мемлекеттік қызметкерлерге қаланың 9-шы мөлтек ауданынан қызыл кірпіштен бес қабаттық етіп арнайы салынған жап-жаңа үйден бір-бір пәтерден беріліп, орналасып алғанбыз.

Жұмыстың қауырттығы мен қаражаттың тапшылығынан жанұяларымызды көшіріп әкелуге мұршамыз келе қоймаған шақ. Жұмысымызды жөнге келтіріп, күнделікті үкіметтің ұшы қиыры көрінбейтін әрі өмірі таусылмайтын күйбең тіршіліктерін

атқарып, анда-санда сенбі, жексенбі күндері ел қатарлы демалып, жора-жолдастар бір-бірімізді үйге шақырып, бильярд ойнасып жүретінбіз. Жанұяларымыз алыста қалып, әрқайсысымыз екі, үш бөлмелі пәтерлерімізде жалғыз тұрып жатқасын, қызметтен бос уақыттарымызда төрт қабырғаға телміре қарап отыруды әдетке айналдырмай, жиі кездесіп, әсіресе демалыс күндері жұбымыз жазылмай бірге жүреміз.

Осылайша, қызмет пен демалысты ұштастырып зымырай өтіп жатқан уақытпен таласып жүргенде күз мезгілі де жақындап қалыпты. Бірде үйреншікті әдетпен сенбі күні жігіттерге қоңырау шалсам ешкім жауап бермейді. Жым-жылас, жолдастарымның біреуін де таппай қалдым. Келесі демалыс күндерінде де тура осы жағдай қайталанды. «Бұлар қайда кетіп қалды екен, неге үйлерінде жоқ?» деген сауалдар мазалай бастады. Қалада араласатын ешкім қалмай жапан түзде жалғыз қалғандаймын. Астанаға інім Сейтқасымда келген. Ол парламенттің аппарат жетекшісінің орынбасары. Бүкіл депутаттар мен парламент қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайлары мойындарында болғасын, сенбі, жексенбі күндері де қолдары тие бермейді. Сондықтан оны көп мазаламаймын.

Жігіттер жоқ болғаннан кейін, жалғыздықтан елегзіп, зеріге бастадым. Бірақ менің зеріккеніммен ешкімнің шаруасы жоқ. Ешкім ешнәрсе айтар емес. Бәрі жасырылған жұмбақтай тым-тырыс жатыр. Осындай жағдай қайталана бергесін, қой болмас не де болса сұрап білейін деп, дүйсенбі күні жұмысқа барысымен, Нұрлан деген жолдасымды тауып алып, әбден шыдамым таусылса керек:

– Әй, Нұрлан? Осы сендер сенбі, жексенбі күндері қайда жоғалып кетесіңдер? – деп сұрақты төтесінен қойдым.

– Немене іздедің бе? – деп қарсы сұрақ қойды ол.

– Іздемегенде ше? Қалада тым-тырыс, біреуің де жоқсың! Ең болмаса біз мұнда болдық деп бір ауыз айтпайсыңдар ма? Мен жалғыздан-жалғыз ішім пысып зерігіп кеттім. Ауылдасыңдар ма?

– Біз қайда кетуші едік! Аңға барамыз! Өткенде, аңға барасың ба? – деп бір сұрағанымда жоқ деп жауап беріп едің ғой. Сосын бәрібір бармайды ғой деп өзіміз кете бердік. Бұл жерде құс өте көп, әсіресе қаздар. Соларды атамыз.

– Сонда қалай? Күні-түні жүресіндер ме?

– Ия, сенбі күні барып сонда қонып, ертесіне қайтамыз. Барсаң көресің, қаз ату өте қызықты!

– Әй, соның несі қызық дейсің? Таңертеңнен кешке дейін мылтығынды арқалап алып шауып жүретін шығарсыңдар. Бірнәрсе атып алсаң жақсы, ал ата алмасаң, шаршап-шалдығып, ұнжырғаң түсіп жүреді. Сол да қызық па?

– Ой сен ешнәрсе білмейді де, түсінбейді де екенсің ғой! Оны ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес. Барғың келсе, алып барайын. Қалай екенін, өз көзіңмен көресің!

– Ол жерде не жатын орын? Не дайындалған тамақ? Не жуынатын жер жоқ! Сасып-пысып жүресіндер ме?

– Сен былай еркектерше сөйлесейші. Ер адамға жатын жер деген не? Бізде бәрі қамтылған. Өзіміздің ұйыққаптарымыз бар. Кез-келген жерде соны жайып жіберіп жаға қаламыз. Тамақ істеуге қажетті ыдыс-аяқтарымыз бар. Басқа не керек?

– Жарайды онда, көрерміз! – деп селқос жауап бердім де өз жөніме кеттім.

Мен шын мәнінде аңшылық дегеннің не екенін түсінбейтінмін. Біздің жанұямызда тек інім Сейтқасымның ғана аңға құмарлығы бар еді. Ленинград мемлекеттік университетінде оқып жүрген кезінде каникулға қалай келеді, солай ағасы Күзембектің жан алқымынан алып аңға шығуға сүйрелеп, мылтықтарын алып, түн ішінде үш аяқты «Урал» мотоциклге мініп кетіп қалады. Маған жүр деп жалынса:

– Әй, бармаңдар! Түн ішінде шұңқырға түсіп өлесіндер! Аң дегенге күн жарықта күндіз бармай ма екен? Түн ішінде мотоциклдің сықсиган жарығынан не көрінеді? Аң іздейміз деп жан-жақтарына алаңдап жүргенде шұңқыр ма, арық па, бір жерге түсіп майып боласыңдар, – деп қайта оларға ақыл айтып бармай қалатынмын.

Олар тыңдамай кете береді. Сөйтіп жүрген адам аң аулаудың кәдірі мен қыр сырын қайдан білсін!

Арада біраз күндер өтіп сенбі жақындап қалды. Бұлар тағы да аңға шыққалы жатыр. Қалада жалғыз қалып ішім пысады. Бұл өмірде жалғыз адамның үйдегі айналдырған төрт қабырғаға

қарап, телміріп, жата бергенінен артық азап дүние жоқ. Сондықтан жігіттермен бірге дала кезіп, серуендеп, солардың аңшылық мүмкіндіктерін өзімше бағалап (түсінбесем де), серігіп қайтпақшы болып, Нұрланға телефон шалдым.

– Нұрлан, сәлеметсің бе? Ертең сенбі күні аң аулауға барасыңдар ма?

– Ия, дайындалып жатырмыз!

– Мені ала кетіңдер! Бағалап, бағдарлап көрейін, қаншалықты аңшы екендеріңді, – деп сұрана әрі әзіліміз жарасып бірге жүрген жолдас болғаннан соң намысына тие, шымши сөйледім.

– Қой-ей, кеше ғана түсінбеймін! Керек емес деп жатыр едің ғой, – деді ол.

– Енді түсіндірмейсің бе?

– Жарайды, түсіндірейін. Сен ең алдымен мылтық сатып алып, аңшы болуға бейімдел! Сені сосын алып кетейін.

– Сен, мылтық деген сөзіңді доғара тұр! Аңшы болайын деп тұрған мен жоқ! Жалғыз қалып ішім пысатын болған соң, сендерге ілесіп таза ауа жұтып келейін дегенім ғой!

– Ой, ондай туристерің бізге қажет емес! Түк түсінбейтін адамды ертіп барсаң, тығылудың орнына қорбаңдап жүріп, аңқылдап сөйлеп, қаңқылдап күліп, бүкіл аңды үркітіп, есінді шығарады. Тыныштық бер, айналайын, бармай-ақ қой! – деді.

– Нүреке? Сен менің түсінігіме тиісе берме, өзің түсінбеген талай нәрсеңді менен сұраушы едің, енді түсінігің мол бола қалыпты. Қорықпа, мен бәрін түсінемін. Ешқандай кедергі жасамаймын. Жәйлап бақылап қана отырамын.

– Сол отырғаның бәле ғой! Ол жерде жат десе жату, еңкей десе еңкею, жүгір десе жүгіру, ат десе ату керек түсінесің бе?

– Сен түйетауық ұқсап, құрқылдай бермей жөніңді айт?! Мен сендермен бір рет болса да барып өз көзіммен сендердің аңшылықтарыңды көріп бағалап келгім келіп отыр. Сондықтан ағаларыңды алып кетесіңдер! Болды осымен нүкте қойылды! Мені алып кет! – деп бұйыра сөйледім.

– Біз ол жерде түнеп, ертесіне бірақ қайтамыз. Сенде қалың киім, ұйқықап дегендер жоқ қой ә?

– Қалың киімім бар, ал ұйқықап жоқ. Сонда не далада жатамыз ба?

– Әрине, далада түнейміз! Нағыз экзотика сонда ғой.

– Әзірге түн суық емес, жылы ғой, сол киімдермен жата берермін, болмаса сенің қабынды тартып аламын.

– Ой-хой шіркін! Дәмесінің зорын! Сонда мен сені алып барамын, ал сенің рахметің менің қабымды тартып алу ма? Тапқан екенсің чудақты.

– Е-ей, қалжыңдаймын, неменеге быжылдап кеттің?! Түн жылы дедім ғой, бір мәнісі болар.

– Е, солай десеңші! Ендеше дайындала бер! Таңғы 5-тер шамасында шығып кетеміз.

– Неге сонша ерте?

– Оу, Мырзеке, сенің барғың келе ме? Әлде жоқ па? Не болса соны сұрай берме. Барғың келсе айтқан уақытта дайын тұр, басқасын барғасын көресің.

– Ей, шикылдама, келістік!

Ертеңіне түн жамыла тұрып, жолға шығып кете бардық. Қаланың қалың шамдары тек қана жүрер жолыңды емес бүкіл көкжиекті көз шағылта жарқыратып, қабат-қабат ғимараттар мен заулап жатқан автокөліктерден басқаны көрсетпей, сыртқы дүниені тұмсалап тылсымдандыра түскендей кейіпінен аман-есен босап шықтық. Шіркін, тура өз ауылымыздағыдай үйреншікті кең далаға шығысымен көк күмбездің қойнындағы қараңғы түнге бөленген аспанды неше түрлі өрнекке толтырып, сұлулығын адамзатқа паш етіп жарқыраған жұлдыздар көздің жауын алардай жалт-жұлт етіп жамырап жатты. Даланың таза әрі салқын ауасы көкірегіңді кере, өкпе көрігін барынша толтыра демалдырып, тынысыңды кеңейте түсіп, маужыраған ұйқыңды шайдай ашып, бір рахат сезімге бөледі.

Жүріп келеміз, таң қылаулап ата бастады. Жарқыраған жұлдыздар атып келе жатқан таңнан ұялғандай біртін-біртін көмексе тартып өз орнын таң шапағына босатып жатыр. Жүйткіп келеміз. Тоқтайтын түріміз жоқ. Екі автокөлікке мініп алғанбыз. Көліктердің іші тола заттар, мылтықтардан бастап аң құралдары, тамақтар, киім-кешек, не керек қым қиғаш тола дүние-мүліктен

өзіміз әзер сиып отырмыз. Сағат тілі таңғы сегіздерді көрсеткенде күн әлде қайда көтеріліп, айнала жап-жарық болған. Құлашын кеңге сермеген кең дала. Күз мезгілі болса да бұл жақтың шөптері әлі көкпеңбек күйінде. Әр жерлерде шоғырлана өскен неше түрлі гүлдер бейне бір кілем бетіне салған ою-өрнектердей жайқала түсуде. Жәй ғана соққан самал желдің лүпіліне ілесе ырғалған қалың шөптің арасындағы ақселеудің шашақтары толқындана түсіп, көздің жауын алардай сезімге бөлей түседі. Өмірдің ең бір қызыққа да ләззатқа бөлер шағы осы болар. Әсіресе жастайынан ауылда өскен жігіттер осы сәтті қаншама жан дүниесімен сезініп, күмбірлете күйге, тамылжыта әнге қосып, әңгіме мен аңызға арқау етіп, мәңгі жыр етсе де таусылмайтыны, тылсым сезімге бөлейтіні өтірік емес. Шіркін осы шақ таусылмаса екен. Күнделікті дала төсінде жүрсең осы сезім көмескілене түсер ме еді. Ал, қаладан сыртқа шыққан біз бейбаққа, абыз даланың жаныңды шаттыққа бөлеп сағындыра қауыштырар сәттері мен сезіміңді шынар биікте қалықтатар шақтары міне осындай.

Бір жерге келіп тоқтап, жан-жағымызды бейжайлап алып, алған тамағымыздан ауыз тиіп, термостағы шайдан бір-бір пиаладан ішіп алып, «әлі екі сағаттай жол бар» дегесін көлікке қайта мініп жүріп кеттік. Сағат ондардың шамасында үлкен егістік алқабының аңызына жеттік, жүріп келеміз. Аңызқтың ұшы қиыры көрінбейтіндей. Теп-тегіс кең далаға егілген бидайдың орақтан қалған аңызғағы сап-сары болып бүкіл алқапты жайлап, жайыла түсіп әрі көзді талдыра телміртіп көкжиекке сіңіп шетін көрсетпей жұмбақ күй кешіруде. «Мына аңызда неге келе жатырмыз? Неге көлге бармаймыз Қаз, үйрекке барамыз деген жоқ па еді...» деген ойлар мазалап қояды. Бірақ сұрауға батпадым. «Білмейтін жердің ой шұңқыры көп, білмесіңді сұрама елге мазақ боп» деп қоямын. Сабыр етейін, барған соң көре жатармыз деп өзімді-өзім тежеп басып қоямын. Әлден уақытта аңыз ортасындағы ең биік дөңестеу жерге келіп тоқтадық. Бәріміз көліктен жапырыла түсіп жатырмыз.

Айнала сап-сары, жап-жазық дала, аңыз үсті тола орылған бидайдан қалған көпене-шөмеле сабандар. Әр жерде ұшып қонып сайрап жүрген бозторғайлардан басқа ешқандай жан иесі де, бөтен

бөгде дауыстар да жоқ, мүлгуге жақын тыныштықты барылдап, сарылдап бұзып жүрген біздер-ақ. Әлден уақытта Нұрлан:

– Әй, жігіттер? Тамақтарды түсіріп дастарқан жайындар, тамақтанып алайық! Аз да болса бес сағаттай жүріп келеміз! Осы жерде аялдап, жан- жаққа дүрбі салып, қаздың отырған жерін тауып алайық. Түске дейін осында боламыз. Егерь, кеше маған, «қаздар осы маңда жайылып жүр» деп айтқан. Дүрбімен таппасак, көлге қарай ұшуын күтеміз, – деді.

– Оу, неге көлікпен жүріп іздемеске? Неге көлдің жағасына барып атпаймыз? – дедім шыдай алмай.

– Әй, Мырзеке? Өзің аңға алғаш рет шығып тұрсың, түкті түсінбесең де сұрақ қоясың? Біріншіден, көлікпен жүре бергеннен еш пайда жоқ, тек бензинді тауысамыз. Қаздар осы маңда деп айтты. Дүрбімен жоқ дегенде он бес-жиырма шақырым радиустағы жерлерді шолып шыға аламыз, сондықтан жан-жағымыз анық көрінсін деп, мына биік дөңеске тоқтадық. Екіншіден, қаз түске таман су ішу үшін көлге ұшады. Олар бір-екеу емес жүз мындап ұшады, мына жерден бәрі көрінеді. Қайдан қалай ұшқанын көріп отырамыз. Үшіншіден, көлден қаз-үйректерді бездіріп жібермес үшін, көлдің жағасында атуға болмайды! Тыйым салынған! Түсіндің бе?

– Түсіндім, бірақ тағы бір сұрақ бар? Қаздардың қайдан қалай ұшқанынан бізге не пайда?

– Пайдасы сол, қаздың қай жерден ұшқанын көрсек, сол жерге барып окоп (шұңқыр) қазамыз.

– Сендер соғысқа дайындалып жатырсыңда ма? Окоп қазғаны несі?

– Қаз деген өте сезімтал және ақылды құс. Сезімталдығы сондай ұшып келе жатып жерде жатқан кішкентай ғана жемді де көріп қояды екен. Сосын «Ол өзі жем жеген жерінің бүге-шігесіне дейін біледі» дейді барлық аңшылар. Ол жерде сәл өзгеріс болса жақындамай айналып ұшып кетеді. Сондықтан қаздар ұшып кеткесін жайылған орнына барып белуардан жоғарырақ етіп окоп қазып, топырағын білінбейтіндей етіп алыстау жерге апарып шашып-шашып тастап, окоптың аузын сабандардың сабағымен көмкере жауып білдірмей тастаймыз.

– Қаздардың суға қарай ұшқанын он-он бес шақырымнан көрсендер, оған жеткенше қанша уақыт, қай жерде отырғанын қалай табасындар?

– Ол, өте оңай! Қаз ұшқан жерін байқап белгілеп алсаң болды, сол жерге жеткен соң қаздардың жаңадан тышқан қиларын тауып аласың да сол жерден окоп қазасың!

– Сендер окопты қазып, дайындап, алқынып шаршап «ух» деп отырғандарында, қаздар қайта ұшып келмей қойса қайтесіндер?

– Ту, мылжың екенсің!

– Енді ақыры келген соң, білгіміз келеді.

– Қаздарды жайылып жүрген жерінен ешкім шошыта үркітіп жібермесе, жем жеген жеріне міндетті түрде қайта ұшып келеді. Бұл құбылыс олардың миында ғасырлар бойы қалыптасып әдетке айналып кеткен дүние.

– Жарайды! Окопты қазып үлгермей қалсаңдар қалай болады?

– Онда шаруа бітті! Қаздармен қоштаса бер! Негізінде олар ұшып кеткесін көлден бір-бір жарым сағаттың көлемінде қайта оралады. Соған дейін отырған жерін тауып, окоп қазып, маскировкаларын жасап дайын отыруың қажет.

– Рақмет, біраз нәрсе ұққандай болдым.

– Ал түсініп болсаң, әлі біраз уақыт бар, тамақ ішіп әлденіп, жан-жаққа дүрбі салып бағдарлап алайық, – деп Нұрлан дүрбімен қарай бастады. Әзірге көзіне ешнәрсе іліне қоймаған соң, дастарқанға жайғасты. Әкелген тамағымыздан ауыз тиіп, жүз граммдатып, шәй ішіп, әжүк-күжік әңгіме дүкен құрып әжептәуір уақыт отырып қалдық. Бір кезде Диханбайдың:

– Ойбай, қаз келіп қалды, – деген жанайқайы шықты. Бәріміз жалма-жан орындарымыздан атып тұрдық. Нұрлан дүрбісіне жармаса кетті. Қаздар келе жатқан жаққа қарап тұр.

– Көрдім қайдан ұшқанын деп дүрбіні тастай салып, мылтығына жармасты. Барлығы да мылтықтарын оқтап дайындала бастады.

Қаздар тура бізге беттеп келеді. Тіпті қаймығатын түрі жоқ. Автокөлік, дастарқан, біз өзіміз бәріміз тұрмыз. Оған қарап жатқан қаздар жоқ, тура бізге қарай төне ұшып келеді. Өздері он бес шақты. Биіктігі көп болса 40-50 метрдей. Тура төбемізге келгенде бәрі патырлата атып-атып жіберді. Біреуі ғана топ етіп



жерге құлады, басқасы ары ұшып кетті. Осымен болған шығар деп ойласам, тағы бір тобы, одан ары екінші, үшінші, төртінші, тағы тағы топ-топ болып тура бізге ұшып келеді. Келгені келгенінше атылып жатыр. Әр топтан түспесе де анда санда біреу болса да түсіп жатыр. Жігіттердің бәрі екіленіп алған. Бір біріне қарауға шамалары жоқ. Менде қызып кетіп атқым келді. Мылтығыңды берші бір атайын деп анадан да, мынадан да сұраймын. Бәрі, түк естімес саңырау сияқты, бетіме бажырая бір қарайды да теріс айналып кетеді. Әшейінде мырза болып жүретіндердің көздері қанталап алған, маңына жолатар емес. Әлден уақытта барып қаздар ұшып кетіп, атыс тоқтады. Атылған қаздарды жинап алып келіп, апыр-топыр жинала бастады. Тез жиналып алып, қаздар көтеріле ұшқан жаққа беттедік.

– Ей, Нұрлан? Бағана қаздарды көргенде тығылу керек, болмаса айналып ұшып кетеді дегенің қайда? Бәріміздің көзімізді бақырайтып төбемізден ұшқан жоқ па? Машиналар да, біз де дөңкііп тұрмыз. Тіпті көңіл де аударған жоқ қой!

– Мырзеке, олар жайылымнан көлге беттегенде еш нәрсеге алаңдамайды да қарайламай ұша береді. Кешке қаздар жайылымнан қайтқанда көзінді тағы бір жеткізесің. Ал, суға барып, сусынын қандырып, шомылып алып жайылымға қайта ұшқанда өте сақтанып, жан-жағына қарайлай ұшады. Ол кезде тығылып, тырп етпей күтіп жату керек. Бұлар, керек десең, жайылымға қайта келерінде (таңертең болсын, түсте болсын) бір-екі қаздарын барлаушы ретінде жібереді. Олар жайылымды тексеріп барып, ешкім және ешқандай қауіп жоқ деген белгі бергесін ғана ұшып келе бастайды. Ал, барлаушылар қайта келмесе болмаса жаман хабар әкелсе қаздар ол жайылымға қайта келмейді.

– Атыс басталғанда бәрің екіленіп, қызылкөзденіп кетеді екенсіңдер! Жан-жаққа қарап, кішкене елге көз қырын салып, бұл не істеп тұр екен? Көмек керек пе? – деп ойламайсыңдар.

– Не деп фэлсәфа соғып кеттің? Не болып қалды?

– Жә, жәй айтқаным ғой! Бір атып көруге мылтықтарыңды сұрасам, маған тура бір жауларыңды көргендей алая жақтырмай қарап, теріс айналып кетесіңдер. Өзім ертіп келіп едім, көңілі

қалмасын бір рет атқызайын деп сен де ойламадың. Не деген қызғаншақ едіңдер! – дедім.

– Жә, ренжімей-ақ қой! Атыстың қызығына түсіп кеткенбіз ғой! Келесі жолы береміз, атып көресің, – деді ол.

Әні-міне дегенше, қаздардың ұшқан жеріне де келіп қалдық. Көліктен түспей-ақ аралап жүріп, қаздардың жаңа тезектерін тауып алып, окоп қазуға кірісіп кеттік. Окопты екі-екіден қосарландырып қазып жатыр.

– Оу, неге қос-қостан қазып жатырсыңдар? Жеке-жеке қазуға болмайды ма? – дедім.

– Бірге қазсақ бір-бірімізге қаздардың ұшуын байқаймыз. Қалай? Қайдан? Қай биіктікте ұшып келе жатқанын сыбырлап болса да жеткізуге оңтайлы, сосын профильдеріміз көп емес, бәріне жеткілікті болсын дегеніміз ғой.

– Профиль деген не?

– Профиль деген әне жатыр. Қаздардың формасын келтіріп фанерадан, пластмассадан, сым мен шүберектен жасалған мүсіндер. Мүсіндерді қаздардың ұшып келер жолына орнатамыз. Мынау түреге тұрған, мынау жем жеп жатқан, анау жатқан қаздардың бейнесі. Бұларды көрген қаздар өздерінен бұрын ұшып келгендер екен деп қонбаққа бет алып төмендейді. Сол кезде біз окоптан көтеріліп атамыз, – деді.

– Адамнан айла артылмайды деген осы екен-ау ә!

Жылдам окопта қазылып, топырақтары шашылып окоптың ауызы білінбестей болып жабылып, көліктер алыстау көрінбейтін жерге апарылып, профильдер қойылып бәрі қырық минуттай уақыт ішінде дайын болды. Маған да бір окоп қазылып қойыпты.

– Оу, бұларың не? Маған да бір окоп қазып қойыпсыңдар, – дедім.

– Сенде окопқа түспесең мына жерде дөңкіп жатып, келе жатқан қаздарды үркітесің. Оданда мынаның ішіне түсіп көр.

– Жарайды! – деп шұңқырға секіріп түстім.

Тереңдігі белуарымнан сәл ғана асады. Бір шетінен отыруға ыңғайлап текпішек жасап қойыпты. Отырып едім шұңқырдан тек төбем ғана көрінеді екен. Іші жайлы сияқты, тек топырақтың сызы ғана білінеді.

– Осылай қылтиып отырасың. Қаздар келе жатқанда бұға түссен төбең де көрінбейді. Тек жыбырламай отырсаң болды. Қалғанын қаздар келгенде көресің, – деді жігіттер.

Сонымен қаздарды күтіп отырмыз. Бір кезде жеке қаздың қаңқылдаған дауысы естілді. Ешкім сөйлеместен шұңқырға түсіндер дегенді бір-біріне ымдап қана түсіндіріп, бәріміз лып етіп окопқа түсіп кетіп бұғып отыра қалдық. «Әне барлаушы қаз келіп қалды, бұғындар!» деген дуыс қана естіледі. Басқа дыбыс жоқ, қаздың қаңқылдаған үні ғана естіледі. Ол төбемізде бір-екі рет айнала ұшты да кері қайтып кетті.

– Ал, тұра беріңдер! Қаз кетіп қалды, енді негізгі топтары келеді, – деді Нұрлан.

Бәріміз орнымыздан көтеріліп, сыртқа шықтық. Жігіттер оқ-дәрілерін қайта түгендеп, бір-бірімен кімнің қай позициядан қандай кезекпен атулары керек екендігін тәпіштеп айқындасып жатыр. Қаншама қиқылдасып сөйлескенменен бәріміздің көзіміз қаздар келетін жақта тұр.

Көптеп айтылған әңгіменің ішінде менің ұққаным, егер қаздарды үркітпесең көлге қарай ұшқан ізімен кейін кері қайтады. Көлге ұшарда миллиондаған қаздар екі болмаса үш-ақ топ болып ұшып кетсе, қайтарда он-он бестен елу-алпысқа дейін топталып, кезек-кезегімен келеді. Сондықтан кейде, бірінші топ өтіп, екіншісі келгенше түскен қаздарды жинап алуға да уақыт жеткілікті болып жатады екен.

– Ал, түсіндер шұңқырға, қаздар келе жатыр! – деген Диханбайдың дауысынан кейін бәріміз жылдам окопқа кіріп кеттік.

Шұңқырдың ішінде төбемізді де көрсетпей тек көзімізбен ғана қаздар жақты аңдып отырмыз. Қаздар қаңқылдап әдеттегі әндеріне басып байыппен жайлап ұшып келеді. Мойындарын бұрып жан-жағына жіті көз жіберіп қоятындай. Біздің орнатқан профильдерді қаздар деп қалды ма? Әлде өздерінің үйреншікті әдеттері бойынша ма (профильдердің де әсері болуы керек) төмендей бастады. Тура үстімізге келген кезде маған 25-35 метрдей биіктікте болған сияқты көрінді. Менің окопымнан басқа бес шұңқырдан тарсылдап атылған мылтықтардың үндері табиғаттың тыныштығын бұза жаңғырып сала берді. Келген қаздың бір-екеуі құлап қалғандары, қалбалақтап жан-тәсілім ете аспанға шаншылып көтеріле түсті

де қаңқылдаған дауыстың өзгеше түріне сала жан айғайға басып ұша жөнелді. Қаншама жанұшыра шошынса да біреуі де шашау шықпай бір бағыт бір биіктікте ұшып барады. Тура осындай бір тәртіпке көніп, бір ізділік пен үндестік тауып, қалыптасқан ұйымшылдық дәстүрлері бар құстарды көрген емеспін. Бізден өте салысымен қайтадан саптарын түзеп алып ұшып барады.

Жігіттер түсірген қаздарын жинап алып, профильдердің қасына тура тірі қаздар сияқты орналастырып шұңқырларына түсті. Міне, қаздардың келесі тобы да жақындап қалды. Бәріміз бұға түстік. Жаңа ғана көз алдымнан өткен құбылыс қайталанды. Өне үшінші, төртінші, бесінші, не керек, осы құбылыс бір сағаттай жалғасын тапты. Біреулері дөп тигізіп жатса енді бірі айдалаға атып пытыралармен аспанды тілгілеп жатыр. Дегенмен, қорытындысы жаман емес, үш-төрт қаз түскен сияқты. Бәрі де шұрқырасып, кім қай қазды қалай түсіргенін, кейбіреулері «сен емес, мен ол қазды түсірген!» деп қызылкенірдек болып айтысып жатыр. Бәрі көңілді, тіпті айды аспанға шығарған солар сияқты. Екпіндерінен жел емес дауыл ескендей.

– Әй, қазақтар?! – дедім. Мақтауға толы жақсы лебіздер шығып қалар дегендей барлығы жалт қарады. – Неменеге даурығып тұрсындар? Аталарымыз «Айдағаның бес ешкі, ысқырығын жер жарады» деп айтушы еді. Бір сағат бойы қаздарға соғыс аша дүмпілдететіндер. Есептеуім бойынша миллион қазға үш жүздей оқ аттындар. Сондағы, алтауың жабылып түсіргендерің осы төрт қаз ба? Әй, аңшыларым-ай! Сендердің атқан оқтарыңның дәрі иісінен мына жердің ауасы бұзылып, менің де қолқамды қауып кетті. Енді келіп күмпііп желпінесіндер! Ата алмасандар неге мылтықтарыңды маған бермейсіндер? Жаңадан келсем де жоқ дегенде бір-екеуін түсірер едім, – деп намыстарына тие қалжыңымды бұрқ еткіздім.

– Ой, шіркін-ай, қатырарсың! Өзің мылтықты қалай ұстауын білесің бе? – деп Диханбай өрекип түсті.

– Сендер сияқты атқаннан атпай-ақ қойғаным артық қой! «Қылидың көзіне қос қаз көрінедінің» кері мергендерім сендерге келген екен.

– Әй, қойшы енді ыржалақтамай! – деді олар.

Алғашқы екпіндерінен айрылып қалғандай... Шындығында көбісінің атқан оқтары ауа қармап, бірде-бір қазға тимей құр дүрсілге ұласқан еді. Оны өздері де мойындады.

– Жігіттер, тезірек жиналайық! Жаңағы қаздар былай ұшып кеткен сияқты (оңтүстік батысты нұсқап). Ертерек, күн жарықта барып дүрбі салып қай жерде отырғанын тауып алайық. Сосын кешкі атысқа шығамыз, – деді Нұрлан.

Бәріміз шұңқырдан шығып, жау қуғандай, апыл-ғұпыл жиналып автокөлігімізге отырып жүріп кеттік. Қаздар көп ұзай қоймапты. Бізден оң-он бес шақырымдай жердегі бидай аңызына қонып жайылып жатыр екен. Көлге ұшар жағынан барып қаздарға бір шақырымдай жетпей тоқтадық.

– Ал енді осы жерге дастарқан жайып, тамақ ішіп, біраз демалып алайық. Күн әлі көтеріңкі, уақыт жеткілікті, қаз ешқайда кетпейді! – деді Нұрлан.

– Нүреке, енді кешкі атысыңды түсіндір. Ол қалай болады? Оған да шұңқыр қазамыз ба?

– Жоқ шұңқыр қазудың қажеті жоқ. Күн батарда мылтық, оқ-дәрілерімізді алып жаяулатып қаздарға қарай жүреміз. Оларға жеті жүз, тіпті бес жүз метрге дейін жақындап барып, жасырынып отырамыз. Одан әрі жақындауға болмайды, өйткені олар сезіп қойса ұшып кетеді. Ал ұшып кетсе ертеңіне ол жерге қайта келмейді. Үрікпей өз беттерімен ұшса ертеңіне міндетті түрде осы жем жеген жеріне қайта келеді. Ұшып бара жатқанда атсаң да үйреншікті жеріне қайта оралады. Сондықтан жеткен жерімізде күтіп отырамыз. Көлге қайтарында отыз-елуден топ-топ болып ұшпайды. Бәрі бірігіп бір топ, әрі кетсе-үлкен үлкен екі-үш топ болып ұшады. Сол кезде қанша атсаң сонша атып қалдың, болмаса ауызың аңқайып құр қаласың.

Бәріміз жылдам дастарқанға отырдық. Байқаймын, мына аңшылыққа мен де құмарта бастағандаймын. Тамақ ішіп әлденіп, аңшылардың өмірі таусылмайтын әңгімелерін айтып кешке дейін отырдық. Күн бата бастаған шақта жігіттер оқ-дәрілерін алып, қаздарға қарай беттеді. Мен де қалыспай ілесіп келемін.

Әңгіме, сөз дегендер сап тиылған. Керек десеңіз шөптерді де салдыратпай еппен басып жайлап жылжып келеміз. Әне қаздардың

жапа тармағай қаңқылдаған үндері де естіле бастады. Шамамен бес-алты жүздей жерге жақындап қалдық- ау. Алдымызда келе жатқан Нұрлан қолын жай ғана көтеріп тоқтаңдар дегендей белгі берді де, артқа қарап әрқайсына баратын жерлерін нұсқап көрсетіп, мені қасында қалдырды. Жігіттер көрсеткен жерлеріне барып жайғасып тұрып алысты. Бәрі мылтықтарын оқтап дайын тұр.

Арада он бес-жиырма минуттай өтіп дала алагеуімденіп түнге дайындалып қарауыта бастағанда қаздар жапа-тармағай көтеріле ұшты. Тура бізге қарай тартып келеді жігіттердің барлығы жасырынбай бойларын тіктеп алған. Мынандай құбылысты бірінші рет көрген мен аң таң болып ауызым ашылып қалса керек. Өйткені көз алдымда мындаған самолет ұшып келе жатқандай елес пайда болды. Бүкіл көкжиекті жаба қаңқылдаған дауыстары құлақ тұндырардай қаздардың үлкен тобыры ұшып келеді. Биікте емес төмен ұшып келеді. Биіктікті біртін-біртін алатын сияқты. Көзді ашып-жұмғанша үстімізге жетіп келгені сол, мылтықтардың атылған ащы дауысы қаздардың қаңқылымен араласып кетіп, қаздар толқыны лезде өтіп кетті.

Мылтық үні де басылып, оқшантайларына қайтадан оқ салынып біткенше екінші тобыр келіп қалды. Атыс қайта басталып төрт бес секундта қаздар өтіп кетті де тым-тырыс болып басыла қалды. Барлығы дабырласып түскен қаздарды жинап жүр. Мен, өткен құбылысты екшелей миыма сіндіруге тырысып, таң-тамаша болып тұрмын. Неткен тамаша көрініс десеңші! Тіпті азаннан кешке дейін іздеп, шаршап шалдығып барып, осы құбылыстың үстінен түссең барлық шаршағаның естен шығып бойында ерекше күш қуат пен жігер пайда болды.

Өзімше жорамалдап, «бүгінгі аң аулау уақыты біткен болар» деп ойлап едім, ол қате болып шықты. Бәріміз жиналып алып, қайтадан қаздар жайылған жерді іздеп, фонариктердің жарығымен тауып алып, шұңқырлар қазып, профильдерді орнатып, алыстау жерге барып түнгі қону орнымызды даярлап, түсірген қаздарымыздың екеуін тазалап тамақ істеуге кірістік. Дастарқан автокөліктердің жанына жайылып аккумулятордан тоққа жалғап жарық беріліп қойған. Айнала жап-жарық.

Бұрын бұл жігіттердің тамақ пісіргенін көрмегенмін. «Шикілі-пісілі, тұзы татымсыз, болмаса өте тұзды немесе кір-қожалақ ыдыстарда пісірілген асқазанға талғажау бірнәрселер болар» деп ойлағаным да дұрыс болмай шықты. Аяқ-табақ салынған жеке жәшік, қазаны тап-таза, пышақтары өткір, тұз бен тұздықтардың алуан түрлері, бәрі ұқыпты оралып салынған. Дүкендерде сатылатын бес литрлік таза сулардың бес-алтауы бар. Қолдан тап-тұйнақтай етіп жасалған газ плитасы мен үш литрлік газ балоны, отты лапылдатып жағып жатыр.

Біреуі қазды тазалап мүшелеп жатса, екіншісі картоп ашып, үшіншісі сәбіз, пияздарды даярлап, төртіншісі су қайнатып не керек абыр-сабыр дүние. Барлығы көңілді.

– Бейсенбек, не тамақ даярламақ ойларың бар? – дедім.

– Не болушы еді, шүлім даярлаймыз, – деді.

– Шөлем деген не? – дедім таңданып.

– Шөлем емес, шүлім, – дейді. Ол кәдімгі атылған құстың етінен жасалатын сорпа сияқты сұйық тамақ.

– Ондай тамақты бұрын даярлап көріп пе едіңдер?

– Аңға шыққан сайын дайындаймыз. Диханбай, Нұрлан, Болаттар шүлім дайындаудың шеберлері. Біз жай ғана көмекшілеріміз, ананы әпер, мынаны бер дегенге жарап, уақытылы беріп тұрамыз. Олар дайындайды. Құпия ретінде айтып қояйын, саусағыңызды жалайсыз. Кез-келген кәсіпқой аспаздардың өзі бұлар сияқты даярлай алмайды деп ойлаймын, – деп мээ болып жымыып, бас бармағымен мақтау белгісін көрсетіп қойды.

– Жә, аңшылардың тәтті аңызы демекші бір-бірлерінді жерге тастамай, көтермелей мақтап жатқан боларсыңдар. Осы Астанаға келгенімізге бір жылдай уақыт болды. Біреуінің тамақ даярлағандарынды көрген емеспін. Тамақты кафелерден, асханалардан іше саламыз. Мықты аспаздар болса неге үйлерінде жасап шақырмайды.

– Ой, Мырзеке, қалада жұмыстан қол тимейді. Сосын ер адамбыз, үйде тамақ істеп отыру біздің қазақтарға тән қасиет болмаған соң көңіл аудармайсың ғой! Оның үстіне кафелерде дайын тамақ болса, өзінді-өзің неменеге қинауың керек, сол жерден іше саламыз ғой.

– Жарайды, шүлімдеріңді дәмін татқан кезде көре жатармыз.

Сәлден кейін тамақ дайын болды. Дастарқан кәдімгідей жиналма үстелге жайылып, бүкіл сервировкалар жасалып қойған. Тіпті қол сүртетін салфеткаға дейін ұмыт болмай дастарқаннан орын тапқан. Кәдімгі кафелердің бақшаларға орнатқан дастарқаны сияқты.

Тамақ келді. Ақырындап дәм татып көрсем, жаман емес. Қарның аш болса аталада тәтті болып көрінуші еді. Өзіме-өзім сенбей тағы да дәм таттым. Жоқ, тәп-тәтті, тіпті дәмі тіл үйіріп, іше түскің келеді. Енді сенімсіздік артта қалып, қомағайлана ішіп жатырмын.

– Жігіттер, мына тамақтарың шын мәнінде тәтті екен! Дәмі керемет осындай да тамақ болады екен-ау! – деймін.

– Біз апта сайын осындай дәмді тамақ жейміз. Өйткені аңды өзіміз аулаймыз, өзіміз тазалап, пісіреміз, сондықтан жақсылап жуылып, бар өнерімізді салып отырып пісірілген тамақтың тәтті әрі дәмді болмауы мүмкін емес шығар деймін, – деді Диханбай.

– Ол дұрыс қой, бірақ тамақтың тұзы мен тұздықтарын туралап салу әркімнің қолынан келе бермейді. Мына тамақтарың ол жағынан еш күмәнсіз жасалған екен, – деп мақтай түстім.

– Біздің фирма венник не вяжет, – деді Нұрлан.

– Жарыл, қазақ! – деп қойдым. Бәріміз мәз-мейрамбыз.

Бір-бірімізді мақтап отырып тамақты да ішіп болдық. Тамақтың қалдықтарын жиыстырып, тазаларын бір бөлек, мусорларын бөліп алып отқа жағып, аяқ-табақты жиыстырып, жатуға бет алдық. Жігіттердің алып келген ұйқықаптары бар екен, соларына кіріп алып жата бастады. Менің ондай қабым болмаған соң автокөліктің ішіне кіріп жаттым.

Ертеңіне таңертең барлығын орындарынан тұрғыздым, өйткені шығыс жақтан таң қылаулай ата бастаған еді. Ұйқыға қай кезде, жатсам да бәрібір таң қылауымен бірге менің көзім де ашыла беретін әдеті бар. Сондықтан үйдегілерден «тірі будильник» деген атақ алғанмын. Орындарынан тұрып мысық дәреттерін алып, көліктерді сайларға тығып, артынып тартынып шұңқырларымыздың жанына жеткенде айнала әжептәуір жап-жарық болды.



Таңғы тыныштықты бұза жалғыз қаздың дауысы естілісімен шұңқырларымызға сүңгіп-сүңгіп кеттік. Қазда келіп төбемізден бір-екі айналды да қайта ұша жөнелді. Әлден уақытта тізбектеліп қаздар келе бастады. Атыс жағынан кешегі картина айна қатесіз қайта қайталанып, қаздар ұшып кетті. Біз автокөлікті алып келіп заттарымызды тиіп алып кешкі тамақтанған жерімізге қайта барып жеңіл желпі тамақтанып, шәй ішіп, қаздардың артынан іздеу салып, ілесіп кете бардық.

Автокөлік пен дүрбі деген жанын қоймайды екен. Қаздар жайылып жүрген жерлерін тез-ақ тауып алып, үйреншікті әдіспен аулап, түс ауа сағат төрт-бестердің шамасында қалаға қайтып кеттік. Солай, менің аңшылыққа деген көзқарасым алғаш рет осы жерде қалыптасты.

Қаздар бұл жерде қыстап қалмайды. Көп болса бір-екі ай күн жылуын пайдаланып, аңызға жайылып, қондана май жинап қуаттанып алады да күн суытып мұз қата бастап, қар қылаулана бергенде оңтүстікке жылы жаққа қарай ұшып кетеді. Сондықтан осында жүрген мерзімін пайдаланып қалу үшін келесі үш-төрт апта бойы әрбір сенбі, жексенбі күндері қазға аңға шығатын болып келісіп тарастық. Маған да осы аңшылықтың ұнағаны соншалық, олардан қалыспайтын болып шештім.

Өз ойларымның дұрыс-бұрыстығына түкпілікті көз жеткізбекке, келесі аптада тағы да бір рет қонақ ретінде аңшыларға ілесіп бармақ болып, күн санай бастадым. Кәдімгі ертерек есейіп ержеткісі келетін жасөспірім істептеспін. Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, құдай-ау күн өтпейді. Есіл дертім аңға шығу. Жұмысты тиіп қашып істеген болып жүрмін. Әйтеуір, сенбіге жеттім-ау!

Өткендегідей таң атпай тұрып автокөлікке мініп алып жүріп кеттік. Өткен жолғыдай емес, төселіп қалған сияқтымын. Аңшылардың білгендерін айтқанына мен де қосыла айтқым келетіндей дәреже ептеп-септеп пайда бола бастағандай. Олардың қанша патрон алғанын, пытыраларының размерлері қандай екенін, мылтықтарының маркаларын, қай мылтық жақсы екенін, оның басқа мылтықтарға қарағанда қандай артықшылдықтары мен мүмкіндіктері бар екенін, құдай-ау, басқа да неше түрлі сұрақтармен миларын ашытып келемін.

Міне, ойлаған жерімізге де келіп жеттік. Тура өткен жолғыдай бидай аңызы. Ұшы-қиыры жоқ кең дала. Орылған бидайдың сабандары қаз-қатар тізіліп бір қалыпты үйінділер болып жатыр. Тіпті салыстыра қарасаң сапқа тұрғызып қойған солдаттар болмаса әскери бронотранспортерлар сияқты, бір-бірінен аумайды. Өткен жолғыдай келіп тоқтадық. Жан-жағымызда өлі тыныштық орнаған. Дабырласып автокөліктен түсіп, дастарқан жайып, шәй ішіп мәре-сәре болып отырмыз.

Қаздар қай жақтан көтерілер екен деп, жан-жағымызға көз жіберіп, дүрбі салып отырмыз. Әзірге қимыл жоқ. Сағат он екілердің шамасында, тура өткен жолғыдай ғайыптан қаздар пайда болып, бәріміз тез-тез мылтықтарымызға жармастық. Мылтығы жоқ жалғыз мен, кімнің қалай атқанын емес қаздардың қалай ұшқанын көбірек бақылап отырдым.

Қаздар он-он бес, елу шақты болып ұшып келеді. Садақтың жебесінің ұшы сияқты сүйірленіп, ең алдында біреуі одан кейін екеуі, одан соң тағы екеуі, бір дұрыс сызықша құрастыра ұшып келеді. Геометрия тілімен айтсақ бұрыштана ұшып келе жатқандардың градусы қырық бес градустай болып қалар. Алдыңғы қаз жан-жағын жіті бағалап мойнын оңға солға бұрып қаңқылдап келеді. Басқалары қаңқылға өз дауыстарын қоса даланы жаңғыртып келе жатқаны болмаса жан-жағына қарар емес. Соған қарағанда бар билік басшы қазда сияқты, ал қалғандары соған сеніп ол қалай ұшса солай, оңға бұрылса оңға, солға бұрылса солға, көтерілсе көтеріліп, төмендесе төмендеп бір билікке бағына ұшатындай.

Міне, қаздар да төбемізге келіп, сатыр-сұтыр атыс басталды да кетті. Қаздардың жаңағы қатары сөгіліп, бір-екі қаз құлап та қалды. Қаздар үстімізден жылдам өте шығып, бас қаз жан-жағына көз жіберіп алып, ерекше бір дауыспен қаңқ-қаңқ ете қалған кезде шашыраңқырап кеткен қаздар қайта жиылып сап түзеп ұшып кете барды. Ал мен әрқайсынан мылтығын сұрап жүрмін. Біреуінің беретін түрі жоқ. Тіпті қызығып кетсем керек қаздар келген кезде кейбіреуінің мылтығына жармасып атқызбай қойған кездерім де болып жатты. Бірақ ешкім мылтығын берер емес. Бойымды бір керемет қызығушылық пен ұмтылыс билеп алды. Мыналардың, аң келген кезде қызылкөзденіп кететініне көзім жетіп, «Қап осыдан

калаға жетейік, бір мықты мылтық сатып алмасам ба, кімнің қалай ататынын сосын көрермін» деп ішімнен кіжініп қойдым.

Осы жолғы сапарымыз да айна қатесіз тура өткен жолғыдай болып, бәріміз мәз-мейрам болып кейін қайттық. Жалғыз қаз ата алмаған менің ғана айызым қанбай қалған сияқты. «Аңға шығу деген не? Таңертеңнен кешке дейін сандалыс» деп жүрген менің өзім құмарта бастағандаймын.

Келген күннің ертеңіне аңшылық дүкендерін аралап жүріп ИЖ-39 деген спортшыларға арналған қос ауыз мылтық сатып алдым. Басқалардың мылтықтары жетпіс метрден құлататын болса менікі сексен метрден жалп еткізеді деп жазылыпты. Ол мылтыққа жақсылап ремень, чехол, патрондар сатып алып, апта бойы тиісті жерлерге апарып тіркетіп, барлық құжаттарын дайындап бітіріп аңға шығуға сақадай сай дайын болдым.

Көп күттірмей келесі апта да келіп жетті. Әдеттегідей таң атпай бәріміз жиналып жолға шықтық. Мен мәзбін, өйткені жап-жаңа мылтығым бар.

– Мен енді сендерге жалынбаймын! Сендердікінен де жақсы мылтығым бар. Оғы кез-келген мылтықтарыңнан алысқа ұшады, – деймін.

– Оу, құтты болсын мылтығың! Қане, бере тұршы көрейін? – деп Диханбай сұрап алып, мылтықты ары бері көріп:

– Мынауыңның ұңғысы ұзындау ма? – деді.

– Ия, ұзаққа ұшады! Спортивный вариант қой! МЦ,ТОЗ деген мылтықтар бар екен, олардан осы жақсы деген соң сатып алдым, – дедім.

– Құтты болсын! Барлық үйрек, қаз Сіздікі болатын шығар. Өзіңіз былай атып дегендей көрдіңіз бе? – деді Асқар.

– Қазір, атыстың көкесін, жеткен соң көресің! – деп бір мақтанып қойдым.

– Мырзеке, мына қылығыңа қарағанда сен аңшылыққа түбегейлі бет бұрдың-ау деймін. Өткен жолдары қойшы сол аң дегенінді деп жүруші едің, енді не болды? – деді Нұрлан.

– Оған өздерің кінәлісіңдер! Мылтықтарыңды қанша рет сұрадым? Бір рет те бермей қойдыңдар! Енді ешкімге жалынбайын деп сатып алып келе жатырмын. Мен әлі сендермен жарысқа

түсетін боламын. Сол кезде кімнің мықты аңшы болатынын көреміз.

– Мейлі, біздің қатарымызға қосылып, біздің аурумен ауырғаның құтты болсын! Бізде қатарымыз тағы бір аңшымен толыққанына қуаныштымыз! Қазір баратын жерімізге жеткен соң, бұл жақсылықты жуып тастайық! – деді Нұрлан.

– Ия, құтты болсын, құтты болсын! – деп бәрі жамырасып кетті.

Осылайша шуылдасып отырып көздеген жерімізге жетіп, дастарқанымызды жайып, менің аңшы болған рәсімімді жуып тастадық.

Сағат тілі он екілерден аса бастады. Қыбыр еткен ешнәрсе көрінбейді. Күтіп отырмыз. Мұндай кезде сағат тілінің ұшқыр боп кететін әдеті бар емес пе, заулап жылжып барады. Әне, сағат тілі көтеріліп түскі бірге он бес-ақ минут жетпей қалды. Шыдам таусыла бастады, қаз жоқ. Әлден уақытта, жолбасшымыз Нұрлан:

– Жігіттер, жиналындар! Қаздар ауып кеткен болуы керек, енді көлікке отырып іздемесек болмас, – деді.

– Мүмкін, тағы біраз күтерміз, – деді Бейсенбек.

– Енді күтудің реті шамалы, егер қаздар жақын маңда болса он екі жарымға дейін көтерілер еді, оларды алыстан қырық елу шақырымнан көтерілсе де дүрбімен көрер едік. Айнала тып-тыныш, яғни олар бізден алыстау басқа жаққа ауысып кеткен болар іздемесек болмас, кеттік, – деді Нұрлан.

Бәріміз орнымыздан алқа қотан түрегеліп, заттарымызды жинастырып жүріп кеттік. Келе жатырмыз. Әрбір жиырмаотыз шақырым өткен сайын биік дөңеске шығып тоқтап, жан-жағымызға дүрбі саламыз. Тып-тыныш. Дүрбімен қарап келеміз. Өлі тыныштық...

– Оңтүстікке ұшып кетуі мүмкін емес, әзірге күн жылы, – деп өзінше күңкілдеп қояды Нұрлан.

Сол күні не керек ұзақ күнге жүріп бір қаз да кездестіре алмай қайттық. Мылтық сатып алып қуанышым қойныма сыймай жүрген менің көтеріңкі көңілім су сепкендей басылды. Екі апта бойы соншама қазды көріп, соншама қызықтарды басымнан кешірген

мен ылғи да солай болар деп, қаздарды байлап қойған малдай көрсем керек. Сөйтсем оны іздеу керек екен, оларды табудың өзі бір өнер екен. Қаздардың әдетін, олардың жем жеу, ұшып қону, жем алаңдарын таңдау, бір орнында қанша уақыт болатынын білу, қай уақытта оңтүстікке, қай уақытта солтүстікке ұшып кететінін білу керек. Осылайша менің алғашқы нағыз аңшылық күнімнің жолы болмай, мылтық атылмай қалды.

Болған жағдайлардан кейін жұмыста көңілсіздеу отыр едім, інім Сейтқасым телефон шалғаны. Кәдімгі амандық саулықтан кейін, менің неге көңілсіз отырғанымды сұрады.

– Жәй, аңға шығайын деп мылтық сатып алып едім, атудың реті түспеді, – дедім.

– Қой? Қашаннан бері аңшы болдың? Тіпті жалынып жатып шығара алмаушы едік қой! Мүмкін емес! – деді ол таңғалып.

– Мұнда жігіттер қазға, аңға шығады екен. Екі апта бойы ілесіп барып едім, қызығып кеттім.

– Шын айтып отырмысың?! Жаңа мылтық сатып алдым дедің бе? Ол қандай мылтық?

– ИЖ-39 деген спортивный, қосауыз мылтық екен.

– Оу, Мырзекке, айды аспаннан шығардың? Оны қашан көреміз?

– Соған зауқым болмай отыр. Сенбі күні қаз аулауға шығып едік, тура маған қас қылғандай бірде бір қаз кездеспей, мылтық атылмай қайтып келдік.

– Ой, оның жарасы жеңіл. Мен сені аңшылыққа посвящение жасайын. Түс ауа жұмыстан сұранып қой. Менде бір есебін тауып жұмыстан босанамын. Екеуміз сыртқа шығамыз. Мылтығың мен оқтарыңды алып ал. Қаз болмаса да үйректердің көп жерін білемін, – деді.

Өзім жаңадан ұмтылып мылтық сатып алып өрекіп жүрген адам, «жоқ» деп айта алмадым. Жұмыстан бір сылтау айтып сұранып шығып, мылтық пен оқ-дәрімді алып Сейтқасымға ілесіп кете бардым. Ол да қасына бір-екі жолдасын ертіп алған екен. Бәріміз автокөлікпен жол-жөнекей тамақ алып жүріп кеттік.

Астанадан шығып, Қарағанды облысының Нұра ауданына қарасты Ахмет ауылында құдаларымыз тұрушы еді, солай қарай келеміз. Ол ауыл Астанадан 60 шақырымдай жерде орналасқан. Ауылдың бергі Астана жағындағы ойпатқа көктемгі тасқын кезінде Нұра өзенінің суы жайылып, жазда тартылғанымен терең-терең өзеңдерде сулар қалып қояды.

Ойпатта шалғын шөп қалың өсіп, өзеңдердің айналасында қамыс қоғалар өседі. Сол өзеңдерде үйректер аздап болса да жүзіп жүреді. Сол өзеңдердің біреуінің жағасына келіп тоқтадық. Бұл өзең өзі ұзыншалау келген суының тереңдігі үш-төрт метрге дейін жететін, суы ешқашан тартылмайтын, жағасына жағалай қамыс өскен көл десек болады. Күн өте салқын. Солтүстіктің ертерек түсетін күз мезгілінің ызғары әжептәуір білініп тұр. Көліктен түсе салысымен Сейтқасым маған, «мылтығыңды оқтап артымнан жүр» деген белгі берді де, өзі мысық жүріске салып алдыға қарай кетті. Мен артынан ілесіп келемін. Көлдің жағасына келіп қолымен қамыстарды жайлап қана ашты да, маған қарап:

– Мырзеке, әне үлкен үйректер жүзіп жүр. Мына жерге келіп ат! Үркітіп аласың, асықпа! Қамысты сыбдырлатпай, әбден көздеп алып ат! Мылтықтың мушқасын үйректің мойнына таман алып тартып жіберсең жалп еткізесің, – деді.

– Ол үйректі қайтіп аламыз? Жан-жағының бәрі қамыс, әрі жағалауы тікелеу екен, – дедім.

– Ол жағын неғыласың? Ең алдымен атсайшы, тигізіп жатсаң көре жатармыз. Жан жабылып жүріп аламыз ғой! – деді.

Мен Сейтқасым нұсқаған жерге тұра қалып, көздей бастадым. Үйректер асықпай жүзіп жүр. Үлкен біреуіне мушқамды туралай беріп едім, сол үйрекке қарай жүзіп келе жатқан тағы біреуін байқап қалып, жақындап қатарласуын күтіп тұрдым. Қарама-қарсы жүзген екі үйректің бастары менің мушқамның үстінде айқаса бергенде шүріппені басып қалдым. Мылтық гүрс ете қалды. Екі үйректің де жанды жеріне тиіп, денелері еш қыбырламастан су бетінде қалқыды да қалды. Қалған екі-үш үйрек ұшып кете барды.

Менің қуанғаным соншалықты:

– Тиді, тиді! – деп айқайлап жіберіппін.

– Оу, Мырзеке, мерген екенсің ғой! Біреуі емес, тіпті екеуін бірдей жалп еткізіпсің ғой. Бұл деген сәттілік қой! Алла қаласа үлкен аңшы болады екенсіз, екі бірдей үйректің түсуі соның белгісі, – деп Сейтқасым қуанып жүр. Ал, мен үйректерді алып шығамын деп шешіне бастады.

– Әй, Сәке, үйрегі құрсын! Күн суық, салқындап қаласың, – десем болмайды.

– Жаурамаймын, жылдам түсем де алып шығамын. Алғашқы трофейді тастауға болмайды. Мені шошындырмақ болып, тастасаң келесі жолы жолың болмайды деп қояды.

– Болмаса болмай-ақ қойсын! Су суық, әрі терең суықтан сіңірің тартылып қалып жүрер, бармай-ақ қойшы десем, болмай:

– Әй, Димаш, анау термостағы шәйды құйып даярлап қойыңдар! – деді де суға қарғып кетті.

– Шәйдан бұрын, ана жүннен жасалған алжапқышты дайындаңдар! – деп мен жүрмін.

Біз жапқышымыз бен ішімдігімізді даярлап болғанша екі қолына екі үйректі ұстап Сейтқасымда шықты. Мен үйректен бұрын Сейтқасымның үстіне жапқышты жауып, ыстық шәйін беріп, арқасын уқалап үпелектеп жүрмін.

– Ту, Мырзеке! Мазасызданып не болды? Мен ауырмаймын, денем жылып кетті. Оданда ана трофейлеріңе қарасаңшы! Қандай үлкен үйректер! Крикачтар ғой!

– Қандай үйрек екенін, кайдан білейін? Сен ауырып қала ма деп қорқып жатқаным ғой, – дедім.

– Жок, қорықпа, ауырмаймын! Мына үйректерің керемет үлкен екен. Шынымен үлкен аңшы болатын түрің бар, – деді Сейтқасым қайталап.

Жігіттер де кезек-кезек құттықтап жатыр. Бәріміз мәре-сәре болып, менің алғашқы трофейім мен аңшылық табысымды тойлап тастадық. Менің алғаш аңшылық өмірімнің баспалдағы осылай басталған еді.

## ҚОЯН АУЛАУДЫҢ ҚЫРЫ МЕН СЫРЫ

Қоян аулаудың да неше түрлі қыр-сыры болады екен. Біздің оңтүстік өңірінің қояндары, кішігірім болып келеді. Оны аулау оңай. Қоян деген жарықтық өте қорқақ әрі нәзік келеді. Күндіз оларды табу қиын. Кездейсоқ тура үстінен түсіп қалмасаң калың копа, бұта, шіліктердің ішінде жасырынып жата береді. Ол тек түнде ғана ашық жерге шығып тамақтанады. Күндіз олардың жауы көп. Жыртқыш аңдардан басқа аспандағы құстарға дейін шабуыл жасайды. Сондықтан тек түнде ғана жайылады.

Аспан ашық әрі айлы болса қоянды кездестіру өте қиын, өйткені ай жарығымен кез-келген ашық алаңқай жерлерді тауып алып жайыла береді. Ал, аспанды бұлт басып немесе айсыз қараңғы болса табу оншалықты қиынға түсе қоймайды. Қараңғы түнде әрбір бұтаның сыбдыры ол үшін жауы келе жатқандай қорқақтайды. Сондықтан қашуға оңай, әрі бөтен бөгде дыбыстары аз ашық-алаңқай, көлік жолдары мен соқпақ жолдардың шетіндегі өсімдіктермен қоректеніп, аңшыларға көптеп кездесіп қалады.

Оңтүстіктің осы кішігірім қояндары түнде бетіне жарық түссе қаша алмай, кез келген селдір бұтақ болса да соған тығылып отыра қалады. Асықпай көздеп ата берсең болады. Ал, солтүстік өңірінің қояндары үлкендеу келеді. Русак, Беляк деген қояндардың үлкендігі туғанына бір айдай болған қозылардың денесімен шамалас болып келеді. Олардың бетіне жәй ғана жарық емес прожектордың жарығы түссе де тығылып отыра қалмай, қайта қаша жөнеледі. Тағы бір ерекшелігі егер қоянды жәй ғана жиырма шақырым жылдамдықпен қусаң жиырма, қырықпен қусаң қырықпен, алпыспен қусаң алпыс шақырымдық жылдамдықпен қашады. Қазақтар оларды ор қояндар дейді. Қашып келе жатқанда алдынан биік бұталар кездесе қалса олардың үстінен оп-оңай секіріп өтіп кете береді.

Қояндардың қорқақтығы сондай кейде денесіне оқ тимесе де мылтықтың дауысынан жүректері тоқтап өліп қалатындары да кездесіп жатады. Оларды аулаудың қызықтары жетіп жатады. Тіпті таяқпен де ұрып алуға болады.



Сөзім дәлелді болуы үшін, бір оқиғаны айтып берейін. Бұл туралы аңға шыққанда болмаса демалыс кездерінде бірге жүрген жігіттерге де талай айтып бергенмін. Оқиға былай болған еді:

Студент кезім, Москвада оқимын. Жазғы каникулға шығып, Москвадан Жамбылға дейін поездбен, одан ауылға автобуспен келіп жетіп, бір-екі күн демалғасын, жылдағы әдетіме басып, совхоздың шөп ору науқанына кірісіп кеткенмін. Бұл жолы жылдағыдай трактор қолыма тимей, бидай оратын комбайнның алдына салып беріп мышқырт (жонышқаның дәнге арналған өсімін мышқырт дейді) оруға жіберді. Күнделікті күйбең тіршілік, мышқырт орып жүрмін. Көлемі жағынан елу гектардай боп қалатын егіс алқабының ортасына жетіп қалғанмын. Осылай ора берсем келесі күні түс уақытында бітіріп қалуым ғажап емес.

Ойымда ешнәрсе жоқ ыңылдап ән айтып келемін. Кенет, алдымнан қалың жоңышқаның ішінен бір қоян атып шыға келді. Кенеттен болғандықтан өзім де сасқалақтап қалдым. Комбайн жүріп келеді. Алдымда қоян қашып барады. Жалма-жан комбайнды тоқтата салып, салонда жатқан комбайынның иірмегін тазалайтын жұмыр жуан таяқты алып қарғып жерге түскенше, қоян лып етіп қалың жонышқаға кіріп кетті. Шығып қалар деп біраз күткеніммен, шықпады. Кабинаға қайта көтеріліп, жұмысымды жалғастыра бердім. Ішімнен «енді кездесе таяқ дайын тұрсын, комбайнды тез тоқтатып түсу керек» деп қоямын. Алқапты айналып, қоян шыққан жерге тағы келіп қалдым. Әлгі қояным тура мені аңдып тұрғандай алдымнан шыға келіп, қаша жөнелді. Жалма-жан комбайнды тоқтатып таяқты ала жерге түскенімше ол қайтадан қалыңға кіріп кетіп тағы да құр алақан қалдым. «Ал енді үшінші рет кездесен комбайнды жылдамдық қосқыштан шығара салып, жүріп бара жатқанда секіріп түсемін де ұрамын» деп тағы айналмаға кеттім. Үшінші рет қайта келсем, әлгі қоян тағы да алдымнан шыға келді. Не болса да жылдамдықтан шығара салып таяғымды ала секіріп түстім.

Комбайн жүріп барады, қоян қашып барады. Қоянды көздеп тұрып құлаштай сермеп таяқты лақтырып жібердім. Қоян қашып барады. Таяқ жетіп, қоянның үстінен жанамалай өтіп кетті. «Қап әттеген-ай, тимей кеткенін қарашы, таяқты төменірек лақтырғанда дөп тиетін еді» деп ренжіңкіреп бергенім сол еді. Қояным жалп ете

қалып, төрт аяғы аспанда тырбаңдады да қалды. Бұған не болды? Әлде ауру ма деп жүгіріп барсам, терісі сыпырылып мойнына жиналып қалыпты.

Қоянның терісі тура құйрық тұсынан жыртылып денесін жалаңаштай екі қолтығы мен мойнына жиналып қалған. Бұл қалай болды, таяқ тиген жоқ сияқты еді ғой, деп аң-таң болған қалпымда лақтырған таяғымды тауып алып қарай бастадым. Сөйтсем бар құпия таяқта болып шықты. Оның орта шенінде бүртігі бар екен, сол бүртікте қоян жүнінің бес-алты талы жүр. Таяқ қоянға тимегенмен жанай өтіп бара жатқанында бүртігі қоянның құйрық терісіне ілініп жырта-мырта мойнына дейін сыпырып тастаған екен. Бейшараның дәм-тұзының бітуі сол таяқтың бүртігінде болса керек. Сонымен қоянды тірідей ұстап алған мен оның терісін кейін қарай қайта жаба тартып бұрынғы қалпына келтірдім де, комбайнға келіп кабинама салып алдым. Мен қанша тәпшітеп айтқаныммен осы оқиғаны жігіттерге сендіре алмадым. Барлығы да бұл оқиғаны «аңшылардың аңызы» деп қабылдады.

Негізінде қоян аулауға сағат түнгі бірлер шамасында шығамыз. Қалаған жеріңе жеткенше екі-үш болады. Осы уақытта олардың нағыз жайылатын уақыты. Міне, бүгін де қоян аулауға кетіп барамыз. Сағат тілі бірлерден асқанда шыққан біз күре жолмен жүйткіп келеміз. Осы жүріспен белгілеген жерімізге де келіп жеттік. Дала тастай қараңғы. Прожекторымызды қосып алдық. Қараңғылықты жарық сәулесімен тіліп келе жатқан біздің прожекторымыз. Кабинаның артында отырған адам жол бойы көліктің екі жағына кезек-кезек прожектор жарығын салып отырады да алдында отырған адам сол жарыққа түсіп қалған қоян, түлкі, басқа да аң болсын атады. Біз үшеуміз. Мен рөлде, Сейтқасым алдында отыр. Асқар артқы орындықта прожектор жағып отыр. Жолдың оң жағынан бір қоян кездесе кетті. Мен көліктің оң жағын Сейтқасымның қоянды ату ынғайына келтіре бергенім сол еді мылтық атылып, жүгіріп бара жатқан қоян жалп ете қалды. Сейтқасымның танауы шелектей болып қуанып кетті.

– Мырзеке, менің мылтығым самонаводка ғой! Еш көздеудің қажеті жоқ, тек аң жүрген жаққа тура бағыттасам, өзі жалп еткізеді, – деп қояды.

– Алдымен атудың ыңғайын келтіріп, көлікті икемдеп әкелген адамға алғыс білдіру керек сияқты еді, – дедім.

– Оу, Мырзеке, рақмет! Өте ыңғайлап келтірдіңіз. Дегенмен, ініңіздің мылтығының тигіштігін айтып жатырмын.

– Жарайсың, әне тағы бір қоян кетті! – деп қуа жөнелдік.

Оның да адымын аштырмай қанжығамызға байладық. Осы түні жолымыз болып бес-алты ор қоянды атып алдық. Барлығын Сейтқасым атып түсірді. Мақтанып ешкімге дес берер емес.

– Әй, бүгіннен басқа да күндер бар. Ертеңгі күндері тигізе алмай қалып, «мақтаған қыз тойда сыр беріп қойыптының» кері келіп жүрмесін, тым қопая бермей сәл болса да сабаңа түссей, – дедім.

– Оу, бұл мылтықта ондай деген болмайды, өйткені мылтық самонаводка, ал иесі супер мерген. Асқар Солай ғой ә? Дұрыс айтып отырмын ба? – деді.

– Рас, рас осымен талай рет куә болдым, керемет атасыз аға! – деді Асқар.

– Өне, Мырзеке көрдің бе? Менің қандай аңшы екенімді? – деді Сейтқасым.

Шынында да Сейтқасымның мергендігі бар, мылтықты жақсы атады. Оны мойындаған да ерлікпен пара-пар дүние ғой. Осылайша бір-бірімізді көтермелей жүріп таңғы бестерде үйге қайттық.

Арада бір апта өтті. Сенбі күні шіл ауламақ болып күндіз біраз жерлерді аралап, ешнәрсе таба алмай, көңіл-күйіміз бәсең тартып қайтып келе жатқанбыз. Бір кезде бізден жүз метрдей қашықтықтағы бір топ бұтаның түбінен бір ор қоян ойқастай шығып қаша жөнелді. Оны біз шошыттық дейін десек арамыз әжептәуір алшақтау, түлкі қуды-ау дейтін түлкі де көрінбейді. Айнала жап-жарық. Бәрі алақандағыдай анық көрініп тұр.

Көлікті бұра салып қуа жөнелдік. Ентелеп жақын қалдық. Адам болса қалыңға қарай қашар еді. Бұл болса астығы орылып алынған аңызға қарай қашып келеді. Оған біз қуанып отырмыз. Биік-биік бұталардан секіріп, бірде көрініп енді бірде көрінбей қашқаннан гөрі мына жазық аңыз үстінде қуған да атқан да әлде қайда жеңіл. Жақындап қалдық. Сейтқасымға:

– Ат! – дедім.

Ол атып тигізе алмады.

– Ат, ат! – деп айқайлап келемін, ол атып келеді.

Тиетін емес. Өткен жолғы мақтаныштан мысқылда қалмаған. Намыстанып кетіп, ыңғайлана дұрыстап отырып атып жатыр, оқ тиер емес. Аңыздың арғы шеті де көріне бастады. Жоқ дегенде бір жарым шақырымдай қудық. Бір кезде қоян оңға қарай қалың бұталарды бетке алып қаша бастады. Бұталарға кірсе бізге алдырмасы анық. Жалма-жан қоянның алдын орап кейін қайтарып алдым. Енді ол кері қарай алғаш үріккен жағына қарай қашып келеді. Сейтқасым оқ атуын тоқтатар емес. Оқтары ауа қармап жатыр. Қайтар жолдың жартысына келгенде, қоян шаршай бастады. Алғашқы жылдамдық азайса да, бірақ жүгіріп қашып барады. Қоянның шабысы бәсеңдей бастағаны былай тұрсын, бір кезде тоңқандай бастады. Жүгірді деген аты болмаса жаяу қуып ұстап алатындай халге жетті. Мылтық атылып жатыр, бірақ қоян жүгіріп келеді. Әлі кетіп әбден шаршаған қоян төрт тағандап тұрып қалды. Сейтқасым көздеп тұрып атып жіберіп еді, тағы тимеді. Мен ішек-сілем қатқанша қикылдай күліп жатырмын. Бұл жерде күлмегенде қайда күлерсің. Сейтқасым әбден намыстанып ызаланып кетті. Бұл жолы асықпай көздеп атып, тұрған қоянды жалп еткізді де, «ух» деп демін бірақ алды. Сонымен бір қоянға жиырма оқтай шығарып атып алдық. Әшейінде бір қоянға ары кетсе бір немесе екі оқ жұмсайтын адам, жиырмасын бірдей жіберді. Өзі басын шайқап қояды.

– Ал, профессионал, қалай болды? Саманаводқаннан ба? Әлде мергендігіңнен бе? Кімнен кінәрат кетті? Түсіндірші? – дедім.

– Профессионалың не? Мен олай деп айтқан жоқ едім ғой! – деді Сейтқасым.

– Жәй! Болған бір оқиғадағы мақтаншылық пен шындық есіме түсіп кеткені ғой, айтып берейін, – дедім.

1996 жылы іс-сапармен Португалияға бардық. Ел астанасы Лиссабонға келіп, екі-үш күннен кейін екінші үлкен қаласы Порту қаласына баратын болдық. Өзіміз алты-жеті адамбыз және бізге жол басшы болып жүрген екі португалдық бар. Екі қаланың арасы бес жүз шақырымнан асады.

Әлгі португалдықтар мерседес шағын автобусын жалдап алып келіп, бәріміз жолға шығып кеттік. Жол алыс, жүріп келеміз. Жолдың жартысынан асқан кезде бір кемпингке тоқтап тамақтанғаннан кейін, сапарымызды жалғастырдық. Порту қаласына шамамен отыз бес шақырымдай қалған кезде жол бойында бізден озып жүйткіп бара жатқан автокөліктердің адамдары бас бармақтарын бізге қарай шошайта нұсқап белгі беріп кетіп барады. Біз заулап келеміз, екі португалдықтың біреуі рөлге, екіншісі алдыңғы орындыққа жайғасып отыр. Құлдырлап бір-біріне әңгіме айтып келеді. Әңгімелері таусылар емес. Жан-жағына көз салып қарамайды. Өне, екінші одан үшінші, бесінші, жетінші автокөліктер белгі беріп кетіп барады. Екеуі әңгімеге кіріп, ештеңені елер емес. Не керек бізден озған көліктің бәрі белгі көрсете бастады. Мыналардың қаперіне кірер емес. Біз қобалжи бастадық. Тіпті болмаған соң, қастарына барып рөлде отырғанына:

– Ей? Жан-жағыңа қарамайсың ба? Өткен автокөліктің бәрі белгі беріп барады. Тоқтамайсың ба? Не болып жатқанын көрейік? Олар бекер көрсетпейді ғой! – десем.

– Ой, ешнәрсе жоқ. Мен профессионалмын. Міне, рөлде тартпайды, еш өзгеріс жоқ деп қайырып тастады. Арада екі-үш минут өтпей, бізден озып бара жатқан тағы біреу белгі беріп кетті. Мен шыдамай:

– Ей? Тоқта! Сен немене ағаш артып алып бара жатырмын деп ойлап отырсың ба? Біз адамбыз, тез тоқта! – дедім. Даусым қаттырақ шығып кетті. Маған жалтақ-жалтақ етіп қарап:

– Жақсы, жақсы, тоқтайын! – деп жол шетіне тоқтады. Сыртта жаңбыр сіркіреп тұр. Бәріміз тұрып сыртқа шығып, көлікті тексере бастадық. Артқы дөңгелектің желі шығып дискнің асфальтқа тиюіне 1,5-2 см-дей ғана қалыпты. Тағы біраз жүргенде төңкеріліп түсуіміз ғажап емес екен.

– Оу, профессионал, мынаны көрдің бе? Енді болмағанда бәрімізді қырып салатын екенсің ғой, – дедім.

– Мен қайдан білейін? Рөлім тартпаған соң бәрі дұрыс шығар деп ойладым.

– Сонда қасыңнан өтіп бара жатқандар нені көрсетіп барады деп ойламадың ба? Әлде оларды ақымақтар деп есептедің бе? Сен профессионалмын деп едің ғой.

– Ия, профессионалмын.

– Олай болса, жөнде!

– Жөндейтін сервис орталығынан мастерлерді шақырту керек.

– Жарты жолда қай жақтың сервис орталығы. Олар келгенше түн болмай ма? Көп болса он минуттық жұмыс қой.

– Қалай жөндеу керек білмеймін? – деді.

– Жаңа ғана профессионалмын деп едің ғой! Домкрат пен балонный кілтті шығар! – дедім.

– Ол не? Мен ондайды білмеймін. Мен көлікті айдаудан профессионалмын! – деді.

– Оу, жігіттер мынау не деді? Көмектесіп жіберейік. Доңғалақ шығаратын кілтті, домкратты алып дайындай беріңдер. Запаскасы қайда? Ей, профессионал сен астына түсіп, запасканы босатып алып бер, біз салып береміз, – дедім.

– Оны қалай алады? – дейді ол.

– Ой, құдай-ай мынау қайдан кездесіп еді! Одеядыңды астына төсеп мына кілтті алып шалқаннан жатсаң, көресің. Өзі бір-ақ болт соны босатсаң запаска шығады, – дедім.

Ол астына түсті. Біз домкратты орнатып дөңгелекті шығарып қойдық. профессионал, әлі мышқындап көліктің астында жатыр. Бір болтты ажырата алмай жатыр. Сонымен не керек бір болтты он бес минуттай уақытта зорға шығарып запасканы алып берді. Біз оны орнына жылдам орнатып, тесілген дөңгелекті салонға салуды ұйғардық. Сенген адамымыз оны көліктің астына орната алмайтынына көзіміз жетті.

– Бәріміздің киіміміз таза, сондықтан астына түсе алмаймыз. Дөңгелегінді тез ауыстырып бергенімізге рақмет айт та, мынау жалғыз болтты белтемірімен қоса қайта орнына бұрай сал! – дедім.

Бірнәрсе айтқысы келіп көмейі бұлқылдағанымен, бізден ұялды ма, мазақ боп қалармын деді ме әйтеуір үндеместен көліктің астына түсті. Жарты сағаттай уақыт өтті. Күтіп тұрмыз. Айналдырған бір болт салынбай-ақ қойды. Ары айландырып бері айланырып, болмаған соң көліктің астынан шықты да:

– Осылай жүре берсін! Портуға жеткеннен кейін кез-келген СТО-ға кіріп салғызып аламыз, – деді.

Дөңгелек бекітетін темірін салбыратып асфальттың үстіне тастай салды.

– Ей, профессионал? Сенің қолың басқа жерден өскен-ау! Бір минутта салатын нәрсені де сала алмадың ғой! Жарайды кеттік! – деп көлікке отырып жүріп кеттік.

Жүргенімізді қайтейін, темірдің бір ұшы асфальтқа соғылып, тара-тарт, тара-тарт деп ән салып, мазамызды алып, отыз бес шақырым бойы миымызды шағып Порту қаласына келдік. Жол-жөнекей кездескен бір гаражға соғып, шоферымыз сондағы қарауыл жігітке айтып еді, әлгі жігіт күліп жіберді де, көліктің астына түспей-ақ, еңкейіп барып әлгі темірді көтеріп небәрі жиырма секундтай уақытта орнына салып бере салды. Біз ары жүріп кеттік. Құлағымыз да тынышталып, португалдықтың да үні өшті, бұл оқиға есте қалып қойды.

– Сол жағдай бүгін қайталанған сияқты. Ол профессионал бір болтпен, ал сен мерген бір қоянмен алыстыңдар! – дедім.

Бұл әңгімеге де біраз күліп алдық.

Тағы бірде, күні бойы қаз аулап, қанжығамызды толтырып, түнделетіп қалаға қайтып келе жатқанбыз. Қазақтың кең жазира даласының тақтадай тегіс жолымен жүйткіп келеміз. Автокөліктің жарығы көзге түртсе көргісіз қараңғы түнді жарқырай тілгілеп келе жатыр. Кенет алдымыздан бір қоян жолды жағалай қаша жөнелгені. Қоян атуға бейімделмей, жайбарақат күліп ойнап отырған біз абыр-сабыр сасыңқырап қалғанымызбен, есімізді тез жинап қуа жөнелдік. Әшейінде қалдырмай алып жүретін прожекторымыз да үйде қалып кетіпті. Жалма-жан мылтыққа жармасқанымызбен, бәріміздің оқтарымыз таусылып қалыпты. Қоян жолдан шығар емес. Автокөлікпен лезде қуып жетіп тіпті басып кетуге де болады. Біз олай етпей орташа жылдамдықпен жүріп келеміз. Біз жылдамырақ жүрсек ол да жылдамдата қашады, жылдамдықты азайтсақ ол да азайтады. Дала тастай қараңғы болғасын бұрыла қалыңға кіріп кетуге қорқып келе жатқандай. Біз де асығар емеспіз, өйткені қоянды шаршатып барып ұстаудан басқа амал қалмаған. Қуып келеміз. Ол қашып келеді. Кем дегенде екі жарым үш шақырымдай қуған соң ол шаршай бастады, әнекей шоқырақтай қашып барады. Бір кезде қалт тоқтай қалды. Біз де тоқтап, ытқып сыртқа шықтық. Мен алдыңғы орында отырғандықтан, түскендердің ішінде қоянға ең жақыны менмін. Қолымда мылтық, тек оғы жоқ. Жақындай бергенімде қоян ытқи

қаша жөнелді. Сәл кешіксем қашып кететін түрі бар. Басқа амал болмағасын қолымдағы мылтықпен таяқ сияқты лақтыра періп кеп жібердім. Мылтығым қоянның басына тиіп жалп еткізді. Тыпырлап жатқан қоянды жүгіріп барып ұстап алдық. Сонда ғана Сейтқасым, менің бұрыннан айтып, ол байка деп сенбей жүрген, қоянды таяқпен ұрып алдым дегеніме көзі жетіп сенгенін айтып, күліп алдық. Сосын мен Сейтқасымға:

– Секе? Сен ылғи қоянды пісіргенде бір түрлі дәмі сезіледі деуші едің, сол дәмнен құтқарып берейін бе? – дедім.

– Қалайша, осы далада ма? – деп ол қарсы сұрақ қойды.

– Ия, осы далада.

– Сонда қалай, қазір пісірмек ойың бар ма?

– Жоқ, басқаша.

– Сонда қалай?

– Мына қоян әзірге тірі, сәлден кейін өледі. Өлген кезде қан айналымы тоқтап қалады. Ал, өзің үлкен физиксің, күшті қуат, әлсіз қуатты өз бойына сіңіріп жеңіп кететінін жақсы білесің ғой.

– Ой, ол белгілі теория ғой!

– Білсең кез-келген жан-жануардың ішек қарыны агрессивті орта. Қан айналып тұрғанда, қан қуатының күштілігінен өз орбитасынан шыға алмай ас қорытумен ғана айналысады. Қалай қан айналымын тоқтатады, олар тез арада жан-жағына шауып агрессияға кірісіп, таза еттерге иіс, дәмдерін енгізе бастайды да еттің дәмі, иісі өзгеріске ұшырай бастайды. Соны болдырмау үшін қан тоқтай салысымен, аңның ішек-қарнынан тезірек арылу керек. Ол үшін қарнын жарып жіберіп, алдыңғы екі аяғынан ұстап көтеріп қалсаң қоянның ішек қарны өзінің ауырлығымен лық етіп жерге құлап түседі де етке шаба алмай қалады, міне былайша, – деп қоянды көтердім де қарнын жарып жіберіп едім бүкіл ішек қарыны өз салмағымен жерге сылқ ете қалды. Ал, енді осы қоянның терісі керек пе?

– Жоқ, оны не істейміз? Керек емес! – деді жігіттер.

– Олай болса теріде бит, басқа да паразиттер көп болады. Қан айналып тұрғанда жүн астындағы жылы теріге жайғасып алып өмір сүреді. Қалай қан тоқтайды солай тері суып, паразиттер жылы жер іздеп жан-жаққа шашырайды. Ол етке, болмаса Сіздің қойын-қонышыңызға да кіріп кетуі мүмкін. Сондықтан тері жылы



кезінде оны сыпырып тастау керек. Міне былай, пышақты аласын да қоянның арқа терісінен көтерсең созылып тері бөлектенеді. Сол жерден пышақпен тіліп жіберіп терінің екі ұшын қолмен ұстап тартып қалсаң, терілер екі жаққа сырылып басы мен аяқтарына дейін денесін жалаңаштап тастайды. Сосын басы мен аяғын кесіп тастау оңай. Сенің қолыңда тек таза ет қалып, иіс, бөтен дәм болмай, тамақты дәмді істей аласың, – деп айта отырып айландырған отыз секунд ішінде қоян етін тазалап бердім.

Бәрінің ауыздары ашылып қарап қалыпты.

– Оу, Мырзеке, мынауыңыз керемет әдіс қой! Көзді ашып-жұмғанша тап-таза етіп таң-тамаша еттіңіз! Сізге рақмет! Бұл бір есте қаларлық сабақ болды, – деді Сейтқасым.

Кейіннен бұл әдіс бізге әдетке айналып, кез-келген аңдарды осылайша тазалап алатын болдық.

## **АДАСУ МЕН ЖОЛ ТАБУ**

Жаз мезгілі өтіп, күз айларының қоңыр салқын кезеңінің бір күні мен, Сейтқасым, Бауыржан, Алдаберген, Асқар Нұра өзенінің бойынан балық ауламақ болып, бар керек жарактарымызды алып екі автокөлікке мініп жүріп кеттік. Біздің балыққа деген қызығушылығымыз жоғарғы деңгейде, тек Сейтқасым мен Асқар ғана онша қызыға қоймайды. Өйткені балық ұстауға ниеттеніп бір-екі рет қармақ салып көріп марымды нәтиже шықпағасын көңілдері қалып қалған. Олардың негізгі қызығушылығы аң аулау. Қаладан шығарда балықта екі күн болып, үшінші күні қайтамыз деп келіскенбіз. Сейтқасымның бар ойы осы күндердің екі түнінде қоян аулау. Сол үшін ғана келісіп бізбен бірге келіп отыр. Таңертең келе салысымен бәріміз қармақсаптарымызды даярлап өзен бойын жағалап, балық аулауға шықтық. Сейтқасым мен Асқар екеуі палаткаларды құрып, жерошақ қазып қазандарды орналастырып, дастарқан мәзірлерін даярлап жүр. Біз де бекер босқа жүрмей, бұйырған балықтарды ұстап мәз болып жүрміз. Балығымыздың көпшілігі шортан, табан (лещь), көксерке (судак) пен торта (вобла). Кешке қарай ұстаған балықтарымыздан уха жасап, қалғанын қуырып жеп тойып алып, қармақтарымызға

жарық беретін қалытқыларды орнатып түнгі балық аулау процесіне көштік. Сейтқасым қоян аулауға даярлана бастады.

– Оу, Секе, әлі ерте емес пе? Кешірек шықсаңдар болмай ма? – дедім.

– Жок, ертерек бара берейік. Сендер бәрің балық аулайсыңдар, ал менің ішім пысып кетеді. Біз Асқар екеуіміз біраз жерді аралап, шүлім жасайтын қоян, кекілік болмаса шіл атып әкелейік.

– Жарайды, тек көп жүріп қалмаңдар! Екеуің бір автокөлікпен жүріп, бір жерде тығылып немесе бір тетігін сындырып алмай абайлап жүріңдер.

– Келістік! Біз көп кешікпей ерте оралуға тырысамыз. Жігіттерге айтып қойыңыз, отынды тауысып қоймасын. Түнде шүлім жасауға жарайтындай қалдырып қойсын.

– Ол жағынан қам жеме! Тек ұзақ жүріп алмай ертерек оралыңдар, әйтпесе біз уайымдаймыз ғой.

– Әрине, ертерек оралуға тырысамыз.

Олар Асқар екеуі көліктеріне мініп кетіп қалды. Біз балықтың қызығына түсіп түн жарым болғанын байқамай қалыппыз. Сейтқасымдар есіме түсіп кетіп, жүгіріп барып ұялы телефонымды алып қарасам сағат түнгі үштен асып кетіпті. Жылдам Сейтқасымға телефон шалсам, байланыстан тыс жерде деген жауап алдым. «Япырау, бұлар неге сонша кешікті? Әлде көліктері бұзылып қалды ма? Жаманға жорымайын, қазір нағыз қоян аулайтын уақыт. Қызығына түсіп жүрген болар, біраз шыдайын» деп өзімді жұбатып қойғаныммен, мазасызданып сағатыма жиі-жиі қарай бердім. Сағат бестен асып кетті. Жігіттер пырылдап тәтті ұйқыға көшіп кетті. Мен мазасызданып, шын мәнінде уайымдай бастадым. Аңшыларымының оралатын түрі жоқ. Енді міне таң қылаң беріп атып келеді. Мазасызданып, Алдабергенді ояттым.

– Алдаберген, тұр, таң атып қалды! Қазір балықтың жүретін уақытын пайдаланып қалайық. Оның үстіне мына аңшыларымыз кешігіп жатыр. Түнімен ұйықтамай соларды тосып уайымдаумен жүрдім. Неге кешігіп жатыр екен?

– Жолаушының кешіккенінен пайда? Мүмкін, аңның қызығына түсіп кеткен болар.

– Қызығына қанша түссе де келетін уақыттары болды ғой! Көліктері бұзылып немесе тығылып қалды ма деп қорқақтап тұрмын.

– Қорықпаңыз, артыңызға бұрылыңыз, аншыларыңыз келе жатыр.

Артыма жалт қарасам, олар жақындап қалыпты. Қуанып кеттім. Олар да көліктерінен түсіп ағылап-уһілеп келіп қалды.

– Әй, Секе, неге сонша кешіктіңдер? Қоян көп пе екен? – дедім.

– Жоқ, екі қоян ғана атып алдық. Содан адасып қалың копа ма? Қамыс па? Әйтеуір бір ну орман сияқты қалыңға кіріп кетіп, қайдан келіп, қайда тұрғанымызды білмей адасумен болдық. Әйтеуір таң қылаң беріп айналаға көз жүгіртуге шама келгенде ғана жан-жағымызды бағдарлап зорға шықтық.

– Қалың қопада нелерің бар? Қоян деген қараңғы түнде жазық далада, жол бойында жүретінін білмеуші ме едің?

– Жоқ, білеміз ғой! Тек қалың қамысты бойлап көп жүріп қалған соң, арғы жағына кесіп өтіп кетпекші болып едік...

– Онда кірген іздеріңмен кері қайтпадыңдар ма?

– Қайдан соны таппай қалдық қой.

– Қайран аңшыларым-ай! Адам деген бағыт бағдарын айыра алуы керек қой! Сонда қайдан келіп, қайда тұрғандарыңды да білмейсіңдер ме? Ай, жұлдыз дегендер не үшін керек?

– Сол ай мен жұлдызыңа біреу карап па?

– Ал, сол қалың қопаның ішінде көл немесе шалшық су болып көліктерің батып қалса не істейтін едіңдер?

– Ол жағын аңдып отырдық қой! Таңертең көліктен түсіп, ары-бері жүріп көрмекші болып едік, тұрған жерімізден он метрдей ғана жерде көл жатыр. Сәл жүргенімізде жағасына тірелер едік.

– Үлкен көл ме?

– Жоқ, шамалы ғана.

– Түнімен, сендер даярлаған «уайым» деген шүлімді ішіп-жеп тойып отырмыз.

– Қойыңызшы Мырзеке! Біз әдейі істеген жоқпыз ғой! Сізге болсаңыз адасар едіңіз.

– Ей, мыналар, өз кінәларын мойындай ма десем, қайта бізге шабуыл жасамақшы ғой. Аңға шыққан адам жан-жағын

бағдарлайды. Адаспауға тырысып, сендерге ұқсап аласапыран шапқылай бермейді.

– Қойыңызшы, өмірі адаспағандай болмаңызшы! Біз адасып кеттік енді!

– Мейлі, ең бастысы, аман-есен келдіңдер. Бір-екі сағат демалып, әкелген қояндарыңнан шүлім жасаңдар. Түскі асқа соны ішейік. Алдаберген жүр

кеттік, өз тірлігімізбен айналысайық, – деп Алдабергенді алып балық аулауға кеттік.

Кешке дейін балық аулап, шортан, табан, көксерке тағы басқа балықтарды ұстап мез болып, кешкі тамаққа уха жасап ішіп алдық. Күндіз күнімен жатып ұйқысын қандырып алған Сейтқасым аңға бармақшы болып құтырынып шыға келді.

– Біз кеше адасып жүріп аң аулай алмадық. Соның өшін бүгін қайыруымыз керек. Асқар екеуіміз жылдамдатып барып келе қоямыз, – деді.

– Ей, қойыңдар! Кеше қандай аңшы екендерінді көрдік қой! Бүгін тағы да таң атқанша сендерді күтіп ұйықтамай таңды көзбен атыратын шама жоқ. Тыныштық беріңдер, – дедім.

– Бүгін адаспаймыз, жылдам келеміз! – деп өзеуреді Сейтқасым.

– Болмайды, бармайсыңдар! Ешқандай бағыт-бағдар айыратын қасиеттерің жоқ, тағы адасасыңдар. Даланың ортасында қасқайып жатқан трасса жол. Сол жолдан түскесін, қайта сол жерден шығу керек қой. Ал сендер қайдан түсіп қайдан шыққандарыңды білмей шапқылай бересіңдер.

– Мырзеке, өзіңнің бағытты бағдарлау қасиетің жоғары адам ұқсап, бізге ұрса бересің. Түн ішінде өзің болсаң да адасасың ғой!

– Мен дәл сендер сияқты адаспаймын, әрі адасып көрген емеспін.

– Ой, шіркін-ай! Ондай қасиет қашаннан пайда болып еді?

– Кішкентай кезімнен, бір көрген жерімді екінші рет айна қатесіз тауып аламын.

– Ой мақтаншақ! Онда бізбен жүр, бағдарлау шамаңызды көрейік!

– Жоқ, бармаймын. Түнімен ұйықтаған жоқпын, шаршап тұрмын.

– Одан да, өзіме сенбей тұрмын. Адасып кетсем ұялып қалармын деп тартыншақтап тұрған шығарсың. Біз күні бойы жатып ішіміз пысып кетті. Оның үстіне, келерде аңға да шығамыз деп келіскендей едік қой. Түнімен езіліп жата бергеннен не пайда? Жүр, барып қайтайық.

– Әй, мен түнімен бүгін кешке дейін көз ілген жоқпын. Қалай барамын?

– Ешнәрсе етпейді, жылдам барып қайтамыз. Келген соң ұйықтайсың. Ал біз алған қояндарымыздан таң атқанша жақсылап шүлім пісіріп қоямыз.

– Әй, қоймадыңдар ғой, барайын. Бірақ рөлге мен отырамын.

– Неге?

– Өйткені, сендерге сенбеймін. Өзім алып жүрмесем, адастырып жібересіңдер.

– Жарайды, Сіздің бағдарлау шамаңыз қаншалықты екенін көрейік.

– Асықпа, әлі уақыт көп. Асықпай киімдерімді ауыстырып алайын, мына киімдер ылғалданып қалды. Мылтықтарың мен оқтарыңды ұмытып кетпендер, ататын сендер, мен тек қана алып жүріп, қояндарыңның шашауын шығармай бетін қайтарып беріп отырамын. Келістік пе?

– Бұрын ешкімге атқызбай өзім атамын деуші едіңіз, енді неліктен момақан болып қалдыңыз?

– Күнімен балық аулап айызым қанып қалды. Көлік жүргізбегелі көп болды, біраз айдағым келіп отыр. Рөлде отырмасам шаршаған адам ұйықтап қалам ба деп қорқамын. Рөлде отырсам ұйықтамаймын, ол кәсіби машықтанған нәрсе.

Сонымен Сейтқасым, Асқар, мен үшеуіміз көлікке отырып, қараңғы түнді көліктің жарығымен қақ жара жүріп кеттік. Ақмола облысының Совет заманынан қалған ескі тас жолымен келеміз. Бұл жерде әрбір ауылдың арасы он бес-жиырма шақырымдай келеді. Тас жолдан түссең созылып жатқан астықтың аңызы мен шабындықтардың кең алқабы. Күндіздің өзінде ұшы-қиырына көз жеткізе алмайсың. Анда-санда жалпы әр жерден бір көрініп қалатын жоталар болмаса көз тоқтатар мардымды ешнәрсе жоқ. Ал, қараңғы түнде өзіңнің бағдарлау шамаң болмаса қайдан келіп қайда жүргеніңді ажырата алмай дал боласың. Даланың төсіндегі

ескі тас жолмен ұрып келеміз. Көліктің жарығымен астық аңызының орындары көріне бастады. Жолдан түсетін бұрылысты іздеп келемін. Бұрылысқа жетіп тоқтадық.

– Ал, түсіндер! – дедім екеуіне.

– Неменеге? – деді Сейтқасым.

– Түсіндер, түсіндер! – деп екеуін көліктен түсіріп алдым. Жан-жақтарына қараңдар! Ешнәрсе көрінбейтін қараңғы ма? Ешқандай бағыт-бағдар алатын нәрсе жоқ. Аспанға қарасаңдар, жұлдыздар жарқырап тұр. Сонау тұрған темірқазық жұлдызы. Ол ылғи солтүстікті көрсетіп тұрады. Анау жеті қарақшы жұлдызы осы темірқазықты айнала жайлап көкжиекке қарай төмендей береді. Мына жатқан құс жолы шокжұлдыздары да солай, біздің бағдаршамдарымыз осылар болады. Мына тас жолдың бағыты осы құсжолымен пара-пар келіп тұр. Қазір осы аңызға кіріп көп болса бір сағат жүрерміз. Оған дейін құс жолы мен жетіқарақшы көп ауа қоймайды. Соның арқасында түскен жерімізді қайта тауып аламыз.

– Ой, Мәке Сіз теория айтып кеттіңіз ғой! Былай шыққан соң олар жайына қалып, біз өз жайымызбен кетеміз ғой, – деді Асқар.

– Асқар, сен шынында теориядан көзбен көрген тәжірибені артық көресің. Сондықтан көлікке отырыңдар. Іс жүзінде байқап көрейік.

– Көке, бәрібір бір адасатынымызға мен кәміл сенемін. Сондықтан жүре көрейік, – деді Сейтқасым.

– Жарайды кеттік! – деп көлікке отырып, қараңғылықты жара аңызға кіріп кеттік.

Аңызды көлік жарығымен жара сүзіп келеміз. Асқар жан-жаққа жүгіртіп прожектор салып келеді. Сейтқасым мылтығын оқтап, алдыңғы орындықты өзінің ату ыңғайына келтіре жайғасып отырып алған. Аңыздың орта тұсына келе бергенде прожектор жарығына бір қоянның сұлбасы іліне кетті. Жалма-жан қуа жөнелдік. Қоян зытып келеді. Біз аңыздың кедір-бұдырына қарамастан, көлікті шоқақтата қуып келеміз. Қоян жан ұшыра аңыз шетіндегі қалыңдыққа қарай бұрыла қашпақ болған кезде:

– Асқар, прожекторды алдына, солға, аңызға қарай сал! Сонда қоян солға бұрылады, – деп айқай салдым.

Асқар мен айтқандай прожекторын солға қарай бұрғанда, қоян да солай қарай икемделе қашты. Оқ жететіндей жерге жақындап қалдық. Сол кезде көліктің шоқалақтағанына қарамастан Сейтқасым атып жіберді. Қоянның төрт аяғы аспаннан келіп тырбаң-тырбаң етті де тыныштала қалды. Көлікті тоқтатып қоянды жылдам тазалап, пакетке салып алып ары жүріп кеттік. Бәріміз алғашқы жетістігімізге мәз-мейрам болып келеміз. Тағы да он минуттай жүргеннен кейін, келесі біреуін айналдыра қуып жүріп атып алдық. Осы үлкен аңызда бір сағаттай уақыт жүріп бас аяғы төрт-бес қоян атып алып басқа аңызға бармақ болып, келген трассаға бет алып келеміз. Байқаймын, жолдастарымның жүзінде «көрерміз адаспағаныңды» дегендей бір мысқыл күлкі бар секілді. Мен оларға білдіртпей жай ғана аспанға қарап алып, бағытымды туралап алдым да «Алла әбүйір берем десе қиын емес екен» тура трассадан түскен жерімізден бірақ шықтым. Жолдастарым аңтарылып қалған. Мен түк болмағандай жымыып алдым да ары қарай тартып кеттім. Трассаны жағалай он бес шақырымдай жүргеннен соң, қайтадан келесі аңызға түсіп алып ұзақтау жүрдік. Тағы да бес алты қоянның терісін сыпырып, ішек-қарынын аударып тастап, түскен жерімізден қайта шығып келесі аңызға кеттік. Байқаймын олар таңданып отырған сияқты. «Алғашқыда бір сағаттай жүріп, аз уақыт жүргендіктен бағдарын жоғалта қоймаған шығар» деп ойлаған болулары керек, бақандай екі сағат жүріп түскен жерімізді айна қатесіз тауып келгеніме таң тамаша болып отыр. Тағы біраз жүргеннен кейін келесі аңызды аралатып, айыздары қанғанша атқызып көлігіммен түскен жерімізден қайтадан сопаң еткізіп шыға келгенімде Сейтқасым шыдамай кетіп:

– Мырзеке, мойындадым, мойындадым! Мынауыңыз керемет болды. Трассаны тауып кез-келген жерінен шықсаңыз болар еді ғой! Жоқ тура түскен жеріңізден бір емес үш рет шыққаныңызға қолымды көтеремін.

– Көке, менде бұлай болады деп ойламап едім, мына қасиетіңіз керемет екен, мағанда үйретіңізші, – деді Асқар.

– Секе, менің өтірік айтпайтынымды білесің ғой! Адаспаймын дедім, адасқан жоқпын. Асқар, бағана трассадан түсерде сыртқа

шығарып алып айтқанымды жүре тыңдадың. Ондай нәрселерді зейін қойып мұқият тыңдау керек. Сен әлі жассың, болашақта көп керек болады.

– Түсіндім, – деді Асқар.

– Секе, уақыт біраз болып қалды. Айыздарың қанған шығар. Енді қайтайық! Барып, мына қояндардан тамақ жасап ішіп, жиналып қайталық. Қалай қарайсың? – дедім.

– Жарайды, бүгін керемет аңшылық болды. Бәрінен бұрын адастырмай алып жүргеніңіз естен шығара алмай, айта жүретін әңгіме болды, – деді Сейтқасым.

– Ендеше, кеттік! – деп көлікке мініп жүріп кеттік.

– Асқар? Тыңда! Бағана айтқаным бағдарлаудың бір-ақ түрі. Өмірде талай рет сыртқа – аңға болмаса серуенге шығасың. Сол кезде адасқың немесе жан-жағыңа көз салып, не бар не жоғын, көзге ерекшелеу көрініп ерекшеленетін заттарды, төбешік, тал дарак, сай-сала, өзен, су бәрін байқап, олардың орналасу схемаларын есте сақтап, келе жатқан бағытыңның қай бетіне орналасқанын, қайтар жолда қай жақта болатынын алдын-ала болжап отырсаң еш уақытта адаспайсың. Осыны есіңе сақтап, жадыға түйіп ал, – дедім.

– Түсіндім, көке! – деді ол.

– Түсінгенде ол бірден орындала салмайды. Далада, қалада жүрсең де, бәрін есте сақтауға тырысып әбден жаттығу керек. Соны жасасаң, мына көкеңе тартып адаспайсың.

– Ой, Мырзеке, біраз шалқыдыңыз-ау! Бұл үлкен бір сабақ болды. Біз жан- жағымызға онша мән бермей шаба береміз ғой. Содан адасып жүрміз. Кеше шыға салып қайдағы қопаларға кіріп кетіп, мазасызданып шаршап-шалдығып қайтып едік. Бүгін демалып, мээ-мейрам болып қайтып келе жатқанымыз Сіздің арқаңызда!

– Рақмет, – деді Сейтқасым.

– Е, қойшы! Сендер адаса бермесін, әрі кішкене болса да білгенімді үйретейін дегенім ғой, – дедім.

– Рақмет, көке! Біраз нәрсе үйреніп қалғандаймыз! – деді Асқар.

Осылайша, өзен бойындағы орнымызға келіп, қоян сорпасын жасап, балықшыларымызды оятып, бәріміз тойып алып, көңілімізді думандатып қалаға, үйімізге қайтып оралдық.



## МОЙЫНДАЛҒАН АҢШЫЛЫҚ

Астана қаласына барған кезден басталған аңшылық жалғасын тауып, әжептәуір жақсы аңшы болғандаймын. Өйткені барған жерімнен құр алақан қайтқан емеспін. Тіпті ешкім ешнәрсе ала алмаса да мен жоқ дегенде бір аң немесе құс атып алатын жағдайға жеткенмін.

2003 жылы өзімнің туып өскен жерім Жамбыл облысына қызметке ауысып келдім. Мен елден ертерек жас кезімде кетіп қалған соң, бұл жердегі кісілерді танымаушы едім. Тек кішкентайымыздан бірге жүрген Батырбек, Көшкінбек, Сәрсен деген қызметке араласып жүрген үш-төрт жолдастарымды ғана танимын, басқалары бейтаныс адамдар. Сондықтан менің аңшылық, балықшылық өнерімнен ешкімнің хабары да болмайтын. Қызмет алға басқан сайын, уақыт өте келе жора-жолдастар да пайда бола бастады.

Бұл жақта Ақмола облысындағыдай қаз-үйректер қым қиғаш көп болмаса да ермек етуге жарайтындай бар. Дегенмен, бұл жақтың құс атуы солтүстікке қарағанда өзгеше. Өйткені ұшы қиыры көрінбейтін бидай алқабы мен оның аңыздары жоқ, бар болғаны күннің өзінде жүз-екі жүз гектардан аса қоймайды. Оның үстіне қаз-үйректер аз болғасын аңызда шұңқыр қазып аңдып жатып ату деген ұғыным мұнда атымен жоқ. Айтсаң, бір аңыз әңгіме айтып отырғандай бәрі таң-тамаша болады немесе кейбір белсенді сымақтары «қойшы соның сөзін» дегендей қолын бір-ақ сілтеп тындағысы да келмейді. Сондықтан баратын жерлері көлдің жағасы, қамыстың арасында тығылып атады. Мұндай әдіспен үйректердің кішігірімдері мен анда-санда үлкендерін атпасаң, басқаларын ата алмайсың. Қаз дегенің көп болса жүз, екі жүз шақты ғана бір топ, таңертең ерте ұшып кетіп, қараңғы түскенде бірақ келеді. Алла сәтін салса біреуін түсіріп қалуың мүмкін, болмаса ол да жоқ. Осы ортаға бейімделіп, «ауру қалса да әдет қалмайды» демекші бір-екі жігіттермен аң-құсқа шығып жүрдім. Кез-келген хабар жерде жатпайды ғой, менде аңшылық, балықшылығым жәйлап болса да елге жайыла басталды. Жолдастар көбейе түсті.

Әлі есімде жұма күнінің бірінде Батырбек досым әрі қалжыңбас құрдасым телефон шалып:

– Мырзеке, саламат па? – деді.

– Ия, сәлем бердік! Қал-жағдайларың қалай? Үй-іші аман ба? – дедім.

– Ия, құдайға шүкір! Өздерің де амансыңдар ма? Мырзеке ертен сенбі, сені әжептәуір аңшы деп естимін. Бірақ, өтірік шынына көзім жетпеді. Шынымен аңшысың ба? – деп тиісе сөйледі.

– Ия, Аллаға шүкір! Саған қарағанда қарағайдай емеспін бе? Ағаңнан бір нәрсе үйренгің келіп пе еді? – дедім.

– Сенің аңшылығыңды сынап көрейін деп едім, «аңқау елге арамза молда» болып жүрген шығарсың. Анау алпауыттай дененді қозғағанша барлық құс жай-жайына жайбарақат-ақ ұшып кете барар.

– Әй, бар болғыр, аман бол! Денеге қарайтын болсақ бойың теректей құстарды қолыңмен ұстап алар едің ғой! Амал не? Алла ебедейсіз етіп жаратса, аузың аңқайып сен де жүрсің ғой. Одан да не айтқың келіп еді, соны айт, – дедім.

– Жарайды, қалжыңдасып жатқаным ғой! Ертен, менің туған ауылым Досболды білесің ғой, сол жақта үйректер көптеп ұшып жүр дейді. Барып қайталық.

– Оған дайындық керек қой! Автокөлік, ішіп жейтін тамақ, оқ-дәрі дегендей.

– Жігіттерге тапсырма беріп қойдым. Оның үстіне сол жақта туған-туыстардың үйлері бар, аш қалмаспыз.

– Батеке, өз басым, аң-құсқа шыққанда біреулерге салмақ салғанды ұнатпаймын. Оның үстіне бір үйге тамақ әзірлетсек, ол аңшылық емес қонаққа ұласып, ішімдік ішіп ұзақ сонар отырып қаламыз. Сондықтан ешкімге салмақ салмай, өз қотырымызды өзіміз қасып, атып алған аң-құстарымыздан тамақ жасап, жылдам тұрып кетіп ісімізді жалғастыра берсек дұрыс болар.

– Жарайды, сөйтсек сөйтерміз!

– Қанша адам шықпақшысыңдар? Кімдер?

– Алты-жеті адам. Өмірхан, Сағат, Қаржау, Ыбрахим, Астанадан Жақсыбек келген, сосын мен, – деді Батырбек.

– Қашан шықпақ ойларың бар?

– Сағат он бірлер шамасында.

– Ой, қайран аңшыларым-ай! Аң-құс сендер келетін еді деп күтіп жата ма? Ерте шығу керек қой.

– Біз сол жерде түнесек пе? – деп отырмыз.

– Түнемек тұрмақ, екі күн жатсаң да ерте шығып, таң атпай тұрып бару керек. Үлкендерінің бәрі ұшып кетіп, шүрегейлер ғана қалады. Атқан соң трофей болатындай жақсыларын ату керек емес пе?

– Сен-ақ бәріне жау шаптыра бересің! Үйрек дегенің сол жерде айнала ұшып жүрмей ме?

– Әрине, кішігірім үйректер көл жағалап ұшып жүреді. Крикач, Селезень, Қызылбас үйректер таң шапағымен жем жейтін жеріне ұшып кетеді. Ол жақтан қараңғы түсе бірақ оралады.

– Ой, білгішім-ай! Сонда қашан шығу керек деп отырсың?

– Сағат таңғы төрттердің шамасында.

– Мынауың тым ерте ғой!

– Ерте емес! Жол ұзақ бір жарым, екі сағаттай жол жүресің. Тағы бір сағаттай уақытың ойлаған жеріне жетіп орналасуға кетеді. Сонда тура таңғы алты жарым, жетілерде дайын болып отырасың.

– Олай шыға алмаймыз. Ең ерте дегенде тоғыздарда шығуға болады.

– Өздерің біліндер! Мен білетінімді айттым. Онда маған қарайламай жүре беріңдер. Мен ондай аңшылыққа бармай-ақ қояйын. Тамақ пен ішімдік үйден де табылар. Бос салақтап барып, қайтқым келмейді.

– Сен неменеге сонша бәлсініп кеттің? Бір рет аңға шықпақшы болып едік... Атпасақ атпармыз, бірақ бәріміз бас қосып әзіл-қалжың айтысып, сергіп серуендеп қайтпаймыз ба?! Мушкамызға құс ілініп жатса оны да көре жатармыз.

– Е, ендеше солай жөніңе келмейсің бе? Атын дардай етіп аңға барамыз дегенше! Жарайды, мен сағат тоғызда дайын боламын, – дедім. Сонымен сөз бітіп, шығатын уақытты белгілеп алдық.

Қаладан қанша кеш шықсақ та аңшыларымның көздеген жеріне жеткенде, көл жағасына қарай сүйрелейтінін түсініп жеткілікті көлемде оқ-дәрі алдым. Сағат тоғыз жарым шамасында қала сыртында кездесіп, екі-үш автокөлікпен жүріп кеттік.

Ертеректе Талас ауданының орталығы болған Ақкөл деген ауыл бар. Сол ауылдың солтүстік жағында Кемпіртөбе деген биік қыраттың үстіне шыққанда тоқтап, сусындап алдық. Аңшылық жайлы әжік-күжік әңгіме айтылып жатыр. Әсіресе, үйректерді қалай ату керек екені, кім қанша үйрек атып алғаны, оларды қалай атып түсіргені туралы әңгіме қызып жатыр. Бәрі өзеуреп, жатқан бір керемет мақтаныш. Қарап тұрсам бұлардан асқан мерген жоқ. Бір-екі рет сөздеріне кіріспек болып едім, «өй, сен не білесің» дегендей, менсінбей шеттетіп тастады. Шынында, өңшең керемет аңшылардың ордасына түскендеймін. Кеше Батырбекке аңшылық туралы бекер батылдау айтып тастадым ба? Мыналардың айтыстарына қарағанда атқан үйректерін жинап үлгері алмайтын сияқтымыз. Өңшең мен атайын сен тұр деген тұлғалар сияқты. Тыныш қана шетте сусынымды ішіп тұра бердім. Әсіресе Сағат: «Өй сөйтіп атамыз, бүйтіп атамыз. Өткен жолы пәленбай үйрек түсіргенім-ай. Жақаң да керемет мерген, барғасын ең тамаша жеріне отырғызамын. Айызыңыз қанғанша атасыз. Сіз атқан үйректерден шүлім жасап ішіп қайтамыз» деп құдай-ай аузы жабылар емес, әбден елеріп алған.

– Мырзеке, сен аң-құсқа шығып көріп пе едің? Өзің былай мылтық ата аласың ба? Әлде мойныға асынып жүргеніңе мәзбісің? – деп бір түйреп кетті ме, қойшы ішіміздегі ең мықтысы сол болып шықты. Мен:

– Көрерміз, – дедім де қойдым.

Ары қарай аттанып кеттік. Біз жеткенше тал түс болды. Келсек жергілікті екі үш жігіт (біреуін егерь деді) УАЗик автокөліктерімен күтіп тұр екен. Ауысып мініп жүріп кеттік. Күн жылы болғанымен, жер ылғалды болғандықтан ауыл жолдары езіліп батпақ болып кеткен. Тек УАЗиктің мықтылығынан ғана ыңырана өтіп жүріп келеміз.

– Токта! Жақа, Батырбек екеуіңіз мына жерде қаласыздар! Өте жақсы жер. Мен Сіздерді апарып отырғызып келейін. Ал сен Мырзекеңді арырақ апарып таста. Құс кездесе атар, – деп Сағат тастады да кетті.

– Жарайды кеттік! – дедім жүргізушіге.

Екеуміз машинаны ыңырата жүріп келеміз. Ішімнен Сағатқа қаным қайнап келеді. «Қап, мынаның қорлығын-ай, ашықтан ашық қорлап кетті-ау!.. Қой бір мықты жер тауып алу керек! Не болатынын сосын көре жатармыз» деп ойлап келе жатқанда көлік бір жамбасына қисайып батпаққа тығылып қалды. Сыртқа шығып қарасам, жаңағылардан екі жүз метрдей-ақ жерде екенбіз. Жүргізуші домкратын іздеп тауып, тірлігін істеп жатыр. Жан-жағыма көз салып қарай бастадым. Алдымда жүз метрдей жерде селдір сирек жалғыз қопа бар екен. Бірлі-екілі шүрегейлер үстінен ары бері өтіп жатыр. Сол жерге бармақ болып, мылтығымды асынып алып жүріп кеттім. Жер ауыр. Май батпақтар аяққа жабысып жүрісінді өндірмейді. Ойлаған жеріме жетіп, жайғасып алып шүрегейлерді аңди бастадым. Жаңа ғана қопаның үстімен ары-бері заулап жүрген үйректер енді қопаны айнала оқ жетпейтін жерден ұшып жүр. Мына қопаның селдір қамыстары мені жасыра алмай жатқанын түсініп, жан-жағыма қайтадан көз сала бастадым.

Мен тұрған жерден біраз жерде бір топ жылқы жайылып жүр. Одан әріректе қалың қамыс. Ар жағынан шүрегей үйректер ұшып, қонып жатқанын байқадым да сол жаққа қарай қиын болса да батпақтап бет алдым. Жылқылар мені көріп біраз оқырынып алғаны болмаса ары қарай жайбарақат қалпынан таймай жайыла берді. Жәйлап басып қамысқа да жеттім. Қамысты айналып өте бергенімде алдымнан бір топ, шамасы бес жүзден кем емес, шүрегейлер пыр етіп ұша жөнелді. «Қап, бекер үркітіп алдым-ау, қалғанына дайын болу керек» деп мылтығымды оқтап, бұқпантайлап жақындап келсем, алдымда тізеден асар аспас жайылма судан құралған кішкене ғана көлшік жатыр. Байқасам, су астында шүрегейлерге қорек болатындай шөптердің мол қоры өсіп тұр. Шүрегейлердің бәрі ұшып кетіпті. Жағасындағы шоқ-шоқ болып өскен қамыстар, жасырынуға өте ыңғайлы болып шықты.

Көлшікті жайлап кешіп арғы шетіндегі бір топ қамысты паналадым. Көлшіктің арғы беті мен отырған жерден көп болса жүз он, жүз жиырма метрдей ғана. Міне бір шүрегей ұшып келеді. Көлшіктің арғы бетін бір шолып өтіп қайта бұрылып ортасына қонуға бейімделе бергенінде атып түсірдім. Кішкентай болса да бүгіндікке алғашқы трофей бар. Орнымнан тұрып көлшікті кешіп

барып алып келдім. Алыстан кішкентай көрінгенімен жақындай келе соншалықты кішкентай емес орташа денелі болып шықты. Соған қарағанда былтырғы балапан болуы мүмкін. Арада он бес минуттай өткенде тағы бір үйрек келіп қалды. Жақындады-ау деген кезде шүріппені басып қалып едім, көлге құлады, бірақ тірі, тапырақтай бастады. Орнымнан қарғып тұрып, қуып жүріп ұстап алдым. Оқ тиіп жаралы болған соң, денесінен әл кете бастады ма тыныштала қалды. Оны да алып келіп алғашқы үйректің қасына шалқасынан жатқызып қойып, келесі үйректердің келуін күтіп аңдып отырмын. Үйректер келе бастады, бірақ бәрі көлшіктің арғы шетіне қонып жатыр. Мен жағынан алыстау, қаншама тура көздеп дәл атқаныңмен, оқтар бытырай шашылып көздеген жерге тимеуі мүмкін. Қонған үйректер саны бес-алтыға жетті. Мына жақта тамсанып мен отырмын. Ары-бері отырып, «қой болмас, арғы шетке шығып, сондағы қамыстарға жасырынайын» деген оймен, алдымда жатқан екі үйректі қайтадан кеудесіне аударып, заттарымды жиыстырып, орнымнан тоңқандап жатып тұрдым да үйректерді алмақ болып бұрылсам, О тоба! Бір үйрек жоқ. Мен отырған қамыс қопасынан басқалары он бес-жиырма метрдей қашықтықта және селдір-селеу, бәрі көрінеді. Жорғаласа да аз ғана уақыт ішінде ол жерге жете қоюы мүмкін емес. Оның үстіне сирек қамыстан бәрі көрініп тұр. Ары іздеп, бері іздеп бәрібір таба алмадым. Не болса да ұшып кетті, басқаша болуы мүмкін емес. Өйткені, сыбдырлаған бір дыбыс естіген жоқпын. Жаңа ғана қолымда былқ-сылқ етіп жатқан өлі денелі үйрекке бұлайша тез жан бітіп, ұша жөнелгеніне таң-тамаша болдым да қалдым. Көлшіктің арғы бетіне өтіп жайғасып алдым. Өте сирек, әрі аз болса да үйректер келіп жатыр. Келгенін келгенше жалпитып атып мен отырмын. Көңіл-күйім тамаша. Атылған үйректердің саны тоғызға жетті. Осылай отырғанда жаныма бағана тығылып қалған УАЗик келіп тоқтады. Ішінен Жақсыбек, Батырбек, Сағаттар түсіп маған қарай беттеді. Жақсыбек анадайдан:

– Мырзеке, қалай бір нәрсе бар ма? – деп сұрады.

– Азын-аулақ баршылық! – деп жерде жиналып жатқан үйректерді нұсқадым.

– Оу, Мырзеке, айды аспаннан шығарыпсыз ғой! Мынау дегеніңіз керемет қой! Біз біреуін де ата алмадық, – деп қауқалаңдап шын ниетімен қуанып қалды.

– Молодец, шынымен аңшы екенсің! Мен жәй мылтық асынғанына мәз боп жүрген шығар десем, бір шүлімдік құс атып тастапсың! – деді Батырбек. Олардан сәл кейінірек келген Сағат:

– Қане, өй мынау ма? Өй, Мырзеке мынауың не? Өңкей шүрегейді атып, атқан соң үлкен үйректер атпайсың ба? – деп өзінше менсінбей, шірене сөйлей бастады.

– Ей, Сағат, неменеге сонша күшенесің? Өзің қаншауын алдың?

– Өй, атасына нәлет, тіпті ата алмадым!

– Онда неменеге көкірегің қарс айырылып тұр? Әлде менсінбей тұрсың ба?

– Жо-о-оқ, атқасын үлкендері қомақты болады дегенім ғой.

– Үлкен үйрек болмаса не істеймін? Мен сені әжептәуір аңшы ма деп жүрсем, жәй күмпілдейді екенсің ғой! Таңертеңнен бері екпініңнен жел есіп, ешкімге сөз бермей, манаурағаның бекершілік екен ғой! Кеше сөзімді тыңдамай, бүгін Кемпіртөбенің үстінде қолыңды сермеп айтқызбадың. Үлкен үйректерді ату үшін ерте келу керек, таң атпай келсең атасың! Ал сен тал түске дейін ұйқыңды қандырып тұрғанша олар сені күтіп отырмайды. Сондықтан осы шүрегейлерге рақмет айт, – дедім.

– Жарайды, жарайды Мырзеке, ренжіме! Бәріміз қатар болған соң сайраймыз ғой!

– Үлкен үйрек керек болса, қайтайық деп айтпандар. Кешке қарай бір мәнісі болар. Алла қаласа олардың да бір-екеуін алып қалармыз, – дедім.

– Е, солай десенші! Кеш батуға аз уақыт қалды ғой! Қайда барамыз? – деді Жақсыбек.

– Өй, жүріңдер кеттік! Үлкен үйректер қайда болатынын мен білемін, – деді Сағат.

– Әзірге ертерек, кешірек барайық, – дедім.

– Біз де бір жерге барып тұрайық та? – деді Батырбек.

– Жарайды! – деп жиналып алып жүріп кеттік.

Сағат бәрімізді тағы бір жерге алып келіп, отырғызып кетті. Мені бір үлкен талдың түбінде қалдырды. Сол жағымда тура талдың түбінен басталатын көлшік. Мен паналап тұрған талдан басқа бойы биіктеу бір өсімдік жоқ. Алдымда жазық дала, жылан жалағандай кішкене бетене шөптерден басқа ешнәрсе жоқ. Екі жүз метрдей жерде жайыла ағып жатқан Талас өзенінің қашпа суы. Ол жерде де бір жасырынар жер жоқ. Тек судың ортасына

таман құлап қурап қалған талдың қаңқасы ғана жатыр. Менен үш жүз метрдей төмендікте қалың қамыстың қасына Сағат орналасып алды. Көтеріп жүрген қабының ішінде үйректердің профильдері бар екен, асықпай суға әкеліп орналастырды. Қараймын қашпа судың үстімен ерсілі қарсылы үйректер ұшып жүр. Маған біреуі де жақындар емес. Сағаттың профильдеріне неше мәрте ұшып барған үйректерді тарсылдатып атып жатқанмен түсіп жатқан ешбірі жоқ. Ары тұрып, бері тұрып болмағасын судың ортасындағы ағашты паналамақ болып барсам судың тереңдігі тізеден асып, жасырыну мүмкін болмады. Мені анадайдан көрген үйректер айнала ұшады. Үйректердің ұшу бағытын асықпай байқап алып, кешке кездескенше, деп қайтадан тал түбіндегі орныма келдім. Біраздан кейін бір үлкен үйрек пайда болды да тура маған бағыт алып ұшып келеді. Мен жасырынған талдың қасындағы көлшікке қонбақ ниеті бар ма деймін. Е, Алла деп демімді ішіме тарта талға жабыса түстім. Міне келіп қалды. Жан-жағына қарамай алаңсыз ұшып келеді. Менің де күткенім сол, «құланның қасуына, шүріппенің басуы» демекші қасымнан жанай өте бергенде тұмсығынан бір жарым үйректің денесі сиятындай қашықтықты алып тартып жіберіп едім, жалп ете қалды. Жылдам жүгіріп барып көтеріп алсам үлкен Қызылбас үйрек екен. Бүгінгі бірінші үлкен үйрек.

Сағаттың мылтығының гүрсілінен дыбыс жоқ. Анда-санда үйректер судың үстін жағалай ұшып жүр, бірақ маңына жолатпайды. Кеш батып, ымырт түсе бастады. Менің де күткенім осы мезгіл еді. Мылтығымды асынып, оқ-дәрімді алып жайлап басып судың жағасына келдім де өзім көздеп қойған алаңшыққа тұрдым. Ымырт кезінде тығылудың қажеті шамалы өйткені үйректер көрмейді, болмаса көңіл аудармайды. Алдында түйе тұрса да үстінен ұша береді. Соны пайдаланбақ ниеттемін. Бірақ бұл мезгіл ұзаққа созылмайды, көп болса жарты сағат, сосын қараңғылық түсіп кетіп өзің де көрмей қаласың. Міне, екі үйрек келіп қалды, крикачтар екен. Жем жеген өрістерінен қайтып келе жатыр. Біреуін алып қалдым. Екінші, үшінші, не керек бірінің артынан бірі тізіліп келе берген үйректердің жеті-сегізін атып алдым. Соңғы үйрегімді қараңғыда үңіліп жүріп зорға таптым. Бар үйрегімді санасам жана орынға көшкелі сегіз үлкен үйрек атыппын. Автокөлік жақтан



жарықты сөндіріп жағып, өшіріп, сигналды шиқылдатып өздері айғайлап мені іздеп шақыра бастады. Асықпай басып мен келдім. Алдарына үйректерді тастай салып едім көздері бақырайып, аңтаң болып қалды.

– Оу, Мырзеке қырып салыпсың ғой! Қаншауын атып алғансың? – деп Жақсыбек сұраса:

– Көлде үйрек қалды ма өзі? – деп Батырбек қалжыңдайды.

– Әй, Мырзеке, молодец, молодец, шынында да мерген екенсіз! Бұрынырақ қалайша білмегенбіз? – деп Сағат жүр.

– Өздерің нешеу алдыңдар? – дедім.

– Түк жоқ. Біз тұрған жерге бір үйрек келмеді. Тұрып, тұрып қайтып келдік, – деді Жақсыбек.

– Сағат, сен бағана профильдеріңді қойып, атыстан конанада жасап жатыр едің ғой, – дедім.

– Маған жақсы келді, бірақ ата алмадым. Қаншама тырыссам да тигізе алмай қойдым. Ну, Мырзеке Сіз бүгін ең мықтысыз! Сегіз үйрек, бағана тоғызын алдың, барлығы он жеті болыпты. Нағыз аңшысыз! – деді Сағат.

– Жарайды, кеттік! Ертерек барып, Мырзекең атқан үйректерден шүлім жасатайық, – деп Батырбек автокөлікке беттеді.

Бәріміз көлікке үйрек, мылтықтарымызды тиіп, алғаш тоқтаған лагерімізге келіп, жігіттерге шүлім жасатып, түнімен гүжілдесіп, эзіл-қалжың айтып, қауқылдасып қалдық. Байқаймын, жігіттердің маған көзқарасы өзгере бастаған секілді. Келерде аңшылық туралы, құс, қоян, түлкі, қасқыр, арқарлар туралы менің сөздерім өтпей жүре тыңдағандар, енді бар ынталарымен тыңдап отыр. Соған қарағанда аңшылық беделім мен рейтингім әжептәуір көтерілген сияқты. Ұйқыға жатар алдында жігіттердің бәріне таңғы сағат алтыда тұратынымызды ескертіп жатып қалдық. Таңертең айтқан уақытымызда тұрып, таң алақөбеден бастап көл жағалай тұра қалып жеті-сегізін атып алдық. Олардың үшеуін Жақсыбек, біреуін Батырбек, қалған төртеуін тағы мен атып алып едім. Келгенше күпініп келген Сағат бауырым біреуін ала алмады. Алынған үйректерден шүлім, қуырдақ, басқа да тамақтар жасап, дәмін татып мәре-сәре болып қайтып кеттік. Құс ағу процессі өте сәтті өтіп, есте қалған бір оқиға болды.

## ӨНЕРЛІГЕ ӘР КЕЗДЕ ДЕ ОРЫН БАР

Жаз өтіп күз мезетінің басталған кезі. Дала құстарының барлығы балапандарын өсіріп қанаттандырып, қыс қыстауға жылы жаққа ұшу үшін қоң жинап жанталаса жем жеп, бойларына күш-қуат беретін май жинап жатқан уақыт. Баяғы замандағыдай емес, бүгінде ауыл аймақтың әрбір үйінде жоқ дегенде бір-бірден мылтық пайда болып, аңшылар көбейе түскендіктен, аң-құста бұрынғысынан сирей түсіп, оларды табудың өзі қиындап әрі күрделеніп кеткен. Табылған күннің өзінде де екі аяқты адам мен олардың мінген автокөліктерін көздері шалса, қорқақтап, алыстан ұшып кетіп, атуға мүмкіншілік бермейтін кездер көптеп кездесіп жатады. Қырғауыл, үйрек, қаздар азая бастаған соң ел онша көңіл аудара бермейтін әрі біріне-бірі ұқсас келетін кекілік, шіл, бұлдырық деген құстарды ермек етіп аулайтын болдық.

Бірде осы құстарды ауламақ болып құрдасым әрі жақын жолдасым Өмірханға телефон шалдым. Негізінде бұл жігіт аңшы емес, бірақ ауылда туып өскен азамат болғандықтан сенбі, жексенбі күндері қаланың қым-қиғаш тірліктері мен әбігершіліктерінен қашқақтап далаға шыққанды жақсы көретін, әрі бір-екі рет менен, аңға болмаса балық аулауға шыққанда, ала кетуімді меңзей өтініш жасап жүретін. Соның сәті бүгін түсті.

– Ассалаумағалекум, Өмеке! Қал жағдай жақсы ма? – дедім.

– Әлейкумассалам, құдайға шүкір! Сіздер сияқты құрдас азаматтардың денсаулықты сұрағанының арқасында, жайлап жүріп жатырмыз, – деді баяғы қалжыңқойлығына баса.

Негізінде Өмірхан кез-келген сөзге жауап бермей отыра алмайтын адам. Қандай қысылтаяң жағдай болса да сөз тауып тұйықтан шығып, әрі көңілді және күліп жүруге тырысады.

– Жақсы болса, дұрыс! Өткен жолы аң-құсқа бірге шықсақ қалай болар еді деп ниет жасап едің, – дедім.

– Ойбай-ау, ондай атты күн қайда? Біз сияқты қарапайым қазақты ілестіре қоймас деп, қорқақтап жүрміз ғой! Өзіміз айтуға батылымыз бармайды.

– Әй, сен осы қылжағынды қашан қоясың? Сырттан біреу естісе «мынау қасына ешкімді жолатпайтын монстр» екен деп қалады ғой. Сен оданда ертеңге жиналып дайын отыр, өзім алып кетемін.

– Сонда қайда барамыз? Не киім керек? Не алуым керек?

– Ештеме де алмай-ақ қой! Ертең сағат он бірге даяр болсан болды. Өзім алып кетемін.

– Ойбой, қандай рахат?! Басекеңдерге ілесіп жүрсең болды, ананы-мынаны дайында деп тапсырманы үйіп төгіп беріп жатушы еді. Ештеме керегі жоқ дегенді бірінші рет естіп отырмын.

– Мен ондай емеспін! Сені мен шақырып отырмын ғой! Мылтығың, оқтарың болса алып аларсың, басқасы бар, – дедім.

– Ләппай, құп болады! Айтқан уақытыңызға дайын боламын, – деді ол.

– Келістік! – дедім мен.

Сонымен ертеңіне сағат он бірлер шамасында қаладан шығып кеттік. Ақкөл мен Үшарал арасындағы Кемпіртөбе деген биік қыратқа беттеп бара жатырмыз. Ол жерде бұлдырық көптеп кездеседі.

– Мырзеке, құпия болмаса айтшы? Қайда? Әрі қандай аң-құсқа барамыз? – деді Өмірхан.

– Еш құпиясы жоқ, бұлдырыққа барамыз, – дедім.

– Ол қандай құс? Мен ондай құсты білмейді екенмін.

– Бұлдырық деген, кәдімгі даланың шіл деген құсын көріп пе едің?

– Ия.

– Сол құстың үлкендігіндей! Солар сияқты топталып жүреді. Олардан айырмашылығы, көзге білінер білінбестей кішілеу, аяғы қысқа, бауыр жүндері қоңырқай, денесі шымырлау келеді.

– Денесінің шымырлығын қайдан білесіңдер? Немене төбелестіріп көрдіңдер ме?

– Ей, дым білмес? Егер, ана қауашағындағы атала миың ешнәрсеге жетпесе, кім кінәлі? Ол үшін төбелестірмей-ақ, шіл мен бұлдырықты атып алып қолыңда ұстасаң түсінесің.

– Ойбай, қойдым, қойдым! – деп шикылдай күліп жатыр.

– Ақкөлден асып Үшаралға бұрылдык. Анау, манауратқан қыратты көрдің бе? Сол қыраттың астынды «Жарқамыс» деген көл бар. Оған Аса өзені құйып, одан әрі жалғасын тауып қырдың

етегін жағалай ағады. Сағат он екілердің шамасында бұлдырықтар топ-топ болып осы көлге суаттануға келеді. Ұшу жолын тауып алсақ, маршрутының бойында тұрып алып ата береміз. Олар ол кезде ешнәрсеге алаңдамай ұша береді. Сондықтан ату оңайға түседі.

– Қырып саламыз десеңші?! Онда жақсылап атыңыз! Мен олардан сорпа жасайын.

– Қожанасырланбай тұра тұршы! Ең алдымен кездестіріп атайық, сосын көре жатармыз.

– Жоқ, мен де қолынан бірнәрсе келетін адам болып, тамақ жасай берейін дегенім ғой!

– Күлкімді келтірмей тыныш отыршы! Өмірі қолыңа скальпелден басқа ешнәрсе ұстап көрмеген сен, қашаннан бері аспаз болып қалдың?

– Енді, қарап отырғанша бірнәрсе істеуім керек қой?!

– Алған тамақты ішіп-жесең, сол саған үлкен жұмыс. Оның үстіне сен де мылтық атпайтын ба едің?

– Ондай ерлік қайдан келсін? Сіз сияқты аңшылар жүргенде, бізге сол бір жерімізді қысып, көмекші боп жүрсек жетер.

– Көп қиқандама! Құс кездесе екеуміз де атамыз.

Осылайша әзіл-қалжыңмен қағысып отырып көлдің жағасына да келіп қалдық. Осы жерден ұшып өтеді-ау деген жерге келіп тоқтап, көліктен түсіп, бой жазып, жан жағымызға көз жіберіп тұрмыз. Ұшып жатқан ешнәрсе байқалмайды. Сағат он екіден асып кетті. Құстардың суға бет алатын уақыты. Бір құс көрінбейді. Қыбырлаған ештеме жоқ. Тұрғанымызға жарты сағат уақыт өтті. Ішімнен «мүмкін, құстар ертерек келіп су ішіп қайтып кеткен болар» деп қоямын. Өмірхан әр нәрсені бір айтып, дегбірсізденіп жүр. Арада тағы жиырма минуттай уақыт өткен соң, былай тұра бергеннен еш пайда жоғын сезініп жиналып көлікке отырып жүріп кеттік.

Аса өзенін жағалай қыраттың астымен келеміз. Ойымда әлі де болса суға келе жатқан бұлдырықтар кездесіп қалар деген үміт бар. Үмітім ақталмады. Бұлдырықтар кездеспей, жарты сағаттан кейін қыраттың үстіне шығуға тура келді. Ұшы-қиыры көкжиекпен астасып жатқан кең жазық даламен жүйткіп келеміз.

Жүрген жерлеріміз шөбі өте жұқалтаң, бетене болып өскен тақыр жерлер. Бұлдырықтардың аяғы қысқа болғандықтан шөбі биіктеу әрі қалың жерде жүріп жемін теріп жей алмайды. Осындай тақырлау жерде селеу-селеу болып өсетін бетене шөптердің дәнін теріп жеп қоректенеді. Осы жағдайды жақсы білетін мен көлікті тақыр жерлермен жүргізіп келемін.

Көліктің артқы жағында Өмірхан, қасында Бекзат деген жас жігіт бар. Бекзатты мен танымаймын. Өмірхан өзімен ілестіріп алыпты. Өмірхан сол Бекзатқа әңгіме айтып келеді. Бірақ, сөзінің төркінінен байқағаным, әңгіме емес, әдейі маған тиістіре, әрі естісін дегендей дауысын көтере сөйлеп өз ойын жеткізіп келеді. Әңгімесі тура ауылдағы кемпірлердің «қызым саған айтам, келінім сен тыңда» деген әңгімелеріне ұқсайды.

– Бекзат-ау, өзің ойлашы? Біз осы көлді жағалап қаншама жер жүрдік, одан мына тақыр далаға шыққалы екі сағаттай уақыт өтті. Қайда келеміз? Неге келемі? Белгісіз. Не екеумізге мына алдында отырған кісі жарытып, мардымды ештеңе айтпайды. Сен сұрап көрші, қайда барамыз? – деп.

– Ой, аға? Өзі біледі ғой! Әкемдей кісіден, мен қалай сұраймын? – дейді Бекзат.

– Бекзат, өзің ойлашы! Мына құлазыған қу дала, тап-тақыр. Бұл жерден басқа тұрмақ құмырсқа да безіп кеткен болар. Біз не табамыз деп келеміз, маған соны түсіндірші?

– Бұлдырық атамыз деген жоқ па? – деді Бекзат.

– Оу, айналайын-ау! Мына далада құмырсқа да жүрмейді деп айттым емес пе? Қайдағы бұлдырықты айтып отырсың! Бұл ағаң өзі қай жерде не бар екенін білмейді. Әйтеуір бетіміз ауған жаққа жүріп келеміз, – деді Өмірхан.

Шындығында топ-топ болып өріп жүретін бұлдырықтардың ордасына келмесек те жақындап қалдық. Бұрын келіп жүрген кезімізде осындай жерлерде бір екі тобын кездестіріп қалатынбыз. Бүгін олар да көрінбейді. Мен жан-жаққа алақтап қарап келемін. Өмірханның сөздері ызындап құлағымды тесіп барады, тіпті тоқтайтын түрі жоқ. Құс кездесе қоймағаннан кейін, «сен не деп отырсың? байлап қойған құсың бар ма еді?» деп айтсам артықтау болатын сияқты. Не де болса шыдауға бекіндім.

– Бекзат-ау? Бұл ағаң екеуімізді жынды немесе милау адам ретінде санап келе жатқан сияқты, әйтпесе ит байласа тұрғысыз тақыр далада күн ыстықта қандай ақымақ құс жүруі мүмкін. Өзің ойлашы мына тақыр әрі құлазыған қу даланың өзімен келе жатқалы жиырма минуттай өтті. Жым-жылас жылан жалағандай түк жоқ белгісіз бір жүріс, сонда да келеміз.

Міне, осындай құлаққа жағымсыз естіліп, миыңды езіп жіберетін неше түрлі құлпырма сөздер жанымды жегідей жеп келеді. Алғашында жәй күлімдей тыңдап келе жатқан менің шыдамымның шегі де көрініп қалды ма, қан қысымым көтеріліп, танауым қусырылып, тынысым тарыла бастады. Өмірханның аузы жабылар емес. Бекзат-ау деп қойып, мені төпелеп ұрып келеді.

Өмірханның аузын жаппақ ниетпен көзім тұманданып, артыма жалт қарай бергенім сол еді, тура көліктің доңғалағының астынан бір топ бұлдырық пыр етіп ұшты. Сайрап отырған Өмірхан қалай селк ете қалғанын өзі де түсінбей табан астында аузына құм құйылғандай үні өшіп қалды. Жалма-жан мылтыққа ұмтылды. Біз мылтығымызды даярлағанша бұлдырықтар ұшып кетті. Көп ұзамай екінші, одан үшінші, төртінші топтары кездесе бастады. Атып, бұйыртқанын алып келеміз.

Кабинадағы бұлдырықтардың саны сегіз-тоғызға жетіп қалды. Өмірханның әңгімесінің ауасы өзгерген. Даңғырлаған жағымсыз үні бағанағыдан әлде қайда бәсендеп, сұраныстан таңданысқа ауысқанға ұқсайды.

– Бекзат-ау, екеуіміз шынында да қателесіппіз ғой! Мынау дегенің сұмдық қой! Осындай құлазыған қу далада осыншама құс болады деп кім ойлаған? Ағаң молодец, әрі қандай мерген. Тіпті атқан сайын бұлдырықтарды топылдатып түсіріп жатыр. Мен былай ата алмаймын. Жаңағы жол-жөнекей айтқан әңгімелерді ағаңның естімегені дұрыс болды, әйтпесе қазір қайта-қайта кешірім сұрап иттей болар ма едік.

Мырзеке, мынау деген таңқаларлық дүние болды. Осындай жерде құс болады дегенді көзіммен көрмесем сенбес едім.

– Ә, әңгіменің төркіні өзгере бастады ма? Бағанадан бері миды шағып құңқылдап, жаман шалдарша сұңқылдап отыр едің. Бетіне

қан жүгіріп, үнінде әжептәуір әуен пайда бола бастаған сияқты ғой.

– Ойбай-ай, Сіз естіп қойып па едіңіз? Мен естімесін деп жайлап қана айтқан сияқты едім! Енді мына құстарды не істейміз? – деді қулана жымыып.

– Тағы біраз атайық, айызымыз қансын! – дедім мен.

Өмірханның құлазыған қу дала деген жерін айнала жортып жүрміз. Кездескен бұлдырықтарды ата жүріп кезіндегі малшылардан қалған ескі құдықтың жанына келдік.

– Мырзеке, мені осы жерде қалдырып кетіңіздер! Мына құстарды алып қалып тамақ даярлай берейін, – деді Өмірхан

– Қой, Өмеке, қайдағы тамақ? Тағы біраз атып, алып келген тамағымызды ішіп, мына құстарды жүнінен, ішек-қарнынан тазартып алып қайтамыз, – деп ары қарай жүріп кеттік.

Сонымен біраз жерді аралап әлгі құдықтың басына тағы келдік.

– Мырзеке, мені қалдырып кет. Мен тамақ жасай берейін, – деп Өмірхан тағы сұранды.

– Қойшы ей, қайта-қайта қылқылдай бермей! Қашаннан тамақ істегіш болып қалдың? Сенің бұқпырата жасаған аталаңды кім ішеді? Өзің өмірінде тамақ істеп көрдің бе? – дедім мен.

– Енді істемесек те, қалай жасалатынан көріп жүрміз ғой! Бір нәрсе жасармыз, – деп күле береді.

– Жок, миды ашытпа! – деп ары жүріп кеттік.

Біраз жерді аралап жаңағы жерге үшінші рет айналып келгенде, Өмірхан тағы да қыңқылдай бастады.

– Мырзеке, мені қалдырып кетіңдерші? Көліктің ішінде секіргеннен ішім ауырып кетті, – деп сылтаурата бастады.

– Өмеке, қоймай қойдың, қалсаң қал! Бірақ істеген тамағың адам ішетіндей болсын! – дедім.

– Енді ол жағын көре жатармыз! – деп кеңкілдей күліп, Өмірхан түсіп қалды.

Көліктің багажынан керек жарақтарын алып болғаннан кейін, біз жүріп кеттік. Біраз жерді аралап тағы да он бес шақты бұлдырық атып алып, екі сағат уақыттан кейін Өмірхан қалған жерге беттедік.

– Әй, Бекзат? Өмірхан көкең не тамақ істей алмай, не от жаға алмай бетауызы күйелеш-күйелеш болып, әбден болдырып отырған болар. Қалмай-ақ қой деп едім болмай қойды. Бұлдырықтарды бүлдіріп қоймаса жарар еді. Тамақ істемесе де соларды тазалап қойса дұрыс болар еді, – деймін.

– Ол кісінің бұрын тамақ істегенін мен де көрген емеспін! – деді Бекзат.

– Жарайды, не болса да бара көрерміз! – дедім мен.

Сонымен әңгіме бітіп, Өмірханды қалдырған құдықтың түбіне келдік. Түрінде түк әбіржудің белгісі жоқ бізге қарап күлімдей жымыйып Өмірхан тұр. Жерден ойып шұңқыр жасап, үстіне тастарды қалап ошақ жасап үстіне қазанды орнатып, от жағып қойыпты қазанның қақпағы жабулы, бұрқырап буы шығып жатыр.

– Оу, Өмеке, не істеп жатырсың? Мен сені әбден әбігерге түсіп, «құлазыған қу даланы» сыбап жатқан шығар десем көңілдісің ғой, бет ауызың да күйелеш емес, жағдайың жаман емес сияқты.

– Бәрі оқтай, бағана ертерек қалдырғаныңда тіпті тамаша болатын еді.

– Орыстар айтушы еді «не говори гоп, пока не перепрыгнешь», мақтанбай қоя тұр. Ең алдымен сен дайындаған аталаң ба? Әлде ботқаң ба? Соны жеп көрейік, сосын бағасын бере жатармыз, – дедім.

– Олай болса, Бекзат мына жерге дастарқан жая беріңдер, тамақ даяр болып қалды. Міне балғын көкөністерден жақсылап салат жасап қойдым, соны анау жайпақ тәрелкеге сал. Нанды турап ортасына қой. Тәрелке, қасық, шанышқыларды сумен шайып жібер де орамалмен сүртіп үстел қой, – деп Өмірханым сайрап тұр. Лезде дастарқан жайылып, ас мәзірінің бәрі қойылды. Тамағы келгенше жасаған салатының дәмін көрмек болып, шанышқымен шетінен ғана түртіп алып ауызыма салып едім, өз көзіме өзім сенбедім, керемет дәмді сияқты. Мүмкін қателескен болармын деп, салаттың ортасынан қомақтылау етіп алып ауызға атып ұрдым. Шын мәнінде салат өте дәмді болып шығыпты.

«Тіпті мына жерде от жағу қиын екен, құстың жүнін жұлып тазалау деген қандай азап еді, бекер қалдыр деген екенмін, әбден шаршадым, тамақ істеу де қиын екен, қайдам қандай болып



шыққанын» деп маған көзінің қиығымен қулана қарап қойып, өтірік ызындап Өмірхан жүр. Бірақ түрінде шаршаудың табы да білінбейді, керісінше «көрдіндер ме, мен тамақты қалай дәмді етіп пісірдім» дегендей бір мақтаныш сезім жатқан сияқты.

– Өмеке, мына салатың керемет шығыпты! Қалай даярладың? – дедім.

– Жәй, бәрін турап-турап ыдысқа салдым да анау дайын приправаларды салып араластыра салдым, – деп міз бақпайды. Бұрыннан жасай білетінін айтқысы келмей тұр ма? Әлде сұрай түссін деп, бағасын көтермек пе әйтеуір карапайымдылық танытып тұр.

– Ал, енді мына тамақтан дәм татыңыздар, – деп алдымызға бұлдырықтардан жасалған шүлімді әкеле бастады.

Буы бұрқырап иісі мұрын жарып барады. Бәріміз айнала отыра қалып тамаққа бас қойдық. Шүлім өте дәмді. Қанша жігіттермен шығып шүлім ішіп жүрміз, бірақ мынаның дәмі ерекше. Сорпасы тап таза, бетінде қалқып жүрген көбіктің қалдығы да жоқ.

– Оу, Өмеке, мынауың керемет қой! Қандай дәмді! Қайдан үйреніп жүрсің? – дедім.

– Жоқ, жәй дайындай салғаным ғой! Немене дәмді болып па? Ойпырмай ә! – деп қояды.

– Дәмді болғанда қандай? Мактаулы мейрамханаларыңда былай даярлай алмайды.

– Қойыңызшы, Мырзеке! Соншалықты мақтайтындай емес, әйтеуір істеу керек болған соң істегенім ғой! – деді.

– Әй, бұрыннан тамақ пісіріп жүрген қусын ғой! Бірақ ешкімге айтпайсың. Сенің құпиянды енді біліп алдық. Ал, мына тамағыңа рақмет! Бекзат ана ішімдіктен құйып жібер, Өмекеңнің өнерін бір атап өтіп жуып тастайық. Өмеке, енді бұдан былай аңға, балыққа шыққанда Сіз біздің шеф аспаз боласыз, – деп тамақты сораптай түстік.

Шын мәнінде де осы жағдайдан кейін дала тамағын, ылғи Өмірхан пісіріп шеф аспаз болды. Ішімнен «Өнерліге әр кезде де ортадан бір орын бар. Өнерің мен өмірің тозбасын бауырым!» деп қоямын.

## **ЕКІ ТҮРЛІ ҮЙЛЕНУ**

Мен үйлену үрдісін көп көргендердің бірімін. Қыз бен жігіттің қолтықтасып, қашып кеткенін, есек арбамен атқа мінгесіп келгенін, сырға салғызып кәдімгідей құда түсіп келгенін, қыз ұзату тойын жасатып келгенін, үйінде оң босағада отырып некелерін қиғызып келгенін, қызды еркінен тыс басып алып келгенін, басқа да неше түрлі жолдармен кегендерін, қойшы әйтеуір неше түрлі үйленулер. Солардың көбісінің бетін ашып, тойларын да басқарып берген жағдайларым бар. Кейбір ағаларым мен құрдастарымның келіншектері «бетімді ашқан» деп құрметтеп әлі күнге дейін сәлем салып, иіліп әлек болып жатады. Мен де әжептәуір марқайып, рахмет айтып жатамын. Солардың ішінде бір келеңсіз үйлену үрдісі мен тағы бір қызықты болды деп есептегендерімді баяндап көргім келіп отыр.

### **1. ҚЫЗДЫҢ ЕРКІНСІЗ ҮЙЛЕНУ**

Ол кезде мен мектепте, оныншы сыныпта оқимын. Әжептәуір жігіт болып қалған шағымыз. Ауылда кім кіммен дос, қай жігіттің қай қызда көңілі бар, олардың ара қатынасары қалай, бәрін електен өткізіп елгезек болып жүретін кез. Ел азаматтары болғасын атын атап, түсін түстеп жатпай-ақ, аттарын өзгерте отырып баяндайын.

Ауылдағы көп әңгіменің ішінде, Бақытбек пен Әсем «бір-бірімен махаббат екен, бірін-бірі сүйеді екен» деген сыбыс бүкіл жастардың арасын аралап жүрген. Бақытбек ірі денелі келген нар тұлғалы жігіттердің біреуі. Ауылдағы кез-келген жігіттер оған бетпе-бет келіп тіресуден бойларын аулақтау ұстайтын. Оның үстіне көктем мен күз кездерінде қызуы көтеріліп, арқасы ұстанқырап, мінез-құлқында аздаған өзгерістер болып тұратын. Сонымен қатар табиғат берген күш қайратына сенімді болғасын ба, өзін-өзі емін-еркін, кей кездері тіпті озбыр да ұстайтын. Соған да байланысты көп жігіттер оның жел жағына шықпай, ық жағына қарай ойыстап ығып тұратын. Сол жігіт ауылдағы көрікті қыздардың бірі осы болар деген Әсеммен әмпей-жәмпей махаббат

екен деген сыбыс ауылда желдей есіп жүргеніне жылдан астам уақыт өтті. Тағы бірде, несін айтасың, Бақытбек Әсемге үйленгісі келеді екен, бірақ оған Әсемнің өзі қарсы. «Жігіттің арқасы бар, әрі донғайлау қорқамын, әрі қорыққанымнан тыныш жүрсін деп достасып жүрмін» дейтін көрінеді. Бұл қауесет әңгіменің рас-өтірігін біз біле бермейміз, өйткені, олар бізден әлде қайда үлкен адамдар, бізбен сырларын бөліспейді. Әсем ауылдың кітапханасының менгерушісі болып істейді. Бақытбектің не жұмыс істейтінін білмеймін, бірақ Тараз қаласына көп баратынын білемін.

Мен анда-санда кітапханаға барып тұратынмын. Сол кездегі махаббат туралы ең қызық кітап Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» кітабы болып көрінетін. Ол кітап тек қана осы кітапханада бар. Барып оқып тұратынмын. Бірде сабақтан босағасын түс ауа кітапханаға келіп әлгі сүйікті кітабымды алып оқып отырғанмын. Әсем екеуімізден басқа ешкім жоқ. Бір кезде есік айқара ашылып, Бақытбек, Сейдәзім, Асылбек деген жолдастарымен кіріп келді. Бәрі шұрқырасып амандасып жатыр. Сейдәзім әзілі мол, қиын қыстаулардан оңай жол тауып кете беретін қағылез, қулығы мықты жігіт. Асылбек кең жауырынды, жуан жұдырық болғанмен жалғыз қалғанда қорқақ, ал топтанып жүргенде батырсынып жігіттердің арасынан ши шығарып, бір-біріне айдап салып төбелестің басын көбіне бастайтын жігіт.

Сейдәзім маған жалт қарады да «ертерек құрт көзінді» дегендей иегімен есік жақты нұсқап көзімен өңменімнен өтердей етіп атып жіберді. Махаббаттың мол қызығына түсіп оқыған кітабымнан ләззат алып отырған мен бүгін осы кітаптың мазмұнына жалғасатындай бір нәрсенің болатынын түсініп, жылдам орнымнан тұрдым да, кітабымды тапсыра салып сытылып далаға шықтым. Кітапхана ғимаратын айнала көшеге шықсам жол шетінде самосвал ЗИЛ-130 автокөлігі моторын дарылдатып, парылдатып тұр. Жанына барып жәй байқасам, кабинадағы жүргізуші әлгілердің жолдасы Оспан екен. Маған көзін қысып қалды да, ол да «қайқай бала» дегендей басын шайқай бұлтаң еткізіп көзімен қитарлана қайшылап кетті.

Маған көп нәрсе түсінікті болған сияқты. Не болса да, бір қызық болмақ. Мен енді оларды аңдуға көштім. Біздің үй кітапханадан алыс емес. Сондықтан үйге бет алған адам болып біраз жүрдім де, келесі үйдің тасасына барып жасырына қарап тұрдым.

Арада бес-он минуттей уақыт өткенде кітапханадағылар далаға шықты. Әсем асықпай есігін құлыптап үйіне қарай бет түзеп қасындағы үшеуі ілесе кетті. Өзара әңгімелесіп бара жатқандай.

Әсемнің әке-шешесінің үйі біраз жерде орналасқан. Кітапхананың алдында жиырма сотықтай жер бар, ары қарай ауыл балаларының футбол ойнайтын үлкен стадион алаңы. Одан ары совхоздың клубы мен конторасы. Міне, бұлар солай беттеп барады. Автокөлігімен бақылап тұрған Оспан, олар стадионның орта тұсына жетті-ау деген шамада, көлігін дарылдата шыр көбелек артқа айналдырып тарта жөнелді.

Ашық жерден мен бәрін көріп тұрмын. Одан да анығырақ жақсы көру үшін үйдің қасындағы дөңесте орналасқан арықтағы көпірдің үстіне шығып алып қарап тұрмын. Міне, автокөлік ызғыған бойы барды да олардың алдын орай тоқтай қалды. Сейдәзім есікті жылдам ашып кабинаға еніп кетті. Сол кезде Әсем жерге отыра қалып еді, оны Бақытбек қаңбақтай көтеріп алды да кабинаға тоғыта салып артынан өзі кіріп кетті. Сыртта қалған Асылбек кабинаның есігін жапты. ЗИЛ автокөлігін кабинасы кең болғандықтан бәрі емін-еркін сиып кете барды.

Асылбектің үйі тура стадионға іргелес орналасқан. Оларды жіберді де, үйіне қарай беттеді. Үстіне киіп алған көк пальтосының етегі желмен желбіреп кетіп бара жатқанына қарағанда, бір үлкен іс тындырғандай мәз-мейрам сияқты.

Заулаған көлік Бақытбектің үйіне бару үшін менің алдымнан он метрдей жатқан кішкене жолмен келіп, үлкен жолға түсулері керек. Қасқая қарап мен тұрмын. Міне, олар да келіп қалды. Кабинадағылар анық көріне бастады. Бақытбек қызды орай құшақтап, дауысы естілмесін деді ме, қолымен ауызын жауып алыпты. Сейдәзім арғы сол қолын құшақтай ұстап алған. Әсемнің екі көзі шарасынан шығып кетердей бақырайып, мені көре салысымен Бақытбектің артында қалған оң қолымен жалма-жан есіктің терезесін соққылап, маған «айт ана жаққа мені ұрлап

барады» дегендей ишарат білдіріп үлгерді. Көлік қасымнан заулап өте шықты. Бұл нағыз қызды басып алып қашу еді.

Қыздың үйі де оншалықты алыс болмағандықтан, ол жақтағы туыстарының бірі байқап қалған екен. Олар да қамданып жалма жан бір-бірімен хабарласып тез жиналып табылған жүк көлігіне тоғытыла отырып қуа шығыпты. Арада көп болса жиырма минуттай ғана өткен. Келе жатқан автокөлік тола адамдарды көрген Асылбек үстіндегі көк пальтосын қорадағы шөптің үстіне шешіп тастай салып олардың алдынан шықты. Көлік тоқтап, одан жөн сұрай бастады:

– Жаңа ғана осы стадионнан Әсемді біреулер басып алып қашып кетті. Ішінде көк пальто киген біреуі бар. Көрген жоқсың ба, қайда кеткенін? – деді біреуі.

Асылбектің беті былш етпестен:

– Ия, ия көрдім, олар жаңа ғана мына Амангелді ауылына қарай кетті, – деп біздің ауылдан үш шақырымдай жердегі ауылға қарай сілтеп жіберді.

Қуғыншылар солай кетті. Мен енді келін түскен үйде не болып жатқанын білмекке сонда аттандым. Келсем, біраз адамдар жиналып қалыпты. Әсіресе ауылдың барлық кемпір-қалашы осы үйде жүр ме деп қалдым. Жігіттер мен үлкен ағалар да біраз жиналып қалған екен. Мен ішке тіке тарттым. Ойым Әсемді көріп, жағдайын білу. Келсем, басында орамал, сыңсып жылап отырғандай. Екі-үш кемпір айналып толғанып бәйек болып, отқа май тамызып, неше түрлі жылы сөздерді қардай боратып жатыр. Әсем көндігіп қалғандай. Бетпақтық немесе шайпау мінез көрсетіп жатқан жоқ. Ауыл қыздарына тән тәрбиелікпен ізет сақтап сыңси жылап, өзінің қолға оңай түсіп қалғанына өкініпкіреп отырғандай. Бұл жақтың мәселесі бірқалыпты екеніне көз жеткізіп сыртқа шықтым. Адамдар бағанағыдан да көбірек жиналып қалыпты. Әсіресе жастар жағы, құрдастарым да жүр екен:

– Ей, сендер, бұл екеуі махаббат деуші едіңдер. Бақытбек мұны басып алып, қашып келді ғой, – дедім.

– Жоқ ей, ол өз еркімен келді ғой, – деп біреуі білгішсініп.

– Екеуі бүгінге келіскен екен. Ата-анамызға айтпай-ақ үйлене салайық, сосын көре жатармыз депті Әсем, – деді тағы біреуі.

– Ей, өңкей шалапайлар. Оны қайда кім айтып жүр? Қатын өсекті гуілдетіп білмесендер неменеге сайрай бересіңдер? Қалай болғанын басынан аяғына дейін көрген мен білемін бе? Қалай болғанын көрмеген сендер білесіңдер ме? – дедім.

– Қой, сен шынымен көрдің бе? Мүмкін өтірік айтып тұрған боларсың... Олар немене сенімен ақылдасып қашты ма? – деді тағы біреуі.

– Мен барлық жағдайдың қалай болғанын бақылап, өз көзіммен көріп тұрдым, – дедім.

– Қане, айтып берші онда қалай болғанын? – деді олар.

– Ол, былай болды, – деп бар болған жағдайды жіпке тізгендей етіп айтып бердім. Олар ауыздарын ашып тұрып тыңдады. Мен әңгімемді бітіре бергенде:

– Ойбай, қуғыншылар келіп қалды, – деп абыржып, абдыраған дауыстар шығып қалды.

Әйелдер ауыздарын жиып болғанша, бір қора адам жүк көлігінен секіріп-секіріп түсе салып көпке қарай ұмтылды. Келе салып, сөзге келместен жігіттерді тоқпаштай бастады. Қазақтарда, мұндай жағдайда келін алған жағы кінәлі болып есептеліп, өз кінәларын мойындаған ретінде қарсы шықпай таяққа арқаларын тоса береді. Біздің жігіттер де осы дәстүрді сақтап, қарсы шықпай қаша жүріп арқаларын тосып жүр. Жастары біздің жігіттерді қуалап жүргенде үлкендері ішке кіріп кетті. Біз кішкентай болғасын бізге соқтықпай аман қалдық.

Мен, жалма-жан іште не болып жатқанын білуге лып етіп ішке кіріп кеттім. Мұндағы жағдай сырттағыдан да аландатарлық сияқты. Айқай-шудан, кімнің не айтып, не деп жатқаны белгісіз. Менің бар естігендерімнің негізі мынандай:

– Неге алып қашады?

– Қыздың келісімі жоқ.

– Қыз көшедегі қой емес, өңгеріп әкете беретін!

– Әкенің... кім өзі сонша басынатын?

– Адамша құда түсіп алуға болады ғой.

Осындай неше түрлі айқайлар естіліп жатты. Айқайшылардың ішінде әсіресе ұзын бойлы денесі сымдай тартылған бет әлпеті сұп-сұр Әсемнің татар жеңгесінің жан айғайы шығады. Ешкімді тыңдар емес. Айқайынан құлақ тұнады. Дегенмен, қаншалықты

айқайлай берсін. Біраз өрекіп барып, қарбаластық басыла бастады. Адамдардың арасынан сығалап қарасам біздің кемпір-шалдар келін отырған есіктің алдында тірі қалқан болып тұрып алған.

– Өз еркімен келген.

– Екеуі бұрыннан сөз байласып жүрген екен.

– Сөйлесейік, аптықтарыңызды басыңыздар...

– Босағаны аттап қойды, – деген жауаптар да жетерлік.

Дегенмен даурығу жөнге келіп:

– Қыздың өзімен сөйлесейік, өз аузынан естиік.

– Әжесін, шешесін не жеңгесінің біреуін жіберіңдер ішке сөйлесіп шықсын.

– Қызбен сөйлесіп, өз ауызынан естімей ешқайда кетпейміз, – деген дауыстарды бәрі қолдағандай бастарын шұлғысып тұр. Ұл жағының үлкендері де осы сөздермен келіскен сыңай танытып:

– Әжесі кірсін, біздің үлкен әжемізбен бірге, – деді.

Олар келіскен болып бастарын изеді. Екі кемпірді ішке енгізіп жіберді. Күз кезінің салқындау уақыты болса да, өзі тар үйдің іші жүйкенің қызуларымен коса адамдардың демі мен көптігінен қызып кетіп, көбісі терлеп беторамалдарын шығарып сүртіне бастағасын сыртқа шығып кеттім. Сырттағы төбелес те саябырланып тоқтаған сияқты. Бірақ бәрі томаға тұйық. Бір-бірін өте жақсы білетін, дос-жолдас болып жүрген екі жақтың жігіттері де бір-біріне жоламай бөлектеніп тұр. Аула ішінде өлі тыныштық орнаған. Бәрі де іштегі кемпірлердің қызбен әңгімелесуінің қорытындысын күтіп отыр.

Күту ұзаққа созылды. Кемпірлердің шыға қоятын түрлері жоқ. Қырғи қабақтық басылмай тұр. Біреуден мән-мағынасыз ащылау «Ә» деген дыбыс шықса бір-біріне атылуға дайын тұр. Әлден уақытта кемпірлер шығып «бәрі дұрыс» деген хабар жеткесін, ел жайлана бастады. Біраз адамдар үйден сыртқа шығып, ең соңына таман Әсемнің татар жеңгесі шығып есік алдындағы кіреберіс үстінде жан-жағына қарап тұрды да:

– Ойбай, – деп жан дауысымен айқай салып он саусақты екі бетке аямай салып, жоғарыдан төмен қарай оса тырнап кеп жібергені.

Астафыралла! Не деген қатыгездік, әрі қасиетсіздік. Япырмау, осынша да бетбақтық болады екен-ау. Екі бетке оншақты тырнақ бар күшімен түскесін не оңсын. Бет ауызы қанжоса болып шыға келді. Оның мына тірлігін, бір-бірімен құшақтасып табыса бастаған жұрт, аңдамаған еді. Олардың бәріне оны біреу сабап, бетін тырнап алғандай әсер қалдырып, табан астында қырғын қайта басталды да кетті. Кімнің кімді ұрып жатқаны белгісіз. Аула қан-жоса болды. Қыз жағынан келген жігіттердің бес алтауы әлгі татармен ішке кіріп кетіп, қарсы келгендерді жан-жаққа лақтырып қызды отырған орнынан суырып алды да автокөлікке отырғызып ала жөнелді. «Құда, құда болсаң шыда» деп онша қарсылық көрсетпей таяқ жеп қалған көпшілік орындарында абдырап тұрды да қалды. Көпшілігі не болғанын түсіне алмай, әрі болған жағдайды миларына сыйғыза алмай жатты. Сонымен қыз кетіп, ел абдырап қалды. Бақытбектің әкесі сасқалақтап не істерін білмей, сыртта тұрған елге:

– Үйге кіріндер, отырып сөйлесейік, – деді. Бірақ үйге беттеген ешкім жоқ. – Бұл өзі не болып кетті? Неге ішке кірмейсіңдер? Әй, Бақытбек, шақыр мына кісілерді, – деп біраз отырып:

– Әй, иттің ғана баласы Бақытбек, сен не істедің? Ол заманда бұл заман, қызды зорлап басып алып келу деген не сұмдық? Мен сені солай тәрбиеледім бе? Ел жұртқа масқара еттің ғой! Ал, енді не болды? Қай қазақтың, одан бері мұндай тірлік ата-бабанның дәстүрінде болып еді? Неге ойланбадың? Неге түйсіксіз болдың? Бір қауым елдің шырқын бұзып, арасына жік салдың-ау. Келісіп әкелсең бұлай болмас па еді. Ең болмаса бір ауыз айтсаң, ата-баба салтымен барып құда түсер ме едім. Енді не істеймін? Өз қолымды өзім кесемін бе? – деп зарлады...

– Әй, Мұса, – деді ауылдың үлкені Әлімбек.

– Сен таусыла берме! Болары болды, бала бір тентектік жасады. Ата-баба салтында жоқ бір сұмдықты жасады. Кінә өзімізден, мойындауымыз керек. Енді бажылдаса бергеннен түк те пайда жоқ. Өткен іске өкініш. Одан да ақылға келіп, ойланайық. Балалар жүре берсін. Кемпір-қалаш, жастарды да қайтарыңдар. Өздеріміз ауылдың бас көтерер азаматтары отырып ақылдасайық. Барып кешірім өтініп, алдарына жығылып, ат-шапан айыптарымызды



төлеу керек пе? Ақылдасайық, қалғандарың боссыңдар, барыңдар! Осымен қызық бітті, – деді.

Бәріміз басымыз салбырап, бағанағы гүр-гүр әңгіме, жайрандаған күлкі мен көңіл-күйден түк жоқ, бет-бетімізбен тарай бастадық. Дегенмен, үлкен кісілердің айтқаны дұрыс. Мына тірлік бәрімізге де ой салды.

Арада біраз уақыт өтті. Біз балалықпен бұл оқиғаны ұмыта бастадық. Ауылдың ақсақалдары жиналып ат-шапан айыптарын алып барып келіпті. Бірақ ол жақ көнбеген екен, деген сыбыстар шыға бастады. Артынан қыз жағы сотқа шағымданып, ұзақ соттасып, кейіннен басқа да ауылдың ақсақалдары араласып жатып, «Сүттей ұйып отырған екі қауымның арасын бұзбандар. Бала тентектік жасаса елі кінәсын мойнына алып келіп отыр. Ел ынтымағын ойлаңдар» деп жатып екі жақты ымыраға келтіріпті.

Дегенмен, соңғы кездерде ата-баба дәстүрін ескінің сарқыншағы деп жатырқап бара жатқан талай жастарға Бақытбектің осы келеңсіз тірлігі мен оның кейінгі жағымсыз жалғасы үлкен сабақ болып, сабаларына түсірді.

## **2. ЖАРАСЫМДЫ ҮЙЛЕНУ**

Мектепті бітіріп әжептәуір жігіт болып жан-жағымызды бағдарлап қыздарға көз салып, ұнағандарына сөз салып жүрген кез. Күндіз жұмыста, кешке қарай жуынып шайынып, үсті басымызды қалыпқа келтіріп, тапқанымызға әтір, иіс су сеуіп таппағанымыз иіс сабынды барынша езгілеп, денеді жағымды иісі қалатындай етіп, жуынып (жазда қолдан жасаған душ), бар киімімізді киіп, ауыл көшесінің топырағын көтермес үшін балағымызды қолмен көтере, болмаса тізеге дейін түріп алып қыдыруға шығамыз. Бәрінен азабы, шалбар мен көйлекті үгіктеу үшін шойын үгіктің ішіне сексауылдың болмаса көмірдің шоктарын салып қыздыру. Кейде сексауыл мен көмір таппай қалсаң баялыш деген қызуы мол болатын бұтаны іздеп тауып, жағып шоғымен қыздырасың. Басқаларының шоғы жарамайды, өйткені қызуы жетпейді. Бұрын бұл іспен айналыспаған жігіттер көбіне шалбарларын күйдіріп алып та жатады. Ол кезде бар киім-кешек тапшы кезі. Бір күйдіріп алсаң, сорың қайнады дей бер. Сыртқа шығып қыдыру жайына

қалады. Тіпті той томалақ болып, амалсыз бару керек болған жағдайда жұмысқа киген шалбарынды жуғызып, шайғызып, кетпей қалған май ізі, басқа дақтарын ысқылап әуре болып, елді де әуреге салып жатқаның. Сондықтан әрқайсысында бар бір-бір көйлек пен шалбардың мәртебесі өте жоғары, мәпелеп ұстап, қанаттыға қақтыруға, тұмсықтыға шоқтыруға болмайды.

Ауыл клубының алдына келген кезде ғана балағыңды жіберіп, қыртыс тыртысын жазып қаққылап төселген асфальттың үстіне шығасың. Жастар көп жиналып, анда-санда басқа ауыл қалалардан келіп қалған бірең-сарандары болмаса, күнделікті көріп жүрген көпшілік. Соның өзінде де қыздар күн санап өседі ме әйтеуір кешегісінен бүгін сұлу болып көрініп өзегіңді өртей түседі. Міне, осындай күндердің бірінде жақын жолдас болып жүрген Тасқын, мені, Жомартты және Төленді оңаша шығарып алып кетті. Түріне қарағанда әжептәуір жаңалығы бар.

– Жігіттер, Айбөпе екеуіміздің көптен бері достасып жүргенімізді білесіңдер, – деді ол.

– Ия, білеміз ғой, – дедік.

– Білсеңдер, бүгін Айбөпенің туылған күні...

– Құтты болсын! Ол не туылған күнін жасайын деп жатыр ма?

– Ия, кеше екеуіміз сөйлескенде айтты. Ол Тараздан әкешесінің үйіне келіп, қойлы ауылға кетті. Қасында екі жолдас қызы бар. Кешке бізді күтеді.

– Е, кеттік ендеше не тұрыс? – деді Төлен.

– Менің үйленбек ойым бар, Айбөпе екеуіміз келісіп қойдық.

– Айда, айды аспанға бір-ақ шығармақшымын десеңші... Қашан үйленбекшісің? – деді Жомарт.

– Осы бүгін түнде алып келемін ...

– Қалайша? Біз туылған күнге бармаушы ма едік, – деді Төлен.

– Ия, туған күнге барып, сосын қайтарда алып келеміз.

– Әй, ол менің жақын қарындасым ғой. Сен неге менімен ақылдаспадың? Ол қыз қарсы болса, таяқ жейсің! – деді Төлен.

Шын мәнінде, Айбөпе мен Төлен екеуі бір рудан екені шындық. Бірақ аралары тым жақын емес. Бір ру болған соң, қазақтар қарындасым дей береді ғой...

– Қарсы емес, жаңа айттым ғой келістік деп.

– Төлен қарындасын өзі әкеліп бермекші болып, құлшынып отыр ғой, – дедім менде тыныш тұрмай.

– Ой несі бар? Біздің қарындасты алсаң жаман болмайсың.

– Сенде қарындастар көп қой, бізге бір-біреуден бермейсің бе? Әйтпесе қарындастарың өтпей, кәрі қыз атанып жүрер, – дедім мен.

– Оның рас, солардың бәрін сендерге беріп той тойлап жүру керек, әйтпесе шынында да отырып қалады, – деді ол.

– Сен бізбен дос, жолдас емессің бе? Мен саған дос деп айтып отырмын. Ал сен болсаң қарындасым, қарындасым дейсің, – деп Тасқын ренжігендей болды.

– Ойбай, қойдым, мен сендермен бірге барамын! – деді Төлен.

– Онда, Шатураға кеттік. Айбөпенің әке-шешесі сонда қой бағып отыр, сонда барамыз, – деді Тасқын.

– Қыздарының тұрмысқа шығайын деп жатқанын әке-шешесі біледі ме? – деп сұрадым мен.

– Жоқ білмейді, ол туралы тіс жарушы болмаңдар! Білсе жібермей қоюы мүмкін... Біз туылған күнге келген боламыз. Келістік пе? – деді Тасқын.

– Келістік. Сен қалай айтсан солай болады, – деді Төлен.

– Әй жігіттер, тағы бір автокөлік алып алайық. Әйтпесе, қайтарда сыймай қалармыз, – деді Жомарт.

– Ол жақта көлік бар. Кеше інімді жібергенмін, апарып, қайта алып келесің деп, – деді Тасқын.

– Ендеше кеттік, бұл не тұрыс? Жүріңдер! Алакеуім бола бастады. Жол ұзақтау. Ертерек шықпасақ қараңғы түсіп кетіп, адасып кетерміз, – дедім мен.

Сонымен клуб алдындағы бүгінгі думанымызды Шатурада жалғастырмақ болып, саусылдаған төрт бойдақ жігіт жүріп кеттік. Байқаймын, бізді Тасқынның үйленуінен де Айбөпенің қасындағы қыздары қызықтырып келе жатқандай. Бірақ айдарымызды жел есіп, жараулы аттай желпініп, айдаһардай арындап келеміз. Астымызда мініп алған сол кездің ең жарамды да жоғарғы санаттағы автокөлігі, көпшілігіміз «Вилис» деп атап кеткен ГАЗ-69, желмен жарысып жүйткіп келеді. Бұл автокөлік ауылдың партком хатшысын таситын Жомарттың айдап жүрген көлігі.

Біз қойлы ауылға жеткенше ымырт жабылып, қараңғы түсе бастады. Қойшының есігінің алдында қазылған үлкен жер ошақта бұркылдап үлкен кара қазан қайнап жатыр. Әріректе сексауылдың алаулаған жалынын кернейінен алаулата шығара қайнап, екі иінінен демала бұрқырап самаурын тұр. Алты қанат қараша киіз үйдің ішінен қыздардың сыңғырлаған күлкілері естіледі.

Сырттан гүрілдей келіп тоқтаған автокөліктің дауысынан үй иесі Әлімқұл ақсақал (сақалы болғасын ақсақал дейміз, әйтпесе тепсе темір үзетін елулердің ішіндегі кісі. Тек сақалы үлкен кісідей көрсетіп әсер етеді) мен бәйбішесі шығып қарсы алды.

– Келіндер, балалар! Келіндер! Қалай жеттіңдер? – деп бәйек болып жатыр.

– Рақмет, Көке! Бәрі жақсы. Айбөпенің туылған күні құтты болсын! Соны тойлауға келдік, – дедім мен.

– О, айналайындар, рақмет! Үйге кіріңдер, Айбөпе үйде, – деп қалбалақтап жатыр.

– Келіндер! Келіндер! Үйде қаладан келген қыздар да бар, – деді Айбөпенің анасы.

– Қайдағы қыздар? Олар қайдан пайда болды? – деп қоямыз қуланьп.

– Ойбай, қалада бірге оқитын жолдас қыздары келіпті, туған күнін тойлаймыз деп... Әлгі пәдрүшке дей ме? Немене? – деп күлді анасы.

– Онда дұрыс болған екен. Көңілді отыратын болдық, – деді Жомарт.

Сонымен бәріміз қотарыла ішке кірдік. Дастарқан жайылып тасталған, үйдің іші қыздар сепкен иіссулардың иісімен бұркырап тұр. Бізді көріп қыздардың да жүздері бал-бұл жана бастады.

– Сәлеметсіңдер ме? Ой жақсы болды келгендерің, жоғары шығыңдар.

– Қыздар, мына жігіттер менің достарым. Қарсы алыңдар. Араларыңнан орын беріңдер, жайғасып отырсын, – деп Айбөпе әжептәуір қуанып қалды.

– Сәлеметсіздер ме?

– Айбөпе туылған күнін құтты болсын!

– Өзің керемет құлпырып кетіпсің.

– Бүгін ерекше әдемісін.

Қолдан жасалған мүсіндейсің, – деп жатырмыз бәріміз жабылып.

– Бүгін ерекше түн ғой, – деп қояды, Тасқын қулаһып.

– Тыныш, естіп қойса ұят болады, – деді Айбөпе сұқ саусағын ерніне тигізіп.

– Кемпір-шал дастарқан мәзірімен әуре болып, ең бастысы біздің сені құттықтап келгенімізге мәз болып жүр. Ештеңе еститіндей мұршалары жоқ, – дедім мен.

– Сонда да абайлаңдар! – деді Айбөпе.

Тәрде екі қыз жайғасып алған, біз келгеннен кейін ығысып орын бере бастады. Қыздардың біреуі жастығына қарамай, көлденең өлшегенде ірі денелі келген, беті жалпақ келген аққұбаша жан екен. Ал, жанындағы қыздың бойында бір қырым ет жоқ. Тері мен сүйектен ғана тұратындай ұзын бойлы теректей сидіған жан екен.

Қыз көреміз деп келген біздің қызуымыз бірден сөніп, көңіл-күйлеріміз ортайып қалды. Дегенмен, Айбөпені сыйлағандықтан әзіл қалжыңның ауыздығын алып, жүгенін бос жібердік. Арақ-шарап деген жеткілікті мөлшерде құйылып жатыр. Біздің әдемі қалжыңдарымыз бен әдепті мінез-құлықтарымызға риза болған қыздар да ашыла түскендей. Үйінде болып жатқан ойын-сауықтың көңілді әрі жақсы өтіп жатқанына риза ата-ана да уақыттың қаншалықты жылжығанымен де санаспай бар жылы жұмсақтарын алдымызға тосып бәйек болып жүр. Бүгін, еркелетіп, тұлымшағын жебіретіп, айбарынан жел есілтіп мәпелеп өсірген қыздарының жат-жұрттық болып кететінінен қаннен-қаперсіз. Міне, таң атып қалды. Қайтатын уақыт жақындағанымен көңіл-күйлері жақсы отырыстан еліріп алған қыз-жігіттер сезетін де, сезінетін де емес.

– Әй, жігіттер, таң атып қалды. Қыздарымыз автобустарынан қалып кетпесін. Мына отырысымызды аяқтайық, – деп екі-үш қайталап жатып, зорға көндірдім. Қыздарға кештін ұнағаны соншалықты:

– Осындай кездесулер тағы да болар ма екен?

– Рақмет, жігіттер! Көптен бері көтерілмеген көңілді аспанға бір шығарып тастадыңдар.

– Қалаға келсеңдер, міндетті түрде хабарласыңдар! – деп бәйек болып, көздерінде пайда болған қимастық тамшыларын орамалмен сүртіп жатыр.

Әсіресе, Айбөпенің жасы жанарынан моншақтай төгіліп жүр. Әрине бұл түсінікті жағдай. Өмірге алғаш алып келген алтын босағасын қимай, қинала- қинала кетіп жатқандағы қоштасудың ыстық жасы еді. Оны мына кештің қимастықпен тарағанына балап жатқан ата-ана:

– Қой, қызым, жылама! Бәрі жақсы өтті. Енді, аман-есен қалаларыңа жетіп алыңдар.

– Жолға шығарда жыламас болар. Жолдарың болсын! – деп ата-ана жүр.

Бұл сөздерді айтқан сайын Айбөпе анасының құшағына тығыла түседі. Шіркін, ана құшағы қандай ыстық десенші... Ажырай алмай тұр. Мен Тасқынға жайлап иегіммен Айбөпені нұсқап, «ажыратып алып кет, әйтпесе білдіріп алуы мүмкін» деген ұғымды жеткіздім. Ол жылдам барып Айбөпеге:

– Қой, енді, бір алыс сапарға кетіп бара жатқандай болмай. Осылай тұра берсек автобустан кешігіп қаламыз, – деп анасының құшағынан жайлап босатып шығарып есікке беттеді.

Бәріміз шығып есік алдында дайын тұрған екі автокөлікке отырып, үй иелерімен қоштасып жүріп кеттік. Бәріміз мәзбіз. Қойлы ауылда тойлағанымыз аздай, жол жөнекей:

«Той үстінде тәтті күндер, тәтті күндер. Жас жұбайлар, шат күліндер, шат күліндер...» деп шырқап әнге салып келеміз. Ішімізде рөлде отырған Жомарт пен қыздарды алып келген Тасқынның інісі ғана ішімдіктен ауыз тиген жоқ. Басқамыз Алланың бұйыртқан сусыннынан сораптап келе жатқанбыз. Айбөпенің ата-анасының үйінен төрт-бес шақырымдай өткенде, ішімдікке сылқия тойып алған Төлен шатақ шығара бастады.

– Ә-ә-әй, әй, тоқтандар! Тоқтандар! Көлікті тоқтатында-а-ар! Мен түсемін.

– Ей, Төлен не болып қалды? Неге тоқтаймыз? – деді Жомарт.

– Жо-о-оқ, тоқта дегесін то-оқта! Мен неме-е-ене-ее? Тоқта-а-ба-а-ал-лаа!

– Жоқ уақыт жоқ, ертерек ауылға жетуіміз керек, – деді Жомарт.

– Тоқта деді-і-м ғо-ой саған, то-о-оқта! Мен түсемін. Мен не-е-е өз қарында-а-асымды өзім апарып беремін бе?

– Әй, Төлен сені ешкім зорлаған жоқ өзің келдің ғой! Енді неменеге намысшыл бола қалғаның? – деп тыз ете қалды Жомарт.

– Жоқ, тоқта дедім ғой! – деп Төлен жан-жағына түкірігін шашырата айқайлап қолын ербеңдетіп, төбелеске ұмтыла бастады.

– Тоқташы, Жомарт! Мынаны тысқа шығарып, таза ауа жұтқызып алайық, әйтпесе жынданып кетер, – деді Тасқын. Жомарт көлікті жәй тоқтатып сыртқа шықтық. Тасқын, Төлenniң аптығын баспақ ниетпен, іштен ішімдіктерді алып шығып, тағы бір рюмкадан алып жіберіп едік. Төлен одан сайын өршіп кетті.

– Сендер, менің жалғыздығымды пайда-а-аланып қарында-а-асымды алып барасындар. Ме-е-ен со-о-онда неме-ене, ө-ө-өз қарын-ндасы-ымды өзім а-апары-ып бе-ере-етін жы-ынды-ымын ба? Жіберіндер оны! Әйтпе-е-есе қо-олдарыңда ө-өлем, – деді. Осы кезде екінші көліктен түсіп келіп қалған Айбөпе:

– Төлен, ағатай?! Мен өз еркіммен, өз ықтиярыммен келе жатқан адаммын. Сіз қиналмай-ақ қойыңыз. Біз Тасқын екеуіміз осылай келіскенбіз, – деді.

– Жо-о-оқ!!! Мен ө-өз қа-арында-асы-ымды ө-өзім апа-арып бе-ере алма-аймын, болды кеті-і-індер, ке-е-етіндер, – деп өрекіп бізді сабай бастады.

Әрине біз де қол жұмсасақ үлкен төбелес болатын түрі бар. Соны түсініп арқамызды тосып, қалжыңдай қашып біраз жүріп едік, тоқтайтын сыңай таныта қоймады. Қайта біз қашқан сайын өрекіп түсті. Тіпті болмағасын бәріміз жабылып ұстап алып аяқ-қолын байлап көліктің артына жатқызып едік, біраз айқайлап жатты да, қор етіп ұйықтап кетті. Біз тамашамызды әрі жалғастырып, таңғы сағат жетіде келінді алып келіп құтты жеріне қондырдық.

Біздің ауылда, бұрын-сонды, бұлайша таңмен таласып келін келген емес. Елдің бәрі малдарын өріске шығарып, сиырларын сауып, қозы-лақтарын бөліп алып жатқан кезде біз келін әкеп түсіріп, елді біраз әбігерге түсіріп те жібердік. Келінді ата-енесінің қолына тапсырғасын жігіттерді ертіп келіп, көлікте ұйықтап

жатқан Төленнің аяқ-қолын шешіп, Тасқынның ауласындағы тапшанға көтеріп әкеліп жатқызып қойдық.

Тасқынның әке-шешесі де келін келетінін біліп, келіннің өлітірісіне арнап бір үлкен қой мен кәде-сәрелерін, баратын кісілерін даярлап қойған екен. Бәрін жинап алды да, Жомарттың көлігіне тоғытып қойлы ауылға жіберді.

Аман-есен барып келгесін, Жомарт кемпір-шалдың қолына түсіп қалып: – Әй, ку бала? Осының бәрін істеп жүрген сенсің. Ісім сенімен болсын. Түндегі лыпылдасың жаман еді. Мән бермеп едім. Сөйтсем осылай екен ғой, – деген біраз сөздер естігенін айтып мәз болып келді. Дегенмен, апарған нәрселерін дұрыс қабылдап, «балалардың шешімі солай болып, өз еркімен, өзі ұнатқан адамына барса болыпты. Бакытты болсын! – Ал, құдалар. Қадамдарың құтты болсын!» деп жылы жүзбен шығарып салыпты. Бұл кезде Төленде ұйқысынан ояңған еді.

– Ей, жігіттер? Қалай жеттік? Мен ұйықтап қалыппын ғой! Мына жерге кім жатқызды, – деді. Түндегі оқиғадан түк хабары жоқ жандай...

– Оу, күдеке?! Ассалаумағалейкум! Түнде бәрімізді қырып кете жаздадыңыз ғой, – дедім.

– Қойшы-ей! Не дедім соншалықты? Есімде жоқ.

– Ойбай-ау, қарындасымды жіберіндер. Өз қарындасымды өзім апарып беремін бе деп, бәріміздің тұмсығымызды бұза жаздадың ғой. Қашып зорға құтылдық, – деді Жомарт.

– Қойыңдаршы! Түк есімде жоқ.

– Есінде болмаса, солай болды. Бар ендеше, қарындасына. Сұра кеше не істедім деп. Оның көкетай деп жалынғанына да қарамадың ғой. Ал, біз сені құрметтеп тапшанға төсек салдырып, көтеріп әкеліп жатқыздық, – дедім мен.

– Жарайды, олай болса кешірім өтінемін. Менің ондай мінезім жоқ сияқты еді ғой. Сендер мүмкін мен мас болып қалғасын, әдейі қосып айтып жынды етіп отырған шығарсыңдар.

– Сенбесең, қарындасына бар! Бірақ абайла! Сөйлеспей қойып жүрмесін.



– Ту, жынды қылмаңдаршы. Мен сендердің достарың емеспін бе? Өзім бірге бардым ғой.

– Білмеймін. Аузыңнан ақ көбік шашырап, күйекке түсетін бура сияқты түкірігіңді жан-жаққа шашырата сабай бастадың ғой.

– Ту-у-у! Тіпті ұят болған екен! Кешіріңдер! Бірақ, әйтеуір жақсы жеттік қой. Ешкімге қолым тимеген шығар?

– Сенің қолыңды тигізсек неменеге еркек кіндік болып жүрміз. Жабылып жүріп жөнге келтірдік қой!

– Қойшы енді! Одан да, қарындасым қосағымен қоса ағарсын! Өзі сүйіп тиген жарымен ұзақ өмір сүрсін! Ал сендер, кез келген жерде айтып жүрмеңдер. Ұят болар, – деді Төлен.

– Ол үшін үлкен ауызбастырық беруің керек. Әйтпесе, өз қарындасын өзі әкеп беріпті деген лақап бүкіл елді жайлап кетуі мүмкін, – дедім.

– Болды, болды! Болады ауызбастырық.

Бәріміз мәз болысып, тойлауға кірістік. Міне, бүгінде бұл жұп бес-алты баланың ата-анасы болып, тату-тәтті өмір сүріп, бақытты ғұмыр кешіп жатыр.

Бұл үйленуді қызықты дейтін себебім, махаббаттың буына мас болған екі жас арасындағы жарасымдық пен сыйластықтың, жолдастарымен қосылып албырттықтың арғымақтай сезімінің арқасында достықтың туын биік ұстай отырып, таңғы апақ-сапақта, елдің тыныс-тірлігімен санаспай бозарып атқан таңмен бірге ата-аналарына келін әкеліп, жастық сезім мен мастық сезімді араластыра біресе ырылдасып, біресе татуласып, бірақта тәрбиеліктің алтын туын жықпай, болмасын кірбеңді кикілжінге ұластырмай, ашу дұшпан ақыл дос деген қағиданы ұстана біліп, өздеріне ғана тән жарасымдықты қағида ете білгендіктерінде деп ойлаймын.

Міне, орындалуы әртүрлі болса да, осы екі үйлену үрдісіне сәйкес келетін бас қосып, өмірдің жаңа арнасына қосылу әрекеттері күнделікті болып жатады.

Жастардың жарасымдығын беріп, жамандықтан алшақтап, жақсылықта батпандап, өнегесі өскелең өмір сүрсе деймін.

## **БІРІНШІ СӘУІРДЕГІ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫ**

Мәскеу қаласындағы студенттік кездеріміздің, ең қызықты кезеңдерінің бірі, төртінші курста оқып жүрген кездерде болып еді. Бәріміз Мәскеуге әбден төселіп машықтанып алған кезіміз, бейне бір суда жүзген балықтаймыз. Елден оқуға келген қандас-бауырларымызды қасымызға жинап, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай қорғаштап, қормалдап, бар білгенімізді үйретіп, ақыл кеңес беріп жүрген кез.

Барлық университеттер мен институттарда оқитын қандастарымызбен танысып араласып жүргенімізге де бір-екі жылдам астам уақыт болған. Сабақтан бос кездерімізде бір-бірімізбен жолығып, қыдырып, неше түрлі кездесулер мен шаралар ұйымдастырып жүретінбіз.

Көктемнің көкөзек күндерінің бірінде, біздің институтта менен бір курс жоғары оқитын Бек Өскенбаев деген жолдасыма жолығып қалдым. Әлі есімде, наурыз айының отыз бірі күні болатын. Амансаулық айтысып әрі қалжындасып отыр едік, әлден уақытта, ол:

– Мырзеке, осы сенімен кездесем, адамның есін шығарып жібересің, неге келгенімді де ұмытып барады екенмін. Ертең Жомарт бауырымыз үйленейін деп жатыр, – дегені.

– Қой, мынауың жақсы жаңалық қой! Кімге? – деппін.

– Өзімен бірге оқитын Гүлнәр деген қызға.

– Е, ендеше құтты болсын!

– Сол, бәрімізді тойына шақырып жатыр.

– Қайдағы той? Тойларын ауылдарында жасамай ма?

– Мен қайдан білейін? Естігенімді айтып отырмын.

– Онда неге ертерек айтпаған?

– Менде бүгін естідім.

– Ата-аналары келіп пе? Қайда жасайын деп жатыр екен?

– Айтуына қарағанда жолдастардың арасында ғана өткізетін кішігірім кеш сияқты. Ата-аналарын да шақырмапты. Өйткені той өткізетін пәтер іздеп жүр. Үлкен той ауылда өтеді деп ата-аналарымыз бой бермей отыр. Барлық жігіттер ол жаққа бара

бермейді ғой, сондықтан оларға осы жерде кішігірім кеш ретінде жасасақ деп ойлап едік дейді.

– Е, солай де! Енді не деп жатыр? Бізден көмек керек күтіп отырған жоқпа?

– Ол жағын білмедім. Бірақ қипақтауына қарағанда ешнәрсе дайын емес сияқты. Пәтер дей ме?

– Онда ертерек білгенде дұрыс болатын еді. Енді не істейміз?

– Көмек дегенде беретін сыйларымызды даярлайық. Пәтер жалдау керек, оны іздесуіміз керек. Сосын асаба керек. Қалғанын өздері көре жатар. Қосымша көмек керек болса айта жатар.

– Осы біздің жігіттер көп ойлана бермейді. Бәрі табан астында даяр болуы керек. Неге солай? Ертерек айтса, бәрін сақадай сай етіп қояр едік қой! Жігіттерді біраз салпақтататын болдық.

– Қайтеміз енді?! Болар іс болды.

– Жарайды, жігіттерді жинайық. Кім немен айналысатынын бөліп берейік.

– Қашан? Қайда жинаймыз?

– Менің бөлмем кеңдеу ғой, осында жиналайық, түскі демалыс уақытында, – дедім.

– Жарайды, мен жігіттерді жинауға кеттім, – деп Бек шығып кетті.

Мен ойланып қалдым. «Бұлар неге осынша асығыстық жасап жатыр, ұшқалақ емес, салмақты-ақ жігіт, әлде бірнәрсе болып қалды ма? Қыз ба екен асықтырып жатқан. Бірақ бұл екеуінің арасы тым жақын, бірін- бірі ұнатады деп естімеген екенмін. Мүмкін, ешкімге сырларын ашпай білдірмей жүрген шығар. Дегенмен, осы асығыстықта бір сыр болуы керек, ол не болды екен?» деп ұзақ ойланғанмен байыздап бір түйінге тоқтай алмай, шешімін таба алмадым. Сағат бірлердің шамасында жігіттер жинала бастады. Әлжан, Қозы-Көрпеш, Дауылбай, Жақсыбай, Қанат, Бек те келіп жетті. Жігіттер асханаға бармай-ақ өздерімен бірге біраз тамақ ала келген екен, дастарқан жайып жіберіп алқа-қотан отыра қалып тояттауға кірістік.

– Ал, жігіттер, әңгімемізді тамақ үстінде бастай берейік. Бас қосып жатқан себебімізді Бек хабардар еткен болар. Мына Жомарт деген бауырымыз табан астында үйленетін болып қиғылық салып

жатқан көрінеді. Жігіттердің басын қосып, шәй беріп, азын-аулақ ырымын жасап, кейінірек әйелін еліне алып барып той жасатам деп жатқан сияқты. Бәрімізді шақырып жатыр екен, не істейміз? – дедім.

– Ия, естідік. Енді шақырса баруымыз керек қой, – деді Дауылбай.

– Әрине барамыз, бірақ ол өзіміз сияқты қусирақ студенттің қай дайындығы бар дейсің? Бәріміздің көмектескеніміз дұрыс болар, – дедім.

– Мырзаке, ішіміздегі үлкеніміз әрі неформальный бастығымыз өзіңіз, Сіз қалай айтсаңыз, солай істейміз ғой, – деді Қанат.

– Олай болса, әрқайсымыз жеке-жеке сыйлық дайындамай-ақ, ақшалай Әлжанға жинап берейік. Қанша дегенмен, тамақ жағын жақсы білетін Шымкент жақтың жігіті ғой! Тойға қажетті азық-түлікті алсын. Бек ана Жомарт та өз тойына үлес қосатын болар, сөйлес, жетпей жатқанын біз қосамыз де. Дастарқанға әуре болмасын, қажетті нәрсе Әлжанның мойнына жүктелді. Әлжан келісесің ғой? Ол үнсіз басын шұлғып келісім ишаратын білдірді.

– Жарайды, сөйлесемін, – деді Бек.

– Ал, Жақсыбай, Қанат екеуің пәтер іздендер! Бір кешке жалдаймыз, таңертең тазалап тапсырамыз. Бірақ пәтер кеңдеу болсын. Қанша дегенмен жиырма-отыз адам болатын сияқты ғой, сыймай қалып жүрмейік.

– Қай жақтан іздеген дұрыс? – деді Жақсыбай.

– Үлкен пәтерлер көбіне орталықта болады ғой! Орталық жақтан іздеген дұрыс болар.

– Келістік! – деді Қанат.

– Тағы да айтылмаған не қалды? – дедім мен.

– Музыка, асаба, – деді Бек.

– Музыка дейтін, кафе болмаса ресторан емес пәтер ғой, ол жерге аппаратура апара алмайсың. Қозы-Көрпеш гитара тартып ән салады, әнге бейім екі-үш қыз бар, мен домбырамен айтармын. Бек сен тіл мен жағына сүйеніп қалған қусың ғой, сенің мойныңда анекдот болмаса күлдіргі әнгімелер айтып елді қыздырып отыру. Сондықтан қазірден бастап кештің сценаріің жасай бер. Ал, асаба сен болмасаң екеуіміздің біреуіміз боламыз, түсіндің бе?

– Ой, Мырзеке мен сценарий жасай берейін, асаба өзіңіз болыңыз. Ол менің қолымнан келмейді, – деді Бек.

– Жарайды, көрерміз. Міне жігіттер көрдіңдер ме, біз өзіміз-ақ бір қауым ел екенбіз ғой. Бәрін өз күшімізбен атқаруға шамамыз жететін сияқты, тек істеріңді шын көңілмен тыңғылықты атқарсаңдар болды, «алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» деген ата-бабамыздың мақалы осындай бірлікте болуды меңзеген шығар. Ал іске сәт, кірісейік. Жолдарың болсын! – деп шығарып салдым.

Кешке қарай пәтер табылды деген хабар жетті. Әлжан тамақтың, ішімдіктің қандай түрлерін алу керектігін есептеп, Жомарттардың үлесін бөліп олардың ақшасын алып, қалғанын бізге бөліп дайындап қойыпты. Қараймын Жомарттардың үлесі біздікінен көп емес.

– Әй, Әлжан, мынауың не? Жомарттардың үлесі неге біздікімен бірдей? Той жасап үйленіп жатқан солар емес пе? – дедім.

– Қайдан білейін? Бұдан артық ақшамыз жоқ деді ғой! – деді ол.

– Қызық екен. Ол той жасайды, бар шығынын біз көтереміз. Сонда не болды? Шынымен солай деді ме? Олай десе, жасамай-ақ қояйық демедің бе?

– Айта алмадым, оның үстіне шығын тым көп емес. Қалта көтерімді сияқты салғыласып отыруға болғасын ұялдым.

– Ой, сенде қызық екенсің! Лепіріп, миллионердің баласындай сөйлейсің! Ол неге бұлай жасап отыр? Мұнысы жұмбақ екен. Өзі қайда? Сұрау керек еді, «мұның не?» деп.

– Олар дүкен аралап кетті. Киім аламыз, – дейді.

– Ой, мұның да «шық бермес шығайбай» сараң ба еді. Мен әжептәуір жігіт деп жүрсем, – дедім. – Жарайды енді бастап қойғаннан кейін жарты жолда тастамайық. Қалғанын кейін көре жатармыз. Той біткен соң, сұрақтың астына алармыз. Әлжан, сен осымен айналыса бер. Ал, Бек, кеттік! Қанаттармен бірге барып тапқан пәтерлерін көріп келейік, – дедім.

– Жақсыбай да бірге жүрсін бе?

– Әрине, пәтер ұнамаса басқасын іздетеміз ғой!

– Кеттік онда!

Сонымен бәріміз жиналып пәтер көруге кеттік. Метроға кіріп әрі екі-үш маршрутқа ауысып мініп «Динамо» бекетінен сыртқа шықтық. Жан-жағымыздың бәрі биік көп қабатты үйлер. Бұрын келіп көрмегесін таныс емес. Жүретін жолымызды біліп алмақ болып жан-жағыма қарайлап, өзгерістері бар жерлерді есіме сақтауға тырысып келемін. Ана үшеуі өзара бірнәрсеге таласа даурығып келеді. Біраз жүргеннен кейін дйттеген жерімізге жетіп, пәтерге көтерілдік. Пәтер кең ауқымды екен. Залы 25-26 шаршы метрдей болады. Бәрімізге ұнады.

– Қанат, осы пәтер дұрыс. Осында дайындата беріңдер, ертең кешке дейін дайын болсын. Бек кеттік, жатақханаға барып ертеңгі тойдың сценарийін жасайық, сен маған көмектесесің, – деп Бекті алып шығып кеттік.

Жатақханаға келе салып қағаз қаламымызды алып жаза бастадық. Ұзақ, түнімен отырдық. Қажетті деген майда шүйдеге дейін тастамай жазып сценарийімізді жақсы жасаған сияқтымыз. Сценарийде тойдың ашылу салтанаты, жігіт пен қыздың тойға кіру рәсімі, беташар, той төріне өткізу, шашу шашылуы, тілек сөздерінің орнымен кезектесе берілуі, арасында ән айтылып би биленуі, ойындар ойналып антракт берілуі сияқты барлық атрибуттер сақталған сияқты. Барлығын ойластырып біткенше түс ауып та кетті.

– Ал, Бек барлығы дайын болған сияқты, сен аналарға телефон шал. Егер дайындап бітірсе солай қарай бара берелік. Әсіресе, Әлжанмен хабарласшы, дастарқан мәзірін толықтай алып бітті ме екен?

– Мырзеке, жаңа ғана хабарласқанмын. Олар толығымен даярлап, өздері де дайын отыр. Кешкі жетілерде бастасақ болар еді дейді.

– Онда біз де дайын болдық, жинал! Кеттік!

Екеуіміз бар заттарымызды алып жүріп кеттік. Пәтерге келсек жігіттер мен қыздардың біразы жиналып қалыпты. Бөлменің ортасына стол қойылып, дастархан жайылған. Дастарқан мәзірі жаман емес, қарасирақ студенттердің емес, әжептәуір дәулетті адамның дастарқанындай жайнап тұр. Әлжан бейне бір осы үйдің қожайынындай қыздарға жол сілтеп «ананы былай, мынаны былай жасандар. Ана салат қайда, мына тағам қайда?» деп әжептәуір басқарып жүр.

Қанат қыздарға біртабан жақындау қызжанды болғасын ба, ас бөлмеге кіріп, қолындағы пышағын жалаңдатып көкөністер мен ет колбасаларды турасып, қыздарды қалжыңмен қарық қылып, өзіне ғана тән таңқылдаған күлкісімен бүкіл пәтерді басына көтеріп жүр. Дауылбай болса өзінің бойы сияқты ұзын бөтелкелерді біресе олай, біресе былай дастарқанға жайғастырып ыңғайын таба алмай әлек болып жатыр. Қозы-Көрпеш гитарасын өңгеріп дауысын келтіріп, өзі де мағынасын түсінбейтін, дикциясы шетелден гөрі орысшаға келетін көшедегі балалардан үйреніп алған ағылшын тіліндегі жалғыз әнін «текенуей, текенуей» деп қақсап зарлап ол отыр. Жақсыбай әдеттегі өзінің қыздарға тән сызылған, ешкімнің бетіне қарамайтын мінезімен, қыздардың ығына жығылып ананы, мынаны әперіп қолбала сияқты сызыла басып, қимылдап жүр.

Міне осы абыр-сабыр тірліктің ішіне, біз Бек екеуіміз де келіп сүңги кіріп кеттік. Үйленетін жас жұбайларымыз әлі келе қоймапты. Біздің сценариіміз даяр болғанымен, бөлме іші біз ойлағандай болмай шықты. Бәрінің есіл дерті дастарқан мәзірі болып, беташар, басқа да церемонияға орын қалдырмапты. Оны ертерек жөндемесе болмайтын болды.

– Әй, Әлжан, қыздарға тапсырма беріп дастарқанды жайнатқаның дұрыс-ау! Бірақ мына жерлерден беташарға неге орын қалдырмадың? Енді бәрін қайта жасауға тура келеді. Ал тағамдардың бәріне, мына жерден орын даярлайық, – дедім.

– Ойбай, Мырзеке, қой ондайынды! Өзіміз айғайласып жүріп зорға жасадық. Қазір бәрін бұзып аламыз, – деп шыр ете түсті Әлжан.

– Ал онда, беташарды қайда жаса дейсің маған? – дедім. Әлжан басын қасып біраз ойланып тұрды да:

– Мырзеке, бізде жігіттер көп қой! Мына дастарқанды бұзбайық, өте әдемі жасалды. Бәріміз жабылып столдың шет-шетінен ұстап көтеріп жоғары жылжытайық. Сонда төменгі жағынан әжептәуір жер ашылып, беташар емес, екеуін жерге аунатып алатындай орын болады.

– Дауылбай, дастарқандағы бойы ұзын заттарды былай алып қой. Құлап қалар. Ал, бәріміз жан-жағынан ұстап асықпай көтерелік, – деп столды көтеріп жоғары жылжыттық. Төмен жақта әжептәуір кең алаңшық пайда болды.

– Жастарымыз келді, – деді Бек.

– Оларды кіргізбей қоя тұр! Ойланып алайық! Іштерінде үлкендерің мен. Бірақ мен тойды жүргізіп, беташар жасап, әрі бата беріп жатқаным жараспас. Арамызда менен кейінгі үлкендерің Дауылбай сол бата берсе қалай болады? – дедім.

– Ой, ол өзбекше беріп жүрмесін, – деді біреуі.

– Жігіттер, ол Өзбекстанда туып өскен дегендерің болмаса, қазақшасы біразыңның қалпақарыңды қайыруға жарайды, – деймін.

– Дұрыс, Дауылбай бата берсін! – деп Қанат қолдай кетті.

– Ал Дауылбай дайындал! Аптығыңды бас! Асықпа! Дайын болсаң, онда Бек кіргіз жастарды, – дедім.

Бек оларды кіргізді. Қараймын, үстеріндегі киімдері кәдімгі күнделікті киетін киімдер, асып бара жатқан түгі жоқ. Ешқандай мерекелік өзгерістер байқалмайды. Бұлардың басқа киім алатын шамалары болмағаны ма, әлде біздерді менсінбей жүр ме, деген ой миға кептеле қалды. Бірақ өздері ашық жарқын, мәз-мейрам. Гүлнәр көзін төмен салып тағзым еткендей сәл еңкейе түсіп, жымыып қана тұр. Дауылбай да дайын тұр екен:

*– Екі жастың қадамы құтты болсын,  
Денсаулығы зор, әрі мықты болсын.  
Осы той біте салысымен Гүлнәр келін,  
Қошқардай бір ұлға жүкті болсын, әумин!* – дегені.

Бәріміз қыран-топан күлкіге кенеліп қалдық.

– Оу, Дәуке, өзің керемет ақын екенсің ғой! Осы уақытқа дейін қалайша байқатпай келгенсің?! Гүлнар мына сөзмәр жігіттің айтқанын орындау керек. Бұл өзінің ауызы дуалы жігіт. Қабыл болсын делік.



– Той біте салысымен болмай-ақ, ең болмаса екі-үш күннен кейін болса болмай ма? – деп Бек қылқына күліп жатыр.

– Дауылбай, сен үйленсең, тойға жеткізбей-ақ келіншегіңді ойландырып қоятын бәле боларсың, – деп Жақсыбай жүр.

Біраз уақыттан кейін ғана күлкіміз басылып беташарға көштік. Жомарттың әке-шешесінен бастап туған-туыстарына дейін аты жөндерін жазып алған мен соларға сәлем салғызып алып, осы тойға келгендерді де әнге, әзіл-қалжыңға қосып, елді күлкіге қарық етіп беташарды да айдап шықтық. Міне той да басталды. Жомарт Гүлнарымен жоғарыға қонжиып алған. Қастарында күйеу жолдас пен қыз жолдас болып Бек пен Алтынай жайғасқан. Әрбір тілек айтылған сайын орындарынан тұрып құрмет көрсетіп жатыр. Ішетіндері арақ, ішпейтіндері вино-шарап ішіп, ән айтылып, би биленіп, неше түрлі ойындар ойналып, мәре-сәреміз. Ертеңгі сабақ мәселесі де ұмытылған. Ішілген ішімдіктің арқасында кейбір жігіттеріміз жақсы көрген қыздарына бұрын айта алмай жүрген сырларын айтып жеткізіп, басқалардан қызғыштай қорғап, қасынан айналшықтап шықпай жүр. Уақыт деген зымырап өтіп жатыр. Міне сағат тілі түнгі он екіні көрсетті. Осы сәтте Бек орнынан атып тұрып:

– Жігіттер, қыздар! Той осымен аяқталды! – дегені.

– Әй, Бек, саған ондай құқықты кім берді? Мұнда асаба бар емес пе? Бұл соның шешетін мәселесі. Той әрі қарай жалғаса береді. Отыр Бек, – дедім.

– Жоқ отырмаймын, – деп Бек қарқ-қарқ күледі. – Отырмауыма әрі той бітті деуіме үлкен негіз бар. Бүгінгі той өтірік той. Бірінші сәуірдің әзілі ғана.

– Немене? Не айтып тұрсың?.. Сонда қалай, мына дастарқан, мына той?.. Қой ондай қалжыңды, – дедім.

– Бұл қалжың емес шыным. Мына той бірінші сәуір күлкі күніне арналған шоу. Жомарт, айтшы мыналарға. Маған сенер емес.

– Ия, бірінші сәуірге сендерді бір алдап күлдірейік деп ойластырылған мереке ғой, – дегені Жомарттың. Мынандай құбылысты күтпеген мен шошып кеттім. Бірақ амал не болар іс болды. Жау

кеткесін қылышыңды боққа шап демекші, болар іс болып, бояуы сінді. Тек менің әрі жігіттердің екі күнгі еңбегіне обал болды. Әсіресе, соңғы бес сағат бойы терлеп тепшіп, бар өнерімді салып, жолдастыққа адалдық деген асыл сезіммен тойды мейлінше көңілді өткізуге жан дүниеммен кірісіп барымды салған мен үшін ауыр соққы болып, артымдағы диванға сылқ етіп отыра кеттім де:

– Оңбайсындар! – деуден басқаға шама жетпей он бес минуттай өзіме-өзім келе алмай, сол отырғаннан үнсіз отырып қалдым. Әлден уақытта барып есімді жиып, соншама алдағандарына риза болып әрі өзімнің соншалықты алданғаныма қайран болып қарқылдап тұрып күліп алдым. Қасымдағылар менің есім шығып кетті деп ойлады ма, күлкілерін тыя қойып мені қоршалай қаумалап алып:

– Әй, саған не болды?

– Әй, қалжың екенін білмедің бе? Не болды есің шыққанша күлесің?

– Әй, Жомарт, осылай да қалжыңдауға бола ма? – деп жатыр. Мен күлкімді тыйып:

– Әй, жігіттер мен бұларға риза болып күліп жатырмын. Мұндай сценарий тауып әзілдеу біреудің-ақ қолынан келеді. Бұл есте жүретін оқиға болды. Ал, енді есіміз барда елімізді тауып жатақ-ханаға қайтайық. Бұл неғып шық бермес шығайбай болып жүр деген сауалымның жауабын енді тапқандаймын. Бек сенің де бет ауызың бүлк етпейтін әрі тіліп жіберсе қан шықпайтын бәле екенсің, ең болмаса қалжың еді деп бір емеуірін танытпадың ау сабазым, – дедім.

Сонымен той бітіп қайтудың қамын ойлай бастадық. Шөлден аузым құрғап бара жатқасын су ішіп алмақ болып ас үйге кірсем, Гүлнар мен Алтынай отыр екен. Гүлнардың көзі жасқа толып кеткен. Айтып отырған сөзін мен кіргесін тоқтата қойды. Мен де тіс жарып ештеңе деместен су ішіп шығып кеттім. Бірақ сол отырысы әлі күнге дейін көз алдымда. Байқұс қыз бір нәрседен үмітті болды ма, әлде ертерек басталып ерте біткен тойға өкінді ме әйтеуір күлімдеген көздері көмексі тартып, жанары жасқа толып жәутендеп қала берді. Бәрінен де қиыны мен өкініштісі сол болды.

## **ЛЕНИННИҢ ТУҒАН КҮНІ**

Бүгінгі ауа райы күндегідей емес. Әшейінде керексіз кездерде де жаңбыры себелеп, қабағы анда-санда бір ашылатын Мәскеудің күренсіз күндеріне бүгін бір шуақ бергендей. Күн ұясынан шыққалы бері күлімдей қарап, шуағында біраз отырсаң дененді қыздырып бетінді аймалай шымшылап, талайдан күн көзін көрмей қатып қалған жүйке тамырларыңды жібітіп, қолтығыңа леп беріп, қанатын қомдаған қыран құстай дененді бір дүр сілкіндіріп сезіміңнің көк дөненінің тізгінін ағытып, ағыл-тегіл көңілмен көше кезіп кеткің келеді. Бірақ менде ондай мүмкіншілік жоқ. Өйткені қалтада көк тиын жоқ. Ай сайынғы степендия мен шешем салып жіберетін азын аулақ қаражаттың мойнына су құя отырып тауысқалы қашан. Ендігі, келесі степендия мен шешенің қорынан қаражат келгенше, тамағымыз қара нан, қант пен қалған құтқан картоп пен пияз ғана.

Сыртқа қарай көңіл тартып қалаға шыққым келгенімен, «ақшаң болса қалтаңда, талтаңда да талтаңда болмаса ақшаң қалтаңда жалтаңда да жалтаңда» демекші не ақша жоқ, қарын аш, асқазан ұлып жылап жатқасын, терезеден телміре қарағаннан басқа амал жоқ.

Осылайша өз ойыммен әрі асқазанмен алысып отырғанымда Қозы-Көрпеш келді.

– Ассалаумағалейкум, Мырзеке! – деп құшағын жая берді.

– Уағалейкумассалам, – деп қарсы ұмтылдым мен. Екеуіміздің құшағымыз айқара ашылып шын көңілмен құшақтасып жатырмыз.

– Мырзеке, мынандай күнде бөлмеңде неге бүрісіп отырсың? Далаға қарашы қандай керемет болып тұр! Москвада бұндай күндер өте сирек қой, – деді Қозы.

– Күннің керемет екені рас, бірақ «көрпеңе қарай көсіл» дегеннің кері келіп тұр ғой, – дедім.

– Ол не дегенің? Түсінбедім? – деді ол.

– Ол қалтада көк тиын ақша жоқ, қарын аш, дегенім.

– Ой солай ма? Мен саған келіп тамақ ішіп тойып алайын деген ниетпен келсем...

– Ниетің жақсы әрине, кешеден қалған нанның қиқымдары бар. Сонымен шәй ішпесек.

– Ой! – деп қиқылдай күліп алды да Қозы:

– Қойшы, Мырзеке! Сенің ондайың жоқ еді ғой. Жоқ дегенде тіске басар бірнәрсе болушы еді. Мен шынымен қарным ашып ағам бар деп осында, өзінді іздеп келдім.

– Онда екеуіміз «айлас қатын мұңдас» болдық. Үйде түк жоқ.

– Енді не істейміз? Мен шынымен қарным ашып келдім. Метроға жететін тиын тебендерім бар екен. Саған келгенім ғой!

– Менде ол да жоқ. Сенің қанша тиының бар? – дедім.

– Отыз шақты тиын қалды, – деді ол.

Екеуіміз біраз ойланып отырып қалдық. Айналдырған отыз тиын, қай жыртығымызға жамау болар дейсің. Осылай ойланып отырғанда есіме Әлжан түсті. Ол мен оқитын институтта оқиды, тек факультеті бөлек. Дегенмен жақсы дос, жолдас болып кеткенбіз. Қозы да онымен жақсы араласады. Оның сабақ үлгерімі төмендеу болғасын оған жатақханадан орын тимей пәтер жалдап тұрып жатыр. Тұратын жері бізден алыстау. Дегенмен пәтерде тұрып жатқасын үйлерінде тамақ даярлайды. Олар тамақсыз болмауы тиіс.

– Қозы? – дедім мен. Айтпақшы, Әлжан бар ғой. Неге сонда бармасқа?

– Ой, дұрыс айтасың! Ол тіпті естен шығып кетіпті ғой. Давай, соған барайық. Онда тамақ бар, бірақ алыстау тұрады ғой. Сонау Черкизов шоссесінде.

– Черкизов тұрмақ, Киевте болса да соған барайық, – дедім мен.

– Кеттік онда! – деді ол.

– Кеттік! – дедім мен.

Сонымен екі жалаңаяқ студент метроға мініп алып «Қайдасың, Әлжан?» деп жүріп кеттік. Жол ұзақ жеткізер емес. Ішіміз шұрылдап тамақ сұрап жатыр. Жетсек болды, бірнәрсе жерміз, деп келеміз. Метродан түсіп, жаяу жалпылатып тағы бір жиырма минуттай жүріп жеттік-ау Әлжанның пәтеріне. Есігін шырылдатып едік, аржағынан:

– Бұл, кім? – деген бейтаныс дауыс естілді. Қозы екеуіміз түсінбей бір-бірімізге қарадық та:

– Біз!!! – дедік. Есік айқара ашылып аржағынан ұзын бойлы қараторы жігіт көрінді.

– Сіздерге кім керек? – деді ол.

– Әлжан?! – дедік қосарлана.

– Әлжан, саған жігіттер келіп тұр, деп айқайлады ол бетін бұрып.

– Кім ол, қазір, – деген Әлжанның дауысы естілді де, іле сала сұлбасы көрінді. Бізді көре салып, қуанып кетті білем: – О, сендер ма едіңдер келіңдер, келіңдер! – деп жүгіре басып келіп бізбен құшақтаса кетті.

– Қалайсың Әлжан? Денсаулық қалай? Көп болды көрмегелі, қайда жүрсің? – деген сауалдарымын қарша борап кетті. Ол да шамасы келгенінше жауап беріп, біздің де қал-жағдайымызды сұрағыштап жатыр. Көңіліміз әжептәуір көтеріліп қалды.

– Ия, не жүріс? Не жаңалық? Айта отырындар, – деді ол орындықтар ұсынып жатып.

– Айтсақ, несін жасырайық? Саған қонаққа келдік. Көрмегелі көп болды. Әлжан бізді сағынып қалған болар. Сорпа суын ішіп қайтайық деп келгеніміз ғой, – дедім.

– Ә, солай ма? «Ұры иттің артын сұқ ит жалайды» демекші, сендер бізді тамаққа шақырып келген шығар десек. Біздің үйде түк жоқ. Ақша таусылып не істерімізді білмей отырмыз. Айтпақшы танысып қойыңдар?! Мына жігіттің аты – Жапар. Қырғыз елінің азаматы. Екеуміз бірге тұрып жатырмыз. Мыналар менің достарым – Мырзақасым мен Қозы-Көрпеш, студенттер, – деді Әлжан.

– Ия, танысқанымызға қуаныштымыз! – дедік біз.

– Ал, келіп қалған екенсіңдер! Қара шәй ішейік, – деді Әлжан.

– Ия, ішсек ішейік. Ішімізде қасқыр ұлып жатыр, – дедім мен.

Сонымен шәй қойылып, Жапармен етене танысып, сөйлесіп кеттік. Қарапайым әрі кішіпейіл жігіт сияқты, тез тіл табысып, ежелгі таныстардай еркін әңгімелесіп кеттік. Шәй дайын болып, дастарқанға отырып, кешеден қалған нанның қалдықтары мен қантты талғажау етіп шәй ішіп алдық. Ішіміздің шұрқырағаны басылайын деді, бұрынғыдай емес жан-жағымызға көз жібертіп қарауға шамамыз келіп қалды. Үйдің іші жұпыны, кәдімгі студенттердің белгілі тұрмыс тірлігі бұл үйде де айшықтанып

тұр. Керек десеңіз еденнің өзі біраздан бері жуылмаған сияқты. Терезелердің жақтауын шаң баса бастаған. Бірақ сол терезе алдында бір дискмен де, касетамен де ойнала беретін күйсандық (проигрыватель) тұрғанын байқап қалдым. Жылдам Қозыға ымдап әлгі күйсандықты мезгеп көрсеттім. Ол да менің байқағанымды байқап, менің ымымның төркінін түсіне қойды. Әне-міне дегенше кеш батып, біз Әлжанның үйінде қонатын болып шештік. Ол ренжісе іштей ренжіген болар, бірақ бізге сыр бермеді. Сонымен бірталай уақыт телевизор көрген болып, анау-мынау, майда-шұйда әңгімелерді айтып, қалжыңдаған болып отырғанымызбен басты мәселе, тамақтану естен шығар емес. Қозы екеуіміздің есіл дертіміз күйсандықты сатып ақша жасау. Бірақ оны Әлжанға қалай айтамыз? Ол қалай қабылдайды? Айтуға батпай отырмыз. Күйсандық әжептәуір, дизайны келіскен, жалпақтау болғанымен биіктігі шамалы, жып-жинақы мүлік. Соған қарағанда әжептәуір қымбат тұра ма деп те ойлаймыз. Қозы екеуіміздің ендігі ермегіміз осы күйсандық болды. Сипалап та көреміз, диск салып ойнатып та көреміз. Әлден уақытта батылдығымызды жинап:

– Әлжан, мына күйсандық қашан пайда болған, бұрын жоқ еді ғой, – дедік.

– Біраз болды ..., – деп кипақтап қалды ол.

– Шынында да әжептәуір екен. Қымбат дүние болар.

– Ия, қымбат! Мен бұны «Березкадан» алдым дегені. КСРО кезінде Москвада орналасқан «ДутиФрилерді» Березка деп атаушы еді. Ол дүкеннің тауарлары тек қана шетелдіктерге сатылатын.

– Сен қалайша «Березкадан» алып жүрсің? Ол жерден ешкімге сатпаушы еді ғой, – дедік қосарлана.

– Енді алдық қой! – деді ол кипақтана. Бұл жерде не болса да бір шикілік барын түсіндік. Бірақ ары қарай қазбаламадық, әрі қазбалаудың бізге қажеті де жоқ еді. Оның үстіне көңіліне алып қалар деген де ой болды.

– Әлеке, бағасы қанша тұрады екен? – деп Әлекенің беделін көтере сұрадық.

– 750-800 сом тұрады, – деді ол.

– О-о-о мынауың сұмдық қымбат дүние ғой! – дедік біз. Мұны қолға қалай түсіріп жүрсің?

– Түсірдік қой! – деп ол әжептәуір дандайсып қалды.

– Өзі керемет жақсы дүние екен! Кейін, оқу біткесін елге алып кетесің бе?

– Ол жағын әзірге ойланбаппын, – деді ол.

– Әлжан, осы отырған төртеуміздің де қарнымыз аш. Менің ішегім бұратылып зорға отырмын. Сендер де жетісіп отырған жоқсыңдар, көздеріңнен көріп отырмын. Бұлайша бұратылып отыра бергенше, мына күйсандықты сатып ақша жасап, тамақ ішейік. Жанымыз аман болса мұндай күйсандықтың талайын алармыз, – деді Қозы.

– Ей, жоқ, сатпаймын! – деп Әлжан шошып түсті. Аузы кәдімгі жас балаларша бұлтиып, жүзінен бізге деген реніштің табы байқалады.

– Әлжан, Қозы дұрс айтады. Күйсандық деген не тәйірі. Ешқайсымыз музыкант емеспіз. Бұл үйдің бір жихазы ретінде терезе алдында шаң басып тұра береді. Қоссаң да анда-санда бір ары кетсе екі сағатқа қосасың, сонымен болды. Бәріміздің қарнымыз аш. Енді сенің осы теміріңді кемірмейміз ғой. Егер мұны сатсақ келесі стипендияға немесе үйден қаражат келгенше, ақшасын талғажау ете тұрамыз. Кейінірек ақша жинастырып, саған мұның жаңасын алып берерміз, – дедім.

– Жо-жо-жоқ! Ондай нәрсені айтпа!.. Бұл «Березкадан» алынған нәрсе. Сосын оны маған кім алып береді? Оның үстіне, сендерге жұмсаған ақша ешқашан қайта қайтпайды. Сондықтан, миымды жемендер, – деді Әлжан.

– Қой енді, Әлеке! Екеуміз бірге тұрып жатырмыз ғой. Екі аптада бір рет қоспасақ, басқа уақытта бекер босқа тұр ғой. Осы күйсандық жоқ болса іздемейтін де шығармыз.

– Сатсақ, сатайық, – деді Жапар.

Міне, осындай ұзақ сонар айтыс тартыспен, жалынып жалбарумен жүріп, сағат түскі үштер шамасында, Әлжанды көндіріп тындық. Көнсе де жүзі сынық болып, анда-санда бұрқылдап қойып жүр.

– Біз кеттік, Әлжан екеуміз Арбат жаққа барып сатып келейік. Сендер үйде дайын отырыңдар. Біз күйсандықты сатқаннан

қоңырау шаламыз. Сендер шығып Чебуречныйға барып, бәрімізге чебуректерге тапсырыс бере беріңдер.

– Әлжан? – деп Қозы күйсандықты пакетке салып алып шығып кетті. Артынан көңіл-күйі төмен Әлжан салпақтай шықты. Көңіл-күйі жоқ болса да, біздердің сөзімізден аса алмай амалсыздан кетіп бара жатқаны белгілі болып тұр.

Біз Жапар екеуміз үйде қалдық. Бар тілеуіміз күйсандықтың сатылып кетуі. Сағат тілі мұндайда жүрмей қоятын әдеті. Құлағымыз телефон жаққа салып отырмыз. Әңгімелесейік десек, әңгімеміз ұйқаспайды. Бір-екі сөзден кейін кібірткітеп тоқтап қаламыз. Міне екі сағаттай уақыт өтті. Саудагерлерден хабар жоқ. Мазасыздана бастадық. Қарынның ашқаны соншалықты ішегіміз бұралып барады. Осылай тағы қанша отырғанымыз белгісіз, бір уақытта қоңырау шылдыр ете қалды. Екеуміз бірдей тұра ұмтылдық. Жапар ертерек жетіп тұтқаны көтерді.

– Алло? – деді. – Жарайды, жарайды. Болот, болоды, – деп қырғызшалап жауап берді де тұтқаны орнына қойды.

– Не болды. Ол кім? Не дейді? – дедім мен дегбірім қашып.

– Күйсандықты сатыпты. Чебуречниге бара беріңдер, – деді.

Жапардың жүзі жайнап кеткен. Менде лезде күлімдеп шыға келдім. Екеуміз тез-тез киініп шығып кеттік. Өне-міне дегенше, аяқ-қолымыз жерге тимей заулап отырып Чебуречныйға жеттік. Асхананың іші тола адам. Чебуректермен қоса кейбіреулері басқа тамақтарды да ішіп жатыр. Сыра судай ағылып жатыр. Кейбір үстелдерге бастары қылтиып арақ бөтелкелері де жайғасқан. Тамақ ісі мұрынды жарып барады. Әшейінде тамақ пен темекі, арақ пен сыра иістері араласқан жағымсыз иістен бойымызды аулақ салып қашып шығатын бізге бүгінгі иіс керемет жағымды болып, тамақ жегендердің аузына қарап сілекейіміз шұбыратын жағдайға жетіп қалғасын мен:

– Жапар, қаншасына тапсырыс берейік, – дедім.

– Әрқайсымызға екеуден, дұрыс болар, – деді ол.

– Қарнымыз аш, төртеуден берейік, – дедім мен.

– Күпті болып қалармыз!

– Жоқ, екеуі, аз болады! Төртеу көп емес, тауысып қоямыз.

– Ендеше, өзің біл! – деді ол.



Мен даяшыға келіп он алты чебурекке тапсырыс бердім. Әлден уақытта Қозы мен Әлжанда келіп жетті. Көңіл-күйлері көтеріңкі.

– Не болды? Әлеке, саттыңдар ма? – деп сұрадым.

– Ия саттық.

– Қаншаға?

– 650 сомға.

– О-о-о. Бай болыпсың ғой. Енді жақсылап тамақ ішейік.

– Сендер тапсырыс бердіңдер ме? Біз Қозы екеуміз жол-жөнекей екі шөлмек ала келдік.

– Өте дұрыс. Біз әрқайсымызға төрт чебуректен тапсырыс беріп қойдық. Дайын болған шығар. Ішке кірелік, – дедім.

Ішке кіріп орын алып, даяшы дайын болған тамақты алып келіп алдымызға қойды. Біз бұрын тамақ көрмегендей, бәріміз бірдей бас салып жей бастадық. Екі-екіден жегеннен кейін, әжептәуір тойып, жан-жаққа көз жүгіртетін шамаға да келіп қалдық.

– Қозы, жаңағы шөлмектеріңнің бауын ағытпайсың ба? – деді Жапар.

– Ойбай, ол естен шығып барады екен ғой! Әлжан стақандар әкелші, – деді Қозы.

Әлжан жүгіріп барып стақан алып келіп, тойған қарын енді тойлауға көшті. Бәріміз маз-мейрамбыз. Неше түрлі әңгімелер, анекдоттар қарша борап жатыр. Осылай көңілді отырғанымызда қасымызға екі бейтаныс, бірақ түрлері қазақ сияқты екі жігіт келді.

– Ассалаумағалейкум, жігіттер! – деді келе салысымен, қолдарын созып амандасты.

Ішіміз жылып сала берді. Москваның ішінде таза қазақша аман саулық сұрасу деген қасқалдақтың қанындай өте сирек құбылыс. Көптеген қазақ жігіттерімен кездессең де басым бөлігі орысша амандасып, орысша сөйлеседі. Ал мыналар таза ана тілімізде сайрап тұр. Қалайша ішің жылымайды. Оның үстіне, бұл жерде кез-келген қазақ сенің туған бауырың сияқты. Алыстан көрсең де жүгіріп барып сәлем беріп, амандасып жатасың. Ондайда кейбіреулері басқа бурят, башқұр, алтай, калмақ, тувалық болып жатады. Кешірім сұрап кете барасың.

– Алейкумассалам жігіттер! Дастарқанға, келіндер! Отырыңдар! – дедік.

– Сіздерді көріп әрі қазақша сөйлегендеріңізді естіп, сәлемдесейік деп келгеніміз ғой! Айып етпеңіздер! – деп сызылып тұр екеуі.

– О, не дегендерің?! Келгендерің дұрыс болды. Сәлемші болсан төрге шық, деген қазақтың баласымыз ғой төрлетіндер! Жөн сұрасып отырайық. Танысалық, – дедім мен.

– Біз жақын жерде, жатақханада тұрамыз. Мына жерден тамақтанып қайтайық деп келіп едік, – деді біреуі. Байқаймын, бұлар да біз сияқты аш құрсақтарға ұқсайды.

– Келіндер, отырыңдар! Ас бәріне ортақ қазақтың баласымыз ғой. Көңіл сыйса бәрі сыяды, қысылмандар! – деп қоямын.

Осыдан бір сағаттай бұрын ішер асқа тиын таба алмай отырған жағдайымыз мүлдем ұмтылды. Тамақ ішіп, жүз граммнан ұрттап алғаннан кейін жаға жайлау, пейіл дарқан, баяғы қазакилық жағдайға көшкендейміз. Жатсыну мүлдем жоқ! Бауырластық белең алған сияқты. Жігіттермен танысып алдық. Елдос, екіншісінің аты – Нұрлан, өзіміз сияқты студенттер. Енді міне алтау болдық. Ащысудан біраз ұрттап, тамаққа тойып алғасын, жастықтың жалыны алаулап, көңілдің көкдөнені жаңа белестерге жетелегендей лепіріп алғанбыз. Айдарымыздан жел есіп, алдымыздан кең жазира жол ашылып тұрғандай.

– Жігіттер?! Мына жақын жерде «Гавана клуб» бар. Сонда коньяк қосылған кофе береді. Соған барайық, – деді мол ақшаның иесі Әлжан.

Онсыз да желпініп отырған бізге де сол керек:

– Кеттік! Кеттік! – деп қолдай кеттік.

Бәріміз топталып көтеріліп «Гавана клубқа» келдік. Ол жердің бөлмелері үлкен, диван, креслолары бар. Үстелдері кәдімгі журнал үстеліндей аласа келген. Бәріміз жайғасып, кофеге тапсырыс беріп, темекі шегетіндер темекілерін сорып, басқаларымыз кәукілдесіп отырғанымызда үстімізге тағы да үш жігіт пайда болып, олар қосылды. Сонымен ұзын санымыз тоғыз болды. Жаңадан таныссақ та байырғы таныстардай әзіл-қалжыңды қоя беріп отырмыз. Коньяк араласқан кофе бұрынғы ішкен арақпен араласқасын не оңдырар дейсің, қыза бастадық. Гүжілдеп әлі отырмыз. Бүкіл дүниенің кілтін ұстаған адамдай, дауысымыз

өктем, күлкіміз аспаннан түскен найзағайдай, көзқарасымыз шпиондардың тірлігіндей, не керек қағанағымыз қарқ сағанамыз сарқ болып отырмыз. Осылай лепіріп тағы бір сағаттай отырдық. Әлден уақытта Жапар:

– Жігіттер мына жақын жерде «Спортивный» деген қонақ үй бар. Соның он алтыншы қабаты мейрамхана. Соған кіріп тамақ ішіп алайық, – деді.

Бұл бір тыңнан табылған идеядай көрініп, бәріміз қолдай кеттік. «Студенттің байығаны – бір тойғаны» демекші, Әлжанның қалтасындағы мол ақша біздің ақшамыз сияқты, емін-еркін жүрміз. Соқталдай тоғыз жігіт аталған қонақ үйге келіп мейрамханаға көтерілдік. Лифтіден шыққанымыз сол-ақ екен, алдымызды екі милиция формасын киген күзетшілер бөгеп, ішке кіргізбей қойды.

– Не болып қалды? – дедік бәріміз жабылып.

– Сіздер кіре беріңіздер, мына екі жігіт кірмейді! – деп күзетшілер Әлжан мен Жапарды көрсетті. Бәріміз аң-таңбыз.

– Неге бұлар кірмейді? Біз бәріміз біргеміз.

– Болмайды жігіттер! Бұларды кіргізе алмаймыз! Себебін бізден емес, өздерінен сұрандар?! Ал басқаларыңа жол ашық, – деді.

– Неге олай? Әй, Әлжан не бүлдіріп қойып едің? Неге сені кіргізбейміз дейді?

– Жәй, әшейін! Кейін айтамын, – деп Әлжан міңгірледі де қойды.

Не Әлжаннан, не Жапардан тіпті күзетшілерден мардымды жауап ала алмадық. Екеуінің басы салбырап түсіп кеткеніне қарағанда бір нәрсе бүлдіргендері анық. Бірақ айтпайды. Не болса да іштерінде. Әлжансыз мейрамханаға кірудің бізге еш реті жоқ. Ақша тек сонда ғана. Басымыз салбырап, сыртқа шығуға тура келді. Сыртқа шығысымен Әлжаннан:

– Әй, Әлжан? Айтсаңдаршы не бүлдіріп қойып едіңдер? – дедім.

– Жәй, сендерге еш қатысы жоқ! Солай болып қалды енді. Одан да басқа жаққа барайық, – деп қипақтай бастады Әлжан. Жапардың да жүзі алабұртып, сасқалақтап тұр.

– Ия, ия, сөйтелік. Осыдан екі аялдамадай жерде «Интурист» қонақ үйінде мейрамхана бар. Сонда баралық, – деді Жапар.

– Әй, оңбайсыңдар! Бір нәрсе бүлдірмесеңдер жүре алмайсыңдар! Жарайды кеттік, – дедім.

Сонымен, қайдасың «Интурист» деп жүріп кеттік. Мәскеудің кең көшелерінің тратуарын толығымен жаулап тоғыз жігіт келеміз. Жол-жөнекей кездескендер ығыса жол беріп, «мыналар қайдан жиналып қалған» деген сыңай таныта артымыздан көздерін сүзе қарап қалып жатыр. Біздің оларда шаруамыз жоқ. Өзімізше дурыға желпініп келеміз. Бір кезде «Интуристің» шетелдік қонақтарға арналған қонақ үй екені есіме түсіп:

– Әй, Жапар? Ол жер шетелдіктерге арналған. Бізді кіргізбейді ғой, – дедім.

– Қам жеме! Ол жерде менің таныс даяшым бар. Соны шақыртамыз. Ол алып кіреді, – деді ол.

– Тағы да мына «Спортивныйдағыдай» болып жүрмесін.

– Жо-жок! Олай болмайды, ол бізді алып кіреді, – деді.

– Ол жердің тамағы өте қымбат болар, – дедім мен.

– Жол-жөнекей эмбабап дүкеннен қажетті шөлмектерді алайық, сосын оған айтамын «бізге аздаған ғана салқын тағамнан бер, ішіне бір шөлмек қоса сал. Қалғаны өзімізден болады» деп келісеміз. Сонда арзанға түседі, – деді Жапар.

– Байқап көр! Ақша тек Әлжанда, жетпей қалып шырылдап жүрмейік, – дедім.

– Аз ғана тіске басатын нәрселер алайық. Ертеңге де ақша керек қой, – деп Әлжан шыр ете қалды.

– Ей, таусылса енді бір-екі күнде стипендия аламыз. Елден де қаражат кеп қалады. Қорықпа Әлеке! – деді Қозы.

Бәріміз шұбырып, улап-шулап «Интуристке» келдік. Жапар есік алдында тұрған телефон арқылы таныс даяшысын шақырып, бәріміз ішке кірдік. Қонақ үйдің жиырма төртінші қабатына орналасқан мейрамханаға лифтмен көтеріліп ішке кірдік. Мейрамхана ішінде адам көп екен. Бәрі шетелдіктер сияқты. Даяшы бізді бөлек үстелге жайғастырды. Әлжанның әлі де болса қиналып тұнжырай түсіп отырғанын байқаған Жапар даяшыға:

– Бізге ыстық тамақтың керегі жоқ! Жәй суық салаттар мен нан болса жетеді. Өзімізбен әкелген шөлмектеріміз бар, сондықтан үстелге қоятын бір шөлмек болса жетеді, – деді.

– Әлжан, сен жылана берме, естідің ғой! Жапар аздаған ғана тіске басатын нәрселерге тапсырыс берді. Көп шығының шыға қоймас, – деді Елдос.

Әр нәрсені бір әңгіме етіп гүжілдесіп отырғанымызда, сонадайдан даяшымыз көрінді. Алдында үш полкасы бар үлкен тележканы итеріп келеді. Тележка үсті лық толған неше түрлі тамақ. Көзіміз шарасынан шығып кете жаздады. Құдай-ау, тележканың үстінде не жоқ десей. Кызыл, қара икра, баклажан икрасы, сары май, неше түрлі сырлар, салаттардың неше түрі, қойшы не керек сол мейрамханада дайындалатын суық тіскебасарлардың бәрі бар. Әлжан құңқылдай бастады. Енді қайтсын, соншама дүниесін сатып алған қомақты ақшасының басына су құйылайын деп тұр. Даяшы да ұятсыз екен, біздің бет ауызымыз қисайып кеткенін көріп мәз болып тұр. Жапардың үні өшіп отыр. Үстелдің астына кіруге шақ қалған. Мен Әлжанды жұбатып жатырмын:

– Әлеке, болар іс болды. Енді сыр берме. Ертең стипендия алған соң, бәріміз қосылып жинап береміз, – дедім.

– Ертең-ақ ұмытып кетесіңдер ғой! – дейді ол.

– Жоқ, ұмытпаймыз! Мен өзім бәрінен алып жинап беремін, – дейді Қозы.

– Жарайды, көре жатармыз. Ал тамақтанайық, – деді Әлжан.

Бәріміз жапа тармағай тамақтанып жатырмыз. Байқаймын, бағанағыдай емес батылдана бастағандаймыз. Іштегі уыттың үстіне уыт қосылған сайын жан-жағымызға қораздана қарай бастаған сыңайлымыз. Бір-екі рет тапсырыс беріп музыка қойғызып билеп те тастадық. Даусымыз жарқын-жарқын шығып, адуынды сөздер айтып, барылдап-дарылдап ән айтқан болып жатырмыз. Бізден басқаның бәрі тамақтарын ішіп қана сызылып сөйлеп, сыпайы араласып отыр. Анда-санда бізге қарап бастарын шайқап қоятындар да байқала бастады. Бізге бәрібір, жаханды жалпағынан басып біз отырмыз. «Интуристте» отырғанымыз әлдеқашан ұмтылған. Елді әбден мезі кылған болуымыз керек, қасымызға төрт-бес жігіт келіп, жайырақ сөйлеуімізді сұрап

кетті. Сәл бәсеңсіген болдық. Біздің дауысымызға шыдамаған болуы керек, жанымызда отырғандар да ішімдік алғызып ұрттай бастады. Енді біздің гуілге олардың да гуілі қосыла бастады. Біз одан сайын екіленіп кетсек керек, әлгі жігіттер қайта келіп, ерегіс басталып кетті. Соңы төбелеске ұласып кетті. Бір-екі жігітіміз көйлегіне дейін шешіп тастаған. Олар біздің сөзді түсінбейді, біз оларды түсінбейміз. Әрқайсымыз өз тілімізде сыбап жатырмыз. Бір кезде Қозының жанайқайы шықты:

– Ей, жігіттер тоқтандар! Бұлар шетелдіктер! Ертең бәріміз құримыз! Оқудан шығарып жібереді. Тоқтатындар төбелесті, – деді.

Қозының айқайынан бәріміз тосылып тұрып қалдықта, кейін шегіне бастадық. Бәріміздің есімізге мына шүлдірлектердің шетелдіктер екені сап ете қалды-ау деймін. Жоғарғы оқу орындарында шетелдіктерді қорлағандарды, ұрғандарды, тіл тигізгендерді оқудан шығарып жіберетіні бар. Тезарада бойымызды жинап ала қойдық. Бағанағы қызулықтан түк қалмағандай. Қанша дегенмен сауатты жігіттер ғой. Біз жағынан сабаласу тоқтағасын шетелдіктер де басылды. Бірақ топталып, жұдырықтарын түйген күйі бізге түнере қарап тұр.

– Жігіттер, ертең бәле болып жүрер! Әзірге ушықпай тұрғанда мыналармен татуласайық! Қозы, Жапар ағылшыншаларын дұрыстау еді ғой. Біз бұлардың территориясында тұрмыз. Кешірім сұрап татуласайық. Үстелге шақырайық, – деді Әлжан.

Қозы мен Жапар екеуі барып, артынан біз қосылып қайта татуластық. Жақсы жігіттер екен дабыра қылып шуласпады. Тек бір екеуі ғана тырысыңқырап отырды. Дастарқанға шақырып дәм татқыздық. Артынан олар шақырып оларға бардық. Бағанағы дүмпуден түк те қалмады. Сабырлық басым. Таныса келе олар финдер мен шведтер болып шықты. Біраз отырғаннан кейін, Жапар:

– Қайтайық ертерек! Мына біреулерінің отырысы жаман. Милиция шақырмай тұрғанында шығып кетейік, – деді. Бәрі мақұлдап келісіп еді Әлжанның айызы қанбай қалды ма, әйтеуір:

– Жоғарыда жиырма алтыншы қабатта кафе-бар бар. Сонда барайық, – дегесін бәріміз жиналып сонда кетіп қалдық. Шын

мәнісінде де жастық пен қызугершіліктің кесірінен үлкен мәселеге тап бола жаздадық.

Жоғары көтеріліп кафе-барға кірдік. Біраз адамдар бар екен, біз де бір столға жайғаса кеттік. Тағы да ішімдіктер келе бастады. Менің ішімдікті ішкеннен кейін біраз уақыт өткенде темекі шеккім келетін әдетім бар. Жігіттерден темекі сұрасам бітіп қалыпты. Барменнен сұрамақ болып барға келсем, алдымнан орыс келіншек шықты. Ойымда түк жоқ. Ол стойканың ар жағында, мен бер жағында. Біраз бой жазып керіліп алып:

– Ой как устал! Сигарета есть? Я сигарету хочу! – дедім. Ол маған соншалықты тесіле қарап тұр екен, әлде қарсы алдында тұрып керілгенім ұнамады ма:

– А я тебя не хочу! – дегені. Мүмкін қате естіп қалған шығармын деп:

– Что Вы сказали? – дедім.

– Что услышал, то и сказала! – деді. Мынау есалаң біреу болар дедім де:

– Дайте сигарету? – дедім,

– Ничего тебе не дам! Сейчас мужа позову?! – дегені.

Мәссаған, міне қызық! Мен одан бір нәрсе сұрасам, ол оны басқа жакқа бұрып әкетіп жатыр. Ол жынды ма? Әлде мен жындымын ба?

– Иди отсюда, а то мужа позову, он милиционер, тебя посадить! – дегені енді менің миыма қан құйыла бастады.

– А, ну-ка позови мужа?! Я с ним хочу поговорить, – дедім.

Ол шынымен де трубканы көтеріп біреуді шақырып жатты. Арада екі минуттай уақыт келгенде милиция капитаны формасындағы біреу келді де, стойка қасында тұрған маған (ары қарай бәрімізге түсінікті болуы үшін орысша диалогтарды қазақшаға аударып айта берейін):

– Сіз бе? Қоғамдық жағдайды бұзып тұрған! – деді.

– Мен ешқандай жағдайды бұзған жоқпын! – дедім.

– Лоджаға шығып сөйлеселік, – деді.

– Жарайды, – деп артынан ілестім. Лоджаға шыққасын:

– Неге әйел адамды ренжітесіз? – деді.

– Мен ешкімді ренжіткен жоқпын. Ол өзі жаман балағат сөздерді айтып тұрған.

– Ол менің әйелім. Әйеліме қарсы сөйлеген адамды ондырмаймын! – деді.

– Әйелің басқа адамға балағат сөздер айтып тұрса ше?

– Менің әйелім олай жасамайды!

– Ондай болмаса мен ойдан шығарып тұрмын ба?

– Сіз оған тиіскенсіз ғой!

– Тиіссем, жас қыздарға тиіспеймін бе? Ондай кәрі әйелге тиісіп нем бар?

– Не деп менің әйелімді қорлап тұрсыз?

– Ал Сіз кімге тіл тигізіп тұрсыз?

– Жоқ бұл болмайды екен! Астына түсіп, пунктте сөйлесу керек болды.

– Түссек түсейік!

– Өздерің қанша адамсындар?

– Жеткілікті. Өне, отыр барлығы.

– Жүріңіз, оларды да ала барайық, – деді ол. Екеуміз біздің жігіттер отырған үстелге келдік.

– Бәріңізді орындарыңыздан тұрып, менің артымнан жүрулеріңізді сұраймын! – деді.

– Не үшін? – деді жігіттердің біреуі.

– Осы жерде айта беріңіз, – деді екіншісі.

– Мына жолдастарыңыз, қоғамдық тәртіпті бұзып тұр! Соны талқылаймыз, – деді ол.

– Ол кісі қой аузынан шөп алмайтын момын кісі. Не бүлдіріп қойып еді? – деді тағы біреуі.

– Оны төменге түсіп сөйлесейік, жүріңіздер! – деді ол.

– Жарайды, барайық, – деп жігіттер орындарынан көтерілді.

Лифтімен төмен бірінші кабатқа түстік. Милиционер алдымызға түсіп алып бір бөлменің есігін ашып кірді. Біз артынан ілесе бірімізден кейін біріміз әлгі бөлмеге шұбырып кірдік. Бөлменің іші қызыл, жасыл, сары неше түрлі кішігірім лампаларға толы. Бірі өшіп, бірі жанып жылт-жылт етеді. Мұндай сұмдықты киноларда болмаса басқа жерде көрмегендіктен бе, шошып кеттім. Бірақ сыр білдірмеуге тырыстым. Сөйтсек оның бәрі сол қонақ үйдің басқару пунктінің диспетчерский екен. Ал, мына милиционер



сол жердің күзетшісі болып жұмыс істейді екен. Бәріміз бір-бір орындыққа жайғасып алдық. Капитан жоғарыға шығып отырды да бізге сұрақтар жаудырмақ ниетпен:

– Сіздер неге қоғамдық тәртіпті бұзасыздар?

– Біз емес, Сіз бұзып отырған. Неге тыныш демалып отырған адамдарды себепсіз, мұнда алып келдіңіз? – деді Қозы.

– Бұзып жүрген, сіздердің адамдарыңыз.

– Онда неге оны ғана шақырмайсыз? Бізде неізі бар?

– Барлығың біріндер!

– Біз әлі сенге көшкен жоқ сияқты едік қой. Совет қоғамында әрбір адам өзі үшін жауап береді. Сіз өз құзыретіңізді асыра пайдаланып отырсыз, – деді Жапар.

– Онда мына кісі менің әйелімді балағаттайды?

– Мен Сіздің әйеліңізге бір ауыз артық сөз айтқан жоқпын! Артық сөзге құмар Сіздің әйеліңіз, қолыңыздан келсе жөндеп алыңыз. Елге күйе жақпай отырыңыз. Балағаттағаным туралы қандай дәлеліңіз бар? – дедім.

– Енді, – деп міңгірлей бастады.

Бастапқыдағы қораз қалпынан түк қалмай, мекиенге айналды. Біздің жігіттердің өткір сөздері мен орынды уәждері, қарсы сұрақтары бейшараны түкпірге тығып жіберді. Әлден уақытта, тұңғыықтан жол тапқандай, дауысын көтере:

– Ненің құрметіне ішіп отырсыңдар? – деді.

Адам дауласса, болмаса тығырықтан шыққысы келсе, айтқан уәждері орынды шығып жатса, қаның жібіп, көңілің көтеріліп, таппайтын нәрсені тауып кететін әдеті емес пе? Менің есіме дәл бүгінгі 22 сәуір күні – Ленин атамыздың туылған күні екені түсті.

– Атамыздың туған күнін тойлап жатырмыз! – дедім.

– Қандай ата? Қай жақтағы ата? – деді ол.

– Сіз немене аталарды құрметтемейсіз ба? – дедім.

– Не айтып отырсыз? – деді шүйліге түсіп.

– Сіздерді қайдам, біз үлкен бабалары мен аталарын құрметтеп отыратын халықпыз. Ал, Сіз атаңыздың туған күнін де білмейсіз. Төсіңіздегі белгіден аты-жөніңіз бен лауазымыңызды біліп алдық. Солай ғой, ә жігіттер! Анау төменірек отырған екі жігіт журналист. Ертең газет бетіне жариялаймыз.

– Нені? – деді ол.

– Сіз әлі түсінбей отыр екенсіз ғой! Бүгін бүкіл әлем пролетариаттарының көсемі Ленин атамыздың туған күні. Біз сол кісінің туған күнін марапаттап тойлап жатырмыз. Ал Сіз әйеліңіздің өсегіне еріп, бізге тойлауға мүмкіндік бермей кедергі келтіріп отырсыз. Жігіттер, солай ма? – дедім.

– Ия, тура айтасыз! Солай жасаймыз, – деп олар да шуылдасты.

Қараймын, милиционердің жүні қайта тұрмастай болып жығылып қалды. Мына шетінен тақылдап тұрған бәлелерге қайдан тап болдым деді ме, әлде сауатсыздығынан сөзден қайта-қайта ұстала бергенінен, ертең арты ушығып кетер деп ойлады ма? Біраз есін жия алмай отырды да, әлден уақытта:

– Кешіріндер, жігіттер! Менен бір қателік кетті. Бүгін шынында да Ленин атамыздың туған күні ғой! Жоғарыға қайта көтеріліп, тойларыңызды жалғастыра беріңіздер! Шығынын мен өз мойныма аламын, – деді.

*– Түсінгеніңізге рақмет!*

*Ленин біздің атамыз,*

*Саясында жатамыз.*

*Қарсы келген дұшпанды,*

*Қақ жүректен атамыз. Кеттік жігіттер!* – дедім.

Бәріміз жылдам орнымыздан тұрып, милиционерді алдымызға салып алып жоғары көтеріліп тойымызды жалғадық. Шығынды милиционер төледі. Әйелінің де жүні жығылып зыр жүгіріп бізге қызмет істеп жүр. Кейіннен ойлап қарасам, осы оқиға олардың күнделікті кәсібі ме деп қалдым. Өйткені жеке жалғыз келіп қалған клиенттердің сөзін бұрмалап, милиционер күйеуін шақырып астына сүйрелеп есін шығарып қорқытып, біраз қаражаттарын тартып алатан сияқты көрінді. Әйтпесе, танымайтын адамда несі бар? Басқаша естіген ғой дейін десем, саңырау емес, құлағы сапсау бәрін есітіп зыр жүгіріп жүр. Солай болса «көп асқанға бір тосқан» деген осы болар.

Марқұм Ленин атамызға рақмет! Пролетариат көсемінің арқасында Мәскеудің өркөкірек милициясының көкірегін қарс айырып сабасына түсірдік.



**Мақалалар  
мен  
сұхбаттар**

## **АРЫСТАН БЕЙНЕЛІ САҢЫРЫҚ БАТЫР**

1991 жылдың 7 маусымындағы кешкілікте қазақ теледидарында «Елім-ай» атты бағдарламалық қойылым болды. Сонда байқаған бір жай, Алматы қаласының көшелерінде жүргізілген «Қазақтың қандай батырлары мен ұлы тұлғаларын білесіз?» деген сұрақ-сұхбатқа тек жас буын емес, алпыстан асып, ата сақалы аузына түскен кейбір ағаларымыз да мардымды жауап бере алмай, Абылай хан, Қабанбай, Бөгембай батырлардың төңірегінен аса алмай, намысынды қоздырып, амалыңды тауысқаны. Әрине, бұл жерде бәріміз де 70 жылдан астам уақыт өз билігін жүргізген коммунистік идеология қиянатын алға тартып құтыламыз. Дегенмен, өзімізден де бар ғой, ағайын. Неге асыл ұлдарымыз бен ерен ерлерімізді қадірлеп, қастерлемеске, баспасөз бетінен көптеген мағлұматтар беріп, көкірегімізді оятып, шерімізді таратпасқа.

Байқап отырсақ, қазақ халқы – басынан неше бір зұлматтар мен қанды қырғын соғыстарды өткізіп, бәрінен де қайыспай қайта көтеріліп, елдігін бұзбай, ерлігін мойындатқан халық.

Осындай дәуірлерді көп кешкен халықтың батыр тұлғалары мен ғұлама басшылары болмады деу Құдайдың алдында күнә болар.

Міне, осындай қазақтың атақты батырларының бірі – арыстан бейнесіне салынған тұяқты тұмар етіп тыққан Саңырақ батыр. Осы батыр туралы ел аузында қалған аңыздар мен мұрағаттарда жатқан деректерге сүйене есептегендегі жасы 300 жылға толыпты.

Бұл батырдың XVIII ғасырдағы Жоңғар басқыншылығының қазақ елі басына келтірілген зұлмат заманындағы «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама», «Сауран айналған», «Қайың сауған», «Аңырақай» аттарымен тығыз байланысты.

Қазақтың Оңтүстік аймағындағы Ұлы жүздің Ошақты руының Тасжүрек атасынан шыққан Саңырық батыр жас кезінен-ақ Жоңғар шапқыншылығының зардабын көреді. Жас кезінен ағасы Дәнен мен інісі Сарымерген үшеуі аң аулаумен айналысып, құралайдай көзге атқан мерген болып шығады. Саңырық ағасы Дәненмен Бетпақдаладан аң аулап жүріп, он екі бірдей бес қаруы

сай жоңғарларға кездесіп қалады. Жастайынан босқындықтың күйін кешіп, кеудесіне қанды кек ұялаған екі қазақ 12 қалмақты құлатып, аттарын олжалап, тірі қалғанын елге алып келген екен. Міне, содан бастап Саңырық аты кеңінен елге тарап, төңірегіне топтар ұйымдаса бастайды. Осылайша құрылған топтар аздап болса да аңдысып, жоңғарлардың шетке шыққанын аулап, топтарын қағып тастап, қару-жарығын, мал-мүліктерін олжалап, қуаттана бастайды. Бір-екі жылда бұлар ірі топқа айналып, Саңырықтың айналасына мыңдаған адамдар жиналады. Қанша күш қуаты көбейгенімен, бақайшығына дейін қаруланған жоңғар шапқыншылығының қуаты әлдеқайда жоғары екенін сезген Саңырық жан-жаққа жаушы жіберіп, бірігіп қимылдауға шақырады. Осындай бірігудің арқасында қазақ даласындағы жоңғар шапқаншылығынан езіліп-егілген, көкірегі шерге толы елдің ең алғашқы жеңісі Саңырық батыр мен Тайлақ батыр бастаған қолдардың Бұланты мен Бөленгі өзендерінің арасындағы «Қарасиыр» деген жерде жоңғарлардың Шона Даба бастаған қалың қолын күйрете жеңуге мүмкіндік беріп, қазақтың еті тірі жастарына дем береді. Бұл жеңіс туралы деректер жоқ емес, баршылық. Өкінішке қарай, ғалымдарымыз бен тарихшыларымыз бұл жеңіс туралы көп жазса да, неге екені белгісіз, Саңырық батыр атын жарыққа шығаруға асықпаймыз. Қазақ батырларының басын қосып, жаумен бірге алысуға шақырып, дәнекер болған бұл батыр Тайлақ батырмен бірге ең алғаш болып Бөгембай батырды жоңғарлармен болған қақтығысынан қалған 600-дей сарбаздармен күтіп алып, зор құрмет көрсетіп, ойланбастан өз ортасынан Бас батыр етіп қойған кеңпейілді, мейірбанды қас батыр еді. Саңырық батырдың Ұлы кеңестен кейінгі жоңғарлар аңырап қашқан «Аңырақай» жеңісінде де үлкен рөл атқарып, бас батырлардың бірі болғанына Софы Сматаевтың «Елім-ай» тарихи романындағы көптеген деректер айғақ болады. Осы жеңісте Саңырық батыр казактар жасағының бүкіл садақшылар тобын басқарған деген деректер бар.

Ұлы жеңіске үлесін қосқан бұл батыр туралы деректерді ғылымдар Ә.Диваевтың, В.Каллаурдың «Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесінің хаттамалары» атты еңбекте

жарияланған мәліметтерінен, Бөлтірік шешеннің айтқандарынан, тарихи романдар авторлары І.Есенберлиннің, Ә.Әлімжановтың, С.Сматаевтың кітаптарынан көптеп кездестіруге болады. Батыр туралы деректер республикалық баспасөз құралдары беттерінде жарық көре бастады.

Қазіргі өткенімізді саралап, өшкенімізді қайта жандырып жатқан кезде, деректері жойылып кетпей, сақталып қалған азғана асыл мұраларымызды бөліп-жармай сомдап, бір-бірімен сабақтастыра көрсетіп, аттары алты алашқа белгілі бабаларымызды кейінгі ұрпаққа жеткізіп, мәртебесін көтеріп, халқымыздың қаһармандығын паш етіп, көрсете білейік, ағайын!

*Мырзақасым Ниязбекұлы Байбек,*

*Алматы қаласы,  
«Алаш Орда» газеті,  
4 сәуір, 1992 жыл.*

## **САҢЫРЫҚ**

Атадан – ұлға, ұлдан – ұрпаққа үзілмей жалғасып, сонау ықылым замандардан там-тұмдап жеткен ерлердің есімі кең сахара даламызда кеңінен тараса, ол «алтын сандық» – ауыз әдебиетіміздің құдіреті мен күштілігінің арқасы. Міне, осындай мұраларымызға енді ғана оң көзбен қарап, халқымыздың тарихында аты аңызға айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, ұлттың айбарын, халықтың қаһармандығын паш ететін саңлақ батырларымыздың ерлік істерін жаппай жазып жүрміз.

Әр батырдың өз дәуірі мен өмір сүрген ортасына қарай атақ-данқы бар. Дегенмен, кеңестік жетпіс жылдан астам уақыт бойы бұрмаланып, тіпті тұншықтырылып тасталған тарихи ақтаңдақтардың әсерінен, кей батырдың есімі тарихтан біржола жоғалуға шақ қалды. Олар туралы мағлұматтар, ертеден ескерткіш болып қалған тарихи мұрағаттар уақытын және зерттеушісін күтуде.

Осындай күй кешіп жатқан қазақтың көрнекті батырларының бірі – Ұлы жүздің Ошақты руынан шыққан Саңырық батыр туралы деректер. Халқымыздың қамын жеп, жауына арыстандай атылып, алмастай серпілген бұл батырға кезінде ел-жұрты

арыстан бейнесін бойтұмар етіп берген екен. Ол туралы белгілі жазушы Ә.Әлімжанов «Жаушы» атты тарихи романында былай деп жазады:

«– Оның кеудесінде де менікіндей белгі бар, – деп Саңырық өзінің шомбал қолымен кеудесіне ілінген, бетінде арыстанның суреті бар, дөңгелек алтын тұяқты көтеріп көрсетті... – Осы белгімен бірге, халық бізге адал ұлымыз деп өзінің тағдырын да сеніп ұсынады. Мұндай белгіні ру басылары кез келген батырлардың бәріне іле бермейді...»

Осы бір диалог арқылы жазушы батырдың атақ-даңқы, абыройы мен айбарының үстем болғанын паш етеді.

XVIII ғасырдың бастапқы кезінде халқымыздың азаматтық тарихындағы аса бір ауыр кезең «Ақтабан шұбырынды» заманында жоңғар феодалдардың қазақ халқын қанға бөктіріп, түбегейлі құртып, аса құнарлы жерін тартып алуға бейімдеп ұйымдастырған 1711-1742 жылдар аралығындағы неше түрлі қанқұйлы басқыншылық жорықтарынан соң қазақтың келешегі қыл үстінде тұрды. Осындай қиын кезде де тіл табыса алмай, билік үшін таласып, елдің берекесін кетірген сұлтандар мен хандардан гөрі халық алдында өз ортасынан шыққан қарапайым батырлар орасан зор беделге ие болды. Саңырық, Малайсары, Кенже, Тайлақ, Бөгембай, Қойгелді, Ақша, Башқұрт, Таймаз, тағы басқа батырлар жеке-жеке топ құрып, ата жауға әр жерден бір тиісіп, құтын қашырды. Бірақ озық әскери жүйесі бар, тіпті зеңбіректермен қаруланған жоңғар шапқыншыларын аз санды, ұйымдасуы нашар мұндай жасақтар тоқтата алуы мүмкін емес еді, сондықтан жау қазақ жерлерінің оңтүстік-шығысында жатқан Талас өзенінің алқабына дейін жаулап алды.

Халық жасақтары ішінде жауына ең жайсызы Саңырық батырдың сарбаздары болатын. Түн жамылып жүздеген шақырым жол шегіп, тұтқиылдан жоңғар қосындарына шабуыл жасап, жүректерінде қорқыныш пен үрей туғызған Саңырық батыр сарбаздарынан даңқы тек жоңғарлар арасында ғана емес, исі қазақ даласында кең жайылды. Жауына өрттей тиіп, дауылдай шайқаған

сарбаздардың санатына қосылуға асыққан мындаған топтар мен қолдар, әр ұлт өкілдерінің құрамдары ағылып келе бастады. Бұл жөнінде тарих ғылымының докторы, профессор Қ.Қаражанов пен философия ғылымдарының докторы Ж.Дәдебаев «Жас алаш» газетінде жарияланған мақалада толық дәлел келтірсе (1991 ж. 27 қыркүйек), жазушы Ә.Әлімжанов «Жазушы» романында осы әрекеттерді былай суреттейді:

«Біртіндеп сарбаздарының санын көбейте түскен Саңырық жоңғарлардың екі мың, тіпті үш мың қылышы бар біріккен түмендеріне тұтқиылдан шабуылдап, олардың олжаларын тартып алып, тұтқындарды босатып, артынша дереу қоныстарын ауыстырып отырады. Оның өзі мен Малайсары мен Кенже батырдан өзге ешкім де ертең жоңғарлармен қай тұста айқас боларын, ал бүрсігүні бұлар қай жерге қоныс аударатынын алдын ала білмейтін...»

Мұндай деректер Софы Сматаевтың «Елім-ай» тарихи романында да көптеп кездеседі. Саңырық батырдың сарбаздарының саны, күн санап өскенімен жоңғар басқыншыларының әскер санынан әлдеқайда аз болатын. Азғана қолмен жауды түбегейлі жеңу мүмкін еместігін, сондықтан халықтың басын біріктіру керек екенін түсінген батыр өзі сындас батырларды бірлікке шақыруға ұмтылады. Бұл жоңғар шапқыншылары қайтсе де Саңырық батыр тұрағын тауып ойрандау үшін аш жолбарыстай алақтап, бар мүмкіншілікті іздестірген кезең еді.

Әнуар Әлімжанов былай дейді:

«Сөйтіп, Саңырықтың қолы көбейе берді... Жоңғарлардың әскері олардың ізіне түсуге әбден-ақ тәніп бақты. Жермен-жексен болған ауылдардың үстімен өрттей қаптады. Сондайда олар қазақтың ұлан-ғайыр даласы біржола талқандалып, енді бас көтерер ешбір күш қалмаған шығар деп ойлайтын. Алайда жер астынан шыға келгендей, тұтқиылдан тап берген қазақ қолы зәре-құтын ұшырып, көп шығынға ұшыратып, жоңғарлардың негізгі күшімен беттесіп ұрыспай, лезде зым-зыя, ғайып болады».



Мұндай іс-әрекеттерінен Саңырық батырдың өз уақытысындағы соғыс тактикасын шебер қолданып, тұтқиылдан шабуылдап, жаудың негізгі күшін біртіндеп ойсырата берген қолбасшылық қасиетін айқын танимыз. Осы кезде Саңырық батыр жаушысын Кіші жүзден шыққан Тайлақ батырға жіберді. Сөйтіп, екеуі бірігіп қимылдауға келісті.

Саңырық пен Тайлақ өздерінің бірігуі арқасында Бұланты мен Бөленті өзендерінің арасында 1727 жылы жоңғардың Шона Доба бастаған қалың қолын талқандағаны барлық тарихи деректерден мәлім.

Екі батырдың бірлесе отырып қолын талқандауы қайғылы қазақ халқының сол кездегі алғашқы жеңісі еді. Бұл жеңіс бүкіл жоңғар қосындарының жүрегіне қорқыныш пен үрей ұялатып, қазақтардың рухын көтеріп, олардың қанды кекке шақырды. Екі батыр даңқы сахараға кең жайылды.

Осы оқиға желісін көптеген романдардың авторы, қазақтың көрнекті жазушысы Илияс Есенберлин өзінің «Қарасиыр» деген жерде жоңғардың қалың қолын бетпе-бет айқаста ойсырата жеңді. Көп жоңғар осы арада қаза тапты.

Жоңғар мен қалмақты бір санайтын қазақ «Қарасиырды» енді «Қалмақ қырылған» деп атады, бұл жеңіс қазақ елінің рухын көтерді, қанды кекке шақырды.

Бұл жеңіс қазақ халқына жайылып кетті. Бұрынғыдай аздаған топтар емес, енді мыңдаған қолдары бар батырлар бірігіп, шешуші айқасқа дайындала бастады. Саңырық пен Тайлақ қолдарының Бөгембай қолымен бірігуін Әнуар Әлімжанов былай деп жазады: «...Жоңғарлардың көмекке келе жатқан тың күшін талқандап, кейін қарай қуып тастаған соң, өзінің алты жүз сарбазын бастап Бұлантыға қарай жол тартқан Бөгембай батырды Саңырық пен Тайлақ зор қошеметпен қарсы алды. Қапсағай бойлы, кең кеуделі Бөгембай ақжарқын, сабырлы еді. Ол батырлармен шын жүрекпен құшақтасып, көрісіп, өзінің дарқан мінезімен құрмет пен сенімге ие болды. Тойдан кейін Тайлақ та, Саңырық та ақылдаспай бірауыздан Бөгембайды орталарының бас батыры етіп сайлады».

Осылайша басталған бас біріктіру бүкіл қазақ баласының Ұлы жүздің Төле би, Орта жүздің Қаз дауысты Қазыбек биі, Кіші жүздің Әйтеке биі дәнекерлік еткен Ұлы кеңесін жинауға себепкер болған еді.

Ұлы кеңес қорытындысы Ұлы жорыққа ұласты. Бұл жорық Соф Сматаевтың «Елім-ай» романының желісіне арқау болған, жоңғарлар аңырып қашқан, «Аңырақай» атты ұлы жеңіске жеткізді. Бұл жорықта да Саңырық батырдың аты Бөгембай, Қабанбай, Тайлақ батырлардың есімдерімен қатар аталып, жорық сапында бір қатарда тұрады.

Өкінішке қарай, Саңырық батырдың есімі ғылыми әдебиет пен баспасөз беттерінде аталмауда. Бұланты мен Бөленгі Өзендері бойындағы алғашқы ірі жеңіс Қазақ КСР тарихы беттерінен қағажу көріп, оның 3-томында ғана бір жолмен «Торғай даласының оңтүстік-шығыс жағында, Бұланты мен Бөленгі өзендерінің жағасында кейін «Қалмақ қырылған» деп аталған Қарасиыр дейтін жерде қазақ жасақтарының жоңғар феодалдарымен ірі шайқасы болды. Ә.Диваевтың археология әуесқойларының Түркістан үйірмесінің хаттамасына 1905 жылы қосымшасында жарияланған аңызда Жоңғар әскерлерінің «Түгел талқандалып, Бұланты-Бөленгіге қашқаны, осының өзінде қырғыздардың (қазақ) Қарасиыр түбінде өте тамаша жеңіске жеткені хабарланады» делінген.

Дегенмен, бұл еңбектерде көрсетілген деректер мұнша жадағай емес еді. Республикамыздың көрнекті ғалымдары, тарих ғылымының докторы Ж.Дәдебаевтың да пайымдауы осылай. Олардың осы түпнұсқалары (археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі мәжілісінің хаттамалары мен оның қосымшалары) зерттеп, 1991 жылы 27 қыркүйекте «Жас алаш» газетінің бетінде жарияланған «Саңырық батыр «Ұлы кеңеске» шақыру алғанда 35 жаста болатын» деген тұжырымға үңіле түскен ғалымдар былай дейді: «Ұлы Кеңес Түркістан қаласының оңтүстік шығысында Ордабасы деп аталатын жерде 1726 жылы өткен. Тарихи аңызда айтылып отырған «Ұлы Кеңес» осы кеңес

болса, Саңырық батыр 1726 жылы 35 жаста болған деп шамалау керек. Сонда батырдың туған мерзімі 1691-92 жылдың тұсына сай келеді. Соған орай, жоңғар басқыншыларына қарсы қол бастаған, алғаш жаудың бетін қайтарған белгілі қазақ батырларының бірі – Саңырықтың туғанына 1991 жылы 300 жыл толады деп айтуға болады».

Осы «Ұлы кеңеске» қатысқан көптеген батырлар мен бірге Саңырық есімі белгілі қаламгерлер Ілияс Есенберлин, Әнуар Әлімжанов, Софы Сматаевтың тарихи романдарында ерекше ілтипатпен аталады.

Мысалы, Софы Сматаев «Елім-ай» романында «Ұлы Кеңеске» жиналғандар туралы былай дейді:

«...Олар Ұлы жүздің биі – Төле, Орта жүздің биі – Қаз дауысты Қазыбек, Кіші жүздің биі Жалаңтөс батырдың інісінің немересі Әйтеке; Сұлтандар: Барақ, Батыр, Сәмеке, Әлмембеттер еді... Батырлардан Бөкенбай, Елшібек, Есет, Жәнібек, Аралбай, Қуат, Сайырық ілесті. Ақтамберді жырау әлденеге күле түсіп, Бұқарды қолтықтап алып орта тұста табалдырықтан аттады».

Мұндағы Бөкенбайдың Бөгенбай, Сайырықтың Саңырық екені даусыз. Софы Сматаевтың романындағы Сайырық, Әнуар Әлімжановтың «Жаушы» романындағы Саңырық батыр, Ілияс Есенберлиннің «Жанталасындағы» Саңырық батыр – бәрі бір кісі екенін мына деректер айқындай түседі.

Ә.Диваев пен В.Каллаур жоғарыда келтірілген 1905-1908 жылдардағы «Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі мәжілісінің хаттамаларына қосымшаларында» «Қырғыздардың (қазақтардың) Ошақты руының ішінде Тасжүрек деген атадан шыққан Саңырық атты батыр болды» деп жазса, Софы Сматаев «Елім-ай» романының бірінші кітабының 149-150 беттерінде Үш жүз қазақтарының құн дауына, жесір дауына жиналған үлкен жиынындағы бір көріністі бейнелеуде романның негізгі кейіпкерлерінің бірі Сайырықты былай деп атап кетеді:

«Ұлы жүзден жас серік Дулаттың Бөкейін ерткен Райымбек батыр, Ошақты Сайырық пен Дәулет, қыпшақ Маңдай, Уақ, Сары, Жетіру, Есет».

Әнуар Әлімжанов «Жаушы» романында «Манай қарттың кенже ұлы бағы жанған жігіт екен... Тобықты руының жігіттерінің көмегімен жоңғардың мал айдаған әскерлерінен жылқы бөліп ап, бір-бір атқа ие болған соң, Сарыарқаға бет түзеген, сондағы Тасжүрек руынан шыққан Саңырақ батырдың сарбаздарына кеп қосылған...» (96-бет) дейді.

Ілияс Есенберлиннің жоғары келтірілген үзіндісінде де «... Ұлы жүздің Ошақты руынан шыққан Саңырық батыр...» деген жолдары бар.

Міне, осы шығармалардың бәрі де 1711-1742 жылдарды қамтып, ондағы кейіпкерлер Саңырық, Саңырақ болып аталғанмен, бәрінде де батырдың Ұлы жүз Ошақты руынан, ал баз біреуінде Ошақтының Тасжүрек деген атасынан шыққаны баса айтылады. Жамбыл облысы Талас ауданының Үшарал ауылында тұратын Саңырақ батырдың ұрпақтары мен Ошақты руының адамдары Тасжүрек бір-ақ Саңырақ батыр болғанын айтады. Оның үстіне барлық деректерде де оның Тайлақ батырмен бірге қимылдағаны баса көрсетіледі.

Саңырық батырдың «Ұлы Кеңестен» кейін жоңғарлардың қазақ жасағынан күйрей жеңілген «Аңырақай» шайқасында да көрнекті қолбасшы, бас батырдың бірі болғанын Софы Сматаевтың «Елімай» романының мына жолдары анықтай түседі: «...Әбілқайырдың қасында Бөкенбай батыр келеді, сәл кейіндеу Жәнібек, Райымбек, Қабанбай, Сайырықтар...». Ал, Бөкенбай мен Сайырықтың кім екенін жоғарыда айттық.

Демек, Қ.Қаражанов пен Ж.Дәдебеуының Саңырық батырдың туғанына 1991 жылы 300 жыл толды деген тұжырымдарын осы деректер қуаттай түседі, әрі оның өз заманының көрнекті қайраткері, асқақ тұлғалы асыл ұлдарының және жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте қазақтың қас батыры, ұлы қолбасшыларының бірі болғанын дәлелдейді.

*Мырзақасым Байбеков,  
«Қазақ әдебиеті» газеті,  
31 шілде, 1992 жыл.*

## **СОЦИАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ – ЗАЛОГ РОСТА ЭКОНОМИКИ**

**Мырзакасым БАЙБЕКОВ,  
заместитель акима Жамбылской области**

За двенадцать лет независимости, несмотря на молодой возраст государства, благодаря мудрой политике и четким программам Главы государства Нурсултана Абишевича Назарбаева улучшилось благосостояние народа. Темпы экономического, социального и политического развития опережают темпы развития соседних стран из СНГ. Основа экономики, ее стабилизация и ощутимый вклад страны мировой общественностью.

Все произошедшие экономические преобразования в стране можно разделить на четыре этапа.

Первый этап (1992-1993 годы) – начало коренной трансформации экономических отношений, несмотря на зависимость нашей экономики от ситуации в российской экономике, обусловленное отсутствием национальной валюты и механизма проведения собственной макроэкономической политики.

Второй этап. Благодаря вводу в ноябре 1993 года национальной валюты и формированию собственной макроэкономической политики стали возможны переход на рыночные экономические отношения, создание основ многоотраслевой экономики с преобладанием частного сектора, развитие институтов рыночной экономики, появление относительно равновесного потребительского рынка, начало снижения уровня инфляции и процентной ставки финансового рынка, наметились тенденции стабилизации в ряде отраслей промышленности.

Третий этап (1997-2002 годы) – достижение относительной стабильности, положительной динамики основных макроэкономических показателей.

Четвертый этап характеризуется значительным прогрессом в динамике объемов роста валового внутреннего продукта,

промышленного производства, сельскохозяйственной продукции и инвестиционной деятельности.

Экономика Жамбылской области как часть экономики страны прошла все пути становления независимого молодого государства. Сегодня область вносит свой вклад в общую государственную социально-экономическую политику.

Удельный вес валового регионального продукта Жамбылской области в республике постоянно растет. В его структуре 26,3 процента занимает промышленное производство. Валовой региональный продукт на душу населения составляет 11,3 тысячи тенге.

В промышленности сохраняется устойчивая тенденция роста объемов производства. Производство промышленной продукции с 23,4 миллиарда тенге возросло на 42,7 миллиарда. Индекс физического объема составил в 1999 году 100,3 процента, в 2000 году – 105,2, в 2001 году – 121,5, в 2002 году – 102,3, в январе-ноябре 2003 года – 113,4 процента.

Доминирующая роль в структуре промышленности принадлежит обрабатывающей отрасли, удельный вес которой в общем объеме промышленного производства возрос с 52 до 86 процентов.

В области проведены работы по модернизации и реконструкции существующих производств, что способствовало продукции и освоению ее новых видов.

На ЗАО «Жамбылгипс» задействовано новая шаровая мельница по производству мраморной и известняковой муки, сухих строительных смесей, размолу гипса, освоено производство селективного гипса для изготовления облицовочных материалов.

Филиалом ТОО «Казфосфат – НДФЗ» освоено производство пищевой фосфорной кислоты, пищевого триполифосфата натрия. Таразским филиалом «Минеральные удобрения» – налажен выпуск простого суперфосфата, нитроаммофоса, высококонцентрированных кормовых фосфатных добавок. На ТОО «Химпром-2030» задействованы производственные мощности по выпуску желтого фосфора, ортофосфорной кислоты, электродной массы.

Проведена реконструкция на АО «Кант». Возобновлено производство на Меркенском сахарном заводе, простаивавшем с 1996 года, что позволило в текущем году увеличить выпуск сахара в области в 1,4 раза.

На ТОО «БМ» освоили производство лекарственных препаратов, натуральных напитков, соков, кетчупов, варенья, джемов. Расширено производство по выпуску кроун-пробок; введены в действие цех по изготовлению муки и завод по выпуску протеиновых комбикормов производственной мощностью 150 тон в сутки. Задействована новая линия по глубокой переработке зерна – производству глютена (клейковины) мощностью 20 тонн в сутки.

Заводом металлоконструкций освоен выпуск цистерн и металлоконструкций для нефтяной промышленности, ОАО «Промхиммонтаж» – производство пластиковых окон, тротуарных плиток, ТОО «Триплекс-Автосервис» – производство лобовых стекол.

Завершена модернизация узловой подстанции «Шу-220» ОАО «KEGOK», что значительно повысило надежность транзитных линий электропередач.

Реализация республиканской программы импортозамещения способствовало росту объемов промышленного производства в области. Активное участие в ней приняли ЖЗМК ОАО «Имсталькон», ТОО «Химпром-2030» и ряд других предприятий области.

Значительные результаты в обрабатывающей промышленности области обеспечены за счет увеличения объемов производства в химической, перерабатывающей и текстильно-швейной промышленности.

Стабилизировалась деятельность предприятий химии. Индекс физического объема производства здесь в 2000 году составил 132,4 процента, в 2001 году 2,8 раза, в 2002 году 123 процента. С 1999 года выпуск желтого фосфора увеличился в 8,5 раза, триполифосфата натрия – 2,8, ортофосфорной кислоты – в 3,2, минеральных удобрений – в четыре раза.

За счет активной деятельности ПК «Фабрика ПОШ» и филиала компании «Казахстан Вул Процессорз» по производству мытой шерсти достигнуты положительные результаты в текстильной и швейной промышленности.

Успешно развиваются производства по переработке сельскохозяйственной продукции, в том числе по производству пищевых продуктов. Удельный вес их в общем объеме промышленного производства за эти годы возрос с 22,1 до 40,3 процента.

С вводом в эксплуатацию первой очередей Амангильдинского гозаконденсатного месторождения в области начала развиваться газодобывающая отрасль.

В сельском хозяйстве наблюдается устойчивое развитие производства, обусловленное ростом урожайности сельскохозяйственных культур, поголовья животных и их продуктивности. Рост валовой продукции сельского хозяйства в 2000 году составил 19,1 процента, в 2001 году – 3 процента, в 2002 году – 13,2, за одиннадцать месяцев 2003 года – 10,5 процента.

В растениеводстве площади посевов сельскохозяйственных культур увеличены за последние годы на 46,2 тысячи гектаров.

Валовый сбор большинства сельскохозяйственных культур превысил уровень 1998 года. В текущем году достигнута наибольшая урожайность зерновых колосовых за последние 15 лет – 20,5 центнера с гектара. Эти достижения во многом связаны не только с благоприятными погодными условиями, но и с переходом на новые условия земледелия.

На протяжении последних четырех лет в животноводстве наблюдается тенденция роста поголовья скота и птицы, производства продукции. За одиннадцать месяцев 2003 года произведено 58,7 тысячи тонн мяса в живом весе, то есть увеличение к соответствующему уровню 1998 года на 28 процентов, молока – 201,6 тысячи тонн (полтора раза), яиц – 77,6 миллион штук (2,2 раза).

Поголовье крупного рогатого скота – 244 тысяч голов (увеличилось на 77 процентов по сравнению с 1998 годом), овец и коз – 1632,3 тысячи (на 72 процента), лошадей – 66,1 тысячи (на



38 процентов), верблюдов – 3,7 тысячи (на 37 процентов), птицы – 1311 тысяч голов (на 88 процентов).

Все эти успехи связаны с развитием племенного животноводства. В области задействованы дистрибьюторский центр по выращиванию племенных животных, семь племенных заводов и 32 репродуктора. В целях развития племенного животноводства и расширения торгового партнерства между сельхоз-товаропроизводителям в области ежегодно проводятся выставки – аукционы племенного скота. На последнем аукционе, проходившем в этом году на базе племрепродуктора ТОО «Гамбург», было продано племенного скота на 79,4 миллиона тенге.

С 1998 года принимаются активные меры по созданию рыночной инфраструктуры агросервиса, в результате чего сегодня работает 14 машинно-технологических станций, 23 оптово-продовольственных рынка, три заготовительных пункта. Созданы 63 ассоциации сельхозтоваропроизводителей и пять сельских кредитных товариществ.

Претворяются в жизнь многие конкретные мероприятия Государственной агропродовольственной программы. На проведения весеннее-полевых и уборочных работ в этом году сельчанам выделен беспроцентный кредит из республиканского бюджета на общую сумму 110 миллионов тенге, из областного бюджета на пополнение оборотных средств – 108 миллионов тенге. В целом, по всем республиканским бюджетным программам на развитие отрасли направлено 629,4 миллиона тенге.

Транспорт Связь. Грузооборот всех видов транспорта с 1999 года увеличился в 1,7 раза. За одиннадцать месяцев 2003 года перевезено 318 миллионов пассажиров, что в 8,2 раза больше, чем в 1999 году, в том числе автомобильным – 314,2 миллиона.

Для удовлетворения внутренней потребности автотранспортные предприятия начали пополнять парк машин новыми комфортабельными автобусами для городских и междугородных перевозок.

Грузов перевезено 37,6 миллиона тонн, что в 3,2 раза больше объема перевозок 1999 года, в том числе автомобильным транспортом – 34,3 миллиона тонн.

Одно из ключевых мест в железнодорожном комплексе республики занимает Жамбылское отделение перевозок ЗАО «НК «Казахстан темир жолы». В последние годы наблюдается тенденция к увеличению перевозок.

Воздушный транспорт области представлен авиакомпанией «Авиатранс», которая арендует самолеты для выполнения рейсов. В 2002 году возобновлена работа аэропорта «Аулие-Ата», а с июня открыто воздушное авиасообщение Тараз – Астана – Тараз.

Произошли изменения в сфере телекоммуникаций. Введены в эксплуатацию станция спутниковой связи и три наземных станций. Проводится работа по замене морально устаревших аналоговых АТС на электронно-цифровые станции.

Предприятиями связи за январь-октябрь 2003 года оказано услуг на 1898,8 миллиона тенге, в том числе населению – на 1002,7 миллиона.

Наблюдается динамичный рост показателей **развития субъектов малого предпринимательства**. Объем произведенной ими продукции увеличился с 1999 года почти на 85,6 процента. Количество их возросло на 75 процентов, численность работающих увеличилась на 11,4 процента и составила 115,3 тысячи человек.

Увеличению объемов продукции способствовало открытие новых производств малого бизнеса: в Кордайском районе – ТОО «Завод камнеобработки» по добыче камня для строительных работ, ТОО «Булгарконсервпродукт» по переработке и консервированию фруктов и овощей; в Меркенском районе – «Завод лимонной кислоты» по производству эфирных масел; в районе Т.Рыскулова – ТОО «Шалкар-коммерц» производству готовых кормов для домашних животных; в Таразе – ТОО «Бис – Тараз» по производству какао, шоколада и кондитерских изделий длительного хранения.

Из областного бюджета в виде льготных кредитов сельхозтоваропроизводителям выделено 20,3 миллиона тенге.

В 2002 году Республиканский информационно-выставочный центр по малому предпринимательству открыл в Таразе филиал.

Оживляется **инвестиционная деятельность**. Темпы роста объемов вложенных в основной капитал инвестиций по сравнению с 1999 годом возрос в 12,3 раза.

Всего с 1999 года на воспроизводство промышленного сектора, производственной инфраструктуры и социального сектора экономики использовано 52,6 миллиарда тенге отечественных и зарубежных инвестиций. Большую часть (56,7 процента) их объема составляют частные капиталы отечественных и зарубежных инвесторов.

Доля ассигнований из государственного и местного бюджетов составляет почти 43,3 процента, объем капиталовложений – 22,8 миллиарда тенге.

Большая работа проведена акимом области С.А. Умбетовым, при непосредственной поддержке Главы государства Н.А. Назарбаева, по освоению и введению в эксплуатацию технологического комплекса Амангельдинского газоконденсатного месторождения.

На освоение его первой очереди из республиканского бюджета выделено 9,9 миллиарда тенге, использованные средства ЗАО «КазТрансГаз» превысили семь миллиардов тенге. В связи с этим возрос удельный вес капитальных вложений в горнодобывающую промышленность.

За счет ассигнований республиканского бюджета в 1999-2003 годах были введены в эксплуатацию общеобразовательные школы на 1028 ученических мест. В ближайшее время ожидается ввод в действие еще трех школ на 1774 учащихся.

Средства местных бюджетов были использованы и капитальный ремонт объектов образования и здравоохранения в сельских населенных пунктах области и Таразе, проведение работ по обустройству областного центра, освещению и ремонту уличной сети автодорог и реконструкцию ипподрома, реализацию санитарно-эпидемиологических мероприятий и восстановление систем водоснабжения на селе.

Завершилась реализация проекта комплексной реконструкции 1144 гектаров орошаемых земель в Шуском районе.

Завершаются работы по ликвидации последствий разрушительного землетрясения в районе Т.Рыскулова, для чего из резерва Правительства выделено 6,8 миллиарда тенге.

Отечественными инвесторами в обновление основных фондов области вложено 28,6 миллиарда тенге собственных средств и кредитных ресурсов банков, использованных на создание

новых и расширение действующих производств, модернизацию и восстановление деятельности простаивающих предприятий пищевой промышленности и химического комплекса.

**Внешнеэкономическая деятельность.** В конце 2000 года область имела отрицательное сальдо торгового баланса. С 2001 года объем внешнеторгового оборота области стал постепенно расти: в 2001 году – на 30,3 процента к уровню предыдущего года, в 2002 году – на 8,2 процента, за одиннадцать месяцев 2003 года – на 39,3 процента, в том числе экспорт: в 2001 году – на 17,2 процента, в 2002 году – на 24,6 в 2003 году – на 29,6 процента.

Наибольший объем экспортных поставок приходится на продукцию филиалов ТОО «Казфосфат». За одиннадцать месяцев текущего года возрос экспорт желтого фосфора, минеральных удобрений, триполифосфата натрия, а также сахара, пшеницы.

Значительная часть объема импорта (38,2 процента) приходится на продовольственные товары, в том числе на сахар-сырец.

Поставки машин, оборудования, транспортных средств, приборов в объеме импорта составляют предназначенные для проведения работ на Амангельдинском газовом месторождении.

В связи с большими объемами строительства в районе Т.Рыскулова в 1,9 раза, по сравнению с 2002 годом, увеличилась поставки строительных материалов.

В настоящее время область торгует с 51 страной мира (в 1996 году – с 28), и с каждым годом меняется структура торговых отношений.

Стабилизация экономики позитивно отражается на поступлении налогов и других обязательных платежей в бюджет. За последние годы удалось не только стабильно выполнять прогнозные показатели, но и перевыполнять их с ежегодным приростом поступлений в 1,6 – 2,3 миллиарда тенге.

Наибольший удельный вес в общем объеме всех поступлений (не менее 75 процентов) составляют корпоративный и индивидуальный подоходный налоги, налог на добавленную стоимость и подоходный налог.

Если налоговые поступления в 1999 году составляли 7,4 миллиарда тенге, то поступления этого года прогнозируются в сумме 14,9 миллиарда тенге, или в два раза больше.

За январь-ноябрь текущего года в бюджет поступило налогов 14320,4 миллиона тенге, или 107,1 процента к прогнозу, из них 7060 миллионов тенге, или 49,3 процента от общего объема, отчислены в республиканский бюджет. Прирост поступлений по сравнению с аналогичным периодом прошлого года составил 2340,9 миллиона тенге.

Бюджет области исполнен по доходам на 100,9 процента к плану.

За последние годы замедлились темпы инфляции: ежегодный индекс не превышает 106-108 процентов. Тем не менее, в начале октября наблюдалось удорожание всех социально значимых потребительских товаров и услуг. **Индекс потребительских цен**, характеризующий уровень инфляции, в ноябре составил 110,9 процента, в том числе на продовольственные товары – 113,1, непродовольственные – 108,8 по платным услугам – 108,4 процента.

Работа шести рабочих групп при областном штабе по регулированию цен на товары народного потребления привела к изменению ситуации на рынке продовольственных и непродовольственных товаров: оперативно удалось приостановить рост цен на хлеб (стоимость булки не превышает 23 тенге). Начиная со второй декады ноября, стали постепенно снижаться цены на горюче-смазочные материалы. Есть возможность целенаправленными мерами снизить индекс цен к концу года.

**Социальная сфера.** Номинальные среднедушевые денежные доходы населения за пять лет выросли в два раза и составил 5332 тенге. Рост доходов населения происходит за счет повышения уровня заработной платы, пенсий, пособий и других социальных выплат. Номинальная заработная плата выросла за истекшие пять лет на 93 процента и на 1 ноября составила 14605 тенге, ее уровень в настоящее время превышает величину прожиточного минимума в 3,2 раза, минимальный размер оплаты труда – в 2,9 раза. Минимальный размер пенсий составляет 5500 тенге, средний размер пенсии по области – более семи тысяч тенге.

Величина прожиточного минимума с 1999 года увеличилась почти на 47 процентов и составил на 1 декабря текущего года 4530 тенге.

В текущем году начата реализация областной программы по снижению бедности на 2003-2005 годы.

Сокращается число полностью и частично простаивающих предприятий. Число безработных, официально зарегистрированных в органах занятости, сократилось на 25,7 процента. На 1 декабря на вакантные и новые рабочие места трудоустроено 8685 человек. К оплачиваемым общественным работам привлечены 2516 безработных, к сезонным и временным – более 20 тысяч. С начала года начата работа по заключению договоров с работодателями и службами занятости. В результате заключено более тысячи договоров, выявлено около 500 вакантных рабочих мест.

С 2001 года существует сеть клубов поиска работы, где обучают безработных современным методам трудоустройства. Введена практика проведения ярмарок-вакансий. С 1999 года численность бедного населения сократилась более чем на 130 тысяч человек. Уровень бедности на 1 декабря 2003 года составил 10,2 процента против 23,6 процента на начало 2000 года.

Ежегодно увеличиваются объемы бюджетных средств, предусмотренных на социальные выплаты. Только за 2003 год на поддержку малообеспеченных граждан из местных бюджетов выплачено в виде социальных пособий 661,7 миллиона тенге. В целях совершенствования социальной поддержки граждан в 1999 году в Таразе открыт Центр социальной адаптации для лиц без определенного места жительства, в 2000 году – Кризисный центр «Карлыгаш» для женщин и детей, подвергшихся насилию, в Каратау – Дом ветеранов и инвалидов на 70 мест. Ведется работа по созданию службы социальной помощи на дому для детей с ограниченными возможностями. Реализуется программа социальной поддержки инвалидов.

**Образование.** Расширяется сеть общеобразовательных школ в соответствии с государственным гарантированным нормативом. С 1999 года число общеобразовательных школ увеличилось на 39, сеть детских дошкольных учреждений – на 17, внешкольных учреждений – на 10, пришкольных интернатов – на три. Достигнута устойчивость сети начального и среднего профессионального

образования, растет число детей, обучающихся в профшколах и колледжах за счет средств бюджета.

Для обучения особо одаренных и талантливых детей в 2001 году открыта областная школа-интернат «Дарын». За 2002-2003 годы за счет всех источников финансирования было построены восемь новых школ, пристройки к существующим зданиям, завершается строительство еще трех школ в районах. Кроме того, в рамках мероприятий по ликвидации последствий землетрясения в районе Т.Рыскулова за счет средств республиканского бюджета к 1 сентября введены четыре новых школы и 12 капитально отремонтированы.

Продолжается реализация программ по здравоохранению, улучшается материально-техническая база лечебно-профилактических учреждений на селе. На постоянном контроле – реализация Программы «Здоровье народа». Приостановлен рост заболеваемости туберкулезом, снижается уровень смертности.

В рамках реализации программ Года здоровья проведена паспортизация детей от 12 до 18 лет и взрослого сельского населения.

Сеть больничных учреждений увеличилась за пять лет на 15 единиц, открыто три противотуберкулезных диспансера, девять фельдшерского-акушерских пунктов, 40 фельдшерских пунктов. Открыто отделение принудительного лечения больных туберкулезом.

За последние два года улучшена материально-техническая база здравоохранения: приобретено 47 автомашин, шесть легковых подарены спонсорами. Приобретаются компьютеры, холодильное оборудование. Значительно улучшилось обеспечение больниц и отдельных категорий населения лекарственных препаратами.

Эффективно используя сегодняшние возможности на пути экономического развития области, уверенно вступаем в будущее.

*«Знамя труда» Жамбылская областная газета,  
Четверг, 18 декабря 2003 года.*

## **ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ АЯСЫНДА өңірлік даму стратегиясын жүзеге асырудың негізгі бағыттары**

### **Мырзақасым БАЙБЕКОВ, облыс әкімінің орынбасары**

Ел Президенті Қазақстан халқына үстіміздегі жылдың наурыз айындағы Жолдауында алдағы он жыл ішінде әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиялық міндетін қойды. Ол бойынша Қазақстан өзінің артықшылықтары мен алдағы мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өңірдің экономикалық көшбасшысы болуға және оның дамыған индустриалды-технологиялық орталығына айналуға ұмтылуы қажет. Ал, бұл мақсатқа жету үшін елімізде өңірлер бәсекеге қабілеттілікке мамандануы және еліміздің аймақтық-экономикалық ұйымдасуының тиімді моделі қалыптасуы қажет.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Елбасының Жолдауын іске асыру жөнінде 2006-2008 жылдарға арналған Бағдарлама және Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын қабылдады. Онда еліміздің таяу жылдардағы дамуының мынадай басымдықтары белгіленген:

1. Әлемдік экономикаға ойдағыдай кірігу – елдің экономикалық дамуының сапалық серпілісінің негізі.

2. Қазақстан экономикасын тұрлаулы экономикалық өрлеудің іргетасы ретінде одан әрі жаңарту мен әртараптандыру.

3. Халықтың неғұрлым «әлжуаз» топтарын қорғайтын және экономикалық дамуына қолдау көрсететін осы заманғы әлеуметтік саясат.

4. Осы заманғы білім беруді дамыту, мәдениетті өркендету және халықтың рухани әлеуетін дамыту.

5. Демократияны одан әрі дамыту және саяси жүйені жаңарту, ұлтаралық және мәдениетаралық келісімді сақтау.

6. Осы заманғы қауіп-қатерлер мен қыр көрсетулерге қарсы бара-бар ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру.

7. Теңдестірілген сыртқы саясатты одан әрі іске асыру.



Алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін Президенттің тапсырмасы бойынша Экономика және бюджеттік министрлігі Қазақстан Республикасының аумақтық дамуының 2015 жылға дейінгі Стратегиясын әзірлеуде, мұнда еліміздің бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастыру және дамыту еліміздің әлемдік рынокта:

Минералды тыңайтқыштарды, оларды қайта өңдеу өнімдері мен астық өнімдерін ірі өндіруші және өткеруші;

Еуропалық, азиялық-тынықмұхиттық және оңтүстік-азиялық экономикалық жүйелерін өзара іс-әрекетінің трансқұрлықтық экономикалық көпірі ретінде.

Өңірлік рынокта:

Өңірлік рынокқа өнеркәсіп және ауыл-шаруашылық өнімдерін ірі өткеруші;

Өңірдің осы заманғы сервистік орталығы;

Өңірдің инновациялар орталығы ретінде орынды иеленуіне бағытталатын болады.

Бүгінгі таңда өңірлердің тиімді дамуы аумақтардың өндіріс әлеуметтерін іздестіруге, сондай-ақ оларды іске асыру тетіктерін дамытуға байланысты болмақ. Осы мақсатқа қол жеткізудегі ерекше рөлі қаржыландырудың нарықтық көзі ретінде сыртқы және ішкі инвестицияларды тартуға беріледі. Облыстың әлеуетін бағалау және іске асыру оның бастамасы болып табылады. Облысымыздың әлеуетін іске асырудың негізгі тетігі – кәсіпкерлік, институтционалдық капиталды, халық қаржысын бизнесті дамыту, халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсарту жобаларын салуға қолайлы ықпал ететін шарттардың жиынтығы ретінде инвесторлар үшін инвестициялық ахуал жасау. Бұл тетіктің бастапқы алғышарты облыс экономикасын әртараптандыру, оның өндірістік әлеуетін пайдалану есебінен мономаманданудан алшақтау, қайта өңдеу секторын дамыту, қосымша құны жоғары деңгейдегі сапасы және ғылыми сыйымдылығы аса жоғары тауарлар шығару болып табылады.

Ұлттық және өңірлік экономикада бәсекелестікке қабілетті мамандануды қалыптастыру және облыстық экономикалық әлеуетін тиімді, ауқымды түрде ұйымдастыру мақсатында облыс

әкімі Б.Жексембиннің басшылығымен Жамбыл облысының ұзақ мерзімді перспективаға арналған Стратегиялық даму жоспарының жобасы әзірленуде. Ол «Қазақстан – 2030» стратегиясының, Елбасының Қазақстан халқына Жолдауының, Қазақстан Республикасының аумақтық даму стратегиясының негізінде қалыптастырылуда. Стратегиялық жоспардың негізгі мақсаты – тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету, жоғары қосымша құнды салаларды қалыптастыру, облыс халқының әлауқатын жақсарту болып табылады. Мақсатқа қол жеткізу үшін мына міндетті шешу көзделуде:

Облыстың индустриалдық-инновациялық дамуы және өңірлік класстерлерді дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

Аумақтардың өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту;

Білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғаудың тиімді жүйесін жасау, халықтың тұрмыс-тіршілігін сапалық тұрғыдан жақсарту.

Бұл міндеттерді іске асыру үшін мынадай басымдықтар белгіленетін болады:

Өнеркәсіптік және ауылшаруашылық өндірістің тұрақты өсімін қамтамасыз ету, бәсекелестікке қабілетті өнім шығару, ғылыми сыйымды және ресурс сақтағыш технологияларды ендіру.

Көлік-телекоммуникация жүйесін дамыту;

Әлеуеті төмен ауылдық елді мекендерді дамыту үшін жағдайлар жасау, халықтың тұрмыс-тіршілік деңгейін көтеру;

Медициналық көмек көрсетудің тиімді жүйесін қалыптастыру, халықтың денсаулығын жақсарту;

Көп деңгейлі білім беру жүйесін жетілдіру, қоғамның сұранысын қамтамасыз ететін кадрларды даярлау үшін жағдайлар жасау;

Еңбек ресурстарын оңтайлы пайдалану, халықты, бірінші кезекте, әлеуметтік қорғалған және мақсатты топтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу;

Экологиялық жағдайды жақсарту.

Стратегиялық жоспарды бәсекеге қабілетті экономикалық мамандануды және тауарлар мен қызметтердің ұлттық және

өңірлік рыноктарындағы ұстанымын қалыптастырудың негізгі бағыттары анықталатын болады.

Облыстың әлемдік рынокта фосфорлық шикізат, сары фосфор, минералды тыңайтқыштар, фосфор қышқылы мен глютен өндіруші және өткеруші ретінде әлеуметтік мүмкіндіктері бар. Өңірлік және ұлттық рынокта қалбырланған жеміс-көкөніс өнімдерінің, құрылыс материалдарының (кірпіш, гипс, темірбетон бұйымдары) өндірушісі және өткерушісі болып, отандық тепловоздарды жөндеу, жаңалау және жинау қызметтерін көрсете алады. Үлесіне барлық өнеркәсіп өндірісі көлемінің 80 пайызынан астамы тиетін қайта өңдеу салалары, соның ішінде тамақ өнімдерін өндіру экономика дамуының негізгі нүктелері болады.

2006-2012 жылдары «Қазфосфат» ЖШС филиалы – минералды тыңайтқыштар зауыты басында ҚХР-мен бірге минералды тыңайтқыштар шығаратын бірлескен кәсіпорын ашу көзделуде, бұл минералдық тыңайтқыштар өндіруді кезең-кезеңмен: 2008 жылы 200 мың тоннаға дейін, 2010 жылы 400 мың тоннаға дейін, жобаның аяқталу мерзіміне қарай 2012 жылы – жылына 1200 мың тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Қаратау қаласындағы «Сары – Тас» АҚ-ның базасында инвестицияларды талдау арқылы жаңа өндіріс орны – кальциленген сода өндіретін зауытты іске қосу көзделуде, бұл осы өнімнің импортын азайтуға және жергілікті табиғи ресурстарды өндіріске тартуға мүмкіндік береді.

Тамақ өнеркәсібінде ауыл шаруашылығы шикізаттарын кластерлік әдісті қолдана отырып терендете қайта өңдеу негізінде қосымша құны жоғары өнім шығару басым бағыт болады. Облыстағы тау-кен өндіру өнеркәсібінің дамуы, ең алдымен, газ және фосфор шикізатын өндіру көлемдерін арттыру есебінен камтамасыз етілетін болады.

Амангелді газ кен орнын ары қарай игерудің облыс үшін стратегиялық маңызы бар. Анабай, Жарқұм, Айрақты кен орындарындағы 3 құрылымды іске қосу 2009 жылға қарай табиғи газ өндіруді 12,9 пайызға арттыруға және өндіру көлемін жылына 406,5 млн текше метрге дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Республикада өткен жылдан бері тұрғын үй саясатын жүзеге асыру

басталды. Ол облысымыздың құрылыс индустриясының дамуына да серпін беріп отыр. Тек 2015 жылдың өзінде ғана инновациялық технологияларды пайдалана отырып керамикалық, силикатты кірпіш, темір бетон бұйымдарын өндіретін үш жаңа зауыт іске қосылады. Алдағы жылдары облыста құрылыс материалдары өндірісінде оның ішкі және сыртқы рыноктағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін бірқатар инвестициялық жобалар іске асырылатын болады. 2008 жылға дейін Талас ауданындығы Ақтау кен орны базасында жаңа технологияларды пайдалана отырып цемент өндіретін және Меркі ауданында әрлеу кірпішін шығаратын зауыт құрылыстары көзделуде. Біз бұл өндірістер құрылыс класстерін жасаудағы буындардың бірі бола алады және құрылыс индустриясы кәсіпорындарының ары қарай дамуы өңірдің құрылыс материалдарына деген қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталады деп ойлаймыз.

Машина жасау саласында 2006-2007 жылдары Луговой стансасындағы №2 рельс дәнекерлеу кәсіпорнында әлемдік стандарттағы жаңа технологияларды пайдалана отырып жаңғырту жұмыстары жүргізілетін болады. Тепловождарды күрделі жөндеуден өткізетін республикадағы жалғыз зауыт – Шу тепловод жөндеу зауытында өндірісті жаңарту жалғастырылады. Келешекте алдыңғы қатарлы технологияларды енгізу облыстың өзінің отандық тепловождарды жинауына септігін тигізіп, ұлттық рынокта осы қызметті көрсетудің негізгі өндірушісі болуына мүмкіндік береді.

Орта мерзімді кезеңде 2004-2007 жылдарға ИСО халықаралық стандарттарына жедел өту бойынша мақсатты жұмыстар жалғастырылып, 2008 жылға дейін сапа менеджменті жүйесін облыстың 53 кәсіпорыны мен ұйымында енгізу көзделуде.

Облыс өнеркәсібін дамыту бойынша белгіленген іс-шараларды іске асыру 2007-2009 жылдары шамамен 2,8 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Өнеркәсіптің барлық салаларын дамыту тікелей өндіріс саласында да, сондай-ақ, қосымша қызмет көрсету саласында да шағын қызмет бизнесінің аясын кеңейтуге септігін тигізетін болады.

Облыстың ресурстық әлеуетін ұтымды және тиімді пайдалану өндірісті дамытудың негізгі факторы болмақ. Осыған орай, облыстың мыс-кен базасын дамыту перспективалары Шатыркөл және Жайсан кен орындарын игерумен байланысты (Жайсан кен орны толық бағаланған және қосымша шығынды қажет етпейді, Шатыркөл кен орнының қорды кеңейту мүмкіндігі бар).

Өнеркәсіптік игеру үшін қорғасын мырыш кен қоры жеткілікті. Құрылыс материалдарының, қою тастары және минералды мақта шикізаттарының, түсті, әрлеу, техникалық құрылыс тастары мен цемент шикізатының барланған кен орындарының қорлары баршылық. Осы кен орындары базасында класстерлік әдісті пайдалана отырып құрылыс материалдары өнеркәсібін қарқынды дамыту мүмкіндігі бар.

2008-2010 жылдар аралығында жаңа өндіріс орындарының құрылысы аяқталғаннан соң, облыстың өнеркәсіп салалары мен кәсіпорындарын аумақтық орналастыруда үлкен бір өзгерістер болады. Келесі кезеңдерде (2008-2018 жж.) экономиканы класстерлендіруге және өндіріс күштерінің орналасу сызбасына қарай өңірлердің бәсекеге қабілетті экономикалық мамандануы анықталатын болады.

Ауылдық аумақтарды дамыту бағдарламасын жүзеге асыру жалғастырылады, оны табысты жүзеге асыру жалғастырылады, оны табысты жүзеге асыру ресурстарды экономикалық перспективалы тұрмыс-тіршілік орнындарында шоғырландырылуға және ауыл тұрғындарының тіршілігін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасауға, оларды әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдар қызметімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ауылдық аумақтарды дамыту бағдарламасы шеңберінде 2009 жылға дейін 80 ауылдық елді мекенді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жоспарлануда.

Тұрғын үй мәселесін шешу өңірлік басымдық міндеттердің бірі болып қалады. Облыста 2006-2008 жылдары мемлекеттік тұрғын үй саясатын жүзеге асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысының көлемі 500 мың шаршы метрді құрайтын болады. 2005 жылы тұрғын үй 2004 жылға қарағанда 2 есе артық енгізілді. 2006

жылдан бастап жыл сайын пайдалануға берілетін тұрғын үй көлемі 165 және одан да көп шаршы метрді құрайтын болады.

Сапалы білім алуға қол жетімділікті, облыстың еңбек рыногында бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды қамтамасыз ететін білім беру жүйесінің ұлттық моделін тиімді дамытуға жағдай жасау мақсатында 2009 жылға дейін 30 мектеп салу көзделуде.

Денсаулық сақтау саласында алдағы үш жылда ауылдық дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік пунктер, перзентханалар, учаскелік, туберкулездік, онкологиялық және наркологиялық ауруханалар – барлығы 35 нысан салу, 2008 жылдан кейін 33 денсаулық сақтау нысанын салу жоспарлануда. Денсаулық сақтау нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайту жалғастырылады. Осының нәтижесінде халыққа медициналық қызмет көрсету сапасы жақсарады.

Облысымызда республикалық бюджеттен бөлінген қаржының және облыс бюджетінің бюджеттік заңнамаларға сәйкес уақытылы әрі сапалы игерілуі және орындалуы үшін қажетті шаралар қабылданып келеді. Бюджет қоржынына түсімдердің толықтай түсуі және бюджет қаражаты игерілінуінің жай-күйі жөнінде тұрақты түрде мониторинг өткізіліп келеді. Бюджеттің уақытылы әрі сапала орындалуына кедергі келтіретін түрлі субъективті себептерді жою үшін ұсыныстар енгізіледі. Бюджеттік бағдарлама әкімшілермен бірге бюджеттік бағдарлама паспортында қаралған мақсаттарға қол жеткізу, бөлінген қаржыны игеру жөнінде жалпы бағыттар мен нақтылы іс-шаралар белгіленеді. Облыстың қаржы органдарының қызметкерлері облыстың жергілікті бюджетінен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелердің және ведомстволық бағынысты мекемелердің қаржы-экономикалық қызметкерлеріне бюджеттік заңнамалардың нормаларын түсіндіру жөнінде әдістемелік жұмыстар жүргізіп келеді.

Облыс бюджеті 2006 жылғы бірінші тоқсанның қорытындылары бойынша кірістер жөнінен 101,1 пайызға орындалып, түсімдер 9202 млн теңгені құрады. Білім беру саласына – 3556 млн теңге, денсаулық сақтау саласына – 1812 млн теңге, әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмекке 458 млн теңге жұмсалды.

Президент Жолдауында: «Мемлекет, бұрынғысынша, халықтың әлеуметтік жағынын «әлжуаз» топтарына қолдау көрсету үшін қаражат аямайтын болады» делінген. Осы мақсатта Елбасы Үкіметке 2006 жылдың 1 шілдесінен бастап Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілгендерге және ҰОС қатысушы мүгедектерге, ҰОС кезінде қаза тапқан жауынгерлердің жесірлеріне, ҰОС кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасына, қайтыс болған соғыс мүгедектердің әйелдеріне, ерлеріне, Ұлы Отан Соғысы жылдарында қажырлы еңбегі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға, сондай-ақ тылда кемінде алты ай жұмыс істеген адамдарға, Чернобыль АЭС-індегі апат зардабын жоюға қатысушылар қатарындағы адамдарға арнайы мемлекеттік жәрдемақылардың көлемін көтеруді тапсырды. Осы деңгейі көтерілген жеңілдіктер біздің 12 мыңнан астам адамға тиесілі.

2006 жылғы 1 шілдеден «Балалы отбасыларға берілген мемлекеттік жәрдемақылар» туралы Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енген соң, бала күтімі жөніндегі жәрдемақылар қолданысқа енгізіледі. Ол өтініш берген күннен бастап бала 1 жасқа толғанға дейін тағайындалады және төленеді. Бұндай жәрдемақыны тағайындау үшін жәрдемақы алу құқығы бар отбасы өзінің тұрғылықты жері бойынша Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа құжаттар тапсыруы керек.

Осы Заңға сәйкес бала күтімі жөніндегі жәрдемақылар мынадай мөлшерде белгіленеді:

Бірінші балаға – 3 айлық есептік көрсеткіш немесе биылғы жылы 3090 теңге.

Екінші балаға – 3,5 айлық есептік көрсеткіш немесе 3605 теңге.

Үшінші балаға – 4 айлық есептік көрсеткіш немесе 4120 теңге.

Төртінші және одан кейінгі балаларға – 4,5 айлық есептік көрсеткіш немесе 4635 теңге.

Жыл сайын біздің облысымызда 20 мыңнан аса бала дүниеге келетінін ескерсек, бұл жәрдемақылар балалы отбасылар үшін елеулі көмек болары сөзсіз.

Биылғы жылдың 1 шілдесінен бастап күш құрылымдарының зейнеткерлері үшін зейнетақы мөлшерінің 1 жолғы сараланған

өсімі жүргізілетін болады. Бұлар ішкі істер Министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қорғаныс министрлігі зейнеткерлеріне қатысты. Біздің облысымыз бойынша осы аталған күш құрылымдары зейнеткерлерінің саны 2158 адамды құрайды.

Сонымен қатар Елбасы 2007 жылдан бастап зейнетақылық және әлеуметтік ағымдағы айдан кешіктірмей төлеуді жүзеге асыруға көшуді тапсырды. Бүгінгі күнде еліміздің заңнамаларына сәйкес, зейнетақы мен жәрдемақылар ағымдағы айда өткен ай үшін төленуде. Келесі жылдан бастап мемлекет жоғарыда аталған төлеу тәртібіне көшуі тиіс болғандықтан, Үкіметке осы мақсат үшін 30 миллиард теңге бөлу тапсырылды.

Облыс халқының «әлжуаз» топтарына қолдау көрсету мақсатында жергілікті бюджеттен 2006 жылы атаулы әлеуметтік көмектер үшін 72,5 млн теңге қаралса, 18 жасқа толмаған балаларға төленетін жәрдемақылар 587,8 млн теңге көлемінде қарастырылады. Жыл басынан бері атаулы әлеуметтік көмек 1440 отбасына 13,7 млн теңге көлемінде төленсе, 21,6 мың отбасы 174,6 млн теңге көлемінде балалар жәрдемақысы 159,5 млн теңге көлемінде қарастырылса, осы жылғы 4 айда 17,1 мың отбасына 114,0 млн теңге берілген.

Бюджеттік бағдарламаларға түсетін салмақты азайту мақсатында халықтың кедей бөлшегін қайырымдылық көмекпен қамту жұмыстары дамытылуда. Осы жылдың 4 айында 27 мың адамға 20,7 млн теңгеге тамақ өнімдері, киім, малдың жем-шөбі, жанар-жағар май, қайырымдылық түскі астар түріндегі қайырымдылық көмек көрсетілген.

2005-2007 жылдарға арналған кедейшілікті төмендету Бағдарламасында көрсетілген іс-шараларды тиімді жүргізу және әлеуметтік мұқтаждықтар үшін бөлінген шығындардың көбеюі нәтижесінде 2005 жылы аз қамтылған азаматтар саны 9,9 мың адамға төмендеп, 2006 жылдың 1 қаңтарына 74,8 мың адамды құраса, кедейшілік деңгейі 1 пайызға төмендеп, 7,5 пайызды құрады. 2006 жылдың 4 айында кедей халықтың саны 69,8 мың адамға дейін төмендеп, кедейшілік деңгейі 6,9 пайызды құрады.

Елбасының Жолдауында нағыз пәрменді әлеуметтік саясат – халықты жұмыспен тұрлаулы қамту саясаты болып келгені және болып қала беретіні айтылған. Статистика органының



мәліметі бойынша, 2005 жылы облыстағы экономикалық белсенді тұрғындардың саны 495,6 мың адамды құраған. Облыс бойынша 2005 жылы жұмыссыздық деңгейі (жұмыссыздар саны 48600 адам) 2004 жылмен (жұмыссыздар саны 50400 адам) салыстырғанда 10,2 пайыздан 9,7 пайызға төмендеді. 2006 жылы жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамту мақсатында 6107 жаңа жұмыс орнын ашу көзделсе, 4 айда 1546 жаңа жұмыс орны ашылады.

Ел Президенті Н.Назарбаев биылғы Жолдауында: «Әлеуметтік көмек көрсету саясаты «әлеуметтік топтардың мұқтаждықтарымен» айқындалуға тиіс емес, қайта «Еңбекке қабілетті азаматтарды жұмысшылар сапына қосуға даярлау» міндетті ауқымында шоғырландырылуы тиіс. Азаматтарға қолдау көрсетудің мемлекеттік жүйесі оларды қайта оқып-үйрену мен жаңа кәсіпті меңгеруге ынталандыру бағытында құрылуы керек» деген болатын. Өткен жылы облыста осы бағыттағы жұмыстар да жүргізіліп, биыл өз жалғасын табуда. 2005 жылы жұмыссыздарды кәсіптік оқытуға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға жергілікті бюджет есебінен 6,8 млн теңге қаралып, оның 6,6 млн теңгесі игерілді. Өткен жылы 491 жұмыссыз түрлі мамандықтарға дайындалып, олардың 366-сы тұрақты жұмыспен қамтылды. Кәсіби оқыту газэлектр дәнекерлеуші, электромонтер, токарь, құрылысшы, кран машинисі, аспазшы, кондитер, тігінші және басқа мамандықтар бойынша – барлығы 20 мамандық түрінен жүргізіледі. Кәсіби даярлау ТарМУ, Агротехникалық институт, Қордай ауыл шаруашылық колледжі, Жамбыл медициналық колледжі, кәсіби мектептер мен лицейлер және т.б. білім беру мекемелерінде жүргізілді. Осы мақсаттарға 2006 жылы 7,1 млн теңге қаржы қаралып, оған 672 жұмыссызды кәсіби даярлаудан өткізу жоспарланған болса, ағымдағы жылдың 1 тоқсанында кәсіби даярлауға 54 жұмыссыз жіберіліп, 570 мың теңге қаржы игерілді.

Биылғы Жолдауда айтылған тағы бір мәселе – оралмандарды арнаулы орталақтарда алдын-ала даярлау, қоғамымызға бейімдеу мен кіріктіру үшін жағдай туғызуға көбірек зер салу. 2005 жылы облыс көлемінде әлеуметтік жағынын «әлжуаз», нысаналы топқа енгізілген 6347 жұмыссыз уәкілетті органдарға жұмыс сұрап арызданса, олардың 204-і – оралмандар. Осы адамдардың ішінен

қоғамдық жұмыстарға 67 оралман тартылып, 128 оралман тұрақты жұмыспен қамтылды, кәсіби оқытуға 8 оралман жіберілген.

Президенттің бұрынғы Жолдауларында мүгедектерді әлеуметтік қолдану саясатына көп көңіл бөлінген. Яғни, мүгедектерді сауықтыру, оларды әлеуметтік қорғау, оңалту және олардың қоғамға жан-жақты қалыптасуы мемлекеттің қастерлі борышы екендігі баса айтылған болатын.

Мүгедектерді оңалтудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік бюджеттен 271,3 теңге игеріліп, мүгедектерді оңалту жүйесін дамыту және оларға әлеуметтік көмекті көбейтіп, мүгедектердің өмірінің мәнін арттыру мақсатында «2006-2008 жылдарға арналған мүгедектерді оңалту бағдарламасы» қабылданды. 2005 жылы 1796 мүгедек пен соғыс және еңбек ардагерлері өз денсаулықтарын жақсарту үшін жергілікті сауықтыру орталықтарында, республикалық «Ардагер» және «Арқа» демалыс орындарында емделуге мүмкіндік алса, бұл мақсатқа облыстық бюджеттен 42,2 млн теңге бөлінген болатын. Ал, 2006 жылға осы мақсаттар үшін 44,1 млн теңге жоспарланып отыр. Осылармен қоса, мүгедектерді бейімдеу және оңалту орталықтарында 100-ден астам мүгедекке оңалту шаралары жасалуда. Бүгінгі күні облысымызда 5 интернаттық мекеме жұмыс істесе, онда 886 адам өмір сүруде, оның 544-і мүгедектер. 2005 жылы осы мекемелерге 292,8 млн теңге бөлінсе, 2006 жылы 275,7 млн теңге қарастырылды. Жергілікті атқарушы органдар тарапынан халықты әлеуметтік қорғау және олардың шешімін табу адам тағдырымен тікелей байланысты болғандықтан, оларға қажетті көмекті дер кезінде көрсету ең басты міндет болып табылады.

Экономиканың нақты секторындағы өндірістің болжамды тұрақты өсімі, әлеуметтік-елеулі жобаларды жүзеге асыру облыс халқының табысын ұлғайтуға және тіршілік деңгейін жақсартуға, іскерлік белсенділікті арттыруға, кедейшілік пен жұмыссыздық деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді. Облыстың экономикалық өсімінің мейлінше жоғары қарқынында қол жеткізуге және жалпы өнірлік өнімді ұлғайтуға қолайлы болады деп болжамдауға негіз береді.

*«Ақ жол» Жамбыл облыстық газеті,  
25 мамыр, 2006 жыл.*

## **ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ ІС ҮСТІНДЕ**

**Бюджетті жоспарлау, атқару және игеру жұмыстарында арқаны кеңге салу болмасын**

*Жамбыл облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы  
Мырзақасым Байбековпен сұхбат.*

*– Мырзақасым Ниязбекұлы, 2013 жылғы бюджеттің атқарылуын қалай бағалайсыз?*

– Біздің бағалау бойынша жалпы алғанда облыстық бюджет қанағаттанарлық деңгейде атқарылған. Дегенмен, бюджетті жоспарлау және атқару барысында Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бірқатар принциптерінің сақтала бермейтіндігі анықталады.

Мысалы, облыстық бюджеттің өзіндік кірістері 99,5 пайызға орындалған немесе бюджет кірісіне 87,9 млн теңге кем түскен. Кірістердің орындалмауының басты себебі болып салықтық түсімдердегі 5 жіктеме бойынша 135,3 млн теңгенің және салықтық емес түсімдер бойынша жоспар 19,9 млн теңгеге артық орындалған.

Осылайша, негізділік принципі – яғни, бюджет жобасын қалыптастыруда қандай да болсын түсімдерді және олардың көлемдерінің негізділігін айқындайтын нормативтік-құқықтық актілер және басқа да құжаттар негізінде бюджетті жоспарлау қағидасы тиісті мөлшерде сақталмаған.

Салықтық емес түсімдердегі орындалмаған екі жіктеме бойынша сабақтастық принципі сақталмаған, яғни, жергілікті бюджетті жоспарлауда өткен кезеңде бекітілген әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарына, бюджеттік мониторинг қорытындыларына, нәтижелерді бағалауға негізделмеген.

Жергілікті бюджетке бірнеше мәрте түзетулер мен өзгерістер енгізілгеніне қарамастан, бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің тарапынан бюджет қаражатын толық игеру қамтамасыз етілмеген. 2014 жылдың 1 қаңтарына бюджетті атқару 99,8 пайызға

орындалған. Игерілмеген қаражат 276,6 млн теңгені құрады, оның ішінде: республикалық бюджеттен бөлінген трансферт есебінен 197,5 млн теңге, жергілікті бюджет есебінен 79,1 млн теңге, игерілмеген 276,6 млн теңгенің ішінде 157,5 млн теңгесі мемлекеттік сатып алудың нәтижесінде қалыптасқан үнемделген қаражат екендігін атап өткім келеді.

Игерілмеген қаражаттың басым бөлігі республикалық бюджет есебінен бөлінген трансферттерден құралғандығын ескерсек, онда көрсетілген міндеттемелерді толық орындамаудың салдарынан ҚР бюджет жүйесінің жекелеген принциптері сақталмаған, атап айтқанда:

– нәтижелілік – бюджетті жоспарлау барысында мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарында қаралған тікелей және түпкілікті нәтижелерге бағдарланған бюджетті әзірлеу және атқару;

– тиімділік – бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдаланып, ең үздік тікелей нәтижеге қол жеткізу қажеттілігін негізге ала отырып, бюджеттерді әзірлеу және атқару немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланып, тікелей нәтижеге қол жеткізу.

### ***2013 жылы мемлекеттік және салалық бағдарламалардың тиімділігіне бағалау жүргізілді ме?***

Мемлекет басшысының тапсырмасын барынша тиімді әрі нәтижелі іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында, 2013 жылы Тексеру комиссиясының тарапынан келесі бағдарламаларға бөлінетін бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігіне бақылау жүргізілді: «Бизнестің жол картасы – 2020», «Өңірлерді дамыту», «Жұмыспен қамту – 2020», «2012-2020 жылдарға арналған моноқалаларды дамыту» ҚР денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы және «2011-2020 жылдарға арналған ҚР тілдерді дамыту» бағдарламасы. Аталған бағдарламалық құжаттарды іске асыру бойынша облыс көлемінде жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Дегенмен, жүргізілген бақылау іс-шараларының қорытындылары бойынша жалпы сомасы 6,5 млрд теңге бақылаумен қамтылып, 213,4 млн теңгенің бұзушылықтары анықталған.

Бақылау іс-шараларының қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою туралы нақты тапсырмалар, сондай-ақ, бағдарламалық құжаттардағы қаралған тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге бақылауды күшейту туралы ұсынымдар берілді.

***Облыстық және жергілікті деңгейлерінде негізгі бағдарламалық құжаттың бірі – аумақтарды дамыту бағдарламалары. Оларды іске асыру қалай жүргізілуде? Қандай қиыншылықтар бар?***

Облыс тұрғындарының өмір сүру деңгейі аумақтарды дамыту бағдарламаларын іске асырудың нәтижелеріне тікелей байланысты екендігі шүбәсіз.

Биыл біз алғаш рет бұл мәселені облыстың әр ауданында жеке-жеке зерделедік.

Байзақ, Жамбыл және Жуалы аудандарында бағдарламаның мақсаттарына, міндеттеріне сондай-ақ мақсатты индикаторлары мен көрсеткіштеріне 100 пайыз қол жеткізуді қамтамасыз еткендігі анықталды.

Сарысу және Қордай аудандарында тиісінше 96,0% және 95,7%. Т.Рысқұлов, Меркі, Мойынқұм, Талас, Шу аудандары мен Тараз қаласы бойынша орындалу деңгейі 85,0-88,5 пайызды құраған.

Аумақтарды дамыту бағдарламаларын іске асыру барысында жүйелі түрде кездесетін кемшіліктердің бар екендігі анықталды. Мысалы, жекелеген индикаторлардың орындалмауы, сонымен қатар тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізбеу, өнірлерді дамыту қарқынын едәуір төмендетуге алып келеді.

Бұдан бөлек, үйлестірушінің тарапынан бағдарламаны іске асыру барысының жетімсіздігі, сондай-ақ үйлестіруші мен бірлесіп атқарушылардың арасындағы өзара қарым-қатынастың тиімсіздігі де байқалады.

***Өткен жылы Тексеру комиссиясының тарапынан қандай жұмыстар атқарылды?***

Тексеру комиссиясының қызметі жылдық және тоқсандық жұмыс жоспарларына сәйкес атқарылады. Бақылау іс-шараларын жоспарлау тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес жүргізіледі.

2013 жылы тексеру комиссиясының енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды қоса есептегендегі жұмыс жоспарына сәйкес 49 бақылау іс-шарасы жоспарланып, өткізілді.

Аталған бақылау іс-шарасының аясында 2013 жылы 282 бақылау объектісінде жалпы сомасы 134,8 млрд теңге бақылаумен қамтылды.

Нәтижесінде 9,2 млрд теңгенің бұзушылықтары анықталды. Оның ішінде 3,4 млрд теңгесі қалпына келтіруге және бюджетке өндіруге жатады. 2014 жылдың 1 қаңтарына 2,8 млрд теңге немесе 82,7% қалпына келтірілді, оның ішінде 140,2 млн теңге бюджет кірісіне өндірілді. Айырмасы болып табылатын 587,8 млн теңге қаулылармен бекітілген, мерзімдері келгенде қалпына келтірілетін болады.

Тексеру комиссиясының тарапынан жүргізілген талдау мен бағалаудың қорытындылары бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін әлі де болса жетілдіре түсу керектігін көрсетті. Осыған байланысты, бюджет қаражатын пайдаланудың және толықтай игерудің, сондай-ақ мемлекет ақшасын басқарудың тиімділігін арттыру бойынша қосымша іс-шаралар жоспарын әзірлеу қажет.

***Жоғарыда аталған кемшіліктерге жол берген тұлғаларға қатысты қандай шаралар қолданылады?***

Бақылау объектілерінің 163 қызметкері тәртіптік және әкімшілік жауапкершілікке тартылады, оның ішінде: екеуі лауазымынан босатылады, алтауына қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескертілді, екеуі қызметінен төмендетілсе, 149 тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылып, 4 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Бақылау объектілеріндегі лауазымды тұлғалардың тарапынан ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің (Тексеру комиссиясының қаулылары) талаптарының сақталмауларына байланысты, Жамбыл облыстық мәслихатына 2 ұсыным жолданып, тұрақты комиссияның отырысында қаралды.

***Өзге қаржылық бақылау органдарымен өзара іс-қимыл жұмыстары қалай жүргізілуде?***

Шын мәнінде «тексеру комиссиясы облыстағы қаржылық бақылау инспекциясы сияқты басқа да қаржылық бақылау органдарының жұмыстарын қайталап жатпай ма?» деген сұрақтар туындап жатады.

Бірден жоқ деп айтамын. Қаржылық бақылау инспекциясы ішкі қаржылық бақылау органы болып табылады. Оның арасында жұмыс жоспарын бекіткенге дейін өз жұмыстарымыз бойынша біз ақпарат алмасып отырамыз және бақылау іс-шараларының қорытындыларын өзара танып, мойындаймыз.

Біздің жұмысымыз ҚР Бюджет кодексімен, сондай-ақ, республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының және ҚР Қаржы министрінің бірлескен бұйрықтарымен бекітілген мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының өзара іс-қимыл ережесімен реттеледі. Аталған нормативтік-құқықтық актілерде ішкі және сыртқы қаржылық бақылау органдары қызметтерінің ара-жігі ажыратылып, айқындалған.

Бұдан бөлек біздің тарапымыздан республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне мемлекеттік бағдарламаларға бірлескен бақылау жүргізу туралы ұсыныстар беріліп тұрады.

Бақылау іс-шараларының қорытындылары бойынша бақылау объектілерінің лауазымды тұлғаларының тарапынан қылмыстық немесе әкімшілік құқықтық бұзушылықтардың белгілері байқалған жағдайда бақылау материалдарын құқықтық қорғау орындарына немесе әкімшілік құқық бұзушылықтарды қарауға уәкілетті органдарға жолдаймыз.

Мысалы, 2013 жылы бақылау объектілерінің лауазымды тұлғаларына қатысты процессуалдық шешім қабылдау үшін екі материал облыстық прокуратураға жолданды.

Есепті кезеңде Тараз қалалық мамандандырылған әкімшілік сотына әкімшілік құқық бұзушылық туралы тоғыз хаттама рәсімделіп, жолданды.

Бұдан бөлек мемлекеттік сатып алу саласындағы орын алған заң бұзушылықтар бойынша төрт материал қаржылық бақылау инспекциясына, бір материал құрылыс жүргізу саласындағы заңнама талаптары бұзылғандықтан, бір материал Жамбыл облыстық сәулет-құрылысты мемлекеттік бақылау және лицензиялау департаментіне жолданды.

Сұхбатыңыз үшін рақмет! Жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін.

*Әңгімелескен Көсемәлі Сәттібайұлы,*

*«Ақ жол», 3 шілде, 2014 жыл.*

## «СЫР ПЕРНЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ

*Қазақстан-Тараз телеарнасының директоры, белгілі журналист Мейрамбек Төлепбергенмен сұхбат*

*– Сәлеметсіздер ме, құрметті көрермендер! Бүгінгі «Сыр перне» хабарының қонағы Жамбыл облыстық тексеру комиссиясының төрағасы, экономист-ғалым Мырзақасым Байбеков. Мырзаке, хабарымызға қош келдіңіз!*

– Рақмет!

*– Хабарға келген адамның өмірбаянын алдын-ала көреміз ғой, Сіздің өмірбаяныңызда қызықты нәрселер бар екен, бес жаста мектепке барып, он бес жаста орта мектепті бітірген екенсіз. Бұл қалай болған, Мырзаке?*

Мен 1952 жылы Талас ауданы, Ақөзек ауылында дүниеге келгенмін. Төртжүз-бесжүздей отбасы тұратын кішкентай ғана ауылымыз бар. Менің алдымда Күзембек деген ағам мектептің екінші сыныбына барайын деп жатса, мен де қолыма дәптер-қалам алып, «менде оқуға барам» деп ағамның соңынан қалмайтын көрінемін. «Шешем, кейін өсесің, өскен соң барасың» десе де қоймай, бой бермей қойыппын. Ауыл деген өзі бір кең пейіл дүние ғой. Мектепте, бірінші сыныпты жасақтап жатқан Гүлмария дейтін өзіміздің бір жақын жеңгеміз екен, сол кісіге шешем барып: «айналайын, шырағым мына кішкентай бала өзіңнің қайның, ойын баласы ғой. Алдындағы ағасының мектепке бара жатқанын көріп, қайта-қайта жылап қоймады оқуға барамын, деп. Ана парталарыңның артқы жағына отырғыза салшы, бір-екі күннен кейін өзі де қалады» депті. Үлкен абысын апасының көңілін қимаған жеңгеміз: «Жарайды апа, отырғызайын. Ол бәрібір оқымайды ғой, жәй қызық көріп жүрген шығар» деп айтқан ғой. Мен сол күйде ілесіп кете беріп, он бес жасымда мектепті бітірдім.

*– Қиын болмады ма?*

– Алтыншы сыныпқа дейін үлгерімім өте төмен болып, ілініп салынып жүрсем керек. Өйткені өзімнен кем дегенде екі жас



үлкен балалармен оқыдым. Солардың бәрі менің құрдастарым сияқты болып, есейе келе тартыла бастаппын. Әлі күнге дейін есімде, алтыншы сыныпта оқып жүргенде математика сабағынан мектепке жаңадан келген Бейшен дейтін кісі сабақ бере бастады. Өзі білімді кісі еді, сол кісінің сабақты терең түсіндіре алатын қабілеті ме әлде өзінің жүріс тұрысы ұнады ма, әйтеуір менің алгебрадан үлгерімім жоғарылай бастады. Одан кейін Байтiш Омаров деген жас мұғалiм келiп физикадан сабақ бере бастады. Ауыл мектебiнде ол кезде не бар дейсiң, ешқандай құрал жабдық жоқ. Мұғалiмдер кейбiр құралдарды қолмен жасап көрсетiп оқытып, түсiндiруге тырысатын. Есiмде, сол Бәйтiш ағайдың кiшкене бiр қол телескопы бар болатын, сол телескоппен бiздi түнгi сағат он екi, бiрде далаға шығарып, жұлдыздарға дейiн көрсететiп оқытты. Бар жан дүниесiмен сабақ бергенi соншалық, соның арқасында физикаға да тартылып, үлгерiмiм жоғарылай түсiп, сегiзiншi сыныпта жақсы оқитын балалардың ортасынан ойып орын алдым. Сөйтiп, он бес жасымда мектептi бiтiрдiм.

**– Мектепке ерте барғанның қандай артықшылығы бар деп ойлайсыз?**

– Оның артықшылығы сол, ерте есейiп, өзiмнiң нақты құрдастарымды әлi бала деп санадым. Соның арқасында он бес жаста алғашқы махаббат та пайда болды. Басқа балалар асық ойнап, ләңгi теуiп жүрген кезде, менде жiгiттiк сезiм ояна бастады.

**– Көп адамның балалық шағы есінде қала бермейдi, еске сақтау қабiлетiңiз қалай, балалық шағыңыз есте сақталды ма?**

– Бәрі есiмде сақталып қалды деп айта алмаймын, бiрақ балғын шақтың ең негiзгi-негiзгiлерi сақталып қалды ғой.

**– Оны сұрап отырғаным, Сiз осыдан екi жыл бұрын «Өзге емес өзiм айтам өз жайымда» мемуар сияқты, iшiнде әңгiмелерi бар деген кiтап жаздыңыз. Менi бiр таң қалдырған нәрсе, Сiз жазушы емессiз, журналист емессiз, бiрақ соншалықты тiл, шыныңызды айтыңызшы осы кiтапқа бiреу корректорлық жұмыс жасады ма? Редакторлық жасады ма?**

– Жоқ, ондай болған жоқ. Жаңа ғана өзiңiз, «жастық шағыңыз есiңiзде қалды ма?» дедiңiз ғой. Менiң кiтап жазуыма себепшi болған бiр эпизот туралы айтып берейiн. Мектепте сегiзiншi

сыныпқа өтіп оқып жүргенімде мектебіміздің директоры Әбдімәлік Нысанбаев – қазақ әдебиеті пәнінен сабақ бере бастады. Күндердің күнінде әдебиеттен оқыған материалдар бойынша шығарма жазу керек болды. Төрт тақырып берілген. Оның біреуі еркін тақырып та, ал қалған үшеуі оқып өткен тақырыптар. Ол кезде қайбір жетістіріп оқып жүр дейсіз, шынымды айтайын, сол күні сабақ оқымай дайындалмай барып едім. Тақырыптарды білмеймін. Енді не істеу керек? Бір нәрсе жазбасам екі аламын. Сонымен әрі ойланып, бері ойланып, не болсада осы еркін тақырыпқа көсіліп көрейін деп ойладым. Ауылымызда озат механизатор Сейтжан Жүсіпбеков деген тракторист бар еді. Сол туралы жазып, екі алмау үшін барымды салып тырыстым. Елмен бірге шығармамды тапсырып, ойнап кеттім. Ертеңіне тексерудің қорытындысы бойынша мектеп директоры келіп, кімнің қалай жазғаны туралы, қандай баға алғаны, неге олай болғанын талдап жіктеп айтып бағаларын беріп жатты. Маған кезек келгенде, ал бір мақтап ала жөнелсін. Мырзаштың жазған мына шығармасы керемет бір дүние. Көрдіндер ме кейіпкердің образын қалай ашқан, еркін тақырыпта сондай керемет жазылған шығарма екен. Осы берілген бағаның мені қатты ынталандырғаны соншалықты, енді әдебиетке қызыға бастадым. Сол кезде ауылда «Ленин жолы» деген аудандық газет бар еді, соған мақалалар шығара бастадым. Кейіннен тіпті өлеңдер жазатын болдым. Мені ең алғашқы талпындырып, толқындырып жазу саласына бет бұрғызған осы құбылыс болды. Мен өзім оныншы сыныпты бітіретін кезде негізі журналист болсам ба деген ой болған. Бірақ ол ой жүзеге аспады. Неше түрлі шектеулер мен кедергілер болды.

*– Сіз Жамбыл облысы халқына белгілі тұлғалы азаматсыз ғой! Мектеп бітіргеннен кейін, қарапайым жұмыс істеп, төрт жыл ауылда болғансыз. Содан кейін кәсіптік техникалық училище, Москваға бірақ шыққансыз ғой. Айтыңызшы осы кезеңдер қандай құндылықтармен есте қалды?*

– Мен төрт жыл ауылда жүргенде, менің бар арманым жоғарғы оқу орнының есігін ашу болды. Өйткені мектепті он бес жасымда ерте бітіргеніммен, менің әкем сол жылы қатты ауырып, сал болып орнынан тұра алмай жатып қалды. Жанұядағы балалардың

ішіндегі үлкенінен кейінгі екіншісі мен едім. Үлкеніміз студент, менен кейінгі қалғандарының бәрі титтей бала-шаға. Бас көтерер ересектеуі мен болғасын, соларды жетілдіріп, қиындығын көтеріп, өсіп өнулеріне ықпал жасау керек болды да, мен оқуға бара алмай, сол ауылда қара жұмыс істеп, қалып қалдым. Шешеме қолқабыс болып, бауырларымды асырауға көмектесіп, бой жетулеріне септігімді тигіздім. Жаңағы ертерекесейдім деп отырғаным сол ғой. Төрт жыл бойы ауылда жұмыс істедім, екі жыл армияда болдым. Алты жылдан кейін техникумға түстім. Техникумды бітірген соң, тоғыз жылдан кейін Москвадағы «Басқару институтына» түстім.

– *Е-е, Сіз техникумда да оқыдыңыз ба?*

– Ия, оқыдым.

– *Сонда институтқа тоғыз жылдан кейін барып түстіңіз бе?*

– Ия, оның өзі қызық болды. Мен техникумды қызыл дипломға бітірдім. Диплом алған соң қайда барып қызмет істеймін деп ойлап жүрдім. Біздің техникумда Николай Николаевич Семенов деген политэкономиядан сабақ беретін мұғалім кісі бар еді. Соның маған жаны ашыды немесе менен бір болашақ күтті ма, бір күні өзі мені шақырып алып, «Москвада басқару институты бар. Сен сол институтқа барып, оқуынды жалғастыр» деді. Өзі сол Москвадағы басқару институтын бітірген екен. Ол кезде біз ауылдан шығып, Қаратаудан басқа қала көрмегенбіз ғой. Қаратау деген үлкен мегополис сияқты көрінетін. Москва деген біз үшін қиялға да сыймайтын, ертегіде ғана айтылатын ғажайып сияқты еді. Сондықтан ол жерде тек қана вундеркиндтер оқитын болар, олармен теңесу мүмкін емес. Оның үстіне мектеп бітіргелі тоғыз жыл өтіп кетті. Осы ойларымды електен өткізіп, ол кісіге шын ойымды жеткіздім. «Ол жақта тек вундеркиндтар оқиды, біріншіден мен ол оқуға түсе алмаймын, екіншіден түскен күнде де бітіре алмайтын шығармын» дедім. Ол кісі: «Мырзақасым, мен сенімен келіспеймін. Мен сенің мүмкіндіктеріңді білемін ғой. Сен ол оқуға түсесің және оқып кетесің» деп айналдырып, көндірді. Менің оқу бітіргенімді ешкім әлі біле қоймаған еді. Не болса да тәуекелге басып барып келмекші болдым. Тіпті түспей қалсам да талпынып көрмекші болдым. Семенов маған оқу орнының мекен-

жайын жазып берді. Мекен-жайды алып, ауылға келіп шешеме түсіндіріп, анамның жинаған азын-аулақ қаржысынан берген екі жүз сом ақшасын алып: «Қайдасың Мәскеу?» деп тартып кеттім. Пойызға отырып, үш тәулік жүріп, Москваға жеттім. Институтты таппай, вокзалға қонып, ертесіне тауып бардым. Сол кезде Қазақ КСР-нің білім министрлігі 286 медициналық анықтаманы оқуға түсетін жерден алу керектігі туралы бұйрық шығарған. Мен сол анықтаманы Москвадан алам деген үмітпен бардым. Сөйтсем ол жақта анықтаманы жергілікті жерден алып келу керек екен. Енді не істеймін? Пойызбен елге келгенше үш тәулік, қайтуы үш тәулік болды. Анықтама алуға бір-екі тәулік кетеді. Ал сол жеті-сегіз тәулікте институтқа құжаттарды тапсыру уақыты бітіп кетеді. Үлгере алмайтын түрім бар. Ойланып отырып, қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына бардым. Ойым мүмкін анықтаманы сол жерден алуға рұқсат берер деген үміт. Жауапты хатшы кең қолтық кісі екен, астындағы медпункттан алып өте ғой деді, бірақ медпункт рұқсат бермеді. Қалтамдағы шешем тіс тырнақтап жинап берген екі жүз сом ақшамның біразы жол мен тамаққа кетіп, азғана қалды. Елге ертерек жету үшін тек қана ұшақпен ұшу керек. Оның ұшу бағасы бір жағына ғана 60 сом болса, екі жаққа 120 сом. Тәуекелден басқа ешнәрсе жоқ. Оның үстіне жауапты хатшының: «құжат тапсыратын күннің уақытынан бір екі сағат кешігіп қалсаң да, құжаттарыңды қабылдатайын» деген сөзі қамшы болып тиіп, асыға аэровокзалға кеттім. Содан Алланың жолымды берейін деп тұрғаны шығар, вокзалға келсем, Жамбылға ұшақ ұшайын деп тұр екен. Билет алып, ұшақпен ұшып келдім. Ендігі уайым, Қаратауға жету мәселесі. Бірақ ол жерде де жол болды. Аэропорттан шықсам, Қаратаудың автобусы тұр екен. Автобусты мініп, Қаратауға келдім. Автобуста келе жатып, ертең қалай медсправканы тез алу жайын ойлап, өткен уақыттарды еске ала бастадым. Қаратауда, ағам Күзембек тұрады. Сол кісі, үйдің жанында бір дәрігер тұрады деп айтатын. Талай рет тұратын жерін алыстан көрсетіп, егер анықтама, болничный керек болса сол кісінің көмегіне жүгінуге болады. Сол есіме түсіп, түнгі сағат үште сол кісінің есігін қақтым. Үйден күңірейген үлкен денелі кісі шығып, шырағым түн ішінде неғып жүрген

адамсың дегендей түнере қарады. Мен алыс жолдан әрі қиналып қысылып келгенімді айтып кешірім сұрай отырып, медициналық анықтаманың қажеттігін түсіндіріп айтып, ертеңіне жолығатын болып келістік. Үйге барып, аздап демалып алдым. Таңертең емханаға барып, әлгі дәрігерге жолығып справканы алып сыртқа шықсам, Тараздың автобусы келе жатыр. Автобусқа отырып Таразға келдім. «Жолы болар жігіттің, жеңгесі шығар алдынан» демекші, әуежайда енді Тараздан Москваға ұшақ ұшайын деп тұр екен, ұшаққа отырып Москваға жеттім. Құжат тапсыруға тұрғандардың саны азайып жеті-сегіз ғана адам қалған екен. Ең соңғы болып құжаттарымды тапсырып, абитуриент атандым. Жатақханадан орын алып емтихандарға дайындала бастадым. Маған оқуға түсу үшін алғашқы емтиханнан бес деген баға алсам немесе екі емтиханнан тоғыз бал жинасам жеткілікті. Уақыт өте тығыз болып математикаға түпкілікті дайындала алмай емтиханнан төрт деген баға алдым. Өзіме ренішім ішімде болып, физикаға дайындала бастадым. Екінші емтиханнан бес деген баға алғанымда қуаныштан қолдарым қалтырап, сөйлеуге шама келмей кәдімгі ауру болдым да қалдым. Көрген қиыншылық пен ұйқысыз түндердің салмағы әбден өтіп кетсе керек. Қолымдағы жарты бет емтихан билетін көтере алмай жерге түсіріп алдым. Оны маған профессор көтеріп алып беріп: «Что с Вами молодой человек? Успокойтесь!» деп есікке дейін қолтықтап шығарып салды. Міне, студент болудың осындай машақатын бастан кешірдік.

*– Мұны сұрап отырғаным, әркімнің жолдары өзінше қызық, қазіргі жастардың өнерге, білімге деген құштарлығын сол кезбен салыстырып қарасаңыз жетектемесең жүрмейтін жағдай да болып жатады ғой. Одан кейін көп қызмет істедіңіз, экономика институтында, статистика мемлекеттік агенттігінде, Алматы қаласы әкімінің орынбасары, Жамбыл облысы әкімінің орынбасары, министрлікте департамент директоры болып жұмыс істедіңіз, осы жылдардың бәріндегі өміріңізге ризасыз ба?*

– Әрине, ризамын. Алланың берген өміріне риза болу керек.

– *Сізге ғылым жолымен де жүруіңізге болатын еді ғой?*

– Мен негізінде экономика ғылымдарының кандидатымын. Ғылым жолында да жұмыс істедім.

– *Сабақ бердіңіз?*

– Ия. Политехникалық институтта төрт жыл сабақ бердім.

– *Онда, өмірбаяныңыз бай ғой! Мемлекеттік қызметке кету, немесе ғылым жолына түсу жолдарын сұрастырып отырганың ғой?*

– Ия, ғылым саласында да жұмыс істедім. Кейіннен көп жылдар бойы мемлекеттік қызметте істеп келемін. Негізінде мен ғылымды мемлекеттік қызметпен ұштастырғым келді. Бірақ менің алғашқы мемлекеттік қызмет істеген уақытыма мемлекет деңгейіндегі үлкен дағдарыс заманына сәйкес келтірді де, ғылыммен түкпілікті айналысуға қол тимеді. Кеңестер одағы ыдырап, әр республика жеке-жеке мемлекет болып құрылды. Бұрынғы экономикалық байланыстардың барлығы дерлік үзіліп, ақша құнсызданып, миграциялық көші-қон дәуірлеп, жұмыссыздар ұлғайып мемлекет күйзеліске ұшырай бастады. Міне, осы қиыншылықтарды жою үшін тәуліктермен ғана емес, айлармен, жылдармен санаспай еңбек ету керек болды. Солай еңбек еттік. Осы кезеңде, мемлекеттік қызметте де жүріп, дағдарыстан шығу жолында жасалған көптеген ғылыми жұмыстарым болды, бірақ соны ғылым түрінде жазып, қорғап шығаруға уақытым болған жоқ. Ол туралы менің ғылыми жетекшім Сайлау Байзақов деген ғылым докторы: «Мырзақасым, сенің бір емес төрт докторский жазып тастадың» деп айтатын. Дағдарыс кезіндегі қауырт жұмыстардың бәрін реттеп, жинақтап қорғап жату мүмкін болмады.

– *Мемлекеттік қызметте жүргенде ғылыми сараптама деген бар ғой, ғылыми тұрғыда негізін жасау, ол енді мемлекеттік қызметкерге көп көмектеседі деп ойлаймын. Дәлдікті, турашылдықты және нақтылық нәтижеге жету, Сіздің айтып отырғаныңыз осы тұрғыда ғой.*

– Ия, дұрыс айтасыз.

– *Сізден тағы бір сұрайын дегенім, енді мемлекеттік қызметтегілердің көбісі ғылыми диссертацияға құмар болды. Бәрі доктор, кандидат болғысы келеді, болып та жатыр, оған Сіз ұмтылған жоқсыз ба?*

– Мен экономика ғылымдарының кандидатымын деп айттым ғой. Ал, докторлық жазуға ұмтылған жоқпын. Ұмтылатын уақытым да болған жоқ.

– *Ал олар қайдан уақыт тауып отыр, аудан әкімдері де кандидат болып алды, кейбіреулер техника ғылымының докторы дегендей...*

– Диссертация жазу деген қаншама еңбек. Ол оңай шаруа емес. Дегенмен бір уақыттар болды, көптеген ғалымдар өз орындарын таба алмай, табыс көзі табылмай жатты. Сол кезде кейбір пысықтар солардың жасаған еңбектерін сатып, болмаса басқалай жолдармен алып пайдаланып қалды. Енді біреулердің дайын материалдарын неге қолданбасқа? Бұл өмірде болған шындық. Мен уақытылы докторлық қорғамасам да, мемлекеттік қызметте жүріп істеген еңбектеріме ризамын. Мысалы, жасаған біраз еңбектерімнің ішіндегі ең құнды дүнием тоқсаныншы жылдардағы дағдарыс кезінде жасалынып, әлі күнге дейін қолданылып келе жатқан «Государственное адресное социальное пособие» деген заң болып бекітіліп, өміршең болған бағдарлама бар. Сол заң авторы мен.

– *Сіз ол кезде қандай қызметте едіңіз?*

– Ол кезде мен Алматы қаласының әкімінің орынбасары болып жұмыс істейтінмін. Мен экономика мен қаржы салаларын басқарушы едім. Жоғарыда айтылғандай қаражат жоқ, дағдарыс кезі. Қаражат көзін іздеп табу қажеттілігі туындады. Сол кезде ойлап табылған іс-әрекет еді. Жақсылап жасап, қолданысқа енгіздік. Бірақ бас прокуратура «Біздің мемлекет құрама емес дара мемлекет. Сондықтан әрбір аймақ өз заңдарын шығаруға құқығы жоқ» деп қарсылық білдірді. Одан кейін біз заң дайындап, заңды мәжіліске жеткізіп, бас прокуратура ол жерде де қарсылық білдіргеніне қарамастан қорғап шығып, одан сенатқа барып сол сценарий қайталанса да бой бермей, ары қарай Президентке жіберілгенде, олар Президентке протест жазды. Онда тағы да қорғап алып шығып, ақырында Қазақстан Республикасының Заңы ретінде қабылдадық. Соның арқасында біз пәленбай миллиардтаған қаражат тауып Алматы қаласын дағдарыстан шығардық. Енді Алматы үлкен мегаполис болғаннан кейін оның экономикасымен тығыз байланыстағы неше түрлі кәсіпорындар

мен мекемелер, басқа аймақтардан келген кәсіпкерлер жұмыс тауып, қаражат көзі ашылып, көтеріле бастады. Мұның соңы жайлап-жайлап Қазақстанның дағдарыстан шығуына әжептәуір ықпал етіп, көмегін тигізді. Сондықтан да еліміздің дағдарыстан шығуына, өртке қанатымен су себелеген қарлығаштай болса да менің аздаған көмегім тиді деп ойлаймын. Соған мен тәуба деймін.

**– Мырзаке, Сіз осы елде туып өстіңіз, Астанада, Алматыда қызмет еттіңіз, туған елде қызмет ету Сіздің жүрегіңізден қандай орын алады?**

– Мынау дүрбелең дүниеде ең бақытты нәрсе туған елге жұмыс істеу деп ойлаймын. Біз оның қадірін, туған елге жұмыс істеу тұрмақ, баяғы жас кездегі студент кезімізде Москвада оқуда жүргенде-ақ сезіндік. Сондай алыс бір жерден қазақ көрсек немесе қазаққа ұқсас біреу көрсек, жүгіріп барып, сәлемдесіп, соны жақын тартып, бауырдай көріп арқа-жарқа болатынбыз. Міне біздер сол сыртта жүрген кезде туған жердің ыстықтығы мен оның тартымдылық пен сағыныштық күші қандай екенін сезініп өстік. Сондықтан туған елде қызмет істеу үлкен бақыт деп есептеймін.

**– Біреулер туған елде үлкен хан сарайын салу керек, ат шаптырым үй салу керек, дүние жинап, атақты бай болу керек деп ойлайды. Сіздің бойыңызда мемлекетшілдік қасиетпен бірге ғалымдық көзқарас бар, тіпті осылардың бәрі дүниеге қызықпаушылыққа әсер етеді ме? Сіз қалай ойлайсыз?**

– Шынымды айтсам, маған дүние жасауға көп мүмкіншілік болды. Бірақ берілген тәрбиенің әсері ме, болмаса менің табиғатымның жаратылысы солай ма, байлыққа бет алу менің қолымнан келмеді. Біріншіден, ойымда ылғи да аталарымыздың айтатын «ашыққаннан құныққан жаман» деген қағидасы тұрады. Ал екіншіден, мемлекеттік қызметке келгеннен кейін елге қызмет істеу үшін жараласың. Сізбен көптеген кісілер қарым-қатынас жасайды. Бірі қолдау табу үшін келсе, келесісі бизнесі үшін қаражат сұрай келеді. Енді бірі ақылын айта келсе, кейбіреуі сынап келеді. Осындай неше түрлі қатынасқа түскенде алдында отырған жанның ниетін түсінгің келеді. Қарап отырсаң, лауазымың қанша үлкен болса да алдына келген ол да өзіміз сияқты ет пен сүйектен жаралған адам. Оның да жүрегі бар, оның да ниеті бар. Алдына



келгенде «мына кісіге бірнәрсе берсем деп емес, мәселесін шешсем» деп келеді. Мысалы, кім маңдай терімен тапқан табысын біреуге былай бере салады. Қиналып бара жатса берер әрине, бірақ бергенмен арғы жағында, жүрегінде, қарғыс қалуы мүмкін, жаман ниет қалуы мүмкін. Қазақта, «нысап сайын береке» деген сөз бар. Баяғыда Аяз деген би кісі болған екен. Жас кезінде жетім өсіп, елдің қой ешкісін бағып, әркімнің есігі алдында малайлықта өмір сүріпті. Кейін жігіт болған кезде ақыл-парасатының арқасында дүйім елге би болған екен. Сол кісі билік жасап жүргенде бұрынғы жалшы кезіндегі шоқпыт киімдерін босағасына іліп қойып, анданда асқақтап, асып-тасып бара жатса, көзіне шоқпыттары түсіп кетіп, өзіне-өзі «Ей, Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл» дейді екен. Мен сол қағида өте дұрыс па деп ойлаймын. Адамның арының тазалығына, бұл фәниде жан жүрегіннің ақтығына жетер не бар? Менде қазір ешқандай өкініш жоқ. Маған бір адам «сен мынадай едің, сен былай жасап едің» деп айтқан емес және айта алмайды. Кімді көрсем де, қай жерде жолықсам да, бұрынғы әріптестерімді көрсем де, бауырлар көріскендей құшақтасып, сәлемдесіп, күліп-ойнап жүре береміз. Мен сондықтан осы ұстанымым мен өміріме ризамын. Ол менің рухани азығым.

**– Сіз басқарып отырған мекеме Тексеру комиссиясы бақылайтын, қадағалайтын жер ғой, осының басшысына деген елдің көз қарасы қандай болу керек деп ойлайсыз? Сіз оларға қалай қарайсыз? Елдің бәрі тексерсе, бақыласа бір қорқыныш сезім болады ғой, ой мына кісіге байқап қарау керек. Сіздің бойыңызда сондай бар ма?**

– Өте дұрыс айтасыз, тексеру дегенге елдің бәрі қорқақтап қарайды, өйткені қызмет істемеген адам ғана қателеспейді. Бірақ, сол қателіктің түр-түсін, деңгейін, үлкенді-кішілігін, оның қорқақтық па, әлде білместік пе соны ажырата білу керек. Сондықтан мен өзімнің қызметкерлеріме әрбір тексеру болардың алдында «айналайындар, таза жүріңдер! Қанағатсыздық адамды ешқашан жақсылыққа алып келген емес, біздің осы жағдайымыздың, осы жүргеніміздің өзіне құдайға шүкіршілік ету керек» деп айтып отырамын. Тексеруші тексеруге барғанында ажырата білу керек. Қателік болса, оны қолдап істеді ма?

Қателесті ме? Байқамай қалды ма? Заңды жете білмеді ме? Әлде біліп отырып, әдейі істеді ме? Міне, осының бәрін ажырыта білуіміз керек. Содан кейін қолымыздан келсе оқытуымыз керек. Сен мына жерде дұрыс істемедің, заң бойынша былай істеу керек деп әрі солай жұмыс істеп келе жатырмыз. Біздің құрылып, қызмет істеп келе жатқанымызға төрт жыл болды. Бір мысалды мақтаньш үшін емес тәжірибе ретінде айтайын. Біздің тексеру комиссиясы 2013 жылы маслихаттың құрамында болды. Сол кездері бір жылда тапқан қаржы бұзушылық үш жүз елу миллионнан аспаған екен. Ал, кейіннен маслихаттың құрамынан шығып жеке мекеме болған кезде, мысалы, екі мың он төртінші жылы тапқан қаржы бұзушылық көлемі он миллиардтан асып кетті, он бір миллиард болды. Оның ішінде бюджетке қайтаруға жататыны бар, қалпына келтіретіні бар орнына қойып, болмаса процедурный дейміз, қағаздары дұрыс болмай қалатындары бар. Тиімсіз пайдаланған ақшалар болады, біз солардың бәрін орнына келтіру үшін жұмыс істейміз. Мысалы, облыс көлемінде бір үлкен ғимарат салынып, оған үкіметтің қомақты ақшасы кетті делік, сол ғимарат жұмыс істемей есігіне құлып салынып ана жерде тұр. Оны тиімсіз жұмсалған ақша дейді. Үкіметтің ақшасына салынған ғимарат жұмыс істеуі керек, одан салықтар түсуі керек. Қаншама адам жұмысқа тартылып өнім шығарып, болмаса қызмет көрсетіп экономикаға үлестерін қосуы керек. Біз осындайлардың бәрін реттеп, болашақта болдырмас үшін қаулы шығарып, жазалайтынды жазалап, шаралар қолданамыз. Бірақ, мен ревизорларға әр уақытта ескертіп: «олардың бәрі өзіміз сияқты адам, ешкімге еш уақытта тізе батырушы болмаңдар, сен мынандайсың, сондықтан сен мынандай бармақ басты, көз қысты жаса деп айтушы болмаңдар» деп отырамын.

*– Осыдан туындайтын нәрсе, Сіз достарыңыз өте көп адамсыз, ол шынымен де солай ма? Бірақ бұрыннан келе жатқан сөз бар: «Досы көптің нағыз досы болмайды» деген. Ол қалай?*

*–* Енді қалай деуге болады, әрине мен өзімнің досым көп деп ойламаймын, бірақ менің жолдастарым көп. Жолдас пен

достың екеуі екі бөлек. Арасы жер мен көктей десе де болады. Жолдастың бәрі бірдей емес. Олардың ішінде өзінің күні үшін жүрген қулар да бар. Көбінесе ондайлар сексен-токсан процентке жуық болады. Қасында күліп ойнап, бірге дәмдес, тұздас болып жүріп, басыңа бір іс түссе, теріс айналып жүріп кететіндер көптеп кездесіп жатады. Ал досқа келетін болсақ, олар талай жылдар бойы өмірдің елегінен өтіп сұрыпталып шын жанашырлық сезімімен, көңілімен қарайтын, басыңа түскен ауыртпашылықты бөлісе білетін шынайы нағыз айрылмас жандар. Менің де сондай ескі достарым бар. Олар әр кезде де, әр уақытта да арқа сүйеуге жарайтын, бірге жүріп, бірге бөлісетін жандар. Бірақ ондай достар көп емес енді, саусақпен санарлық. Сондықтан, дос дегенді әр уақытта құрметтеу керек, дос дегенді жоғалтуға болмайды. Оның үстіне біздің жасымызда жаңа дос табу мүмкін емес. Сондықтан, бар досты құрметтеп сақтай білу керек.

**– Өмірде не нәрсеге өкпелейсіз?**

– Өмірде алдыңнан бір келенсіз жағдай немесе әділетсіздік кездесіп, сонымен күрескенде жоюға білімің жетпей немесе күшің жетпей қиналғанда, ағың қара болып, адалдығың жазаға ұласып жатса дүниенің азабы мен азасы сол деп есептеймін. Қиналып жүріп әділеттікке жете алмағанда жаным күйзеліп өкінемін. Менің алдымнан ондай жағдайлар көп кездесті.

**– Күрестіңіз бе?**

– Күрестім. Талай әділетсіздікті жеңдім. Мен Алматы қаласы әкімінің орынбасары болып жүргенімде, сондай әділетсіздікке тап болып, қызметтен кетуге мәжбүр болдым. Кейін Елбасы менің адалдығыма көзін жеткізіп, кешірім жасап, менің жұмысқа қабылдануыма үлкен ықпал етті. Ол туралы кітабымда ашық жазылған. Тағы бір мәселе, Жамбыл облысы әкімінің орынбасары болып жүрген кезде Құлдан ауылында үлкен жер сілкінісі болды. Сонда сегіз жарым миллиард теңге бюджеттен қаржы алу керек болды. Мен өзім қаншама жылдар бойы мемлекеттік қызметте жүргендіктен елімізде болып жатқан қаншама төтенше жағдайларды, оларға бөлінген қаражаттарды білемін. Міне сол бөлінген қаражаттың ең жоқ дегенде сексен процентін алынғанын

мен естіген емеспін. Ал мен сол Құланға бөлінген қаражатты жүз процент алып келдім. Сонда басқа жігіттердің бәрі орден, медаль алды, ал мен сөгіс алдым. Осы сияқты келеңсіз нәрселер көп, оның бәрін айта берудің қажеті жоқ шығар.

**– Қандай құндылықтарды қадірлейсіз өмірде?**

– Адамға ең керегі – адалдық, шынайылық, кең пейілдік, бірін-бірі қадірлей білу, бірін-бірі құрметтей білу, жолдас бола білу, оны еш уақытта сатпау және міндетсінбеу.

**– Сіздің көп оқитыныңызды білем, кітаптарды да, газет-журналдарды да, баспасөз болсын, электронды ақпараттарды қарайтыныңызды білем. Өнерге де жақынсыз ғой. Домбыра тартасыз, ән айтасыз?**

– Мен домбыра тартамын, ән айтамын, өлең шығарамын, спортпен айналысамын, футбол, волейбол ойнаймын, еркін күрестен спорт мастерімін. Барлығынан өттік қой.

**– Соның бәрі өзіңіздің азаматтық тұлғаның қалыптасуына қызмет етті ғой.**

– Әкем марқұм қазақтың жақсы қағидаларын үнемі еске салып: «Өнерді үйрен, үйрен де жирен» деп отырушы еді. Азамат болып қалыптасуға осы қағида көп көмегін тигізді. Бұл туралы көп мысалдың басты-басты бір-екеуін ғана айтайын. Политехникалық институтта мұғалім болып жұмыс істеп жүргенде төрт жыл бойы «Политехника көктемі» деген студенттік көркемөнерпаздар үйірмесін басқардым. Әскер қатарында жүргенде дивизия штабында суретші, әрлеп жазушы болдым. Осының бәрі неше түрлі тұлғалармен араласып, өзекті мәселелерді шешуге атсалысып, азамат ретіне қалыптасуыма зор көмегін тигізді.

**– Ал енді Сіз мықты аңшы, мықты балықшысыз. Сізге бұл демалыс керек пе?**

– Әрине.

**– Сізді мықты аңшы, мықты балықшы дейді. Қыста да, жазда да балық аулайсыз, жақында да балық аулапсыз. Олжа көп па?**

– Ия. Бірде болады, бірде болмайды, аң деген ол енді байлап қойған мал емес қой.

– *Аңшылық деген ол Сізге хобби ма?*

– Ия.

– *Оны тастамайсыз ба?*

– Жоқ, тастамаймын. Аңшылықты кейінірек Астанаға барғаннан кейін үйрендім. Бұрын мен аңшылыққа өте қарсы едім. Елорда Астана қаласына көшкеннен кейін бәріміздің отбасыларымыз Алматыда қалды. Өңкей саусылдаған қызметтен бос кезде бірге жүреміз. Осылай жүргенде күз келіп, әлгілердің біреуін де таппай қалатын жағдайға жеттім. Сөйтсем бәрі аңшы. Соларға ілесем деп жүріп, аңшы болып кеттім. Кейіннен әжептәуір аңшы болдым. Ал балықшылыққа келсем, ол балалық титтей кезімнен әкемнің ағасы Аязбек деген атамыз балықшы атамыздың тастай қылып үйретіп кеткені. Екеуміз таңғы сағат алтыдан құрқылтайдан бұрын тұрып алып, балық аулайтынбыз. Ол содан қалған дүние.

– *Мәдениетті, салауатты жерде, таза ауада демаласыз. Одан жалықпайсыз ба?*

– Әрине шаршайсың, бірақ демаласың. Ана суға біраз қарап отырсаң, қандай да болсын жүйкеңді мазалаған ызыңдар мен ойларыңның бәрі тарап, тынышталып демаласың. Аңға шықсаң қаншалықты жүресің, жан-жағыңа қарап, таза ауаны жұтасың, үлкен демалысты өзіңе-өзің ұйымдастырасың.

– *Жамбыл облысының барлық табиғатын жақсы білесіз ба? Тау-тасын, өзен-көлін, суын деген сияқты?*

– Бәрін білем деп айта алмаймын, өйткені уақыт онша көп бола бермейді. Көптеген, жақсы білетін, белгілі жерлер бар.

– *Бірақ ешкімге айта қоймайтын дейсіз ғой...*

– Мүмкін. Кейде құпия сақтау да керек шығар.

– *Жақсы Мырзаке. Сізге үлкен рахмет. Арнайы шақыруымызды қабыл алып, хабарымызға қатысқаныңыз үшін Сізге әр уақытта да сәттілік тілейміз.*

– Рахмет. Өздеріңізге де сәттілік тілеймін.

23.06.2015 ж.  
Қазақстан-Тараз.

Біздің мінбер

## ТАУДАЙ ТАЛАБЫМ ТАЛАЙ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТКІЗДІ

*Мырзақасым БАЙБЕК, облыстық тексеру комиссиясының төрағасы, экономика ғылымдарының кандидаты*

– *Мырзақасым аға, әңгіmemіздің әлқиссасын балалық шаққа саяхаттан бастасақ. Сіз қандай бала болдыңыз?*

– Мен өзім 1952 жылы Талас ауданына қарасты Ақөзек ауылында өмірге келгенмін. Ауылымызда шағын ғана мектеп бар болатын. Алдымдағы ағам жаңа оқу жылында 2-сыныпқа баруға дайындалып жатса, мен де қолыма қалам мен дәптер алып, соңынан қалмайтын көрінемін. «Мен де оқуға барамын» деп қиғылық салады екенмін. Шешем қайта-қайта «Қой, балам, кейін өсесің, өскеннен кейін барасың» десе де қоймаппын. Ауыл деген өзі кең пейілді орта ғой. Оның үстіне сол кезде бір жақын жеңгеміз 1-сыныпты жаңадан жасақтап жатыр екен. Менің қайтпайтыныма көз жеткізген анам сол кісіге барып «Айналайын шырағым, мынау кішкентай ойын баласы ғой, ағасының мектепке бара жатқанын көріп, қайта-қайта жылап қоймады. Анау парталарыңның арт жағына отырғыза салшы, 1-2 күннен кейін өзі-ақ қалады» деп өтініш қылыпты. Мұғалім де қарсылық танытпапты. Осылай ағамнан қалмай, мектепке күнде ілесіп келіп жүріппін. Сөйтіп 5 жасымда мектеп табалдырығын аттаған жайым бар. Бірақ, 6-сыныпқа дейін өте қиын болды. Әлі есімде сол сыныпта оқып жүргенімізде математика пәнінен Бейшен деген ағай сабақ берді. Өзі өте білімді кісі еді. Оның дәрістерін ұйып тыңдай отырып, математикаға деген қызығушылығым арта түсті. 8-сыныпқа барғанда Бәйтiш Омаров деген ағай физиканы оқытты. Ол кезде қазіргідей құрал-жабдықтың түр-түрі жоқ. Ұстазымызда кішкентай ғана телескоп болатын. Түнгі сағат 12-лердің шамасында бізді сыртқа алып шығып, сол құралмен аспандағы жұлдыздарды көрсететін. Сабақ

бергенде де жан-тәнімен түсіндіретін. Содан келіп физиканы да жетік меңгере бастадым. 8-сыныпта жүріп, екпінділердің ортасынан ойып тұрып орын алдым ғой. Осылайша мектепті 15 жасымда, өзімнен 2 жас үлкен балалармен бірге бітірдім.

– *«Армансыз адам қанатсыз құспен тең» дейді зой халық даналығы. Мектеп қабырғасында жүргенде болашақта кім болуды армандадыңыз?*

– Шынымды айтсам, о бастағы менің бір ойым журналист болу еді. 8-сыныпта оқып жүргенімде Әбдімәлік Нысанбаев есімді мектеп директорымыз қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін. Сол кісі бірде шығарма жазуды тапсырды. Төрт тақырып берілген. Біреуі еркін тақырып еді. Ағып тұрған ақын немесе жазушы емеспін, не болса да еркін тақырыпқа көсілейін деп ауылымыздағы Сейітжан Жүсіпбаев деген озат механизатор туралы қалам сілтегенім бар. Ертеңіне жазылған шығармалардың нәтижесіне тоқталған ағайымыз мені ал кеп мақтасын. Сол берілген баға мені ынталандырып, әдебиетке де құмарлығым арта түсті. Кейіннен Талас аудандық сол кездегі «Ленин жолы» газетіне мақалалар мен өлеңдер жаза бастадым. Бірақ менің журналист болам деген арманым жүзеге аспады. Оған әртүрлі жағдайлар себеп болды.

15 жасқа толғанымда әкем Ниязбек қатты ауырып, төсек тартып жатып қалды. Үйдің тұңғышы, ағам Күзембек студент. Одан кейінгі маған ізімнен ерген шиіттей бала-шағаға қарайласып, қол ұшын беру керек болды. Сөйтіп оқуға түсе алмай, ауылда төрт жыл қара жұмыс істедім. Жас болған соң жоғары оқу орнын армандамай тұрмайсың. Менің де жоғары білімді маман атанғым келетін. Алайда «Сананы тұрмыс билейді» дегендей, бәріне төзуге тура келді. Төрт жыл жұмыс істегеннен кейін әскер қатарына кеттім. Азаматтық борышымды өтеп келген соң Қаратау қаласындағы техникумда оқып, оны қызыл дипломға бітірдім. Сөйтіп араға 9 жыл салып барып өзім аңсаған жоғарғы оқу орнына – Мәскеу басқару институтына оқуға түстім.

– *Ауылдың қарадомалақ баласы сол кездегі Кеңес Одағының астанасы болған алып шаһарға қайдан тап болып жүр? Сол туралы айтып беріңізіші.*

– Дана қазақ «Талпынған жетер мұратқа» деп тегін айтпаған ғой. Алға ұмтылған адам жолында кездескен барлық қиындықты

да жеңеді екен. Мен соны түсіндім. Ал енді Мәскеуге оқуға түсуімнің де өзіндік қызықтары бар. Мен техникумда үздік тәмамдағанымды жоғарыда айттым. Сол оқу орнында маған саяси экономика пәнінен Николай Семенов деген ағай сабақ берді. Маған жаны ашыды ма, әлде болашағымнан үлкен үміт күтті ме, ол жағы өзіне белгілі, әйтеуір мені Мәскеу басқару институтына оқуға түсуімді аттай қалады. Тіпті бір ай бойы мені айналдырды. Өзі де сол институттың түлегі екен. Мен болсам басымды ала қашамын. Сондағы айтатын уәжім «Мен ол институтқа оқуға түсе алмаймын, түссем де көп ұзамай шығып кетемін». Шынын айтқанда, Қаратаудан басқа қала көрмеген менің ойымша Мәскеу өңшең вундеркиндтер оқитын шаһар. Ұстазым шыр-пыр болады. «Мен сенің қарым-қабілетіңді білем ғой, сенің мүмкіншілігің жетеді, алып кетесің» деп қоймады. Жаздың кезі. Техникумды бітіргенімді де көп адам білмейтін. Содан үйдегілермен ақылдасып, «Жарайды» деп келісімімді бердім. Мұғалімнен институттың мекен-жайын алған соң жолға қамдандым. Анам Қалампыр жиған-тергенін шығарып қолыма 200 сомды ұстатты. Жастық жалын ұрып тұр, «Мәскеу қайдасың?» деп пойызбен бір өзім тарттым. Отарбамен үш тәулік жүріп, өзіме мүлде бейтаныс қалаға да жеттім ғой. Басында қобалжығаным рас. Қанша дегенмен бөтен орта. Не керек, көрсетілген мекен-жай бойынша сол күні аталмыш оқу орнын іздеп, таппадым. Теміржол бекетіне қайта оралып, сонда түнедім. Бойымды үрей билей бастағандай. Ертеңіне тағы да іздеп, әзер дегенде таптым. Сөйтсем институт бұрынғы мекен-жайдан басқа жаққа қоныс аударған екен. Табуын тапқанмен, мұнда да ә дегеннен кедергіге кезіктім. Сол кездегі Білім министрлігінің бұйрығы бойынша елімізде №286 медициналық анықтама студент оқуға түсетін қаладан берілетін. Соған сеніп қалғанмын ғой. Сөйтсек мұнда керісінше екен. Ондай анықтаманы студент тұрғылықты жері бойынша алып келуі керек екен. Ал, енді не істеймін? Қабылдау комиссиясының хатшысы жақсы кісі екен. Жағдайымды түсініп, маған көмектесуге тырысып көрді. Бірақ, институт жанындағы медициналық пункттің мамандары бәрібір көнбеді. Мен шарасыздықтан не істерімді білмей саса бастадым. Енді ше, Жамбыл облысына пойызбен келіп-кету



үшін б, анықтама алу үшін тағы 2 тәулік уақыт кететінін есіме түсіргенде төбе шашым тік тұрды. Баруын барып келемін ғой, тек институтқа құжаттарды тапсыратын уақыттан қалып кетейін деп тұрмын. Осылайша қалың ойдың құрсауында қалғанда қабылдау комиссиясының хатшысы мүмкіндік болса ұшақпен барып келу туралы кеңес айтты. Түсіністік танытып, мен құжат тапсырудың соңғы күні кештетіп жетсем де, келгенше күтіп отыратынын жеткізді. Мұндай қуанбаспын. Содан не керек, алып-ұшып әуежайға келсем, адам көп. Ұшақтың ұшуына аз уақыт қалыпты. Ол кезде Мәскеуден қазіргі Тараз қаласына тікелей қатынайтын әуе рейсі бар болатын. Кассадағы қыздарға «комплимент» айта жүріп бір билетке қол жеткіздім де, туған жерге қарай құстай ұштым. Облыс орталығына түнгі 12-лер шамасында келіп қондым. Әуежайдан бері шыға бере байқасам Қаратау қаласына қатынайтын автобус жүргелі тұр. «Іздегенге – сұраған» деген осы. Маған қайткен күнде де Қаратауға жету керек. Бірақ, «Қазір қайда барамын, кімге жолығамын?» деп ойлап қоямын ішімнен. Мұндай кезде бас та керемет жұмыс істей ме деп ойлаймын. Содан ағам Күзембек айтқан бір таныс дәрігер есіме сарт етіп түсе кетті. Мекен-жайын да шамалап тауып, түн жарымында біреудің есігін қақтым. Дәрігер зор дауысты, кең иықты азамат екен. «Кім-ей бұл?» деп жақтырмай есік ашты. «Көке, көмектесіңіз, қысылып келдім. Қайткен күнде де осы жақтан медициналық анықтама алып баруым керек» дедім. Ол жағдайды түсінгендей болды да, «Таңертең сағат 9-да жұмыс жаққа кел» деді. Тиісті қағазды ала салып, көшеге қарай жүгірдім. Құдайдың құдіреті ғой, тура алдымнан Таразға баратын автобус келе жатыр. Таразға әуежайға келсем, кезекті ұшақ Мәскеуге қарай ұшуға дайын тұр. Айналып жүріп, әйтеуір тағы да бір билет таптым. Бағасы ол кезде 60 сом. Шешем берген 200 сомның 120-сы ары-бері ұшаққа кетті ғой. Бірақ, Алла Тағала бәрінің сәтін салып тұрғандай болды. Өйткені, ұшаққа да, көлікке де дер кезінде үлгердім. Дәрігер де табыла кетті. Жастықтың буы ғой, жай таптырмай тұрған. Тіпті, жолдың да қашықтығын сезбейсің. Орышам да онша емес еді, қажеттілік туындаған соң сандуғаштай сайрай жөнелдік. Мәскеуге жетіп, институтқа құжат тапсырудың соңғы күніне үлгердім. Құжаттарымды ең соңғы

абитуриент болып тапсырдым. Алғашқы емтихан математикадан басталды. Маған оқуға түсу үшін жалпы алғанда екі пәннен ең кемі 9 балл алуым керек. Бірінші тапсырған математика пәнінен 4 деген баға алдым. Екінші емтиханды беске тапсырыппын. Мұның бәрі де мың болғыр ауылдағы ағайлардың шапағаты ғой. Солар мені бұл пәндерге тартып оқытпағанда Мәскеу тұрмақ ауданға да аттап баспайтын едім ғой. Емтихан нәтижесі бойынша оқуға қабылданғанымды естігенде көз алдым бұлдырап, қолымдағы біржапырақ қағазым сусып жерге түсіп кетті. Емтихан алған мұғалім «Молодой человек, что с тобой?» деп бәйек болып жатыр. Бір сағаттан кейін өз-өзіме келіп, қуаныштан көзіме жас алдым. Айды аспанға бірақ шығарды деген осы шығар деп масаттанып қоямын. Міне, осылайша ол жақта 5 жыл оқып, институтты жақсы нәтижемен тәмамдадым.

Әрине, оқу оңай болды деп айта алмаймын. Талпынған адам бәріне де жетеді. Ел аузында «Тыныш жатқан тастың астынан су жүрмейді» деген тәмсіл бар ғой. Сол сияқты ары-бері қозғалып, ұмтылмасаң игілік атаулы өздігінен келмейді.

**– «Әр адам – өз өмірінің сәулетшісі» деген сөз бар ғой. Жоғарғы оқу орнын бітірген соң еңбек жолыңыз қалай өрілді? Мәскеуде қалып кеткен жоқсыз ба?**

– «Туған жерге туың тік» деген ғой ата-бабаларымыз. Жоғарғы оқу орнынан кейін еңбек жолымды өз елімде жалғастырдым. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп Абай атамыз айтқандай, мен де ұстаздық еттім. Төрт жыл бойы Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік политехникалық институтында студенттерге дәріс бердім. Кейін аспирантураны бітірдім. Одан кейін, ғылыми зерттеу институтында жұмыс істедім. Бір сөзбен айтқанда, ғылымға қатты көңіл бөлдім. Экономика ғылымдарының кандидаты атанғаным да сол тұс. Еткен еңбегім ескерілген болу керек, Президент әкімшілігіне жұмысқа қабылдандым. Аппаратта сектор меңгерушісі болып қызмет еттім. Бұдан соң Алматы қаласы әкімінің орынбасары болып тағайындалдым. Мұнда 4 жылдан аса еңбек еттім. Алматы – үлкен мегаполис қаласы ғой. Қайнаған тіршіліктің ортасы. Осы қалада экономика мәселелеріне жетекшілік ету мені шыңдады, ширықтырды. Ел ордасы Алматыдан Астанаға

ауысқан кезде Экономика министрлігінде қызмет атқардым. Содай кейін Жамбыл облысы әкімінің орынбасары болып, туған жеріме қайта оралдым. Мұнда абыройлы еңбек еттім деп нық сеніммен айта аламын. Кімнің алдында болмасын жүзім жарқын. Бұдан кейінгі жылдары «Базис-А» корпорациясында вице-президент, Экономика министрлігінде департамент директоры болып жұмыс істеп, енді осында оралдық. Бүгінде облыстық тексеру комиссиясының төрағасы болып қызмет атқарып жатқаным бес жылға жуық уақыт болды. Біздің еңбек жолымыз осылай сабақтасып жатыр.

**– Осы өмір жолыңызда өзіңіз үлгі тұтқан ұстаздарыңыз болды ма? Кімдерді бөліп-жарып айта аласыз?**

– Әрине. Сайлау Байзақов деген үлкен ұстаз, экономика ғылымдарының докторы бар. Сол кісі менің тікелей ұстазым. Экономика саласының қыр-сырын үйреткен сол кісі. Сосын Еркінбек Құлжабаев дейтін азаматтан да терген тәлімім мол. Осындай тұлғалар Құдайға шүкір, баршылық. Ең алғаш болып осы екі кісіні айтар едім. Өйткені, олар менің жаным рухани мол азық сыйлады. Тәжірибелерімен бөлісті. Білімділік пен біліктілікке баулыды. Ал, өмір сабақтарын бойыма сіңірген ол әрине менің ата-анам. Әкем мен шешем ата-бабалары ауқатты болғанымен өздері өте қарапайым жандар еді. Шаруа кісілер болатын. «Әке – асқар тау, анна – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» дегендей, әкенің асқақ айбыны, ананың шексіз мейірімі қандай еді?! Анам Қалампыр біздің жақсы азамат болып қалыптасуымыз үшін мол өнеге сыйлады. Берген тәрбиесі ұшан-теңіз. Әкем Ниязбек те ақыл-кеңесін аямайтын. Өткен шақтан бір ғана естелік айтайын. Мен 7 жасқа толған кезде анам қатты ауырып, өлім аузында жатты. Сонда әкем тағдырдың бұл сынағын мойымай көтерді. Майыспады. Әрқашан бізді жанына жинап алып, «Шыдаңдар, шешелерің әлі-ақ қасымызда болады» деп сабырға шақырып отыратын. Әлі есімде, хал үстінде жатқан анамды дәрігерлер тікұшақпен облыс орталығына алып кеткен болатын. Сонда әкемнің тікұшақтың қанатына жабысып алып, айтқан сөздері жүрегімізді шымырлатқан-ды. Алла Тағала бәріміздің тілеуімізді қабыл алды ма, анамыз дертінен айығып, аман-есен ортамызға оралды. Дегенмен, тағдырдың ісіне шара бар

ма, әкем мен 17 жасқа толғанда дүние салды. Анам 2000 жылдары, біздің азамат болғанымызды көріп өмірден озды.

**– Бүгінде ел ағасы жасындасыз, бірталай мектептен өттіңіз. Өмірде қалыптасқан ұстанымыңыз қандай?**

– Бұл өмірге келгеннен кейін адамның бәрі бірдей. Бәріміз де ет пен сүйектен жаралған пендеміз. Бірақ, әркімге әрқалай мінез-құлық, бағыт пен мүмкіндік беріледі. Оны дұрыс бағаламай, «мен анадан ірімін, мынадан мықтымын» деуге болмайды. Сондықтан да адам баласына ең бірінші керегі қарапайымдылық деп ойлаймын. Кеңпейілділік те қажет. «Кең болсаң, кем болмайсың». Кез-келген адамды өзіңмен теңдей санау керек. Сонан кейін қорқаулыққа жол бермеу қажет. Нысап сайын береке. Бұрындары үлкен ата-апаларымыз «Алла нәсібінді берсін» деп жатушы еді ғой... Алланың берген нәсібіне қанағат тұтқан абзал. Міне, менің өмірден түйген ойларым осындай.

**– Енді әңгіме өзіңіз атқарып отырған қызметке қарай бұрсақ. Елімізде тексеру комиссиясы қашан құрылды?**

– Тексеру комиссиясының құрылғанына төрт жылдан асып барады.

**– Бұрын жергілікті мәслихаттарда тексеру комиссиясы болушы еді. Кейіннен таратылып кетті. Сіз басшылық етіп отырған құрылым мен мәслихаттардағы бұрынғы тексеру комиссиясының айырмашылығы неде?**

– Сұрағыңыз өте орынды. Мәслихаттардағы тексеру комиссиясының төрағасы сол шақырылымда сайланған депутаттардан таңдалып алынатын. Сосын комиссия құрамында тағы 2-3 депутат болатын. Яғни, жұмыс органы шағын ауқымда. Әрі, облыстық, қалалық, аудандық мәслихаттардың әрқайсысында бөлек-бөлек тексеру комиссиясы жұмыс істеді. Сондықтан да біріншіден, бұл міндетті атқаруға олардың күші жетпеді. Екіншіден, білім деңгейі талапқа сай келе бермейтін. Осындай факторларға байланысты атқарған жұмыстары да тиімсіз болып жатты. Қазіргі уақыттың талабына жауап бере алмады. Әрине, барын салып, жан-тәнімен жұмыс істеген азаматтар болды. Бірақ, бәрібір де тиімсіздік пайда болды. Мысалы, 2010 жылы мәслихаттардағы тексеру комиссиясы анықтаған қаржылық заңнаманы бұзушылық 350 миллион теңгеден асқан жоқ. Ал 2014

жылдың өзінде біз анықтаған заңбұзушылық көлемі 11 миллиард теңгеден асып кетті. Осының бәрін ескере келе жергілікті мәслихаттардағы тексеру комиссиясы таратылып, мүлде жаңа құрылым өмірге келді. Қысқасы, аймақтарда өз алдына дербес орган құру қажеттілігі туындады. Сөйтіп тексеру комиссиясы өз жұмысына кірісіп кетті. Бүгінде мені қоспағанда комиссияның төрт мүшесі бар. Сонымен қатар 34 тексеруші жұмыс істейді. Бұл құрылымның бір ерекшелігі, біз тексеруді бекітілген жоспар бойынша жүргіземіз. Жоспарсыз еш мекемені тексеруге аттап баспаймыз. Ол заңбұзушылық болып табылады. Азаматтардың арызы бойынша да бармаймыз. Сол себепті де біз жоспарды бекіткенде барлық мекемелерді мұқият зерделейміз. Қай мекемені тексеретін уақыт келді, соның бәрін жан-жақты талдаймыз. Бізде тәуекелді бағалайтын жүйе бар. Оның ішінде де өзіндік талаптары қарастырылған. Сол жүйеге салып, ортақ жоспар түземіз. Сол бойынша жұмысымызды жалғастырып жатырмыз.

**– Сіздердің функционалдық міндеттеріңіз қандай? Нақты қандай мекеме-кәсіпорындарды тексересіздер? Қаржылық бақылау инспекциясы деген де мекеме бар, осы екі құрылымның қызметі қосарланып жатқан жоқ па?**

– Республикалық бюджеттің тиімді жұмсалуын Есеп комитеті қадағалайды. Ал, біз жергілікті бюджет қаржысының дұрыс игерілуін тексереміз. Яғни, облыстық, қалалық, аудандық бюджеттен бөлінген қаражат мақсатты жұмсалып жатыр ма, әлде керісінше ме? Осы жағын мұқият қараймыз. Сонан кейін тексеру комиссиясын сыртқы бақылау органы деп санайды. Біз Есеп комитетімен пара-пар, жергілікті бюджет қаражатын қадағалаушы боп табыламыз. Ал, қаржылық бақылау инспекциясын ішкі бақылау органына жатқызады. Өйткені, ол Қаржы министрлігі арқылы Үкіметке қарайды. Енді «Қос құрылым бір-бірін қайталамай ма?» деген сұрағыңызға келсек. Екі мекеменің өзіндік жұмыс тәртібі мен қадағалау аумағы бар. Бірақ, алғашқы кезде бір-біріміздің қызметімізді қайталаған сәттер кездесті. Бастапқы 1-2 жылда осындай түсінбеушіліктер орын алды. Бұл мәселе Есеп комитетінің жанындағы үйлестіру кеңесінде бірнеше мәрте көтерілді. Сөйтіп, барып әркімнің нақты міндеттері айқындалды. Бір сөзбен айтқанда атқаратын қызметіміздің ара-жігін ашып

алдық. Қазіргі таңда бір-бірімізді қайталамай, өз бағытымыз бойынша еңбек етудеміз.

**– Жұмыстарыңыздың қауырт екенін білеміз. Десек те, қолыңыз қалт еткенде немен шұғылданғанды қалайсыз?**

– Жас кезімде спортшы болдым. Күреспен тұрақты айналыстым. Футбол, волейбол, баскетбол ойнадым. Спорттың барлық түрімен айналыстым десем де болады. Оның сыртында атқа шауып, көкпар тартудан да алдыма жан салмайтынмын. Көркемөнерпаздар үйірмесіне де қатыстым. Қарасөз оқып, спектакльдерде де ойнадым. Қазіргі уақытта негізгі хоббиім – аңшылық. Табиғат аясына шығып, балық аулағанды жаным сүйеді. Қолым қалт ете қалса сондай жаққа тартып кеткенді жек көрмеймін.

**– Мағжан ақын айтқандай, «Толқыннан толқын туады, толқынды толқын қуады». Ізіңізден еріп келе жатқан Тәуелсіз еліміздің жастарына қандай ақыл-кеңес берген болар едіңіз?**

– Мен қазіргі жастардан үлкен үміт күтемін. Біз Кеңес заманын көрген жандармыз ғой. Сол кездегі ахуалға қарап кейінгі толқын – қазақ жастарының болашағы қалай болар екен деп алаңдайтынмын. Шүкір, егемен ел атандық. Бір қуанатыным, бүгінгі жастар ішімдік, темекі сияқты зиянды нәрселерге әуес емес. Бес саусақ бірдей емес әрине, бірақ салыстыра алған кезде салауатты өмір салтын серік еткен жастардың қарасы көп. Сонан кейін жаңа технологияның тетігін меңгерген балаларды көріп марқаямын. Тек олқы соғып тұрған бір ғана тұсымыз бар. Ол – отбасында, ошақ қасында берілуі тиіс тәрбиенің жеткіліксіздігі. Өйткені, жұрттың көбі қазір күнкөрістің қамымен әртүрлі тірлікпен айналысып жүр. Сондықтан да балаларына көп көңіл бөле бермейді деп ойлаймын. Ал, бірақ жас жеткіншектердің өздерінің ұстанған бағыты дұрыс, жолы түзу. Қоғамда дін туралы әртүрлі пікір бар. Елбасының өзі айтты ғой: «Дін – ұстай алсаң қасиетің, ұстай алмасаң – қасіретің». Түптеп келгенде дін адамды тәрбиелейтін құрал. Оның дұрыс бағытымен жүрген жастың ары да, жаны да таза болады. Сол жағынан келгенде жастардың болашағына деген сенімім мол.

– Әңгімеңізге рахмет!

*Сұхбатты жүргізген: Тұрсынбек Сұлтанбек,  
«Арай» газеті.*

## **НҰР ОТАН ПАРТИЯСЫНЫҢ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС КОНФЕРЕНЦИЯСЫ**

*Нұр Отан партиясы бақылау-тексеру Комиссиясының  
төрағасы Мырзақасым Байбековтың сөзі*

### **Құрметті, конференцияға қатысушылар!**

Біздің еліміздің тәуелсіз ел болып, шаңырағын қайта көтергеніне жиырма төрт жылдай уақыт толып, Елбасы, партиямыздың көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтің «Нұрлы жол» бағдарламалық бастауымен алға басып келеміз.

Осы жылдар ішінде ескі тоталитарлық системадан басқа жүйеге ауысу үлкен сындардың сыны еді. Бұл сындардан еліміз аман-есен ғана емес ұлтымыздың көшбасшысының кеменгер саясаты мен саяси терең талғамдарының арқасында өркендей өсіп, әлемді таңдандырып отырған абыройлы жетістіктерге қол жеткізіп, өркениетті 50 мемлекеттің қатарынан ойып орын алып, болашақта отыздықтың бел ортасынан табылуды да межелеп отырмыз.

Осындай келелі іске өзінің қомақты үлесін қосып отырған біздің, Елбасымыздың «Нұр Отан» партиясының ел тілегін жүзеге асырып, еселі еңбек етіп жүргеніне де биыл 17 жыл толады. Осы уақыт аралығында еліміздің экономикасы 21 есе өсіп, Жалпы ішкі өнімнің бір жанға шаққандағы көлемі 17 есе, халықтың табысы 12, зейнетақы көлемі 10 есеге молайды.

Міне бүгінгі күнде қабырғасы қатайып өркениеті молайған еліміздің алдында, еліміздің жетекші партиясы «Нұр Отан» партиясының алдында халқымыздың болашағын, «Қазақ елінің», «Мәңгілік ұлысымыздың», «Ұлы дала Ұрпақтарының» еңсесі биік болып өркендей түсуі үшін атқарар қыруар еңбектері мен қиындықтарды еңсерер жігерлі жұмыстары күтіп тұр.

Бүгіндегі жаһанды жайлаған экономикалық, валюталық дағдарыс, геосаяси дағдарыс, әлемді жайлаған экстремизм мен

миграциялық аухалдар, бізге осы келенсіз жағдайлардан елдің әлеуметтік, экономикалық, мәдени әрі саяси тұрғыдан дамуын төмендетпей іргелі істерге бет бұрып алдымыздағы өркениетті 30 елдің қатарына қосылу үшін бар күш жігерімізді аямай еңбек етуімізді қажет етіп отыр.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының жариялаған 5 институционалдық реформасы мен ұлт Жоспары «100 нақты қадамы» еліміздің ұзақ жылдар бойы тұрақты дамуына негіз болып болашағымыздың алтын маяғы болып табылады.

Партиямыздың алдында, Елбасы реформасын жүзеге асырып алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін өндірістерімізді индустриялық даму жолына түсіріп, жаңалықтары мен жаңашылдықтары мол инновацияны меңгеру, өз істеріне берік жекеменшік иелерін приватизация арқылы қолдап, шағын және орта бизнеске мемлекеттік қолдау көрсетіп, жаңадан инвестициялық саясат құрып, экономикалық қауіпсіздігімізді қалыптастыру міндеттері тұр.

Сонымен қатар еліміздің әлеуметтік саласын өркендете түсіп, мүмкіншіліктері төмен жанұяларға, еңбекке жарамдыларды жұмыспен қамтамасыз етуге, денсаулық сақтау мен білім беру салаларының әлемдік стандарттар қатарына жетуіне, тұрғын үй саясатын жетілдіруге күш салып қызмет атқару міндеттері де бар.

Біздің әлем мойындаған құндылықтарымыз ол тұрақтылық пен қауіпсіздік. Елбасымыздың көпбағыттық сыртқы саясаты мен ұлтаралық татуластық бастамаларын қолдаймыз. Өйткені этникааралық түсіністік пен бірлік Елбасы саясаты арқасында әлемдік деңгейдегі көшбасшылыққа жеткізіп отыр.

Қазіргі әлемде болып жатқан алапат жағдайлардан Елбасымыздың салдарлы саясаты мен оның «Нұр Отан» партиясының күш жігерінің арқасында, халқымыздың бірлігін нығайта түсіп, тұрақтылығы мызғымай, Еліміздің мәртебесі жоғары көтеріле түсіп, өркениетті мемлекеттер қатарындағы елге айналатынымызға сеніміміз мол.

Міне, сондықтан да «Нұр Отан» партиясының «Қазақстан – 2021» сайлау алды бағдарламасын бүкіл жұрт болып, ел болып қолдауға шақырамын.

*18 қаңтар, 2016 ж.*





# Ойлар мен шумақтар

## **ОЙЛАР МЕН ШУМАҚТАР**

Жастағы бейнет – қартайғанда зейнет,  
Жастағы зейнет – қартайғанда бейнет.

Көрегенді көкке жетер, менмен өз түбіне өзі жетер.

Ақымақтан ақыл сұрағанша, өз бетіңмен амал құра.

Ақымақпен дос болғанша, ақылдының қосшысы бол.

Арың кетсе бағың кетер, бағың кетсе барың кетер.

Көпті көргеннен де, көпті түйген абыз болар.

Құлан өтпес қамыстан, жылан өтер.

Жаксылықты ілуде біреу жасайды,  
Жамандықты ойына келген жасайды.

Жаксының жолы көрегенді,  
Жаманның жолы жеркенішті.

Адал болсаң түбінде боласың дос,  
Арам болсаң шет шығып қаларсың бос.

Өсер үйдің баласы өсиет терер,  
Өспес үйдің баласы өсек терер.

Жаны жарық адамға қараңғы да тосқауыл бола алмас.

Ақылды әйел алтын қорған,  
Ақымақ әйел үйдегі ойран.

Өзін ұстай алған, өзгені де басқара алады.

Өзгені өзіндей сезінсең, ол құрметке лайық.

Лепірме мақтауда шындық болмас,  
Үнсіз отырғанда өтірік болмас.

Арам адамға бақ қонбас,  
Сенімді жоғалтқан тіпті оңбас.

Дәрежең дәлелдеуді қажет етпесе – қасиеттілігің.

Жымия білу бақыттан гөрі мықтылықты білдірер.

Достық қымбат та нәзік, табу қиын, жоғалту оңай.

Қатынасын қадірлеген кешірімді болар.

Өзгелерді алдай беру саған деген сенімнің соры.

Өзгенің көлеңкесін паналай берме, қараңғыда қарусыз қаларсың.

Жақсыны тапқың келсе, өз жақсылығыңды жоғалтпа.

Абыз адам арпылдағанға амандық тілеп жөніне кетер.

Белестен аспай, екіншісіне жетпессің.

Өмір – ұлы ұстаз, оған өтірігің өтпес.

Уақыт пен өмір егіз, бірі пайдалануды, екіншісі бағалауды қажет етеді.

Жақсы мінезден жайдары шығады,  
Жаман мінезден қай-қайдағы шығады.

Тауып айтқанға таң қаласың,  
Таппай айтсаң лаң қыласың.

Сөздің орындысы тыңдаушыны мәз етеді, орынсызы мезі етеді.

Дұрыс айтсаң ақымақ та көнеді,  
Бұрыс айтсаң абыройдың атасы өледі.

## ҚАЗАҚ ЕЛІ

Бабалардың армандары ақталып,  
Ұлы дала ордасына бақ дарып,  
Мәңгілік боп жаратылған қайсар ел,  
Еуразия кіндігіне тұр Алып.

Ғасырларды әр жылына сыйғызып,  
Ақ ордадай әсем қала тұрғызып,  
Дархан көңіл, асқақ пейіл ниетпен,  
Ақ дастархан, кең құшағы тұр күтіп.

### Қайырмасы

Қазақ елі – бірлігіңнің бесігі,  
Қазақ елі – бақ даулеттің есігі.  
Қазақ елі – татулықтың тірегі,  
Қазақ елі – ар-намыстың жүрегі,  
Сондай елде туып өскен азамат,  
Жер бетінде нағыз бақыт иесі.

Көк байрағы желбіреген жайқала,  
Көкжиектен айшық берер жаһанға.  
Астанадан нұр төгіліп, айбынды,  
Ажарланған шартарабы, кең дала.

Мәңгілік ел, күш қуаты бойында,  
Жастар еркін, арман қуған жолында.  
Ынтымақ пен өркениет, ұлы күш,  
Бейбітшілік туы елімнің қолында.

*Астана қ., қараша 2015 ж.*

## **ОТАНЫМ МЕНІҢ**

Сағым қуып самалыңда,  
Асыр салдым көгалыңда.  
Көтересің еркелігін,  
Еркін өскен балаңның да.

Тауларыңнан тәлім алғам,  
Еркелетіп дархан далам.  
Кең даламның бар пейілі  
Бір өзіңмен асыл маған.

Соның бәрі сенің арқаң,  
Бір өзіңе сенім артам,  
Өмірімнің өзегісің,  
Болашақтың кемелісің.

Күн шуақтай күлкі керім,  
Қуанышты жан жүрегім.  
Сенің арқаң құшағыңда,  
Бақыт кешіп мен жүремін.

Отаным менің,  
Байрақты елім.  
Жаннатым менің,  
Атамекенім.

Асылым елім  
Ғасырым менің  
Көңілде сенім  
Атамекенім

Қазағымның кең даласын,  
Барша жұртқа паналаттың.  
Гүл жайнаған кең өлкеде,  
Сұлу әсем қала орнаттың.

Көк байрағы желбіреген,  
Табиғаттың көркем неткен.  
Елім менің берекелі,  
Әнін айтып, күйін төккен.

Алыс жүрсем айбынымсың  
Жабыққанда сағынышым  
Көңіліңнің жұбанышы  
Бағындағы бақ құсынмын.

Жырақ кетсем сағынамын,  
Жер жанаты кием менің.  
Жағасында кәусәріңнің,  
Бар ма деймін дәру емің.

*Астана қ., маусым 2016 ж.*

\* \* \*

Атыңнан айналайын аталарым,  
Жолымды ашып жатыр баталарың.  
Атыңнан айналайын ағаларым,  
Қиындықта өздерің жағаларым.  
Атыңнан айналайын құрдастарым,  
Өмірді бірге көрген сырластарым.  
Атыңнан айналайын інілерім,  
Тірегім, қорғанышым, ірілерім.  
Атыңнан айналайын балаларым,  
Қартайғанда сағалар паналарым.  
Атыңнан айналайын немерелер,  
Атасының шырағы, кемеңгерлер.  
Атыңнан айналайын шөберелер,  
Жұмаққа жол салатын, неменелер.  
Арнауын сендерге арнап бақ тілеген,  
Мырзақасым, деген кісі деп біле бер!

*Тараз қаласы, 09.08.2016 жыл.*

Сыр тұнығы көзінде,  
Ой түйіні сөзінде.  
Тағдырыңа жол салу,  
Алладан, сосын өзіңде.

Өршіл болсаң өрге тарт,  
Көпшіл болсаң елге тарт.  
Достығыңды бағала,  
Берген сертің аманат.

Жамандық толса жолыңа,  
Азғындық берер бойыңа.  
Ар-ұят болсын қорғаның,  
Жақсылық қонып қолыңа.

*Тараз қаласы, 17.02.2016 жыл.*

Әйелдер-ау, әйелдер қызықсыңдар,  
Жігіттер көп арамызда қызық құмар.  
Көктемнің күніндей боп құлпырғанда,  
Көкіректі жарады-ау иіс жұпар.  
Әйелдер-ау, әйелдер қызықсыңдар,  
Ашу келсе тас жарар бұзықсыңдар.  
Жарқырап жайнай түссе жүздеріңіз,  
Шуақ төгіп тұрады көктен нұрлар.  
Әйелдер-ау, әйелдер қызықсыңдар,  
Төркін десе жан-дүниені бұрыпсыздар.  
Ұлы жақсы болғанмен сендерді алған,  
Қайын жұртқа жон арқаны қиыпсыздар.  
Әйелдер-ау, әйелдер қызықсыңдар,  
Неге сонша нәзік болып туыпсыңдар.  
Көңіл түсіп, жақсы көріп қалсаңыздар,  
Жігіттердің көңілін бұзыпсыздар.  
Әйелдер-ау, әйелдер қызықсыңдар,  
Көніп тұрып, көнбеске шығыпсыздар.  
Күн көзіндей нұр шашып тұрғанменен,  
Неге сонша кей кезде суықсыңдар.  
Әйелдер-ау, әйелдер қызықсыңдар,  
Бүгінгі бұл мереке биік шынар.  
Құттықтайық! Келгенше келер жылға,  
Өсіп көңіл, бойларыңда жылу тұрар.

*Тараз қаласы, 08.03.2016 жыл.*



**Рахманқұл:**

Ағып өтіп барады мына уақыт,  
Қалады көмескі боп алтын, жахұт.  
Сомдалып, айқыштанып тарихқа енер,  
Сыйластық, жолдастықпен келген бақыт.

**Мырзақасым:**

Ағып өтіп барады алтын уақыт,  
Қысқа өмір тоқтайды бақи асып.  
Жалғанда не жетеді сіз-бізіңе,  
Харам дүние жинаған артта қалып.

**Рахманқұл:**

Ағып өтіп барады мына уақыт,  
Тебірентіп, толқытып, алаңдатып.  
Бірде жеңіс табыспен қатар келіп,  
Байыз таппай қояды қопаңдатып.  
Енді бірде қиянат теңсіздікпен,  
Азу тісін көрсетер, жалаңдатып.

**Мырзақасым:**

Ағып өтіп барады алтын уақыт,  
Неменеге отырсың басың қатып.  
Өмір солай болған соң амалың не?  
Түбіне еш жетпейсің ойлап жатып.  
Күліп ойнап жүре бер, ей жарқыным,  
Дос көңілдің бағасы әркез артық.

\* \* \*

Күлімдеген күн көзі,  
Жарық етсін аспанды.  
Күнделікті есіңе ал,  
Жаратқан жалғыз Алланы.  
Құтты болсын құрбан айт,  
Қабылдап тілек, тәубанды.

*Астана-Тараз, 12.09.2016 жыл.*

\* \* \*

Жайнаған гүлдер,  
Нұр шашып күндер.  
Шамшырақ жарқын,  
Арайлы түндер.  
Жайнаған қала,  
Көне әрі жаңа.  
Таразым өзің,  
Мәңгілік дара.  
Жайнаған өңір,  
Жайланып көңіл.  
Өзіңмен бірге,  
Өскелең өмір.  
Жайнаған жастар,  
Арманы асқар.  
Көңілге демеу,  
Жастардан бастау.  
Жайнаған көше,  
Өнімің есе.  
Қайнайды еңбек,  
Болашақ өсе.  
Жайнаған жанар,  
Жақсылық хабар.  
Ырыстың дәмін,  
Ұрпағың татар.

*Тараз қаласы, 25.09. 2016 жыл.*

\* \* \*

Таразым менің,  
Көрікті керім.  
Сүйеді сені,  
Барша жұрт елің.  
Дүлейден нөпір,  
Жесенде жебір.  
Қазаққа болдың,  
Түпқазық темір.  
Сүйеніп таяқ,  
Келгенді саяқ.  
Мінгіздің атқа,  
Бақытқа орап.  
Жастарың жалын,  
Үлкенің алым.  
Шаттыққа толы,  
Көкжиек маңың.  
Аспаным ашық,  
Сезімім тасып.  
Бозбалаң әне,  
Сұлуға ғашық.  
Көздерге мөлдір,  
Ғашық қой өмір.  
Тойлармен ұлас,  
Тамаша небір.

*Тараз қаласы, 30.09. 2016 жыл.*

Қаржының жүгі ауыр онай емес,  
Болашақ кілті сонда шығар белес.  
Сеніпті Есебіме, Елбасымыз,  
Бақылап, қаржы жолын, құр деп Кеңес.

Қаржысын еліміздің баппен қарап,  
Баға берген бағытын түгел санап.  
Тазартып тура жолын ауытқудан,  
Қателік кетпесін деп босқа саяқ.

Есебім, қарап тұрсам, бейне жүрек,  
Тамырларын қаржының байқамайды.  
Тоқырап қаржы тоқтап қалмасын деп,  
Шындықты дөп басудан тайсалмайды.

Бүгін толды кемелге жаңа белес,  
Мұным шындық болса да басқаға елес.  
Қаруланып заңменен жаңа шыққан,  
Елімнің жарқыны үшін құрған Кеңес.

Құтты болсын тұғырың шыққан биік,  
Шын көңілмен айтамыз ойды түйіп.  
Ұрпағы болашақтың Елің үшін  
Кемел болсын жолыңыз болмай тұйық.

*Астана қаласы, 19.04.2016 жыл.*

**(ҚЫРЫҚБАЙ 63-ТЕ)**

Ер жігіт есейгенде бейнет көрер,  
Там тұмдап еңбегінен жеміс терер.  
Адал іс, ізгі ниет, төгілген тер,  
Тек кетпей азаматқа бедел берер.

Қырықбайым бірге өскен бауыр едің,  
Шаңға аунап, допты теуіп өскен керім.  
Ұмытылмас сәттеріміз қанша жатыр,  
Арман қуып, қиял ұшып, көкте сезім.

Есейдік, жолға түстік неше алуан,  
Тосып алды өмір жүгі бізді алдан.  
Жан-жаққа бақыт іздеп кете бардық,  
Алладан тілек тілеп «Ақжол» алдан.

Мен кеттім арман қуып бір қияға,  
Сен қалдың жеміс теріп өз ұяңда.  
Көрсеттің азаматтық тірлігіңді,  
Жыр етіп айтатындай сұрағанға.

Көркейттің ауылыңды өз қолыңмен,  
Бейнетқор, тыным таппас болымыңмен.

Бүгінде, Қырықбайысың аймағыңның,  
Ел ағасы болдың сен жөніменен.

Мақтанам, масаттанам досымменен,  
Өнеге көп, алатын бүгін сенен.  
Зейнет жасқа кеп қапсың жан досым-ау,  
Құттықтауды қабыл ал енді менен.

Зейнетің ұзағынан сүйіндірсін,  
Абыройың асқақтап биік тұрсын.  
Ұзақ болсын Алла берген ғұмыр саған,  
Бақ-дәулет тұрмысыңмен сәулет құрсын.

Қызығы бала-шаға асыл ғой шын,  
Ұрпақтарың шуылы басылмасын.  
Несіпкүлмен несібең еш бөлінбей,  
Достарыңның лебізі таусылмасын.

*Тараз қаласы, 16.07.2016 жыл.*

## **БАТА**

Таңғы шапақ нұрымен күліп оян,  
Жақсы күнің басталған болсын баян.  
Жақындарың жаныңда күліп-ойнап,  
Елің тыныш, жүргейсің ортаң аман.

Бақыттың бағы орнасын,  
Толтырып өмір арнасын.  
Жүрекке жылу таралып,  
Жақсылық жүрсін оралып.  
Еселер елдің еңсесін,  
Ұрпағың өссін жарамды.  
Ырысқа толып дәулетің,  
Билесін сабыр санаңды.  
Сәттілік жалғап жолыңды,  
Қанатың қаққан талмасын.  
Қайратқа айбын қосылып,  
Ісінді Алла қолдасын.

Көкжиекті көмкерген бұл ғаламда,  
Биіктесін жұлдызың айшықтана.  
Шаңырағың шаттықтың мекені боп,  
Топтанбасын жамандық айналаңа.

Жастық шағың елес боп қала бермей,  
Таси берсін жігерің өрге сүйрей.  
Шапағатың шашылып айналаңа,  
Дәулетті де бақытты өмір сүргей.

*Тараз қаласы, 14.01.2017 жыл.*

## **СҮЙЕМІН МЕН**

Сүйемін мен қазағымның даласын,  
Өзен-көлі сайы менен саласын.  
Сүйемін мен белес-белес жотасын,  
Таң шапағы арайланып ататын.

Сүйемін мен өз елімді – Мәңгілік,  
Шуақтанып, толықсыған ай тұнық.  
Гүлі жұпар, суы тұнық, таза ауа,  
Жүрегіме жыр салатын ән тұнып.

Сүйемін мен өз елімнің тауларын,  
Ақша қары күнді сүйіп жататын.  
Гүл көмкерген көк жотасын, шалғынын,  
Самал желін, жемістерін, орманын.

Сүйемін мен аталардың батасын,  
Аналарды тілекші боп жататын.  
Бақ толтырып, ырыс беріп еліме,  
Әр күнімді көкжиекке бататын.

*Тараз қаласы, 19.01.2017 жыл.*



Ассалаумағалейкум, аға, Мырзақасым!  
Жақсы ісіңе бола Алла жарылқасын.  
Адалдықты арда тұтқан азамат ең,  
Белгілі «бассыздарға» бағынбасың.

Содан бәлкім талайдан бағың басым,  
Қиыс кетсең адамдық арына сын.  
Аққа қара жағылған сәттерде де,  
Тек тектіге лайық іспен танылғансың.

Төрден орын тию қиын ойлыға,  
Мансапты көп, мойнын созған майлыға.  
Тағың барда мақтау айтар талай жан,  
Сонда да, аға, ақ жолыңнан айныма.

*Құрметпен: бейнетаныс бауырың  
Жанбайбек Іргебайұлы Түілов  
2015 жылғы 18 маусым, Тараз қаласы.  
87771009899*

## АЛТЫ АСУ

### *Мырзақасым Байбековке*

Артқа тастап талай қыс, жаз, көктемін,  
Жарық күндей жарқырап тұр өткенің.  
Құтты болсын Мырзақасым бүгінгі,  
Аман-есен алпыс жасқа жеткенің!

Өз орнын таба білген өмірде,  
Абыройлы азаматсың өңірге.  
Тірлік – күрес екендігін білесің,  
Жан емессің жақын жүрер жеңілге!

Таңнан кешке таппайсың-ау бір тыным,  
Болмысында мінезі бар жылқының.  
Қаламгерлік қарымың да бар сенің,  
Сөзін жазып тастайтұғын жұртының!

Жаны жайсаң, кесек туған тұлғасың,  
Сенің әрбір сөздерің де қорғасын.  
Құрметтейсің өнерліні әрқашан,  
Өзіндағы сегіз қырлы болғасын!

Ешкім білмес не берерін келер күн,  
Тағдыр берген талантыңа сенермін.  
Олжасыңның биік болсын мерейі,  
Қанатында жүрген ұлттық өнердің!

Бәйтерексің жапырағы жайқалар,  
Өнегенді өрен ұрпақ қайталар.  
Төрде отырсаң мінезіңнен,  
Нағыз қазақ екендігің байқалар!

Шық қондырмай намысыңа, арыңа,  
Жақсы адамдар жиналады жаныңа.  
Алпыс жасың құтты болсын дейін де,  
Жетпісінде жыр арнайын тағы да!

*Қайырбек Асанов,  
23.11.2013 ж., Тараз.*

**МАЗМҰНЫ**

<b>ОЙ-САНА</b> .....	<b>3</b>
Елдің болашағы ойландырады.....	4
Туған елге ел жетпес, туған жерге жер жетпес .....	11
Қимыл – денсаулық кепілі.....	21
Халқына тұлға, ұрпағына ұран болған – Кейкі әз ата .....	26
Амансың ба, айналайын!.....	40
Болашақ жарыммен танысу .....	47
Олжас .....	55
А – корпусына өту.....	70
<b>ОҚИҒАЛАР</b> .....	<b>81</b>
Дүтбай мен Құтбай .....	82
Ахмет пен Аман .....	85
Сарала сиыр.....	87
Балық аулау да өнер .....	101
Вячеславқадағы оқиға .....	113
Алғашқы аңшылық .....	133
Қоян аулаудың қыры мен сыры.....	156
Адасу мен жол табу.....	165
Мойындалған аңшылық .....	173
Өнерліге әр кезде де орын бар .....	182
Екі түрлі үйлену .....	190
1. Қыздың еркінсіз үйлену .....	190
2. Жарасымды үйлену.....	197
Бірінші сәуірдегі үйлену тойы .....	206
Лениннің туған күні .....	215
<b>МАҚАЛАЛАР МЕН СҰХБАТТАР</b> .....	<b>231</b>
Арыстан бейнелі Саңырық батыр.....	232
Саңырық.....	234
Социальное развитие – залог роста экономики .....	241
Елбасы жолдауы аясында .....	252
Тексеру комиссиясы іс үстінде .....	263
«Сыр перне» бағдарламасы.....	268
Таудай талабым талай жетістікке жеткізді .....	282
Нұр Отан партиясының Жамбыл облыстық филиалының кезектен тыс конференциясы .....	291
<b>ОЙЛАР МЕН ШУМАҚТАР</b> .....	<b>293</b>
Ойлар мен шумақтар.....	294
Қазақ елі .....	296
Отаным менің .....	297
(Қырықбай 63-те).....	305
Бата .....	307
Сүйемін мен .....	308
Алты асу.....	310

**Мырзақасым БАЙБЕКОВ**

# Фибратты ҒҰМЫР

Техникалық редактор  
Корректоры  
Компьютерде беттеген  
Көркемдеуші дизайнер

*Жәмила Төлегенова  
Елена Гаврилюк  
Эльмира Айтқұлова  
Нұрлан Пәрімбеков  
Светлана Гузева*

Қалыбы 60x84 1/16. Офсеттік басылым.  
19,5 баспа табак. Таралымы 300 дана.  
Тапсырыс № 00513.

ISBN 978-601-7820-20-6



9 786017 820206

«Сенім» ЖБО» ЖШС-де басылды.  
Тараз қаласы, Төле би даңғылы, 22 үй. Тел.: 43-32-84.  
E-mail: zakaz@senim.org







